

Алау ӘДІЛБАЕВ

САҢЛАҚ САХАБАЛАР

*Жалпы редакциясын басқарып, алғы
сөзін жазған – Әбсаттар қажы Дербісәлі*

Алматы, 2010

УДК 28
ББК 86.38
Ә 25

*Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының сараптау комиссиясы
мақұлдаған.*

Әділбаев А.
Ә 25 Саңлақ сахабалар / Жалпы ред. басқ. Ә. Дербісәлі, –
Алматы, 2010. - 336 бет

ISBN 978-601-06-1121-4

Бұл еңбекте Пайғамбарымыздың (с.а.с.) соңынан ерген саңлақ сахабаларының өнегелі өмір жолы, Ислам дінін таратуда жұмсаған қажыр-қайраты, көзсіз батырлықтары мен ерен еңбектері тарихи деректермен көркем суреттеледі.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-06-1121-4

© «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2010

Мазмұны

Алғы сөз.....	5
Кіріспе.....	8

I БӨЛІМ

САХАБАЛАР ЖАЙЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Сахаба: мәні мен мағынасы	13
Сахабалардың «муһажирлер» және «ансар» деп аталуы	13
«Суффа» сахабалары	15
Сахабалардың дәрежелері.....	17
Сахабалардың жалпы саны	19
Сахабалар жайында жазылған негізгі шығармалар:.....	20
Сахабалар жайлы хадистер	24
Сахабалардың Ислам тарихындағы орны	25

II БӨЛІМ

ЖӘННАТПЕН СҮЙІНШІЛЕНГЕН ОН САХАБА

Ашарату мубашшара	31
Төрт халифа	34
1. Әбу Бәкір Сыддық	37
2. Омар әл-Фарук (ө. 644).....	63
3. Осман Зун-нурәйн.....	87
4. Әли әл-Муртада.....	103
Сағд ибн Әбу Уакқас	129
Абдуррахман ибн Ауф.....	138
Әбу Үбәйда ибн Жәррах.....	145
Талха ибн Ұбайдуллаһ.....	152
Зүбәйр ибн Әууәм	161
Саид ибн Зәйд.....	168

III БӨЛІМ

МӘШҺҮР САХАБАЛАР

Хамза ибн Әбдулмүтгәліп.....	176
Мусғаб ибн Ұмәйр.....	187

Муаз ибн Жәбәл.....	194
Халид ибн Уәлид.....	200
Биләл Хабаши.....	213
Саид ибн Әмир.....	220
Әбу Зәһр әл – Ғифари.....	226
Сәлман әл-Фариси.....	236
Абдуллаһ ибн Сәлам.....	243

IV БӨЛІМ ҒАЛЫМ САХАБАЛАР

Ғалым сахабалар.....	249
Әбу Һурәйра.....	252
Абдуллаһ ибн Аббас.....	260
Абдуллаһ ибн Омар.....	266
Абдуллаһ ибн Мәс'уд.....	272
Зәйд ибн Сәбит.....	277
Әбу Мұса әл-Әш'ари.....	281
Үбәй ибн Ка'б.....	284

V БӨЛІМ САХАБА АНАЛАР

Сахаба аналар.....	289
Хазіреті Хадиша.....	290
Айша Әбу Бәкірқызы.....	296
Фатима – Аллаһ Расулының қызы.....	303
Үмму Умара.....	310
Сафияна Әбдулмутталибқызы.....	314
Сүмәйра Қайсқызы.....	318
Сүмәйя Хуббатқызы.....	320
Үмму Айман.....	323
Түйін.....	326
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:.....	330

Алғы сөз

Ұлы Жаратушы адамзатты қадірлі қонағы етіп жаратып, жеті қабат әлем-сарайының төрінен орын берген. Жаратушы Жаббар Ие мұнымен шектелмей, әр дәуірде арнайы елшілерін жіберген. Қияметке жақын қалғанда, жалпы адамзатқа ақырғы елші – хазірет Мұхаммед (с.а.с) пайғамбар келді. Осы соңғы Пайғамбар әкелген Ислам дінін таратуда жанындағы сенімді серіктері де үлкен рөл атқарған.

Ендеше, біз Ислам дініне терең бойлап, оны жақыннан танығымыз келсе, сөзсіз Пайғамбарымызбен қатар айналасындағы саңлақ сахабалардың да өмір жолын білуге тиіспіз. Жалпы, Ислам дінінің негізгі мақсаты – көкірегіне иман егумен қатар адамзатты көркем мінезділікке баулу. Пайғамбардың (с.а.с) мінезін жан жары Айша анамыз: «Оның мінезі – Құран» деп, дөп басып айтқан. Ендеше, Құран Хақ тағала уағыздаған көркем қасиеттер мен мінезді танытса, ақырғы Елші (с.а.с) соны іс жүзінде көрсетіп, жұмыр басты пенделерге үлгі-өнеге болған. Ақиық саха-балар да Құранды негізгі қайнар етіп, Аллаһ елшісін іс жүзінде үлгі еткен. Сол себепті сахабалардың да өмір жолы – кейінгі ұрпақ үшін қайталанбас өнеге.

Қолдарыңыздағы кітап – сол сахабалардың өміршең өнегесін бояуы қанық күйінде бүкпесіз таныта білген бірден-бір салмақты туынды. Шынтуайтына келсек, сахабаның әрқайсысы – жүзден жүйрік, мыңнан-тұлпар дара жандар. Кітаптың ерекшелігі – солардың ішінен аты аңызға айналған озықтарын таңдап, фибратты ғұмырларынан мысалдар беру арқылы барша

сахабаларға тән негізгі ұстаным «өзгелердің бақыты үшін өмір сүру» болғандығын жалпак жұртқа қарапайым тілмен жеткізуі. Мәселен, Әбу Бәкірдің (р.а.) өмірі жайлы сөз қозғағанда, оның басты қасиеттері: шыншылдық, қайырымдылық, жомарттық болғандығын көреміз. Әбу Бәкірдің мұсылман болған шақта жинаған қырық мың дирхамын Ислам жолына жұмсау үшін Аллаһ елшісіне әкеліп беруі – қазіргі қоғам мұсылмандары үшін орны толмас өнеге. Сахаба Омардың да (р.а.) әділдігі ерекше қырынан бейнеленген. Оның халифа болып тұрған шағында бір сахабамен дауласып, сотқа барғанда қазы (би) оны төрге шақырады. Сонда Омардың: «Алдыңа келген халифа мен қарапайым халықтың кез келген өкілін тең тұтпайынша, сен бұл орынға лайық бола алмайсың. Қазы әділ болса халифаның емес, Аллаһтың бұйрығы мен үкімін орындауы керек» деген сөздері әділеттілікке бет бұрған қай қоғам үшін берік ұстаным емес пе?!

Қазіргі таңда біздің қоғам үшін ғылым аса маңызды десек, ғылымы жоқ халықтың өркениетті ел болуы дүдәмал. Әсіресе, Ислам ілімін нақты саралап, ғылыми зерделемеген қоғамда әр түрлі бұрыс бағыттағы діни ағымдардың пайда болуы кәдік. Сондықтан дәл қазіргі уақытта Исламдағы ғалым сахабалар жайлы сөз қозғаудың игі әсер-ықпалы мейлінше зор. Ислам дінін терең білгісі келген адам сол дін үшін аянбай тер төккен, тіпті ғазиз жанын құрбан етуден тайсақтамаған сахабалар өмірімен жете танысқаны жөн.

Таңдаулы сахаба аналарымыздың өмір ұстанымы – қияметке дейінгі мұсылман әйел заты үшін асқақ өнеге. Соңғы бөлімде осыны дөп басып таныта білуі – кітап ерекшелігінің тағы бір қыры.

Кітап тілі жеңіл болумен қатар өте тартымды. Деректік құндылығы жоғары, әдеби құнары айқын. Оқыған сайын оқырман қызығушылығын еселеп, ынтықтырып отырады. Қысқасы, еңбекті оқып шыққан адам осыған көз жеткізе отырып, сахабалардың астам шынайылығы мен жоғары адамгершілігін, қарапайымдылығы мен кішіпейілділігін, Пайғамбарымызды (с.а.с.) қатты жақсы көруін, тақуалықта түпсіз тереңдігін аңғарып, сөзсіз өзіне үлгі тұтар деген сенімдеміз.

Әбсаттар қажы Дербісәлі,
*Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, бас мүфти*



Кіріспе

Ғасырлар қойнауындағы дүбірлі оқиғаларға куә карт тарихқа терең үңілсек, адамзат қауымының бағыты мен бағдарына жол сызған, күллі ғаламды күрт өзгеріске түсірген маңызды жағдаяттарды көреміз. Сол оқиғалардың ең бастысы – Ислам дінінің келуі және оның әлемге таралуы.

Ислам дінінің келуі қарсаңында Араб түбегіндегі қоғамдық тыныс-тіршілік жан түршігерлік еді. Зұлымдық атаулы етек жайып, ішімдік судай сапырылды. Құмар ойындарының неше түрі кең таралып, жезөкшелік үйреншікті кәсіпке айналды. Тайпалар арасындағы кек пен қан дауы ғасырлар бойы бір толастамай, өсім (пайыздық өсім) қоғамға жабысқан дерт болды, қысқасы, мейлінше рухани азғындаған адамзатқа жаһилияның (қараңғылық дәуірдің) үкімі жүрді.

Дәл осы тұстағы адам жанын түршіктіретін сұмдық – отбасында қыз баланың дүниеге келуі ар саналып, бейкүнә сәбилердің тірідей топыраққа көмілуі. Өкінішке орай, бұл да араб қоғамын іштен ірітті.

Шімірікпестен адам қанын ағызуды әдетке айналдырған мейірімсіз қоғам Исламның келуімен аз уақыт ішінде адамзат тарихында өркениет пен мәдениеттің ошағына айналды. Бір кездегі қаныпезерлікте алдына жан салмайтындар құрт-құмырсқаны өлтіріп алмау үшін әрбір қадамын аңдап басып, аяқтарына қоңырау тағып жүретін тақуа дәрежеге жетті. Адами қасиеттер аяққа тапталып, азғындық шегіне жеткен тұста пендешіліктің пердесін

серпіп, күллі ғаламға мәдениет бастауын үйретуші қаһармандар пайда болды. Бұл – заңды құбылыс. Себебі, қараңғылық қапасында тұншыға бастаған ғалам рухани жұттан құтқаратын ғажап нұрға мұқтаж-ды. Адамзатты мейірімімен жаратқан Ұлы Жаратушы пенделерге жол көрсету үшін теңдессіз, асыл тұлға, ғаламның рақым нұры Мұхаммед Мұстафаны (с.а.с.) қадірлі елші етіп жіберді. Ғаламның рақым нұры Сүйікті елші бұзылған елді жөнге салып, оларға өмірдің түп мәнін, мақсаты мен хикметін үйретті. Әлемдегі толған айдай толықсыған әсемдік пен жаратылыстағы таңғажайып құбылыстардың, адам қолымен тұрғызылған салтанатты сарайдан сан есе көрікті де кең осынау әлемді өрнектеген өнер иесі, шебер Жаратушы бар екендігін ұқтыра білді. Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) тек Аллаһқа иман етіп, құдіретіне бас игенде ғана адамдардың қараңғылық шырмауынан құтылып, баянды бақытқа қол жеткізетінін айтты. Ол Ұлы Жаратушы есімін күллі әлемге паш етті.

Азғындық пен әділетсіздік белең алып, адамдар шынайы Жаратушысын ұмытып, қолдан жасалған сансыз меңіреу пұттарға табынып кеткенде Соңғы елші оларды құдіретті Аллаһқа иман келтіруге, тәухид¹ нұрымен сусындауға үндеді.

Жүректе иман нұрының салтанат құрып, Ислам дінінің төрткүл дүниенің төрт бұрышына таралуында Мұхаммед Мұстафадағы (с.а.с.) мойымас иман күшінің, қажымас қайратының, төзімділігі мен сабырының орны ерекше. Осы тұста Ұлы Жаратушының бұйрықтарын жүрегімен қабылдап, халықтың иманын құтқару жолында Сүйікті елші хазірет Мұхаммедке (с.а.с.) еріп,

¹ Бір Аллаһқа иман

қашанда қасынан табылған сенімді мұраттастары ақжал толқын сахабалар керуені тарих сахнасына шеру тартты...

Ислам діні адамдардың жүрегінде ұлы төңкеріс жасады. Ақиқатқа көз жеткізген қарапайым адамдардың арасынан уақыт өте келе нағыз парасат-пайымы жоғары, жалпы адамзатқа өнеге боларлық Ислам қаһармандары шықты. Бұған сахабалар өмірі айқын дәлел. Аллаһтың көмегімен сахабалар адамзат тарихында теңдесі жоқ төңкеріс жасады. Олар кейінгі ұрпаққа дұшпаны күйініп, досы сүйінетін өнеге, мәңгілік рухани мұра қалдырды.

Мысалы: хазірет Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарды танып, иман нәрімен сусындаған соң ісі шынайылығымен астасқандықтан пайғамбарлардан кейінгі ең жоғарғы мәртебеге жетті. Саналы ғұмырын Аллаһтың ақиқат жолында сарп етті. Ол мейірімділігі, қайырымдылығы, жомарттығы, шыншылдығы, ақыл-парасаттылығымен ерекшеленді.

Арыстандай айбарымен айналасындағылардың мысын басып зәре-құтын ұшыратын бір кездегі көзіне жас алмас қатал Омар (р.а.) иман етіп, Пайғамбардың (с.а.с.) тәрбиесінен өткеннен кейін әділдігімен тарихта өшпес із қалдырды. Пайғамбарымыздың: “Егер менен кейін пайғамбар келер болса, ол Хаттабұлы Омар болар еді” деген ілтипатын иеленген дара тұлғаға айналды.

Ар-ұят пен биязылықтың төресі, аса жомарт, әдептіліктің ізгі үлгісі хазірет Осман Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тәрбиесімен бойындағы қасиеттерін кемелдендіре түссе, ғылымға терең құштарлығымен, тақуалығымен шоқтығы биік хазірет Әли тәрізді қаһармандар жетілді.

Қарапайым сарбаз бола тұра “Аллаһтың қылышы” атағын иеленген Халид ибн Уәлид, ірі саяси тұлғаға айналған Амр ибн Ас, әу баста қатардағы бір құл болып өмірінің соңына дейін “бас қолбасшы” деген атаққа ие болған Зәйд ибн Хариса және оның ұлы Усама, шопандықтан Иран билеушілігіне дейін көтеріліп, атақ-даңқтың буына семірмей, көптің бірі ретінде қарапайым қоңырқай ғұмыр кешкен Салмани әл-Фариси сияқты тұлғалар да Пайғамбардан (с.а.с.) тәлім алып, тарих тұғырынан орын алды.

Бұл еңбекте тарихи оқиғаларға терең бойлап жатпаймыз. Адамзат мәдениетінде үлкен төңкеріс жасаған сахабалардың өмірлеріне жеке-жеке тоқтала отырып, Ислам дінінің адам өміріне қандай керемет өзгеріс енгізгендігін көрсетуді мақсат еттік.

Алау Әділбаев,
теология ғылымының докторы

I БӨЛІМ

САХАБАЛАР ЖАЙЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ



Сахаба: мәні мен мағынасы

Сахаба – арабшадағы *схб* түбірінен туындаған көпше түрдегі есім сөз, жекеше түрі – *сахаби*. *Сахаба* (етістігі) **серік, жолдас, дос болу және сұхбаттасу** деген мағынаны білдіреді². Мейлі аз, мейлі көп болсын, сұхбаттасқан адамға осы есім беріледі.

Терминдік мағынасына келсек, **Аллаһ елшісін (с.а.с.) көрген, аз уақыт болса да оның сұхбатын тыңдап, иман келтірген және дүниеден иманды болып өткен кісі «сахабаға» жатады**³.

Сахабалардың «мұһажирлер» және «ансар» деп аталуы

Мұһажирлер: Пайғамбарымызға пайғамбарлық келгеннен кейін ең алғаш иман келтіріп, бүкіл қиындықтарға қарамастан Аллаһ пен сүйікті Расулдың қауіпке толы жолында еш нәрседен тайынбаған жанкештілер. Ақиқат дінінің дәстүр-талаптары бойынша өмір сүре білу үшін Меккенің алынуынан бұрын

² Ибн Манзур, Лисануль-араб, Каир, т.ж., IV, 2400-1, схб.

³ Ибн Манзур, Лисануль-араб, Каир, т.ж., IV, 2400-1, схб.

Меккеден Мәдинаға туған жер, бала-шаға, шаруа-кәсіптерін Аллаһ үшін тастап көшкен әзиз жандар. Олар – Исламның кең таралуы жолында үлкен қызмет атқарып, өшпес із қалдырған, Аллаһтың разылығына және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүйіспеншілігіне ие болған ардақтылар.

Мекке азат етілгеннен кейін хижрет ету біржолата тыйылса да, алғашқы мұһажирлердің даңқымен, мәртебесі мәңгі сақталып қалды. Мұһажирлік дәреже – ең жоғарғы дәрежелердің бірі болды. Құранда мұһажирлер жайында былай делінеді:

“Сонда олардың Раббылары тілектерін қабыл етті: “Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел амал етушілердің амалдарын зая етпеймін. Және сондай босқындардың (мұһажирлер), жұрттарынан құрылғандардың және Менің жолымда жапа шеккендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің жамандықтарын жасырамын. Сондай-ақ бұл істерінің сыйы ретінде оларды астынан өзендер ағатын Жәннаттарға кіргіземін. Әрине, сыйдың ең жақсысы Аллаһтың қасында” (Әли-Имран, 195).

Ансар: Ансардың сөздік мағынасы – жәрдем ету. Терминдік мағынасы – Ислам дінінің дәстүрлеріне сай өмір сүріп, оны таратуға Меккеден Мәдинаға көшкен Пайғамбарымыз бен мұһажирлерді ыстық ықыласпен құшақ жайып, құрақ ұшып қарсы алған, оларды өздерінің күйбең тіршіліктерінен де жоғары қойып, барын солармен бөлісіп, қолынан келген жәрдемдерін аямай, мұһажирлермен бауыр болып, бауырлары үшін қилы-қилы қиындықтарға төзуге разышылығын білдірген сахабалар.

Ансарлар өмірлерінің соңына дейін Ислам жолында қызмет етті. Солардың көмегінің арқасында мұһажирлер мұқтаждықтың не екенін білмеді. Осындай иық селбесіп, бір-біріне жәрдемдесудің дәнекерлігімен Мәдинада Ислам мемлекеті құрылып, аз уақыттың ішінде рухани һәм материалдық жағынан басқа мемлекеттерді басып озды.

Ансардың жасаған жақсылықтары Құранда ерекше аталып, олар жайлы: **“Міне, нағыз құтылушылар осылар”**,– делінген⁴.

Аллаһ Елшісі (с.а.с.) Ансардың дәрежесін былай бағалаған:

“Ғижрет болмағанда мен ансардың қатарынан табылар едім. Барлық адамдар бір жолға, ал ансар басқа жолға түссе, мен ансардың жолымен жүрер едім. Аллаһым, ансарды, балалары мен ұрпақтарын да қорғай гөр!⁵”.

Мұһажирлердің жаппай қоныс аударып, оларға ансардың жәрдем етіп, қолдауының нәтижесінде Аллаһ расулы да Мәдинаға көшті. Осылайша Мәдина Ислам дінінің орталығына айналды. Ислам шуағын тарату орталығы болған бұл қала „Мәдина мунаууара” (нұрлы қала) деп аталды⁶.

⁴ Хашр, 9.

⁵ Бухари, ас-сахих, Бейрут, манакибуль-ансар, 1,2; Муслим, ас-сахих, Бейрут, закат, 132-141

⁶ В.Иылдыз, Хидаиет ыылдызлары, Измир, 2002, 4-5.

«Суффа» сахабалары

Пайғамбарымыз Мәдинада салдырған мешіттің бір бұрышына құрма ағаштарынан көлеңкелік баспана жасатты. Көлеңкелікке арабшада «суффа» делініп, ол жерде тұрғандар «асхабы суффа» аталды.

Суффа сахабалары туған-туыс, жақындары мен дүние-мүліктері жоқ кедей сахабалар болатын. Олар өз өмірін Құран үйреніп, Пайғамбарымыздан (с.а.с.) тәлім алу жолына арнады. Олардың қажеттіліктерін Пайғамбарымыздың өзі және дәулетті сахабалар қамтамасыз етті.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ілімімен сусындаған бұл бақытты жандар аз уақыттың ішінде сахабалар арасында Құран, хадис және басқа да діни ілімдерді терең меңгеруімен жоғары құрметке ие болды. Олар күндіз ораза ұстап, түнде ғибадат етіп, дүниенің күйбең тіршілігінен бойларын алыс ұстап, алтын уақыттарын Адамзаттың ардақтысынан (с.а.с.) естігендерін жаттап, кейінгілерге жеткізу жолында өткізді.

Пайғамбарымыздың білім бұлағынан сусындаған бұл сахабалар жан-жаққа мұғалім етіп жіберілді. Олар Исламның шынайы рухын басқа руларға, мемлекеттерге көркем түрде уағыздау арқылы жеткізді. Өмірлерін ақиқатты паш етуге арнаған ақиық сахабалар тек уағыздаумен ғана шектеліп қалған жоқ, керекті кезінде қаруларын асынып, қасиетті соғыстарға да қатысты. Олардың арасынан ең көп хадис риуаят еткен Әбу Һурәйра, сонымен қатар Бәрә ибн Малик, Абдуллаһ ибн Үнәйс сынды ғалым, тақуа сахабалар шықты. Құран кәрімнің және хадис шәріптердің жатталып, мағыналарының кейінгілерге дұрыс жетуінде бүкіл

қиындықтарға төзе білген, білімге құштар жанқияр суффа асхабы табандылықтарының орны ерекше.

Сахабалардың дәрежелері

Аз уақыт болсын Пайғамбарымызды көріп, иман еткен адам «сахаба» деп аталған. Дегенмен Ислам дінінің кең тарап, қанат жаюы жолында танытқан ерен ерліктері мен жанқиярлығы жағынан дәрежелері әр түрлі сахабалар бар. Дін жолындағы бүкіл соғыстарға немесе кейбіреулеріне қатысулары, Аллаһ расулымен бірге мүшріктерден жапа шегіп, олардан азап көрулері, мал-мүлік, бала-шағалары мен үй-жайын тастап, басқа мемлекетке көшуге мәжбүр болуы, сол сияқты дін жолында шейіт болуы тұрғысынан алғанда, олардың арасындағы сахабалар дәрежелерінің әр түрлі болуы табиғилық. Сахабалардың арасындағы бұл дәреже айырмашылығын хадис ғалымы Хаким ан-Нисабури былайша көрсетеді:

1. Хулафа-ур Рашидин (Әділетті 4 халифа: Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли) және солармен бірге алғаш иман келтіргендер. Бұлардың ішінде көздерінің тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген он сахаба (эль-ашарат-ул мубашшарату) және олардан кейінгі 6 кісі.

2. Дар-уль Аркам асхабы. Бұлар – Омар ибн Хаттабтан бұрын иман келтіріп, мұсылман болғандықтарын жасырын ұстап, Аркам ибн Әбул-Аркамның үйінде жиналғандар.

3. Мұсылман болғандықтары үшін Меккеде зорлық көріп, лажсыз Эфиопияға hijрет (көш) жасағандар.

4. «Бірінші Ақаба сертіне» қатысып, Пайғамбарымызды (с.а.с.) көрген, иман келтірген және серт беріп, қол алысқан ансардың алғашқылары.

5. «Екінші Ақаба сертінде» Пайғамбарымызбен (с.а.с.) кездесіп, өмірінің соңдарына дейін оны қорғап-қолдауға сөз берген мұсылмандар. Олардың көпшілігі ансар еді.

6. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға бармай тұрып Құбаға келгенінде, оған (с.а.с.) келіп қосылған алғашқы мұһажирлер.

7. Бәдір шайқасына қатысқандар.

8. Бәдір шайқасы мен Худайбия оқиғаларының тұсында hijрет жасағандар.

9. Ридуан сертіне қатысқандар. Худайбияда ағаштың астында Пайғамбарымызға ант бергендер. Құранда олар жайлы: “Шынында Аллаһ ағаш астында саған серт берген мүминдерге разы болды” делінсе, Пайғамбарымыз “сендер бүгін жер бетіндегі ең қайырлы жандарсыңдар”, – деген.

10. Худайбия келісімі мен Меккенің алынуы арасындағы уақытта hijрет еткен сахабалар. Бұлардың арасында Халид ибн Уәлид, Амр ибн Ас және Әбу Хурәйра сияқты белгілі сахабалар бар.

11. Мекке алынған кезде және одан кейін мұсылман болғандар.

12. Пайғамбарымызды Меккенің алынуы кезінде және қоштасу қажылығында көрген жас балалар⁷.

Кейбір жау жағадан алған сын сағаттардағы тозаңның түйіршігіндей жауапты іс жайшылықтағы таудай

⁷ Хаким, Мағрифату улумиль-хадис, 22-24.

істермен салыстырғанда маңызды әрі құнды. Бұл ақиқат жайлы Құранда былай делінеді:

“Әрине, сіздердің араларыңызда Меккенің алынуынан бұрын Аллаһ жолында мал-мүлкін жұмсап, соғысқан адам мен басқалары тең болмайды. Олардың дәрежесі одан кейін мал-мүлкін жұмсап соғысқандардан үстем. Сондай-ақ Аллаһ бәріне жақсылық уәде етті. Аллаһ сіздердің істегендеріңізден толық хабардар” (Хадид, 10).

Бұл аятта көрсетілгендей, Ислам діні жаңа тарай бастаған алғашқы уақыттарда мұсылмандықты қабылдау – өз еркінмен басынды қауіпке тігу, яғни, сан түрлі қиыншылықтарға душар болу дегенді ұқтыратын. Бірде Әбу Бәкірдің (р.а.) Әлиге (р.а.) айтқан мына сөздері сол күндердің қиыншылығын көз алдымызға елестеткендей:

“Ол күндері көңілді қайғы басып, көзге қан толып, кеудені кек кернейтін. Ызалана қылыш біленіп, жер беті қорқыныштан арылмайтын. Өлімге нар тәуекелмен ғана күн кешетінбіз. Өйткені, өзімізді қорғап шыбын жанды аман алып жүру қиынның қиыны еді. Қабырғанды қайыстырып ауыртпалыққа көнбейінше ештеңені түзету мүмкін емес-ті. Міне, осындай қиын-қыстау кезеңде әке-шеше, туған-туыс, барымыз бен жоғымызды, бүкіл дүниемізді шын разышылығымызбен қуана-қуана Аллаһ расулының жолында пида етуші едік⁸”.

⁸ А. Жевдет Паша, Қысасуль әнбия ве таварихуль-хулафа, Истанбул, 1981, «Бәдір» баспасы, 2:66-67.

Сахабалардың жалпы саны

Пайғамбарымыз көз жұмған уақыттағы сахабалардың жалпы саны жайлы нақты мәлімет жоқ десек те, Ислам тарихына байланысты жазылған классикалық кейбір еңбектерде жүз мың сахабаның болғандығы айтылған. Мысалы, қоштасу қажылығына 40 мың, Тәбук жорығына 70 мың сахабаның қатысқандығы жайлы Ислам тарихына байланысты шығармаларда мәліметтер бар. Имам Шафи‘и Пайғамбарымызды (с.а.с.) көріп, одан хадис риуаят еткен сахаба санының 60 мың болғандығын айтады. Меккені алғанға дейін қайтыс болған сахабалардан өзге, Меккенің алынуы кезінде сахабалар алыс жақтарға тарап кеткендіктен олардың есімдерінің көбі кейінгі ұрпаққа жетпеген. Сахаба есімдерін шығармасында ең көп көрсеткен ғалым – Ибн Хажар. Ол “Исаба” атты еңбегінде 11 783 сахабаның атын атайды⁹.

Сахабалар жайында жазылған негізгі шығармалар:

1. Ибн Са‘д (168-230), *Табақатул-кубра*.
2. Әбу Ну‘айм әл-Исбахани (330-403), *Хилятул-Әулия*.
3. Әбу Омар ибн Абдулбарр (368-463), *әл-Исти‘аб фи ма‘рифатиль-асхаб*.
4. Иззуддин ибн әл-Асир (555-630), *Усд-ул-ғаба фи ма‘рифатил-асхаб*.

⁹ И. Атасой, М. Паксу, Сахабилер ансиклопедиси, Иени Асия, Истанбул, 1993, 1:19.

5. Ибн Хажар әл-Асқалани (773-852), *әл-Исаба фит-тамиизис-сахаба*.

Құран кәрімдегі сахабалар жайлы аяттар

Сахабалардың ерліктері, табандылықтары мен шынайылықтарын мадақтап, дәрежелерінің қаншалықты жоғары екендігін кейінгі ұрпаққа білдіру үшін Аллаһ тағала Құран кәрімнің көптеген аяттарында сахабалар туралы баяндаған. Олар – ең қайырлы үмбет. Бұл жайлы «Әли-Имран» сүресінің 110-аятында:

“Сендер елді жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю үшін шығарылған қайырлы үмбетсіңдер”—делінген. Сахабалар жайлы Тәурат пен Інжілде де оларды сипаттап, мадақтаған аяттар бар. Ол жайлы Құранда:

“Мұхаммед – Аллаһтың елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге өте қатал, ал өз араларында тым мейірімді. Сен оларды рұқұзда, сәждеде көресің. Олар Аллаһтан мәрхамат пен разышылық тілейді. Жүздерінде сәжденің іздері бар. Олардың Тәураттағы сипаттары осы. Інжілдегі сипаттары болса: бұл бас жарып, сосын бара-бара күшейген, жуандап өз сабағында тік тұрған масаққа ұқсайды. Бұл егіншілерді таңғалдырып, кәпірлерді ызаландырады. Олардың ішінен иман етіп, ізгі істер істегендерге Аллаһ кешірім мен үлкен сыйлық беруді уәде етті” (Фатх, 29) делінеді.

“Иман келтіріп, Һижрет жасағандар, Аллаһ жолында соғысқандар, оларды үйінде қонақ еткендер, оларға көмектескендер, міне, бұлар нағыз иман еткендер. Оларға жарылқау мен қымбатты ырзық бар” (Әнфал, 74).

Аллаһ тағаланың олардан разы болғандығы жайлы мына аяттарда былайша баяндалады:

“Мұһажир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта соларға ергендерге Аллаһ разы, олар да Аллаһқа разы болды. Аллаһ олар үшін мәңгі тұрақтайтын, астарынан өзендер ағатын Жәннаттар дайындады. Міне, нағыз үлкен бақыт, үлкен жетістік осы” (Тәубе, 100).

Бұл жердегі мұһажирлер мен ансар Аллаһты разы етерлік қандай әрекет жасаған еді? Әуелі, мұһажирлер үй-жай, бала-шаға мен бүкіл Меккедегі байлықтары мен сауда істерін Аллаһтың діні үшін тәрк етіп Мәдинаға көшті. Ал, ансарлар оларды құшақ жая қарсы алып, барын солармен бөлісіп, құтты қонақ етті. Мысалы, Меккеден келген Абдуррахман ибн Ауфпен бауырластырылған¹⁰ Сағд ибн Раби бауырына үйінің есігін айқара ашып, бүкіл нәрсесін тең бөліп беруге ырзалық білдірді. Алайда Меккеде саудаға машықтанған дәулетті сахаба Абдуррахман ибн Ауф оған рақметін жаудырып, оларға масыл болмау үшін “базардың жолын көрсет” деп арқанын асынған күйі жүк тасып күн көруге шыққан еді¹¹.

Осылайша сахабалар шынайы бауырластықтың үлгісін көрсетті. Дәустен көшіп келіп мұсылмандықты қабылдаған, Аллаһ расулының хадистерін кейінгі ұрпаққа жеткізуді мұрат еткен Әбу Һурәйра (р.а.) күндіз ораза ұстап, түнде намаз оқып, таң атқаннан қас

¹⁰ Пайғамбарымыз Мәдинаға көшіп барғаннан кейін мухажирлер мен ансарларды жағдайларына қарай бір-бірімен бауырластырды.

¹¹ Бухари, Бую', 1,49.

қарайғанша аш жүретін. Бұндай күндері тіпті жиі болатын.

Бірде Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп бірнеше күннен бері аш құрсақ жүргенін айтады. Осы тұста өзінің ең жақсы көретін құрма бағын Аллаһ жолында бағыштаған Әбу Талха келіп, үйінде бойға қуат боларлықтай азық болмаса да, хазірет Әбу Һурәйраны үйіне қонақ етті. Әбу Талха әйеліне: “Балаларды ертерек жатқыз. Не бар болса бәрін дастарханға әкел. Шамды білмеген болып өшіріп ал. Қараңғыда кімнің жегені, кімнің жемегені белгілі бола қоймас. Мен де қасығымды қолыма ұстап астан жегендей болып отырайын. Әйтеуір қонағымызды аш түнетпейік”, – дейді. Әйелі күйеуінің айтқанын орындап, ештеңеден хабарсыз Әбу Һурәйра осылайша қарнын тойдырады. Ертесіне екеуі таң намазын оқуға мешітке барып, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ұйып, намаздарын оқиды. Намазды бітірген соң Пайғамбарымыз бұрылып, күлімсіреп “Аллаһ тағала мына аятты түсіретіндей бұл түнде не істедіңдер?”, – деп төмендегі аятты оқиды:

“Бұлардан бұрын Мәдинаға қоныстанып жүректеріне иман ұялатқандар қастарына көшіп келіп қоныстаған дін бауырларын сүйеді, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбің болмайды. Сондай-ақ өздері таршылықта бола тұра оларды өздерінен артық көреді. Кімде-кім нәпсісінің қалауы мен құмартуларынан аса алса, солар нағыз құтылушылар. Олардан кейін келгендер: “Ей, Раббымыз, бізді және бізден бұрын иман еткен бауырларымызды кешіре гөр! Иман келтіргендерге жүрегімізде

кек ұялатпа! Раббымыз, шүбәсіз Сен тым жұмсақ, ерекше мейірімдісің” – дейді” (Хашыр, 9-10)¹².

Міне, мұһажирлер мен ансарлардың адамды тәнті қылып, өзгелерге үлгі боларлық шынайы достықтары!

Сахабалардың батырлығы мен өжеттілігі жайлы:

“Оларға адамдар: - Дұшпандарыңыз сіздерге қарсы қол жинады, қорқыңдар! - дегенде, бұл сөз керісінше олардың имандарын күшейте түсті де: - Аллаһ бізге жетіп асады. Ол нендей жақсы дос” – деді” (Әли Имран, 173).

Бұл аяттар сахабаның Аллаһ тағаланың назарында қаншалықты құрметті екендігін көрсетумен қатар, кейінгі нәсілге солардың жолымен жүріп, Исламның әмірлеріне сахабалар сияқты мойынсұнып, сол жолдың ыстығына күйіп, суығына тоңудың маңыздылығын көрсетеді.¹³

Сахабалар жайлы хадистер

Ислам дінін жаю үшін машақатқа толы қиын жолда өзіне серік болып, бүкіл тауқыметті арқалаған саңлақ сахабалар жайлы пайғамбарымыз хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) хадистері көп. Қиыншылықтарға қарамастан, бұл жолда соңына дейін Аллаһ расулымен бірге болуға сөз беріп, уәделерінде тұрған адал достары жайлы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мақтан тұтар сөздері қалайша көп болмасын?! Кішкене жақсылықтың өзін елеп-ескеріп жадынан еш шығармаған Ардақты елшінің (с.а.с.) сын

¹² Бухари, Тафсир, 59, 6.

¹³ Сахабаларға байланысты бұлардан басқа мына аяттарды да қараңыз: Тәубә, 20; Бақара, 218; Хашыр, 9; Әнфал, 74, т.б.

сағаттарда қасынан табылған сахабаларын ұмытуы мүмкін бе?! Төмендегі хадистер осының нақты дәлелі:

“Менің сахабаларымды жамандап сөз айтпаңыздар. Егер сіздерден біріңіздің Ұхұт тауындай алтыны болып, оны тұтастай Аллах жолында бағыштаса, бұл олардың бір уыстық бағыштарына, тіпті оның жартысына да тең келмейді”¹⁴.

“Адамдардың ең жақсылары менің ғасырымда өмір сүргендер (сахабалар), содан кейін олардан кейін келгендер (яғни, таби‘ун), содан кейін де олардан кейін келгендер (атбаут-табиин)...”¹⁵.

“Сахабаларым көктегі жұлдыздар секілді. Қайсысына ерсеңіз де тура жолды табасыз”¹⁶.

Әлемдерге рақым етіп жіберілген ақырғы Пайғамбарға (с.а.с.) серік болған сахабалар өздерінен кейін келетін бүкіл ұрпақтар үшін үлгі-өнеге. Шынайы Ислам түсінігі мен өмір сүру дәстүрі сахабалардың кезінде айқын көрініс тапты. Хадисте айтылғандай, олардың өмірі – кейінгі ұрпақ үшін қараңғы түнекте бағыт сілтейтін шамшырақ іспетті.

Сахабалардың Ислам тарихындағы орны

Сахабалар ғасыры Ислам тарихында “асрусса‘адат” (алтын ғасыр) деп аталады. Себебі, олар тек өздерінің ғана емес, барша Ислам үмбетінің бақыты үшін жан аянбай күресті. Өмірде адамдар арасындағы, қара халық пен басқарушылардың, әр түрлі дін өкілдерімен қарым-қатынаста (“өзі тоқ болып, көршісі аш жатқан

¹⁴ Бухари, Фадаилу-с-сахаба, 5; Муслим, Фадаилу-с-сахаба, 221.

¹⁵ Бухари, Фадаилус-сахаба, 1; Муслим, Фадаилус-сахаба, 212.

¹⁶ Ажлуни, Кашфул-хафа, Бейрут, 1351,1:132.

бізден емес”, “бір адамның көңілін қалдыру, Қағбаны жыққанмен тең, зыммиге (мұсылмандардың басқаруын өз еркімен қабылдаған, бірақ мұсылман болмаған өзге діндегі) зәбір көрсетсе, маған зәбір көрсеткендей”, “Аллаһтың алдында бүкіл адамдар тең” (ұлтына, жынысына, түсіне, қоғамдық жағдайына қарамастан) яғни, қоғамдық өмірдің барлық саласында Исламның басты ұстанымдарын жасампаз дәстүрге айналдырған сахабалар тарихта теңдессіз із қалдырды. Әділетті төрт халифа дәуірінде “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман” орнауы, хазірет Омардың халифалығы тұсында халық тұрмысының көтеріліп, садақа берерлік адам қалмауы – олардың Ислам ұстанымдарын жетік меңгергендігінің айғағы.

Сахабалар ел басқаруды мақтаньш емес, керісінше, жауапкершілігі өте жоғары, міндеті тым ауыр іс деп қабылдады. Ақыретте сол жауапкершілігі үшін сұралатынын білгендіктен басшылыққа ұмтылмады. Айталық, Омар ибн Хаттаб баласын өзінен кейін халифа етіп тағайындауға үзілді-кесілді қарсы шығып, “бір үйден бір құрбандық жетер” деуі сөзіміздің дәлелі.

Сахабалар дәуірі – жер бетінің Рахман нұрына шомылған шағы. Аллаһ тарапынан түсірілген ақиқаттарға (Құранның түсірілуіне) куәлік етіп, Жаратушының әмірлері мен тыйымдарын өмірмен үйлестіріп, өміршең дәстүрге айналдыру үшін “әлемдерге рақым” етіп жіберілен Сүйікті елшінің (с.а.с.) ғұмыры олардың көз алдында өтіп жатты. Пайғамбарымыздың уахи түскен кездегі халі, Құран аяттарының түсу себептері, әрбір аяттың астарындағы Жаратушының мұратын дұрыс түсіне білу, сондай-ақ Пайғамбарымыздың жеке өмірі,

кұлшылығы, мінез-кұлқының көркемдігі, өмірінің бүкіл кезеңі сахабалардың көрсеткен қайратының арқасында кейінгі ұрпаққа мәңгілік мұра болып қалды.

Олар Пайғамбарымыздан (с.а.с.) естіген, көргендерінің бәрін үмбетіне жеткізу үшін көп еңбек сіңірді. Сахабалардың арасында аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермес шешен, ділмәр кісілер де бар болатын. Осыған карамастан олар асыл сөздің Зергері (с.а.с.) сөйлегенде, зейін қойып тыңдап, айтқанына мойынсұнатындықтары соншалық “оның құзырында басымызға құс қонақтағандай аса сақтық танытып, әрбір сөзіне мұқият ден қоятынбыз”¹⁷, – дейді олар.

Сахабалар Рахман көгінен жауған мейірім нұрына шомылып, иләһи күдіреттің көз тоймас, ақылға сыймас хикметтерін жан-тәнімен бойларына сіңіріп, кеменгер Тәрбиешінің (с.а.с.) өз қолында тәрбиеленді.

Оған қоса, намазға шақыру үшін бір күні Ұлы Жаратушының жаршысы болған азанның илхам болуы, тағы бір күні ішкілік пен құмардың харам етілуі, басқа бір күні Аллаһтың әмір-тыйымдарының хикметтерінің түсіндірілуі мен үйретілуі олардың рухына қанат бітіріп, үнемі биіктерге шақыратын.

Сахабалар өмірдегі түрлі жағдайларға байланысты түсірілген Құран аяттарына қашанда куә болғандықтан, бұлқына бұғау үзіп, буырқанған ғұмыр кешті. Сахабалардың көз алдында Аллаһтан тікелей әмірлер алып, оларды бойына сіңіріп, адамзатқа сол ақиқаттарды паш еткен Аллаһ елшісі (с.а.с.) тұрды. Сахабалардың санасы мен жүрегіне иман нұрын себелеп, хақ жолын

¹⁷ Бухари, Жихад, 37;Әбу Дәуіт, ас-сунән. Иххяус-суннәтин-нәбәуиия, Тыбб, 1.

көрсетуші Мұхаммед Мұстафаның (с.а.с.) көз алдында болуы олардың бойындағы құлшынысты (динамизмді) үнемі жоғары деңгейде ұстады.

Сахабаларға тән бұл өмірдегі ең ұлы арман – Аллаһтың разылығына ие болу. Олар өз өмірін “Аллаһтың разылығына қалай қол жеткіземіз?” деген асыл да асқақ мұраттың төңірегінде өріп өрбитті. Бүкіл іс-әрекеттері, сұхбаттары, ниеттерінің бәрі осы мақсаттың төңірегінде тоғысты. Тіпті бір-біріне жолыққан кезде “кел, отырып біраз иманымызды арттырайық”¹⁸ – дейтін. Адамның екі дүниеде де бақытты болуына мұрындық болуы арқылы Аллаһтың разышылығына кенелуге болатындығын Пайғамбардан (с.а.с.) үйренген олар бүкіл өмірін жақсылық жолындағы қызу жарыспен өткізді.

Сахаба үшін бұл дүниедегі бақыт – ақыреттегі бақытқа жетудің баспалдағы ғана. Олар бұл дүниенің бүкіл қызықшылығы мен өткінші ләззаттарына еш алданбады. Исламның кез келген мәселесін дүниенің ең үлкен пайдасына айырбастамай, түрлі қауіп-қатер мен қиыншылықтарға қарамастан, иман мен тура жолдан еш ауытқымаған сахабаның мәртебесі, әрине, аса жоғары. Бұл жайлы жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі Саид ибн Зәйд былай дейді:

“Бір адамның Расулаллаһтың ғұмыр кешкен кезеңінде өмір сүріп, жиһадқа қатысуы, сіздердің араларыңыздағы біреудің Нұхтың (а.с.) өміріндей ғұмыр кешіп, сол уақыт ішінде жасаған ізгі істерінің бәрінен жақсы”¹⁹.

¹⁸ Бухари, Иман, 1.

¹⁹ әл-Исаба, 1:10

Өмір сүрудің күллі шарттары сіздің жолыңызды кесетін өткел бермес от-дария боп тұрған кезінде, Ислам ақиқатына мойынсұнып, қатерге бас тігу, шынайылық пен төзімділікті қажет етеді. Әлі Ислам дінінің келешегінің қандай боларына толық көз жеткізбестен бұл қатерлі жолға бас тігу адам ақылымен жасалына-тын іс емес еді. Бірақ, сахабалар алдарында “Әмин” (өте сенімді) деп білген Пайғамбарды (с.а.с.) көргендіктен, олар бұлтартпастан, бұра тартпастан бұл жолдың тауқыметін арқалауға шынайы көңілдерімен көнді. Міне, сахабалар зор қиыншылықтарға қарамастан, бүкіл тосқауыл мен бөгеттерді бұзып-жарып шығуға ынта-шынтасымен кірісіп, өршелене тырысып алға ілгеріледі. Аллаһ тағаланың өз дінін орта жолда қалдырмайтынына бар көңілімен сенген бұл жамағат табысқа жетті.

Сахабаның табысқа жетуінің бір сыры – турашылдық пен шынайылықта. Неге десеңіз, сахаба мұсылмандықты қабылдай салысымен дереу жамандықтан жақсылыққа ұмтылды, қараңғылықтан жарыққа талпынды, қоғамның барша індетінен бойды аулақ салды. Исламның жүректегі төңкерісінен кейін алдамшы дүниеден мейлінше қашықтап, алдау-арбау секілді түрлі жамандықтардың қараңғылығына қайта оралмады. Осы тұста бір қынжылтатыны, ақиқат пен жалғанға қатар жүгінген қазіргі шақта көпшіліктің мұны жете түсіне бермейтіндігі.

Жанқияр рухты асыл ерлер, саңлақ сахабалар, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) адамзатқа ұсынған дәстүрін жүзеге асырудың әбден мүмкін екендігін дәлелдеп, нағыз үлгі-өнеге көрсете білді. Олар пайғамбарлардан

кейінгі Аллаһ тағалаға ең жақын адамдар, өйткені оларды ең соңғы хақ Пайғамбардың (с.а.с.) өзі тәрбиеледі. Рухын биіктетіп, жүректерін өмірдің кірбіңінен өзі тазартты. Аллаһ тағала олардың баршасына разы болсын!



II БӨЛІМ

ЖӘННАТПЕН СҮЙІНШІЛЕНГЕН ОН САХАБА



Ашарату мубашшара

“Мына он кісі Жәннатқа кіреді: Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли, Зүбәйр ибн Әууәм, Талха ибн Ұбайдуллаһ, Сағд ибн Әбу Уаққас, Әбу Ұбайда ибн Жаррах, Абдурахман ибн Ауф және Саид ибн Зәйд (р.а.)”.

(Хадис)

Көз тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген осы он кісіден бөлек басқалар да бар. Алайда есімдері бірге аталған сахабалар осылар. Аттары аталмаған басқа сахабалар Жәннатқа кірмейді деген сөз емес. Өйткені, сахабаларға Аллаһ тағала разы екендігін білдіретін Құранда көптеген аяттар бар²⁰. Демек, Аллаһ тағала разы болған құлдарын Жәннатқа кіргізері сөзсіз. Алайда, жоғарыда атап кеткендей, олардың арасынан да дәрежелері әр түрлі сахабалар ұшырасады. Бұл сахабалардың көз тірісінде Жәннатпен сүйіншіленуінің өзіндік бірнеше себебі бар:

Кей уақытта жасалған істің басқа кезде жасалған істерден артықшылығы болады. Бұл сахаба-

²⁰ Қараңыз: (Мәида, 119; Тәуба, 110; Фәтх, 118; Мужәдәлә, 22; Бәййинә, 8)

лар Исламның алғашқы қиын-қыстау кезеңінде мұсылмандықты қабылдады.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Меккеде Исламды уағыздай бастаған алғашқы кезде (өзгелердің теріс айналғандарына қарамастан), олар Құранның әмірлеріне құлай сеніп, мойынсұнды. Қауіп-қатерге толы сол күндері көзсіз ержүректілік танытқандар болмаса, мұсылман болуға кез келгеннің батылы бара бермейтін. Хазірет Әбу Бәкір: “Басымызды өлімге тікпейінше сыртқа шығуға да, бір жерге кіруге де жүрексінетінбіз”, – деуі арқылы сол күндердің көз көрген қиыншылығын тілге тиек еткен.

Бұлардың ешқайсысы алған бетінен қайтпай, Әлемдердің Рақым Нұрының (с.а.с.) жан серіктері болып, Исламды шынайы көңілмен қабылдап, өмірлерінің соңына дейін қасиетті жолдан бас тартпады.

Олардың барлығы Аллаһ тағала тарапынан әмір түскен кезде бала-шаға, мал-мүліктен айрылып қалу қаупіне қарамастан, қиындыққа көз жұмып, тәуекелге бел байлап һижрет етті. Бұлардың арасында шетелдермен қатынасып саудамен айналысарлықтай аса бай Абдуррахман ибн Ауфтың бәрін тастап Мәдинаға көшіп келгенінде, өмірін қайта бастауына тура келгендігін айта кету керек. Демек, олар бір ғана мақсатты көздеді: тек қана Аллаһтың разылығына бөлену.

Жәннатпен сүйіншіленген бұл он кісінің ортақ ерекшеліктерінің бірі – ел тізгінін ұстай алатын парасаттылықты иеленуі. Әу бастағы төрт халифаның өмірі бұған дәлел. Хазірет Пайғамбардың “Үмбетімнің сенімдісі” деген марапатына ие болған Әбу Ұбайданың бойында әйгілі қолбасшы Халидті он орап аларлық парасаттылық бар еді. Міне, осындай қабілеттеріне,

дара қасиеттеріне қарамастан Пайғамбарымызға (с.а.с.) еруі – ардақтылықтың үлгісі болатын.

Аты аталған тұлғалардың бәрі текті жерден шыққан. Хазірет Әлидің әкесі аса дәулетті болмаса да, Меккеде сөзі өтетін беделді кісілердің бірі еді. Исламның болашағы бұлдыр тартып тұрса да байлық пен шеншекпенге көз сатпай, бастарын қатерге тіккендігі үлкен жанқиярлықтың белгісі емей немене?!

Олардың ешбірі дүниеге бас имеді. Керек жерінде Хазірет Осман бес жүз түйені үстіндегі жүгімен қоса садақаға берсе, Абдуррахман ибн Ауф дүниесінің ауырлығынан Жәннатқа кірерде кеш қалатынын естіп, қолындағы бар затын көзі қиып, тегіс Аллаһтың ақ жолына жұмсай білді.

Исламның аяғын тәй-тәй басқан алғашқы кезеңінде қиындыққа кеудесін тосушылардың бірі болуы олардың дәрежесін басқалардан ерекшелеп жоғары көтерді.

Бұлардың ішінен дәрежесі жағынан төрт халифа ең алда келеді. Ендігі жерде солардың өмірлеріне қысқаша тоқталу арқылы сахабалардың дәуірі, олардың сіңірген еңбектері жайлы мәлімет беруге тырысамыз.



Төрт халифа

“Аллаһ сахабаларымды пайғамбарлардан өзге бүкіл адамдардан абзал етті. Әсіресе, мына төрт кісіні: Әбу Бәкір, Омар, Осман және Әлиді қайырлы етті”.

(Хадис)

Аллаһтың Сүйікті елшісі (с.а.с.) Раббысынан алған уахиларымен адамдық қасиеттерден жұрдай болған араб қоғамындағы адами құндылықтардың толығымен жоғалып кетуін тежеп, адамдардың өмірге деген көзқарасын тұтастай өзгертті. Ол өз қызметін толық орындап, бұл істі жалғастырар артында сахаба жамағатын тастап кетті. Ислам туын биікте желбірету жолындағы шайқаста жанын пида етуден тайынбаған сахабалар Аллаһ пен Расулының (с.а.с.) разылығын дүниенің көз тартып, көңіл байлар алдамшы салтанатынан әрқашан да жоғары қойды.

Алғашқы Ислам мемлекетінде Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейін билік басына келген төрт халифа әділдікті орнату, халықты жоқшылық пен азғындықтан құтқару, мейірімділік пен жанашырлық, халықты бір-бірінен бөле-жармай бәріне тең қарау секілді қасиеттері арқылы қайталанбас, біртуар басшылар ретінде адамзат тарихының абыройлы беттерінен ойып тұрып орын алды.

Отыз жылдық бұл қысқа заман «Хулафа-ур-Рашидин дәуірі» (әділетті, турашыл халифалар) делінеді. Осы уақыт аралығында мемлекет басқару ісінде Исламдық басқарудың ең тамаша үлгісі көрсетілді. Төрт халифа да ел билеген кезінде қарапайымдылық

пен кішіпейілділікті паш етіп, жұрт сүйіспеншілігіне бөленді. Айталық, хазірет Әбу Бәкір халифа болмай тұрып Синх аймағындағы халықтың қойларын сауып, оларға жәрдемдесетін. Ол халифа болып тағайындалған кезде көрші аймақтағы бір күннің: “Сірә, Әбу Бәкір бұдан кейін біздің қойларымызды саумас”, – дегенін естіген Әбу Бәкір: “керісінше, өміріммен ант етейін, мен бұдан кейін де қойларыңызды сауамын. Мойныма алған бұл жауапкершілік мінез-құлқым мен әдеттерімді өзгерте қоймас”, – деп жауап берген. Ол қой саууды Мәдинаның орталығына көшкенге дейін алты ай бойы жалғастырған.

Хазірет Омар (р.а.) да саудамен айналысатын. Ол мемлекет басшысы болып тағайындалғаннан кейін халық қамына кірісіп, саудамен айналысуға уақыты қалмағанды. Сахабалардың ұйғаруымен оған өзіне және отбасына жетерліктей ғана айлық бекітілді. Омар бұған қанағат етіп ризашылық көрсетті.

Хазірет Осман (р.а.) қызметкерлерге айлық таратқан кезінде, жағдайы нашарларға өз байлығынан қосымша қаражат бөлетін. Онсыз да Осман (р.а.) жомарттығымен, садақа таратуымен және Аллаһ жолында дүние бағыштауымен атағы шыққан кісі еді.

Хазірет Әлидің де жағдайы осы кейіптен тыс кетпеді. Осы орайда, сол шақта салтанат құрған әділдік пен теңдіктен бір шағын мысал келтіре кетпекпіз.

Бір күні хазірет Әлиге Жуда ибн Хубайра келіп:

– Ей, мүминдердің басшысы! Кейде біреуі сені жанындай жақсы көретін, екіншісі саған жаны қас екі адам келіп сенің төрелігіне жүгінеді. Сен екінші адамдікін – дұрыс, бірінші адамдікін – жаңылыс дейсің. Бұл қалай болғаны? – деп сұрағанда, оған хазірет Әли:

– Бұл өте күрделі мәселе... Бұл іс маған ғана байланысты болса, өзімнің пайдама қарай шешер едім. Бірақ бұл Аллаһтың әмір еткен әділдік жүйесі болғандықтан, оны бұзуға менің хақым жоқ,– деп жауап берген²¹.

Халифалардың қара қылды қақ жарған турашылығы Исламдық тәрбиеден, Аллаһқа деген сүйіспеншілік пен қорқыныштан туындаған еді. Олар Аллаһ тағаланың алдында өз жауапкершіліктерін терең сезініп, қандай да бір қате басқан қадамдары болса, қияметте оған жауап беретіндіктеріне сенетін. Олардың басқаруындағы халық та Ислам тәрбиесінде болғандықтан, басшыларына қалтқысыз бағынды. Осылайша, алқаракөк аспаннан сәуле шашқан жұлдыздар шоғырындай боп тарихтың айқара бетіне өрнек салып, өшпес із қалдырған бірқауым үмбет пайда болды²².



²¹ Ибн Асакир, Канзуль-уммаль, 3/166.

²² М.Шакир; Дөрт Халифа, ауд. Ф. Айдын, Истанбул, 1994, 10-17.

1. Әбу Бәкір Сыддық

*“Исламға шақырған кезімде, Әбу Бәкірден басқада
алағашқыда сәл іркіліс пен күдіктену болды. Бірақ Әбу
Бәкірге Исламды түсіндіргенімде, еш күдіктенбестен,
кідірместен иман келтірді”.*

(Хадис)

Хазірет Әбу Бәкір Пайғамбарымыздан (с.а.с.) бірнеше жас кіші. Әкесінің аты Осман болғанмен Әбу Кухафа деген атпен танымал еді. Анасының есімі – бүкіл жақсылықтардың анасы дейтін мағынаға саятын Үммул-Хайр, жұбайының есімі – Үмму Румман, одан бұрын Асма бинт Умейске үйленген еді. Әбу Бәкір үш қыз бен үш ұлдың әкесі болды.

Ислам дінінің Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейінгі ең ардақты тұлғасы – Әбу Бәкір (р.а.). Ол Ислам діні жолында жанын да, малын да пайда етуімен, туралық, шынайылығымен басқаларға жарқын үлгі болды. Бүкіл ғұмыры биязылық, жомарттық, жанкештілік тәрізді адамдық асыл қасиет өрнектеріне толы.

Хазірет Әбу Бәкір әлемге Ислам шуағы төгілмей тұрып та сол қараңғылық дәуірдің өзінде жан дүниесі нұрға толы еді. Ешқашан жансыз, қимылсыз, ақылсыз, өзге түгіл өзіне де пайдасы не зияны жоқ дәрменсіз, мешеу пұттарға бас иіп табынбаған. Ішімдік пен құмар сияқты жәһилия дәуірінің әдеттеріне мойын бұрмаған, туа біткен асыл рухты болатын.

Ол Меккеде бай әрі беделді, көпшілікке сыйлы кісі еді. Құрайыштың түп шежіресі мен тарихын жетік білетін. Ел дау-дамайға әділдік іздегенде соның

төрелігіне жүгінетін. Әбу Бәкір Сыддық саудамен айналысатын, сауда-саттықта еш қулық жасамайтын. Айтқан сөзіне берік, кедей-кепшікке жәрдем етуді жақсы көретін. Сауда барысында көптеген елді-мекендерді көрген, ішкі мәдениеті жоғары, қырағы қырандай байқағыш ол өз дәуірінің адамдық құндылықтардан жұрдай болып рухани тығырыққа тірелгенін айқын сезе білді.

Адамзатты бұл қорқынышты қараңғылықтан жарыққа алып шығар бір құтқарушының келуін зарыға күтті. Әрине, ол тұста Әбу Бәкір сияқты зерде көзі ашық, көкірегі ояу хазірет Ибраһимнен (а.с.) қалған Тәухид дініне сенген ханифтер де бұл нұрға ынтызар болатын.

Көңілі тыншымай сан-саққа кетіп ізденіс үстінде жүрген Әбу Бәкірдің мұсылман болуына мына жағдайлар себепші болды:

1. Сол дәуірдің атақты шайыры Қус ибн Сайда үнемі Указ алаңында хұтба жасап, Хақ Пайғамбардың келуінің жақын екендігін ескертетін.

2. Сирия сапарында Пайғамбарымыздың (с.а.с.) поп Бахирамен кездесуіне куәлік етуі, Йемендегі поп Настураның жақында бір пайғамбардың келетінін хабарлауы, өзінің көрген түсі: түсінде Меккеге толықсыған айдың шуағын төгіп, сәулесінің үйіне енгенін көріп, Тәурат пен Інжілді жақсы білетін дін адамдарына жорытады. Олар соңғы Пайғамбардың (с.а.с.) Меккеден шығатынын және Әбу Бәкірдің Соған еретінін айтады.

3. Адамзаттың асылымен (с.а.с.) бала кезден дос болып, оны жақсы тануының да айрықша маңызы бар.

Әбу Бәкір сауда сапарымен Йеменде жүргенде, Мекке халқы Мұхаммедке (с.а.с.) пайғамбарлықтың

келгендігі туралы хабарды естіп, толқу үстінде болатын. Өз кітаптарынан жаңа пайғамбардың келетінін оқыса да, кейбір яһудилер мен христиандардың өздеріне де бұл хабар тосын естіліп аң-таң болып жатса, мүшріктер:

”Ішіміздегі ешкімі жоқ жетімекке пайғамбарлық қалай келмек? Пайғамбарлық келер болса руымыздың ішіндегі беделді біреуге келуі керек емес пе еді?” – деп бұлқан-талқан боп, алатайдай бүлінеді. Олар, әсіресе, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өздері “тәңір” деп табынған пұттарының еш дәрменсіз екендігін айтқанын көңілдеріне қондыра алмай, оған наразылық танытып, қарсылық көрсетумен болды.

Йеменде жүрген Әбу Бәкір бұл соңғы жаңалықтан мүлдем хабарсыз еді. Меккеге оралған кезде, оны Әбу Жәһил, Ұтба ибн Муайт сияқты қаланың бетке ұстарлары ортаға алады. Олар Әбу Бәкірдің Мұхаммедке (с.а.с.) жақын дос екенін жақсы білетін. Әбу Бәкір болмағанда, олар Пайғамбарымыздың әрекетіне (с.а.с.) әлдеқашан тосқауыл қоймақшы еді. Әбу Бәкір оларға:

– Жайшылық па? Жаңалық бар ма? Мен жоқ кезде әлде бір нәрсе болды ма? – деді.

– Иә, маңызды жаңалық бар. Ел ішінде үлкен бүлік шықты. Әбу Тәліптің жетімегі аталарымыздың дініне тіл тигізіп, өзіне пайғамбарлық келгенін айтуда, – деп тегіс жамырасты.

– Бұны өзі айтты ма?

– Иә, өзі айтуда және біздің табынатын пұттарымызға үнемі тіл тигізуде.

– Егер бұны өзі айтқан болса, онда оныкі – рас!

Әбу Бәкір бұл хабарды оның өз аузынан естігісі келіп, сол бетте Пайғамбарымыздың үйіне бет алды.

Өйткені, жақын досы Мұхаммедтің (с.а.с.) жалған сөйлемейтінін ол жақсы білетін. Осы қасиеті үшін де оған дүйім жұрт: “Мухаммадүл-әмин”, яғни “сенімді Мұхаммед” деген жоқ па еді?!

Әбу Бәкірдің жүрегі қуаныштан аттай тулап, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қасынан бір-ақ табылады. Пайғамбарымыз оны нұр тұнған көздерімен күлім қағып қарсы алады. Өйткені, Әбу Бәкірдің өзін қолдайтындығына толық сенетін.

– Уа, Әбу Қасым, пайғамбарлығыңды жария еткенің рас па? – дейді оған Әбу Бәкір келген бойда сұрақты төтесінен қойып.

– Иә, Әбу Бәкір. Мен – саған және күллі адамзатқа Әлемдердің Раббысының жіберген елшісімін. Халықты бір Аллаһқа ғана иман етуге, пұттарға табынудан бас тартуға шақырамын.

Әбу Бәкір бұл шақыруға еш кідірместен:

– Мен куәлік етемін, ей, Мұхаммед, сен Аллаһтың елшісісің! – деп алғаш иман еткендердің қатарына қосылу бақытына ие болды.

Әбу Бәкірдей бір қауым елге сөзі өтімді беделді кісінің мұсылманшылықты қабылдауы, хазірет Айша (р.а.) анамыздың айтуынша, Пайғамбарымызды (с.а.с.) ең қатты қуантқан оқиғалардың бірі болды.

Бұл жайлы Пайғамбарымыз бір хадисінде:

– Исламға шақырған кезімде, Әбу Бәкірден басқа да сәл тосырқау мен күмән болды. Бірақ Әбу Бәкірге Исламды түсіндіргенімде еш күдіктенбестен, кідірместен иман келтірді, – деп оның осы жақсы қасиетін айтқан²³.

²³ Ибн Кәсир, ал-Бидаяя уән-нихая, Бейрут, 1978, 3:30; Ибн Хишам, Сиратун-нәби, Бейрут, 1:129.

Көптен бері нұрды аңсап, асыға күткен Әбу Бәкір онсыз да кемеріне келген көңілі мен жүрек сарайын Исламға айқара ашып, иләһи мейірімнің шуағына бөленіп, өзін басы бүтін осы ақиқат жолына арнап, үнемі Расулуллаһтың (с.а.с.) қасынан табылып, көктен түсіп жатқан иләһи уаһиларды жүрегіне нақыштап, халыққа жеткізуде сөзі өтімді жаршыға айналды. Бүкіл адамдардың бұл бақыт нұрынан мақрұм қалмауы үшін жүрек жалыны оттай лаулап, бір орнында байыз таппады.

Хазірет Әбу Бәкір шынайылығымен қоса мәрт мінезді, көңілі жайсаң жан болатын. Мұсылман болған кезде оның қырық мың дирхамы бар еді. Мұның барлығын да Ислам жолында жұмсау үшін Пайғамбарымызға (с.а.с.) әкеліп табыс етті. Ол бір жағынан, ақылы мен шешендік қабілетіне сүйеніп, Исламды үнемі уағыздаумен болса, екінші жағынан, кедей мұсылмандарға үнемі материалдық көмек көрсетіп отырды. Өміріне қауіп төніп тұрса да, жан-тәнімен қабылдаған ақиқат дінін уағыздауға құлшына кірісті. Меккенің көптеген бетке ұстар азаматтарының Исламды қабылдауына себепкер болды. Олардың арасында көзі тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген он кісінің алтауы: хазірет Осман, Талха ибн Ұбайдұллаһ, Сағд ибн Әби Уаққас, Әбу Ұбайда ибн Жәррах, Зүбәйр ибн Әууәм, Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) бар еді. Бұлармен қатар Осман ибн Маз‘ұн, Әбу Сәламә және Әрқам ибн Әбу Әрқам (р.а.) Әбу Бәкірдің себепкерлігімен Исламды қабылдаған еді. Оның себепкерлігімен мұсылман болғандардың саны 38-ге жетті.

Оның күш-жігері мен қайратының арқасында Исламның шапағат нұрына бөленгендердің қатары

күн санап өсіп жатты. Алайда мүшріктер де қол қусырып қарап қалмады. Исламды енді ғана қабылдап жатқандарды жаңа сенімнен бас тартқызу үшін қолдарынан келген жамандығын барынша істеп бақты. Сөзбен түйреулерін тоқтатып, күш қолдана бастады. Мұсылмандарды кезіктірген жерлерінде соққыға жығып, зәбір көрсетті.

Алғашқы кезде мұсылмандар құлшылықтарын еркін орындау үшін хазірет Әрқамның үйіне құпия жиналатын. Оның үйі кіріп-шығуға қолайлы, көзден таса, әрі сырттан келген-кеткендерді бақылауға оңтайлы еді. Күндердің бірінде осы үйге жиналған сахабалар Аллаһтың бірлігін мүшріктерге ашық түрде жария ету үшін Пайғамбарымыздан (с.а.с.) рұқсат сұрайды. Араларында Әбу Бәкір де бар. Алайда Пайғамбарымыз оның уақыты әлі келмегендігін, ол үшін мұсылмандардың әлі аз екендігін айтып алғашында рұқсат бермегенді, бірақ Әбу Бәкірдің табандылық танытуынан кейін олардың айтқандарына көнеді. Барлығы жұптарын жазбай Қағбаға барады. Әбу Бәкір мүшріктерге қарап:

– Хақ һәм жалғыз Аллаһқа мадақ! Мәңгі бақыт – Аллаһқа иман ету. Оны мойындамай пұтқа табыну – өте жаман ғадет. Мағынасы жоқ жәһилия әдеттерін тастап, Аллаһ елшісінің шақыруына мойынсұныңыздар, – деді.

Мүшріктер алғашында толқыса да, тез арада естерін жинап, мұсылмандарға қарсы майдан ашты. Әбу Бәкірді жерге жатқызып алып, қолдарына түскен нәрсемен ұрып-соға бастады. Қаныпезер мүшрік Ұтба ибн Рәбиә табанында шегесі бар аяқ киімімен тепкілеп, оның нәзік бетін қан жоса қылды. Сол арада Әбу

Бәкірдің туыстары көмекке келіп, оны өлім аузынын эзер алып қалды.

Өлімші халден есін жиған Әбу Бәкірдің ең алғашқы сұрағы: “Расулаллаһтан хабар бар ма?”, – болды. Есінің кіресілі-шығасылы жатқанын елемей, Пайғамбарымызды (с.а.с.) уайымдап, “Оған не болды?”, – деп сұрай берді. Анасының: “Балам, бір нәрсе ішіп-жейсің бе?”, – деген сұрағына: “Аллаһтың Елшісі қайда? Оның жағдайы нешік?”, – деп көңілі жай таппады. Анасы хабары жоқтығын айтқан кезде: “Анашым, Хаттабқызы Үмму Жамилге барып, Расулаллаһтың жағдайының қандай екенін сұратыңызшы”, – деді. Расулаллаһтың жағдайының жақсы екендігін айтып келген хабарға да көңілі толмай, оның жағдайын өз көзімен көргісі келіп тағаты таусылды. Айнала біраз тынышталғаннан кейін қасындағылар Әбу Бәкірді қолтықтап, Әрқамның үйіне алып барады. Пайғамбарымызды (с.а.с.) өз көзімен көрген кезде: “Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын, ей, Расулаллаһ!”, – деп ебіл-дебілі шығады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оны құшақтады. Оның бұл халі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) әсер етіп, көздерінен мөлдір жас моншақтай төгілді²⁴.

Адамзаттың ардақтысы (с.а.с.) бір түні Жәбрейілмен бірге Меккеден Ақса мешітіне, ол жерден Аллаһтың құдіретімен басқа ұлы әлемдерге көтеріліп миғражға шықты және сол түні қайта оралды. Ертеңінде бұл мұғжизаны айтып мүшріктерге хабар берді. Мүшріктер бұған сенбеді. Тіпті, кейбір мұсылмандардың өзіне де бұл мұғжизаны мойындау ауыр соқты. Олар Әбу Бәкірден:

²⁴ әл-Бидая, 3:30

– Ең жақын досыңның не айтқанын білесің бе? Бұл түні ол Ақса мешітіне барып сол жерде намаз оқығанын, ол жерде бұрынғы пайғамбарлармен жүздесіп көкке көтерілгенін және сол түні қайта оралғандығын айтуда, – деді.

Әбу Бәкір бір нәрсені айқындап алғысы келіп:

– Сіздер мұны оның өз аузынан естідіңіздер ме? – деді.

– Иә, өз аузынан естідік.

Хазірет Әбу Бәкір Пайғамбарымыздың көкке көтерілгеніне шүбәсіз иланып:

– Ол айтса, бұл – шындық. Мен Мұхаммедке (с.а.с.) және Аллаһ тағаладан әкелген барлық нәрсеге кәміл сенемін, – деді.

Кейін бұл миғраж мұғжизасын Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өз аузынан естіп білгенде Әбу Бәкір:

– Сенің тура сөйлегеніне ант етемін. Сен Аллаһтың Хақ елшісісің. Мен бұған тағы да куәлік етемін, – деді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған ілтипат білдіріп:

– Ей, Әбу Бәкір, сен онсыз да сыддықсың (турашыл, шынайы), – деді.

Содан бері бұл сипат қияметке дейін құрметті атау ретінде үнемі Әбу Бәкірдің атымен қатар (Әбу Бәкір Сыддық) атала бастады²⁵.

Әбу Бәкір Сыддық Пайғамбарымызға (с.а.с.) деген адалдығы, берілгендігі мен жанкештілігінің арқасында оның жанына жақын тұтар ең жақсы көретін адамы болды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Исламды халыққа кеңінен насихаттау жөнінде және басқа да істерінде онымен жиі ақылдасып тұратын. Бұл жақын қатынас

²⁵ Сира, 2:39; Ибн Сағд, Табақатул-кубра, Бейрут, 1978, 1:213-216.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болғанға дейін еш үзілмеді. Соғыс алаңдарында, hijретте де үнемі бірге жүрді. Қызы хазірет Айшаны (р.а.) Пайғамбарымызға (с.а.с.) некелестіру арқылы жақындық байланыстары туыстыққа ұласып, күшейе түсті.

Күн озған сайын Меккеде мұсылмандардың қатары көбейіп жатты. Мүшріктердің оларға жапа көрсетулері де күннен-күнге арта түсті. Өмірлері мен діндерін сақтап қалу үшін мұсылмандардың ішінен бір топ Эфиопияға hijретке Пайғамбарымыздан (с.а.с.) рұқсат алды. Қалғандары иләһи әмір келгеннен кейін Мәдинаға hijрет етті. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) hijрет етуіне әлі рұқсат келмеген-ді. Қасынан бір елі айрылмаған шынайы дос Әбу Бәкір өзі жайлы сұраған кезде Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған: “Уа, Әбу Бәкір, асықпа. Бәлкім Аллаһ саған да бір hijрет серігін нәсіп етер”, – деді. Әбу Бәкір hijретте Пайғамбарымызбен (с.а.с.) бірге болатынын түсінді. Өйткені Меккеде Әли, Әбу Бәкір және Пайғамбарымыздан (с.а.с.) басқа ешкім қалмаған еді.

Алайда мүшріктер мұсылмандардың hijрет еткендерін де көре алмады. Олар Пайғамбарымызды (с.а.с.) уыстан шығарып алғысы келмей, бірден жиналып, Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіруді ұйғарды.

Бірақ, Аллаһ Сүйіктісіне (с.а.с.) Жәбрейіл арқылы хабар беріп, сол түні hijрет етуіне әмір берді. Сол түні hijреттегі жан серігі Әбу Бәкір болды. Ол Пайғамбарлар падишасымен (с.а.с.) бірге hijрет ететінін естігенде, қуаныштан көз жасын төкті. Өліммен ұласуы мүмкін қатерлі сапарға шығатынын естігенде, қуаныштан көз жасын төгу не деген жанкештілік десеңізші! Шы-

бын жанының кеудесінен ұшып кетуінен үрейленетін қорқақ адамдардың мұны түсінуі, әрине, оңай емес.

Ардақты елші (с.а.с.) сол түні өзінің төсегінде Әлиді қалдырып, Әбу Бәкір екеуі ел көзінен жасырынып жолға шықты. Олар Сәур тауына қарай бет алды. Әбу Бәкірдің көңілі толқып Адамзаттың ардақтысына (с.а.с.) зиян келмесін деп қобалжыды. Мүшріктердің оларды байқап іздеріне түсуі мүмкін еді. Ол өзін мүлдем ұмытып, тек қана Пайғамбарымызды (с.а.с.) ойлаумен болды. Ардақты елшінің алдын орағытып, артынан түсіп, оңына бір, солына бір шығып, кенеттен келуі мүмкін қатерге қарсы қорған болуға тырысты.

Олар түннің бір уақытында Сәур тауындағы ішіне адам кірмеген үңгірге келіп жетті. Оның іші құрт-құмырсқа, жылан мен шаянға толы еді. Үңгірге бірінші Әбу Бәкір кіріп, айналаны тексеріп, киімінің құрақтарымен тесіктерді бітеп шықты. Құрақ жетпегендіктен бір тесікті аяғымен бітеді. Аллаһтың елшісі келіп оның қасына отырды. Ардақты елші (с.а.с.) көз шырымын алмақшы болып, оның тізесіне басын қойып, мызғып кетті. Қас қылғандай Әбу Бәкірдің тесікті бітеген аяғы жанын көзіне көрсетіп удай ашиды. Ауру жанына батса да Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ұйқысын бұзып алудан қорқып, орнынан тырп етпеді. Бірақ, дызылдаған аяғы шыдатпай, еріксіз көзінен жас ыршып кетті. Нұрлы жүзіне тамған ыстық көз жасынан оянып кеткен Аллаһтың Ардақты елшісі (с.а.с.):

– Саған не болды, ей, Әбу Бәкір? – деді.

– Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын, ей, Расулаллах! Аяғымды бір нәрсе шақты, – деді даусы қынжыла шығып²⁶.

²⁶ Ибн Әсир, әл-Кәмиль фит-тарих, ауд. М. Бешир, Ерярсой, Истанбул, 1985, 2:419-420.

Адамзат баласының бақыты үшін жіберілген Сүйікті пайғамбарымыз (с.а.с.) мүбәрәк түкірігінен жаққан кезде хазірет Әбу Бәкірдің аяғының ашыған жері бірден тоқтады. Досының бұл жанкешті әрекетіне тебіренген Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– Ей, Аллаһым, қиямет күнінде Әбу Бәкірдің дәрежесін менімен бірдей қыл!– деді.

Аллаһ тағала осы үңгірде жасырынған екі мүбәрәк тұлғаны жаудың қолынан құтқару үшін өрмекші мен көгершінді пайдаланды. Аллаһтың әмірімен өрмекші үңгірдің аузына тор тоқып, көгершін ұя жасады.

Мүшріктер Пайғамбарымыздың орнын сипап қалды. Оны табу үшін ең мықты ізкесушілерді жалдап жолға шықты. Ізкесушілердің бастап жүруімен олар Пайғамбарымыздың тығылған үңгірінің аузына дейін келді. Үңгірдің аузындағы өрмекшінің ауы мен көгершіннің ұясын көріп алданған мүшріктер ол жерге адам кіруінің мүмкін еместігін ойлап кері қайтты. Міне, күдіреті күшті Аллаһ дүниеде ең әлсіз өрмекшінің торы мен көгершіннің ұясы арқылы Елшісін осылайша қорғап қалды.

Сол кезде Әбу Бәкір Пайғамбарымызға (с.а.с.): “Аллаһқа ант етейін, өзім үшін қорықпаймын. Бірақ, көңілім қаламаған нәрсені сенің басыңа келе ме деп қорқып, сол үшін қапаланамын”, – дейді. Сенімділік Пайғамбары (с.а.с.) болса оған: “Үшіншісі Аллаһ болған екі кісі үшін неге мұншалықты абыржисың. Уайымдама, Аллаһ бізбен бірге”, – деп, өзі үшін уайымдаған досының көңілін жұбатты.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) шынайылық пен жанкештіліктің өшпес үлгісі Әбу Бәкірмен бірге

дұшпандарының қолына түспеу үшін үш күн осы үңгірді паналады.

Үш күн өткеннен кейін олар үңгірден шығып, Мәдинаға қарай бет алды. Мәдинаға hijрет Ислам тарихында жаңа дәуірдің басталуына арқау болды. Қатерлі де қиын жолаушылықтан кейін олар Мәдинаға келіп жетті. Олардан бұрын Мәдинаға hijрет еткен мұсылмандар мен жергілікті халық көшеге сыймай қадірлі қонақтарын құрақ ұшып, құшақ жая қарсы алды²⁷.

Шынайылық – жақсы көргеніне ұқсау, барын да, жоғын да соның жолына атау, өз болмысын сүйгенінің болмысында жоқ ету. Міне, хазірет Әбу Бәкірді жоғары мәртебеге жеткізген осы қасиет. Оған шынайы, турашыл мағынасында “сыддық” дегізген сипаты Пайғамбарлар падишасына (с.а.с.) деген шынайылығы мен берілгендігінен келді. Ол Аллаһ елшісінің айтқандарына еш қалтқысыз сенетін. Өйткені оның досы – достың да, дұшпанның да бірауыздан “Мухаммадүл-Әмин” (сенімді Мұхаммед) деп қабылдаған асыл жан еді.

Әбу Бәкір Сыддықтың Ардақты елшіге (с.а.с.) қылаусыз сенімі мен парасаттылығын Худайбия келісімі кезіндегі әрекетінен аңғаруға болады. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мүшріктердің ұсынған қиын шарттарын қабыл етіп, бейбіт келісімге баруын сахабалардың көпшілігі алғашында түсіне алмай қарсы шықты. Омар сияқты ақылды сахабаның өзі бұл келісімнің астарындағы сырды ұғына алмай әбігерге түссе, Әбу Бәкір өзіне келген адамдардың бәрін “Аллаһ елшісі бұлай жасаған болса,

²⁷ Табақат, 3:72; Ибн Әсир, Усдул-ғаба фи ма‘рифатис-сахаба, Мысыр, 1328, 3: 209-210.

демек білген бір ақиқаты бар” деп сабырға шақырды. Әбу Бәкір бұл жайлы былай дейді:

“Ислам үшін Худайбиядан асқан ұлы жеңіс болған емес. Бірақ адамдар ол күні Мұхаммед пен оның Раббысы арасындағы сырды түсіне алмай асығыстық жасады”.

Худайбия келісімі сырт көзге жеңіліс сияқты көрінгенімен, ақиқатында Құранда „Фатх” сүресінде баян етілгендей “айқын жеңіс” болды.

Худайбия келісімінің нәтижесінде кескілескен екі жақтың арасында тыныштық орнады. Мұсылмандар өз діндерін қорықпай уағыздай алатын болды. Мүшріктер болса мұсылмандарды жақыннан тану мүмкіндігіне ие болды. Мұсылмандармен қоян-қолтық араласып, оларды таныған сайын, бойларындағы адалдық, шынайылық пен адамгершіліктің керемет үлгісін көріп, жаңа дінге деген қызығушылықтары арта түсті. Көптеген адам Исламды қабылдаса, бірқатары дұшпандықтан бас тартты. Худайбия келісімінен кейін мүшріктердің ең жаужүрек, жеңілмес қолбасшысы Халид ибн Уәлид пен айлалы саясаткер Амр ибн Ас т.б. сияқты ірі тұлғалары мұсылмандықты қабылдады.

Худайбия келісімі мен Меккенің алынуына дейінгі екі жылдық қысқа уақыт аралығында мұсылман болғандардың саны Аллаһ елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық келген кезден бастап, өткен жиырма жылда иман келтіргендерден ондаған есе артық. Демек, бұл бейбіт келісім – жеңіліс емес, Исламның ұлы жеңісі.

Пайғамбарымыз төсек тартып жатқанда сахабалар жағдайын сұрап, жиі-жиі үйіне барып тұратын. Ара-

ларында Әбу Бәкір де болған сондай зияраттардың бірінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға:

– Аллаһ дүние мен ақыретті таңдау мәселесін құлының еркіне берді. Алайда құл ақыретті таңдады, – деді.

Бұл сөздің астарлы мағынасын алғашында ешкім түсіне қоймады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ишарат сөзбен өзінің өлімін меңзегенін түсініп, жалғыз Әбу Бәкір ғана көз жасын төгіп былай деді:

– Әкеміз, анамыз, бала-шағамыз, дүниеміз бен жанымыз сенің жолыңда құрбан болсын, ей, Аллаһтың елшісі!

Пайғамбарымыз (с.а.с.) оның бұл парасаты мен сезімталдығына толқып:

– Әбу Бәкір, көңілің босамасын. Егер Аллаһтан басқа бір дос таңдар болсам, тек сені таңдар едім. Алайда арамызда Ислам бауырластығы мен сүйіспеншілігі бар (бұл бәрінен де қымбат), – дегеннен кейін, – Әбу Бәкір үшін ашылған есіктен өзге мешіттегі барлық есіктер жабылсын, – деді²⁸.

Бұл оқиғадан бірнеше күн өткен соң Пайғамбарымыздың (с.а.с.) денсаулығы жамағатқа намаз оқыта алмастай дәрежеде нашарлап кетті. Пайғамбарымыздан намазды кімнің оқытатыны сұралғанда,:

– Әбу Бәкірге айтыңыздар, намазда имам болсын! – деді. Пайғамбарымыздың Әбу Бәкірге жамағатқа намаз оқытуды тапсыруы мұсылмандар үшін Пайғамбарымыздан кейін халифа болатынына ишарат еді.

²⁸ Бухари, Фадаил-ул Асхаб: 3; Муслим, Фадаилу-с Сахаба: 2-3.

Бұдан кейін ол мұсылмандарға имам болып, он жеті рет намаз оқытты. Тіпті бір таң намазында Пайғамбарымызға (с.а.с.) имамдық ету бақытына да ие болды.

Пайғамбарымыз Жаратушысына жанын тәсілім еткен кезде, Әбу Бәкір басқа жерде болатын. Халық қара жамылып, аза тұтып жатты. Әбу Бәкір хабар жете салысымен, ешкімге тіл қатпастан құстай ұшып, бірден Расулуллаһтың бөлмесіне кірді. Бетінде жабылған матаны көтеріп, Пайғамбардың маңдайынан сүйді. Содан кейін нар тәуекелге бел буып, тағдырдың жазғанына мойынсұнып былай деді:

– Біз бәріміз Аллаһтың құлдарымыз және Оған ораламыз. Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын. Сен тірі кезде әдемі едің, жаның кеудеңнен ұшып кетсе де, ажарың атқан таңдай арайланып қала беріпті. Аллаһ тағала саған өлім ауыртпалығынан басқа бір қайғы бермейді. Бұл белесті де артқа тастадың.

Мұнафықтар Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көз жұмған сәтін қапы жібермей, аярлыққа басып, тағы бір лаң шығарып, бүлік бастады:

– Мұхаммед егер пайғамбар болса, өлмес еді, – деп мұнафықтар мұсылмандардың жан күйзелісін пайдаланып, рухтарын түсіруге тырысып бақты.

Айтылған бұл ауыр сөздерге одан әрі төзе алмаған асыл ер хазірет Омар (р.а.) қылышын қынынан суырып:

– Расулаллаһ өлген жоқ. Кімде-кім оны өлді десе, мына қылышыммен басын кеудесінен ұшырамын, – деді.

Осы кезде Әбу Бәкір салқынқандылық танытып, сахабалардың Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілік-

терінен туындаған рухтары мен көңілдеріндегі терең тебіреністі басқа оқиғалар арқауына желі боларын ойлап, бұған дер кезінде тосқауыл қоя білді. Ол:

– Кімде-кім Мұхамедке құлшылық еткен болса, біліп қойсын, ол өлді. Кім Аллаһқа құлшылық еткен болса, Ол Бақи (Өлімсіз) және өлмейді. Аллаһ тағала Құранда: **“Мұхаммед тек пайғамбар ғана. Одан бұрын да қаншама пайғамбар келген. Егер ол өлтірілсе немесе өлсе, сіздер қайтып ескі күйлеріңізге қайта ораласыздар ма? Кімде-кім кері оралар болса, Аллаһқа зиян келтіре алмайды. Аллаһ шүкір еткендерге оның сауабын береді (Әли-Имран, 144)** деген аятты оқыды да:

– Аллаһтың діні өмір сүре береді. Аллаһ дінін кемеліне жеткізеді. Аллаһ өзінің дініне жәрдем етіп, оның туын жоғары желбіретер адамның көмекшісі болады. Қолыңызда Аллаһтың кітабы бар. Ол – нұр әрі шипа. Аллаһтың адал қылғаны мен харам қылғаны сонда мәлім етілген, – деп²⁹, жиналған жұртқа басу айтып, Расулаллаһтың бұл дүниеден өтуімен оның қызметінің тоқтап қалмайтындығын білдірді. Жұртшылық абдырап қалған сын сағатта Әбу Бәкір салқынқандылығымен, парасатымен адамдардың мұнды көңілдеріне дем беріп, қайғыға бел алдырмауы үшін қам жасады.

Әбу Бәкір беделді сахабалардың келісімімен бірауыздан халифа болып тағайындалды. Өйткені сахабалардың барлығы Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көңіліндегі адам Әбу Бәкір екенін жақсы білетін. Әбу Бәкір халифа болып тағайындалған күннің ертесінде мешіттегі мінберге шығып, халыққа былай деді:

²⁹ Бухари, Жанаиз, 123; Ибн Мажә, Сунән, Бейрут, Ихяут-турасил араби, Жанаиз, 65; Сира, 4:305.

– Ей, әлеумет! Мен араларыңыздағы ең жақсы кісі болмасам да, сіздерге басшы болып сайландым. Құран мен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеті бізге үйретілді. Біз не нәрсе білсек те, соның арқасы... Шамам келмейтін жауапкершілігі ауыр істі еріксіз мойныма алдым. Бұл міндетті абыроймен алып жүре алатын біреудің сайлануын қалар едім. Сіздерге Аллаһтан қорқыңдар деймін.

Аз-кем үнсіздіктен кейін Әбу Бәкір жаңа тыныспен қайта үн қатты:

– Уа, халайық! Міндетімді өз деңгейінде дұрыс орындасын десеңіздер маған қалтқысыз бағынып, жәрдем етіңіздер. Егер жаман жолға бет алсам, тура жолға түсіріңіздер. Туралық – бір аманат, жалған – бір қиянат. Иншаллаһ, араңыздағы ең әлсізі менің қасымда ақысын алғанша – ең күштіңіз, араңыздағы ең күштіңіз де – мойнында біреудің ақысы бар кезде оны иесіне алып бергенге дейін ең әлсізі болады. Мен Аллаһ пен Расулының жолынан ауытқымасам, сіздер де маған бағыныңыздар. Аллаһ пен елшісінің әмірлеріне қарсы келсем, маған бағынбасаңыздар да болады. Өзім және сіздер үшін Аллаһтан кешірім тілеймін³⁰.

Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) халифа болған соң Пайғамбарымызға (с.а.с.) деген ыстық ықыласын сұтпай, мойнына жүктелген қызметті атқаруға кірісіп кетті. Ең алғашқы ісі – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) аяқтай алмаған ісі – Усаманың басшылығындағы әскерді Сирияға аттандыру болды. Сахабалардың кейбіреулері сол кездері пайда болып келе жатқан “жалған пайғамбарлар” мәселесін алға тартып, әскердің

³⁰ М. Юсуф Қандыхләуи, Хаятус-сахаба, Бейрут, 1972, 3:317; Табақат, 3:182-183.

жорыққа аттануын кейінге қалдыруды ұсынды. Бұған халифа Әбу Бәкір:

– Аллаһқа ант етемін, егер жолбарыстар мен қасқырлар Мәдинаға келіп қауіп төндірсе де, Аллаһ расулының бұйрығын орындаймын. Өйткені, ол: “Усаманың әскерін міндетті түрде аттандырыңдар” деп кетті, – деп жауап берді.

Хазірет Омар Усаманың әлі жас екендігін ескертіп, одан үлкенірек біреудің қолбасшы етіп тағайындалуын ұсынғанда:

– Ей, Хаттабұлы! Усаманы Аллаһ елшісінің өзі қолбасшы етіп тағайындағанын біле тұра бұл әмірді қалай өзгерте аламын? – деп, Аллаһ расулына шынайы берілгендігін көрсетті.

Әскерді аттандырмас бұрын Әбу Бәкір Усамаға Исламның соғыс құқығына байланысты мына маңызды қағидаларын қатаң ұстануын бұйырды:

“Шектен шығып, қиянат жасамаңдар. Уәделеріңді бұзбаңдар. Өлтірілгендердің ағзаларын кеспендер. Балаларды, қарттарды және әйелдерді өлтірмеңдер. Құрма ағаштарын кесіп өртемеңдер. Жеміс беретін ешбір ағашты кеспендер. Қой, сиыр немесе түйелерді қажеттіліктен тыс соймаңдар. Жолда шіркеулерде құлшылық жасаушыларға тиіспендер!”

Усаманың басшылығындағы әскер Әбу Бәкірдің берген нұсқауы бойынша жүріп кетті. Гректерге кезікпеді. Бірақ кері қайтар жолда діннен шыққан Хуза‘алықтардың бір тобын ойсыратты. Осылайша әрі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әмірі орындалды, әрі бас көтеріп келе жатқан үлкен бір бәлекеттен мұсылмандар аман қалды.

Бұл жауапкершілігі мол халифалық істің қиындығы жайлы Әбу Бәкірдің қызы – Айша анамыз (р.а.) былай дейді:

“Бұл міндет – тауға жүктелер болса, оны тас-талқан етерліктей ауыр міндет. Бірақ Әбу Бәкір бұл міндетті Аллаһтың қолдауы мен мұсылмандардың жәрдемінің арқасында ең жақсы түрде атқарды. Халифа болып тұрған кезеңінде Құран мен хадисте ашық бір дәлел табылмаған мәселелерді сахабалармен кеңесіп, келісіп шешетін”.

Хазірет Әбу Бәкір біреуге жауапкершілігі мол істі жүктеген кезде, сол адамның қабілетіне қарап лайықтыларын қапысыз таңдап тағайындай алатын кемеңгер басшы еді. Мысалы, оның қаржы істеріне Пайғамбарымыздың (с.а.с.) “Үмбеттің сенімдісі” деп атаған Әбу Ұбайда ибн Жаррахты, құқық істеріне әділеттің үлгісі – Омар Фаруқты, жазу және тіркеу істеріне уахиді жазып алушылардан Зәйд ибн Сәбитті тағайындауы бұған айғақ бола алады.

Ол әкімдер мен әскер басшыларына үнемі жазбаша түрде кеңес беріп тұратын. Осындай кеңестерінің бірі Икритмаға (р.а.) жіберген мына хатында көрініс тапқан:

“Істеймін деп уәде берген ісінді істе. Сөз берсең, оны орында. Ескерту жасаудан қорықпа. Бірақ бұны істегенде нені айтып, нені айтпау керектігін абайла. Кінәліге кінәсінен артық жаза берме. Жазаға лайық болған адамның жазасын беруді кешіктірме”.

Әбу Бәкірдің қарапайымдылығы, кішіпейілдігі мен әділдігі халифа болып тағайындалғаннан кейін де бір мысқал өзгермеді. Ол өз күнін өзі көріп, отбасының нәпақасын өз мандай терімен табудың жолдарын ойлап,

соған ұмтылды, мемлекет қазынасынан ақша алу үш ұйықтаса түсіне кірмейтін. Ол саудамен айналысқысы келді. Сондай күндердің бірінде базарға беттеген оның алдынан хазірет Омар шығып, оған халифа болғандығы үшін “байтул-малдан” (мемлекет қазынасынан) айлық тағайындалуын ұсынды. Хазірет Әбу Бәкір: “Алған бұл айлығымды кері өтей алмаймын ба деп қорқамын”, – деген еді. Бірақ Омар оған уақытының тек мемлекет істеріне ғана жетерін, сауда жасауға уақыт қалмайтынын айтып, ақырында қазынадан күн көруіне жетерлік айлық алуға көндірді. Бірақ ол қайтыс боларда алған айлығының өзінің мирасынан есептелініп, өзінен кейін келетін халифаға берілуін өсиет етіп жазып кеткен³¹.

Әбу Бәкірдің (р.а.) халифа болып тұрған кезіндегі жасаған қызметтеріне қысқаша тоқтала кеткен жөн. Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болмай тұрып-ақ Ямама, Йемен және басқа да жерлерде жалған пайғамбарлар шыға бастаған еді. Олар тайпаларын өздерінің ырқына бағындырғысы келіп, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көз жұмуын пайдаланып, әрекетке көшті. Әбу Бәкір (р.а.) оларға әскер жіберіп, жаңадан бой көтеріп келе жатқан бүлікті басып тастады.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін кейбір араб тайпалары діннен шыға бастады. Яһудилер мен христиандар да қарап жатпады. Бұл мұсылмандардың жағдайын қиындатты. Әбу Һурәйраның айтқанындай, “егер Әбу Бәкір болмағанда, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дүние салуынан кейін мұсылмандар күйреуге ұшырар еді”. Бұл жайлы кезінде қаталдығымен танылған Омар ибн Хаттаб:

³¹ Хаятус-сахаба, 2:148.

”Діннен шығушыларға қарсы жасалған соғыста Әбу Бәкірдің менен де қатал және өте ынталы екенін көрдім. Ол халифа болып тұрған кезінде халықты Ислам әдептеріне керемет баулығаны соншалық, мен билікті қолыма алған кезімде оларды басқаруда еш қиындық көрмедім”, – деп болмысынан жұмсақ мінезді Әбу Бәкірдің ақиқатты қорғауға келгенде босандық танытпай, үлкен жаупкершілікпен қарағандығын атап көрсеткен. Әбу Бәкір Аллаһтың көмегі мен өзінің басшылық қабілетінің арқасында мұсылмандарды бұл қорқынышты апаттан құтқарып, Ислам бірлігін сақтап қалды.

Оның Ислам үшін атқарған ең маңызды ісінің бірі – Құранды жинатуы. Ямама соғысында көптеген хафыздардың шейіт болуы, сонымен бірге әр түрлі материалдарға жазылған Құран аяттарының жоғалып кету қаупін туғызды. Хазірет Омардың жасаған ұсынысына Әбу Бәкір алғашында: “Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзі тірі кезінде жасамағанын мен қалай жасаймын?” деп тартыншақтаса да, бұл істің маңыздылығын сезінгеннен кейін Құранды жинастыруды бұйырды.

Құранның жинастырылуы үшін арнайы алқа құрылып, жетекшілігіне Құранды ең жақсы оқып-білетін жас Зәйд ибн Сәбит тағайындалды. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көз алдында жазылғандығына екі куәгердің куәлік етуі шартымен Құран аяттары жинастырылды. Бір жылдың ішінде бөлек-бөлек болған Құран парақтары бір жерге жиналды. Әбу Бәкірдің әмірі бойынша Құран ең жақсы білетін сахабалардан құрылған арнайы алқаның алдында оқылып, бірауыздан қабылданды.

Халифа Әбу Бәкір жинастырылған бұл Құранды өмірінің соңына дейін өзінің жанында сақтады. Ол

қайтыс болғаннан кейін бұл нұсқа Омар ибн Хаттабқа, одан кейін Омардың қызы әрі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жұбайларынан Хафса (р.а.) анамызға берілді³².

Аллаһ расулының (с.а.с.) халифасы Әбу Бәкір Исламды мұқтаж көңілдерге жеткізу үшін әскер жасақтады. Ол Аллаһтың қылышы атанған Халид ибн Уәлидтің басшылығындағы бір әскерді Иракқа жолдады. Бұл әскер жеңістен жеңіске жетіп, Ирактың үлкен бөлігін қол астына қаратты. Иракты алғаннан кейін Халид ибн Уәлидті Сирияға аттандырды, бірақ ол жердің алынғаны жайлы сүйінші хабарды есту пешенесіне жазылмапты. Хижраның он үшінші жылында Әбу Бәкір дүние салды.

Ол тақуалығымен және Аллаһқа шын берілген құлдығымен де ерекшеленді. Бір күні сахабалар Пайғамбарымыздың (с.а.с.) айналасына жиналып отырған кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға:

“Бүгін кім ораза ұстады, кім жаназаға қатысты, кім бір пақырды тойдырды, кім аурудың көңілін сұрап барды?”, – деп жеке-жеке қойған сұрақтарының бәріне Әбу Бәкір “мен” деп жауап берген. Сол кезде Ардақты елші (с.а.с.) күлімсіреп: “бұл ерекшеліктер кімнің бойынан табылса, ол Жәннатқа кіреді” деген еді³³.

Хазірет Әбу Бәкір Құранды мақамдап өте әдемі оқитын. Ол Құран оқыған кезде өзі де егіліп, өзгені де толқытатын. Исламның алғашқы жылдарында Меккедегі мүшріктердің әйелдері, балалары мен құлдарының өзі де оның Құран оқығанын тыңдау үшін айналасына жиналып қалатын. Бірақ мүшріктер бала-

³² Бухари, Фадаилуль-Куран:2.

³³ Муслим, Фадаилус-сахаба:12.

шағамызды дінімізден бездіреді деп қорқып, бұған кедергі жасаумен болатын.

Ол Құранды түсіну және сүннетті білу жағынан да сахабалардың арасындағы ең білгірі. Өйткені, үнемі Расулаллаһпен бірге жүріп, бойындағы бар қабілетін Исламды, Құранды үйренуге бағыттаған еді. Сондықтан да Пайғамбарымыз (с.а.с.) тірі кезінің өзінде оған пәтуа беруге рұқсат еткен-ді. Хазірет Әбу Бәкір қай аяттың не үшін және қалай түскендігін өте жақсы білетін.

Ол жомарттығы жағынан да алдына жан салмайтын. Жомарттығы соншалық, тіпті бүкіл дәулетін Аллаһ жолында жұмсауға дейін баратын. Бұл жайлы хазірет Омар былай дейді:

“Исламның кең таралуы үшін Расулаллаһ бірде жәрдемдесуімізді бұйырды. Бұл менің байлығымның ең көп кезі. Ішімнен “әй, осы бүгін Әбу Бәкірден озбасам ба” дедім. Мал-мүлкімнің жартысын Аллаһ елшісіне әкеліп табыс еттім. Аллаһ елшісі “Ей, Омар! Отбасыңа не қалдырдың?” – деді. “Дүние-мүлкімнің жартысын қалдырдым”, – дедім.

Біраздан кейін Әбу Бәкір келді. Ол мал-мүлкін тегіс алып келген екен. Расулаллаһ (с.а.с.) одан, “Ей, Әбу Бәкір, сен отбасыңа не қалдырдың?”, – дегенде оның жауабы мынау болды: “Оларға Аллаһ пен Расулының сүйіспеншілігін қалдырдым”. Мұны естіген мен “бұдан кейін жақсылық жасау жолындағы жарыста мен Әбу Бәкірден ешқашан да оза алмаспын” деп түйдім.

Аллаһтың Сүйікті елшісі (с.а.с.) Әбу Бәкірдің (р.а.) жомарттығы мен жанқиярлығын үнемі жоғары бағалап мақтан тұтатын. Ол :

“Маған дүние-мүлкі мен сұхбаттасуы жағынан адамдардың ең жомарты Әбу Бәкір” десе, басқа бір хадисінде:

“Әбу Бәкірден басқа істеген істерінің құнын өтей алмаған ешкімім жоқ. Біздің қасымызда оның жомарттығы сондай, қиямет күні оның қарымын тек Аллаһ қана бере алады”, – деген³⁴.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) хазірет Әбу Бәкірдің Ислам діні үшін жасаған жақсылықтарын, шынайылығы мен жанқиярлығын әрдайым мақтап, оны басқаларға үлгі-өнеге ететін. Пайғамбарымыздың ішкі жан дүниесін ең жақсы түсінетін де Әбу Бәкір (р.а.) еді. Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігі мен Ислам дінінің кең жайылуында бүкіл сахабаның ішінде оның орны ерекше болатын. Ол жақсылық пен жомарттық шыңына шықты. Оның өмірі мен қызметтерін толық қамтып айту – өз алдына бөлек кітап жазуды қажет етеді. Адамды таңғалдырып, тамсандырар ғұмыр кешкен адал серік, абзал тұлға жайлы Мұхаммед Мұстафаның (с.а.с.) сөздерінен бірнеше мысал берейік.

Ибн Омар былай дейді:

– Пайғамбарымыз (с.а.с.) үйінен шығып мешітке кірді. Оң жағында – Әбу Бәкір, сол жағында – Омар бар еді. Екеуінің қолдарынан ұстап тұрып: “Қиямет күнінде біз осылайша қайта тірілтілеміз”, – деді³⁵.

Басқа бір хадисінде: “Кімде-кім Аллаһ разылығы үшін садақа берсе, Жәннатта “Ей, Аллаһтың сүйікті құлы! Мына жерге кел. Бұл есікте көп жақсылық пен мол берекет бар”, – деп шақырылады. Көп намаз оқығандар – Жәннаттың намаз есігінен, мужаһидтер –

³⁴ Муслим, Фадаилус-сахаба:2; Тирмизи, Манакиб:15.

³⁵ Ибн Мажа, Мукаддима: 11; Тирмизи, Манақыб: 16.

жиһад есігінен, көп садақа бергендер – садақа есігінен, ораза ұстағандар – Райян есігінен шақырылады”.

Осы кезде Әбу Бәкір әс-Сыддық та сол жерде еді. “Әке-шешем жолыңда құрбан болсын, ей, Аллаһтың елшісі! Бір адамның бұл есіктердің бәрінен бірдей шақырылуы мүмкін бе?” – деді. Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– Иә, мүмкін. Сенің, міне, осындай шақырылғандардың бірі болатыныға үміт етемін, – деді³⁶.

Бір күні Пайғамбарымыз (с.а.с.) мешітте отырған кезінде Әбу Бәкір мен Омар ішке кірді. Расулаллаһ оларды көріп:

– Мені сіздермен қуаттандырған Аллаһқа мадақ!– деді³⁷.

Пайғамбарымыздан:

– Ей, Расулаллаһ, адамдардың ішінде сізге ең сүйікті болған кім? – деп сұрағанда Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– Айша, – деді.

– Еркектерден кімді атар едіңіз? – дегенде, – Оның әкесін, – деп жауап берген³⁸.

Хазірет Әбу Бәкір халифа болған кезінде өзіне берілген “халифатуллаһ” (Аллаһтың халифасы) деген атақты алмай “халифату Расулиллаһ” (Расулаллаһтың халифасы) атауды жөн көрген. Жәһилия дәуірінің өзінде тайпалар арасындағы дау-дамайды шебер шеше білетін беделді, мәдениеті жоғары Әбу Бәкір шежіре ілімін жақсы біліп, сол дәуірдің бүкіл жаман қасиеттерінен

³⁶ Муслим, Зекет:86; Тирмизи, Манақыб:16.

³⁷ Хаким, Мустадрак, Бейрут, 3/74.

³⁸ Муслим, Фадаилус-сахаба, 8; Ибн Мажа, Мукаддима, 101.

бойын аулақ ұстады. Аса көркем мінездерін Исламды қабылдағаннан кейін кемелдендіре түсті. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.с.) бүкіл істерінде өзімен кеңесіп отыратындығы үшін оны “Пайғамбар уәзірі” деп те мақтаған.

Хазірет Әлиден Әбу Бәкір (р.а.) жайлы сұрағанда:

– Ол бәрімізден озды. Аллаһқа ант етемін, біз қандай да бір іске ұмтылсақ, Әбу Бәкір бәріміздің алдымызда жүретін, – деген екен³⁹.

Міне, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) құрметіне ие болып, артында аңызға толы өмір қалдырған хазірет Әбу Бәкір (р.а.) хижраның он үшінші жылы, 22-Жәмадуль-ахирде 63 жасында дүниеден озды. Екі жылдан аса уақыт халифа болған ол артында бір саумал түйе, бір қызметші және ішінде сүт сауылатын бір ыдыс қана қалдырыпты. Ол қайтыс болмас бұрын халифалығы кезінде өзіне тағайындалған айлығының қажеттілігінен артылып қалған бөлігін хазірет Омарға берілуін өсиет етіп кетті. Омарға бұл аманат табысталғанда ол:

– Аллаһ Әбу Бәкірге рақымын жаудырсын. Ей, Әбу Бәкір! Өзіңнен кейінгілердің орындауы қиын үлгі-өнегеге толы өмір қалдырдың-ау! – деп көз жасын төкті⁴⁰.



³⁹ М. Шакир, 26.

⁴⁰ А. Куружан, Женнетле мужделенен он сахаби, Истанбул, 2001, 91.

2. Омар әл-Фарук (ө. 644)

*“Менен кейін пайғамбар келер болса, ол Хаттабұлы
Омар болар еді”.*

(Хадис)

Аллаһ елшісінің Ислам шуағын жаһанға жаю жолындағы толассыз күресінде оған ең жақын болған сахабалардың бірі – екінші халифа Омар ибн Хаттаб (р.а.). Ол Ислам тарихында белгілі Піл оқиғасынан он үш жылдан кейін Меккеде дүниеге келген. Құрайыштың Ади тайпасынан шыққан Омардың әкесінің аты – Хаттаб ибн Нуфәйл, шешесі – құрайыштың Махзұн тайпасынан шыққан Хантәмә бинт Хашим⁴¹.

Омар ибн Хаттабтың мұсылмандыққа дейінгі өмірі жайлы толық мәлімет жоқ. Әйтсе де, бала кезінде әкесінің малын бағып, кейіннен саудамен айналысқандығы мәлім. Ол Сирияға қатынайтын сауда керуеніне қосылатын. Қараңғылық дәуірінде Меккенің белді адамдарының қатарында болып, меккеліктердің елшілік міндетін атқаратын. Соғыс шығар жағдайда қарсы жаққа Омар жіберіліп, оның берген мәліметі бойынша шешім қабылданатын. Ру-тайпалар арасында туған келіспеушіліктің шешілуінде оның рөлі күшті болатын. Сонымен қоса ол оқу-сызуды, араб шежіресін білетін және сөзге шешендігімен де танылатын⁴².

Омар ибн Хаттаб мұсылман болмай тұрып өзі өскен қоғамының әдеттері бойынша өмір сүріп, сол

⁴¹ Усдул-ғаба, 4:146.

⁴² Суюти, 123.

кезеңнің салтын берік ұстанатын. Түйелермен күресіп, әркіммен бір ерегісетін қызба, өжет, батыр және өте қатыгездігімен танылған еді. Бірақ мұсылман болғаннан кейін оның бойындағы бұл қасиеттері иман нұрына шоғышып, мүлдем басқаша өзгерді. Мұсылман болғаннан кейінгі қалған өмірі адамзатты таңғалдырарлық дастанға айналды.

Мекке қаласында дүниеге келген Омар ибн Хаттаб Пайғамбарымызға уахи түскен кезде жиырма тоғыз жаста болатын. Уахидің келе бастағанына алты жыл өтсе де, ол мүшріктердің қатарында жүрген еді. Яғни, өмірінің отыз бес жылын жәһилия қараңғылығында өткізсе, қалған отыз жылын мұсылман болып өткізді.

Әлемді Пайғамбарлық шұғыласының бөлегеніне алты жыл толған. Шірк пен тәухид арасындағы күрес күн өткен сайын күшейе түскен-ді. Мұсылмандардың қатары көбейген сайын мүшріктердің зұлымдықтары мен сұмдықтары қатерлі сипат ала бастады. Олар Ардақты елшіні (с.а.с.) өлтіруге шешім қабылдады. Ал, бұл уақытта мұсылмандардың саны әлі қырыққа да жетпеген. Аллаһ елшісі (с.а.с.) де мұсылмандар санының көбеюін Аллаһтан сұрап дұға ететін. Бір күні ол (с.а.с.) мүшріктердің арасында күшті, халық арасында беделді қос Омардың екеуінің біреуі мұсылман болуы үшін:

“Аллаһым, Исламды Омар ибн Хишам (Әбу Жәһил) немесе Омар ибн Хаттабпен қуаттандыр!⁴³” деп дұға етті.

Таңғаларлық бір жайт, әлгі мүшріктердің жиналысында Омар ибн Хишам (Әбу Жәһил) Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтірген адамға жүз түйе беретінін

⁴³ Тирмизи, Манақыб, 18.

мәлімдесе, Омар ибн Хаттаб бұл істі өз мойнына алып, Пайғамбарымызды (с.а.с.) өлтіру үшін жолға шығады.

Омар шайтан шапқа түртіп, Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіруге белін бекем буып келе жатқанда жолай жақында ғана мұсылман болған Нұғаймды жолықтырады. Омардың түнеріп, түтіккен түрінен бір бәлені сезіп сескенген ол:

– Қайда бара жатырсың, әй, Омар?– деп сұрайды.

– Өзінің жаңа дінімен құрайыштардың ішіне іріткі салып жүрген Мұхаммедтің көзін жоюға бара жатырмын, – деп жауап қатады Омар.

Жанарынан от шашырап, ашу-ызаға мініп алған Омардың ниетінің жамандығын байқаған Нұғайм Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өлтірілуінен қорқып, Омардың бағытын басқа жаққа қарай бұру үшін:

– Алдымен үйіңе барып өз отбасындағыларды жолға салып алсайшы. Әлде қарындасың мен күйеу балаңның да жаңа дінге кіргендігінен хабарың жоқ па? – деді.

Омар өз құлағына өзі сенбей бір сәт есеңгіреп тұрып қалды да, дереу ат басын қарындасының үйіне қарай бұрды. Үйге жақындаған кезде іш жақтан Құран оқыған дауыс естілді. Омар кеуделей ішке кіріп келгенде, қарындасы Фатима мен күйеу баласы Саид Құран аяттары жазылған қағазды дереу тыға қояды. Омар:

– Не оқып жатырсыңдар? Қане беріңдер, – деді ыза кернеген даусымен айналасына қаһарын шашып.

– Еш нәрсе, – деп жауап берді қарындасы мен күйеу баласы.

Бұл жауапқа одан бетер ызаланған Омар:

– Естігендерім рас боп шықты, сендер Мұхаммедтің дініне кірген екенсіңдер,– деп күйеу баласын жер-

ге сұлатып салады. Күйеуіне болысқан қарындасын да қалпақтай ұшырып түсірді. Бұған одан әрі шыдай алмаған олар:

– Иә, мұсылман болдық. Аллаһқа және елшісіне иман келтірдік, түсіндің бе? – деді.

Ашу-ызадан қыстыға булыққан қарындасы еріндері дірілдеп еңірей жылап жіберді. Қарындасының бетінің қанағанын байқап, жылаған даусын естіген Омар мейірімі оянып, жыли бастады. Сосын жұмсақ дауыспен:

– Жаңағы оқып отырған қағаздарыңды әкеліңдер, көрейін, – деді.

Қарындасы Фатима одан алдымен дәрет алып, тазалануын талап етті. Бой дәретін алып тазаланған Омарға қарындасы “Таһа” сүресі жазылған қағазды ұстатты. Өлеңге жаны құмар, сұлу сөздің қадірін білетін Омардың аяттарды оқыған сайын көңілі толқи түсті. Құраннан құйылған тылсым нұр оның жүрегін жаулап алды. “Қандай ғажап сөздер, не деген үйлесімділік” – деп, тамсана оқып шыққан ол Расулаллаһтың (с.а.с.) қайда екенін сұрап алды да, еш бөгелместен, ешқайда бұрылмастан, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен сахабалардың жиналып отырған үйіне қарай тартты. Барған бетте есікті қақты... Омардың даусын естіген сахабалар іштей қобалжи бастады. Сол сәтте батыр Хамза тұрып:

– Кірсін, көрейік. Ниеті түзу болса, біз де жақсылықпен қарсы аламыз, ал, ниеті жаман болса, өз қылышымен ажал құштырайын, – деді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– Есікті ашыңдар, кірсін! – деген кезде бір сахаба есікті ашып, Омар ішке енді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) орнынан тұрып:

– Әй, Хаттабұлы, сені бұл жерге жетелеген қандай мақсат? – деп сұрады. Омар өзінің мұсылман болғанын, Аллаһқа және елшісіне иман келтіргенін айтқан кезде мұсылмандар қуаныштан тәкбір келтіріп, Аллаһқа шүкіршілік етті⁴⁴. Осылайша Омар қыркыншы мұсылман болды.

Міне, осылайша мұсылман болған Омар бойындағы батырлығы мен қаһармандығын бұдан бұлай Ислам жолында, Аллаһтың дінін өркендету жолында жұмсады.

Абдуллаһ ибн Мәсу'д былай дейді: “Хазірет Омардың Ислам дінін қабылдауы – күш-қуат, Мәдинаға һижрет етуі – көмек, ал халифа болып сайлануы – мұсылмандар үшін Аллаһтың бір сыйы мен рақымы болды. Омар мұсылман болғанға дейін біз Қағбаға барып намаз оқи алмайтын едік. Ол мұсылман болғаннан кейін Қағбада алаңсыз намаз оқуға қол жеткіздік”.⁴⁵

Сескену, қаймығу дегенді жат санайтын Омар мұсылман болар-болмас Пайғамбарымыздан (с.а.с.):

– Ей, Аллаһ елшісі, өлсек те, тірі жүрсек де біз тура жолда емеспіз бе? – деп сұрады.

– Аллаһқа ант етемін! Әрине, өлсеңдер де, тірі жүрсеңдер де тура жолдағылар сендерсіңдер.

– Олай болса, неге жасырынамыз? Құлшылығымызды Қағбаға барып жасайық, – деді Омар (р.а.). Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұдан әрі бәрін жариялаудың уақытының келгендігін түсінді. Себебі, Исламға үндеп шақыру алғашқы кезде бағып-қағуға мұқтаж сәби секілді еді. Енді осы сәби өсіп өз аяғымен жүре алатын шамаға келген. Сондықтан да

⁴⁴ Суюти, Тарихуль-хулафа, Бейрут, 1986, 124; Табақат, 2:268-269.

⁴⁵ Усдул-ғаба, 4:151; Табақат, 3:270.

Пайғамбарымыз Исламды уағыздау мен ғибадаттың ашық түрде жасалынатынын жариялады. Екі қатарға сап түзеген сахабаларымен бірге Қағбаға қарай бет алды. Қатардың біреуінде – Омар Фарук (р.а.), екіншісінде – айбарлы баһадүр Хамза (р.а.) бар еді. Мұсылмандарды бұл күйде көрген мүшріктер таңғалды. Кейбіреулері Омар оларды тұтқынға алған екен деп ойлап қалды. Алайда істің мәнін түсіне қойған Әбу Жәһил:

– Жоқ, олай емес. Біз Омардан да айрылдық, – деп қатты қынжылды.

Сәлден кейін хазірет Омар (р.а.) олардың алдарына шығып: “Ешкім тұрған жерінен қимылдамасын, әйтпесе, басын аламын”, – деді. Мүшріктер аузына құм құйылып, тұрған жерлерінде қазықтай қадалып қалды. Осылайша мұсылмандар Қағбада алғаш рет ашық түрде намаз оқыды. Сол күні Екі Жаһан Сардары (с.а.с.) Омарға “әл-Фарук”, яғни ақиқат пен жалғанның ара жігін ажыратушы есімін берді.

Уақыт өте келе мүшріктердің мұсылмандарға көрсеткен жәбірлері арта түсті. Бұл тұста Ислам діні Мәдинада кең жайылып, қала тұрғындарының көбі Исламды қабылдаған болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мекке мұсылмандарына Мәдинаға көшуді, яғни, хижрет етуді бұйырды. Сонымен мұсылмандар топ-тобымен Мәдинаға көшіп жатты. Омардан (р.а.) басқа мұсылмандардың барлығы жасырын түрде көшті. Бұл туралы хазірет Әли былай дейді:

“Омардың тысындағы барлық мұһажирлер (хижрет етушілер) жасырын түрде көшті. Ал Омар болса, хижрет етуге шешім қабылдаған кезде, қару-жарағын асынып, алдымен Қағбаға барды. Қағбаның жанында бір топ мүшрікке кезікті. Ол кідірместен Қағбаны жеті мәрте

тауап жасап, Ибраһим мақамында намаз оқыды. Сосын құрайыштарға қарап:

– Егер кімде-кім артынан анасы жылап, баласы жетім, әйелі жесір қалсын десе қарсы шықсын, – деді. Ешкімнің оған қарсы шығуға батылы жетпеді. Сондықтан hijрет еткен кезінде оны мұсылмандар ғана шығарып салды⁴⁶.

Хазірет Омардың (р.а.) айбатынан жасқанып, оған құрайыштардың ешқайсысы тісі мен тізесін батыра алмайтын. Алайда олардың басқа мұсылмандарға көп қысым жасайтыны батыр Омардың (р.а.) жанына қатты бататын. Ол “мұсылмандардың басына не келетін болса, менің де басыма келгенін қалаймын” деп қынжылатын. Сондықтан да азулы мүшріктерге өзінің мұсылман болғандығын ауыз жаппай жариялаумен болады. Ондағы мақсаты – құрайыштар өзіне тиісер болса, езіліп-жаншылған мұсылман бауырларының ұзында өшін, қысқада кегін алу.

Омар Фарук (р.а.) да Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) сияқты мұсылман болмастан бұрын саудамен айналысып, ел көріп жер таныған, көзі ашық, құрайыштардың ішінде хат танитын некен-саяқ адамдарының бірі еді. Мұсылман болғаннан кейін бар білгенін, қабілеті мен күш-жігерін Расулаллаһтың (с.а.с.) әмірі мен Ислам дінінің қызметіне арнады.

Әділеттің үлгісі Омар Фарук Сүйікті елшінің (с.а.с.) қысылтаяң кездерде үнемі кеңесіп, пікір сұрайтын ең таңдаулы сахабаларының бірі болатын. Оның ақылдылығы мен парасаттылығы сондай, Аллах тағала Құранда бірнеше жерде оның пікірін қолдайтын аяттар түсірген. Бұл қасиетіне байланысты Пайғамбарымыз

⁴⁶ Усдул-ғаба, 4:48; Суюти, 130

(с.а.с.): “Сендерге дейін өздері пайғамбар болмаса да, пайғамбарлар сияқты сөйлеген израил ұрпақтары болған. Егер менің үмбетімнің арасында сондай біреулер болса, олардың бірі Омар болар еді” деген⁴⁷. Ол өзінің Ислам діні үшін танытқан табандылығы мен жанқиярлығы жағынан Әбу Бәкір Сыддықтан кейінгі орында тұратын. Хазірет Омар (р.а.) Мәдина дәуірінде де үнемі Ислам жолында қызмет етті. Барлық соғыстарға қатысып, талай ерлік танытты. Соғыстардың бәрінде Адамзаттың ардақтысының (с.а.с.) қасында болып, оны қызғыштай қорғаштап, бұйрықтарын екі етпей орындайтын.

Өзінің қалауынан гөрі жанынан да артық жақсы көрген Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қалауының болғанын қалайтын. Тіпті Аллаһ расулының (с.а.с.) ағасы Аббас мұсылман болған кезінде Омардың қуанғандығы соншалық, өз әкесі Хаттаб мұсылман болса, олай қуанбас еді. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.с.) да егер Хаттаб мұсылман болса, Аббастың мұсылман болғанынан да қатты қуанар еді⁴⁸. Бұл жалпы сахабаға да тән қасиет болатын. Олардың әрқайсысы Пайғамбарымызды өз жандарынан да қатты жақсы көретін.

Омар Фаруқ (р.а.) та Аллаһ елшісін жанындай жақсы көретін. Бірде Ғаламның рақым нұры (с.а.с.) Омарға (р.а.):

- Мені қаншалықты жақсы көресің? – дегенде ол:
- Ей, Аллаһтың елшісі, сені жанымнан өзгенің бәрінен де қатты жақсы көремін, – деді.
- Мені жаныңнан да артық жақсы көрмейінше толық иман еткен болып саналмайсың, – деп Аллаһ

⁴⁷ Муслим, Фадаилус-сахаба, 2

⁴⁸ М. Шакир, 168-169.

елшісі оған сүйіспеншіліктің қандай болу керектігін айтқан кезде, істің мәнісін Пайғамбардан үйренген ол жан-тәнімен:

– Уа, Расулаллаһ, Сені жанымнан да артық жақсы көремін, – деді. Аллаһ елшісі оған:

Міне, енді толық болды, – деді⁴⁹.

Аллаһ расулын жан-тәнімен жақсы көргені соншалықты, ол Аллаһ тағаланың бұйрығымен ақыретке аттанған кезде, бүкіл сахабалар секілді ол да басына жай түскендей болды. Бойын сезім билеп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өлмегенін, кімде-кім оны өлді десе басын алатынын айтып, сенделген күй кешті.

Суық хабарды естіп қайғыдан есеңгіреп қалған мұсылмандардың сезімдерін Әбу Бәкір келіп, суыққандылықпен тізгіндей білді. Ол: “Кімде-кім Мұхаммедке табынса, біліп қойсын, ол өлді. Ал кімде-кім Аллаһқа құлшылық еткен болса – Ол өлімсіз, мәңгі тірі” дегеннен кейін, сөздерін дәлелдендіре түсу үшін, Ұхұт шайқасы кезінде “Мұхаммед өлтірілді” деген қауесет жайылған кезде түскен “Әли Имран” сүресінің 144- аятын оқыды. Сахабалар бұл аятты білгенімен, дәл ол кезде ешқайсының есіне түсе қоймаған еді. Бұл аятты естігеннен кейін мұсылмандар бойларын жинай бастады. Әбу Бәкір байсалдылықпен сөздерін жалғастырды. “Зүмәр” сүресінің: “(Мұхаммед (с.а.с.)) Әлбетте, сен де өлесің, олар да өледі” деген 30- аятын оқыған кезде жамағат есін жиды.

Омар бұл жайлы кейін былай деген еді:

“Әбу Бәкірдің аузынан бұл аятты естіген кезде, дел-сал болдым. Көзім қарауытып, буындарым босап,

⁴⁹ Муслим, Иман, 69.

жер құштым. Пайғамбардың өлгеніне сол кезде барып көзім жетті”.

Омар (р.а.) үнемі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тәрбиесінен кенжелеп қалмауға тырысатын. Сондықтан да Аллаһ расулының (с.а.с.) ілімі мен руханиятынан ең көп нәр алған сахабалардың бірі болатын. Омар ибн Хаттабтың (р.а.) ілімі жайлы Абдуллаһ ибн Масғұт былай дейді:

“Таразының бір жағына хазірет Омардың ілімі, екінші жағына жер жүзіндегі адамдардың ілімі қойылса, Омардың ілімі ауыр тартар еді. Ол біздің ішіміздегі Аллаһты ең жақсы таныған, қасиетті кітабын жете түсінген, дініміздің мәселелерінің егжей-тегжейін жетік меңгергендердің бірі болатын”⁵⁰.

Парасатты Омардың фикһ ілімінің қалыптасуында ерекше орны бар. Фикһ ілімінің негізін қалаған қағидалардың қалыптасуында оның алдынан шыққан мәселелерді шешу жолында ұстанған ұстанымдарының маңызы зор. Даналықдариясы Омардың *иджтиһадтары* (Құран және хадистерге сүйеніп діни үкімдер шығаруға терминологияда иджтиһад делінеді) Ислам құқығы тұрғысынан өте маңызды.

Омар хадис риуаят еткен кезде аса сақ болуға тырысатын. Ол Пайғамбарымыздан хадис риуаят еткен кейбір адамдардан бұл хадисті Пайғамбарымыздың өз аузынан естігені жайлы куәгер әкелуін талап ететін. Хазірет Омардан бес жүз отыз тоғыз хадис риуаят етілген⁵¹.

Сонымен қатар Омар Құран кәрімнің тәпсірін жақсы білетін. Пайғамбарымыздың көзінің тірісінде

⁵⁰ Хаятус-сахаба, 3, 191-192.

⁵¹ Суюти, 123.

Әбу Бәкір сияқты пәтуа беруге рұқсат етілген таңдаулы сахабалардың бірі болды.

Көзінің тірісінде Жәннатпен сүйіншіленгеніне және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көптеген марапаттарына ие болғанына қарамастан хазірет Омар (р.а.), осы амалдарымен ақыретте құтыла алатындығына арқа сүйеп кетпей, “құлшылықты қажеттілігіне сай өтей алдым ба?” деп, үнемі үміт пен үрейдің арасында жүретін. Оның “бір адамның Жәннатқа, қалғандарының тозаққа кететінін білсем, жәннаттық адам мен боламын ба деп үміттенемін. Бір адамның Тозаққа, қалғандарының тегіс жұмаққа баратынын білсем, тозақтық ол адам тағы мен боламын ба деп қорқамын” деген сыры терең, сыны биік сөздері көпшілікке мәлім.

Ардақты елшінің (с.а.с.) сенімді серігі, адал досы Омар Фарук, кейіннен ол (с.а.с.) қайтыс болған кезде мұсылмандардың басшысы болып сайланған хазірет Әбу Бәкірдің ең жақын көмекшісі болды. Әбу Бәкір Сыддықтың дәуірінде Омар-дың ұсынысы бойынша Ислам тарихы тұрғысынан аса маңызды іс – Құран кәрім аяттарын жинастыру жүзеге асырылды. Елді екі жарым жыл басқарған алғашқы халифа Әбу Бәкір өлім төсегінде жатқан кезде, өзінен соң Омарды (р.а.) халифалыққа тағайындауды ұсынды. Әбу Бәкір Сыддық Омар (р.а.) жайлы былай дегенді:

“Аллаһ тағаланың алдына барған кезде “орныңа кімді қалдырдың?” деп сұраса, мен “халқымды олардың ішіндегі ең қайырлысына аманат еттім” деп жауап беремін”.

Әбу Бәкір Сыддық қайтыс болғаннан кейін, әділдіктің ізгі үлгісіндей болған хазірет Омар (р.а.) ха-

лифа болып тағайындалды. Оның бұл қасиеті жайлы Абдуллаһ ибн Аббастың сөзі бар:

“Омарды көп еске алыңдар. Өйткені ол еске алынғанда әділеттіліктің бейнесі елестейді”.

Халифа болып тағайындалғаннан кейін Омардың (р.а.) өзіне жүктелген жауапкершіліктен қайғысыз ұйықтаған кезі болмады. Түн демей, күн демей өзінің міндетін адал атқаруға бойындағы бар қабілеті мен қасиетін жұмсады.

Ол қоғамда әділет орнату үшін тыйым салынған нәрсені алдымен өзінен және жақын туыстарынан бастайтын. Туыстарын жинап алып:

“Мен мынадай нәрселерге тыйым салдым. Егер араңыздан біреуіңіздің мұны жасағанын еститін болсам, басқаларына беретін жазаның екі есесін беремін” деп қатаң ескертетін⁵².

Бір соғыстан кейін хазірет Омар (р.а.) түскен олжаны халыққа тендей бөліп берді. Әркімнің олжасына бір-бір жыртыс мата тиді. Алайда бұл мата бір киім тіктіруге келмейтін еді. Өзінің ұлы Абдуллаһ:

– Мен өзімнің ақымды сізге берейін, сіз өзіңізге бір көйлек тіктіріп алыңыз, – деді.

Хазірет Омар (р.а.) ұлының бұл ұсынысын қабыл алды. Бірнеше күн өткен соң тігілген киімді үстіне киіп, халықтың алдына сөз сөйлеуге мінберге шықты:

– Уа, мүминдер! Мені тыңдап, маған мойынсұныңыздар.

Осыны айтуы мұң екен, артқы сапта отырған пақыр бір кісі тұрып:

– О, мүминдердің әміршісі! Мен саған бағынбаймын, – деді.

⁵² Табақат, 3:289.

Бұл сөзді естіген халифа бірден іркіліп:

– Неге? – деді. Пақыр себебін түсіндірді:

– Соғыстан түскен олжадан таратылған мата ешқайсымызға киім тіктіруге жетпеді. Алайда сен ол матадан өзіңе көбірек алып, киім тіктіріп алыпсың, – деді.

Жауабын бере алмай қаларлық қандай іс істеп қойдым екен деп ойы сан–саққа кетіп қобалжыған хазірет Омардың (р.а.) мұны естіген кезде көңілі орнына түсті. Болған жайды халыққа түсіндіру үшін жамағаттың ішіндегі ұлын қасына шақырды. Баласы Абдуллаһ өзінің үлесін әкесіне бергенін, әкесінің содан киім тіктіргенін халыққа айтып берді.

Мұны естіген халық та қатты қуанды. Сол кезде бағанағы кісі тұрып:

– Енді айтарыңды айт, мүминдердің әміршісі. Енді саған бағынамын, – деді.

Әділеттің ақ берені Омар (р.а.):

– Аллаһым, мені жасаған қателерімді ескертетін бір үмбетке халифа еткенің үшін саған шексіз мадақ айтамын, – деп қолдарын көкке жайып дұға етті⁵³.

Бір күні халифа Омар мен бір сахабаның арасында келіспеушілік туып, ол екеуі дауды әділ қазының төрелігіне жүгіну арқылы шешуге келісті. Ол кезде әділ қазы сахабалардың ішіндегі беделді Зәйд ибн Сәбит болатын. Хазірет Омар (р.а.):

– Арамыздағы мәселенің түйінін тарқатып берсін деп, саған келдік, – деді. Хазірет Зәйд халифаның астына көрпеше төсеп, жанына отырғызбақшы болғанда ол:

⁵³ Сахабилер ансиклопедиси, т. 1, 61-62.

– Бұл беретін үкімінде жасаған алғашқы әділетсіздігің, – деді. Сосын:

– Алдына келген халифа мен қарапайым халықтың кез келген өкілін тең тұтпайынша, сен бұл лауазымға лайық бола алмайсың. Әділ қазы халифаның емес, Аллаһтың бұйрығы мен үкімін орындау керек⁵⁴, – деп заң алдында бүкіл адамдардың жауапқа бірдей тартылу керектігін жария етті.

Мұсылман болса да, болмаса да – әркім хазірет Омарға (р.а.) барып өзінің құқығының қорғалуын талап етіп, шағымын айта алатын. Қарапайым халықтың өкілдері келіп өздеріне тағайындалған әкімдер жайлы еркін арызданатын. Хазірет Омардың (р.а.) өзі халықтан үнемі арыздарын жазып, шағымдарын білдірулерін сұрайтын. Ол:

– Мен әкімдерді сізге зұлымдық жасап, ақыларыңызды жеу үшін тағайындамаймын. Оларды сізге Исламды үйретсін, араларыңызда әділдікпен үкім берсін, қажеттіліктеріңізді қамтамасыз етсін деп тағайындаймын. Егер олар бұл міндеттерін дұрыс атқармаса, маған хабар беріңіздер, олардың жазасын берейін, – дейтін.

Бір күні халықтың арасынан біреу келіп, бір әкімнің үстінен:

– Маған нақақтан нақақ жүз дүре соқты, – деп шағым айтады.

Халифа мәселенің егжей-тегжейін сұрастырады. Әкімнің дұрыс істемегендігі анықталғанда, Омар әкімді шақыртып арызданған кісіге:

⁵⁴ Байхаки, Кэнзул-уммаль, 3/181-ден М. Қандыхләуй, Хадислерле хазірет пейгамбер ве асхабынын яшадыгы муслуманлык, Истанбул, 1980, 2:684.

– Ал, енді сен оны ұр, – деді Омар.

Мысырдың әкімі Амр ибн Ас сөз алып:

– Уа, мүминдердің әміршісі! Егер бұлай етер болсаңыз, бұл үкіміңіз әкімдерге қатты тиеді. Сізден кейінгілер де бұл әдетті жалғастырады, – деді. Хазірет Омар (р.а.):

– Мен Аллаһ елшісінің өзі үшін де осылай жасағанын көре тұра, басқалар үшін бұны неге орындамайын? – дегенде, Амр ибн Ас:

– Мәселені бізге қалдырсаңыз, оны өзіміз ырза қылсақ болмай ма? – деп Омарды (р.а.) көндіреді. Үстінен арыз түскен әкім дүре соққан адамға күн төлеп, кешірімін алды⁵⁵.

Хазірет Омар (р.а.) бірде қайыр сұрап жүрген әлдебір кісінің қасына барып, неге қайыр тілеп жүргенін сұрастырды. Бұл кісі мұсылман емес-ті. Кәрі кісі салық төлейтіндігін, сондықтан да кедейленгендігін айтты. Әділеттің айғағы Омар Фаруқ оған қазынадан айлық тағайындаттырып:

– Бұларды жас кезінде жұмыс істеткізіп, қартайған шағында далаға тастай алмаймыз, – деді.

Омар Фаруқ тағайындаған әкімдеріне өте қатал болатын. Олардың қандай да бір заңсыздықтарын естісе, оған еш көз жұмбай сол сәтінде шара қолданатын. Халқына болса тым мейірімді еді. Олардың мәселелерін шешу үшін тыным таппай қызмет ететін.

Халифа болып тұрған кезінде хазірет Омар (р.а.) Мәдинаның көшелерін жиі аралап, көмекке мұқтаж адамдарды өзі іздейтін. Бірде түн жамылып көше аралап жүрген кезінде бір үйдің жанынан өтіп бара жатып кішкентай балалардың жылаған ащы дауыстарын естіді.

⁵⁵ Табақат, 3:211; Қандыхләуй, 2:687.

Үйдің есігін қаққанда, іштен мосқал әйел шықты. Омар (р.а.) балалардың жылау себебін сұрады. Әлгі әйел екі күн бойы нәр татпағандарын, балалардың аштықтан бұратылып жылайтынын, оларды алдап ұйықтату үшін қазанға тас салып қайнатып жатқанын айтты.

Мұны естіген Омардың жаны түршігіп кетті. Әлгі әйелге біраз тоса тұруын, қайта келетінін айтып, дереу қазынадан ұн, май, азық-түлік пен киім-кешек толы дорбасын иығына салып, көмекке мұқтаж балалардың жәрдеміне құстай ұшты. Қасындағы қызметшісінің дорбаны алып жүруге қанша өтінгеніне қарамастан:

– Қияметте менің жүгімді сен арқалайсың ба? – деп бой бермеді.

Хазірет Омар (р.а.) аптығып үйге барды. Әлгі әйелдің балаларына тамақ пісіріп берді. Балалалар тойынғанда ғана Омардың көңілі жай тапты. Ол жерден кетерде әйелдің “Аллаһ сенен разы болсын! Омардың орнына халифа болуға негізі сен лайық екенсің” дегенін құлағы шалып қалды. Әйел қараңғыда келген кісінің хазірет Омар (р.а.) екендігін білмеген еді⁵⁶.

Омар Фаруқтың (р.а.) ел басқарудағы жауапкершілік сезімі – бүкіл адамзатқа қайталанбас үлгі-өнеге. Оның “Егер Фырат өзенінің жағалауында бір түйе жоғалып кетсе немесе бір қой суға батып өлсе, оның есебін Аллаһ менен сұрай ма деп қорқамын”; “Кемшіліктерімді маған ескертетін адам – мен үшін ең жақын жан”; “Егер тағайындаған әкімдерімнің біреуі бір адамды орынсыз жәбірлесе, мұны мен ести тұра оған еш шара қолданбасам, ол жәбірді мен жасағандай боламын” деген сияқты алтын әріптермен тарихқа жазылған оның осы сөздері – жан дүниесінің айнасы. Ел басқарушылар

⁵⁶ Усдул-ғаба, 4:67.

осындай сезімде болған кезде ғана, бүкіл әлемде тұрмыстық жағдай түзеліп, жемқорлық тыйылып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заман болары сөзсіз. Бұған адамзат тарихындағы алтын ғасыр (асрус-саадат) деп аталатын сахабалар дәуірі куә.

Пайғамбарымыздың “менен кейін пайғамбар келгенде, ол Хаттабұлы Омар болар еді”⁵⁷ деген марапатына ие болған хазірет Омар (р.а.) тұла бойындағы асыл қасиеттерімен де ерекше тартымды. Ол алдыңғы қатарлы тақуа мұсылмандардың бірі болды. Халифа болып тұрған кездің өзінде жамаулы шапан киіп, Қадисия соғысынан қолға түскен олжаларды көріп, қынжыла жылап, “неге жылайсың, қайта жеңіске жеткеніңе қуанбайсың ба?” дегендерге, “әрине қуануым керек. Алайда молшылық келген жерге дұшпандық пен реніш қоса келеді”⁵⁸ деп, дүниенің алдамшы байлығына еш қызықпағандығын көрсеткен еді.

Ұлы мен қызы оған бір күні:

– Егер дәмді, қуаты мол тағамдармен қоректенсең, қызметінді жақсы атқару үшін күш жинайсың, – дегенде халифа Омар (р.а.) оларға:

– Әрине, сендер менің жағдайымды ойлайсыңдар. Бірақ, мен екі досымның (Аллаһ расулы мен хазірет Әбу Бәкір) осы жолды таңдағандарына куә болдым. Егер олардың жолынан айырылсам, олардың жандарына жете алмай, ақыретте бірге бола алмай қаламын, – деп жауап берді. Тағы да бір реті келгенде былай деген еді:

– Аллаһқа ант етейін! Біз бұл өмірдің ләззаттарына елікпейміз. Егер бір қозы сойылып, одан дәмді

⁵⁷ Тирмизи, Манақыб, 18.

⁵⁸ Кандыхләуи, 2:848.

тағамдардың пісірілуін, жүзімнен сусындар дайындалып дастарқаныма әкелінуін бұйырсам, әрине, бұл болар еді. Бірақ біз мұндай ләззаттардың қарымын о дүниеге қалдырғымыз келеді. Өйткені Аллаһ “сіз барлық тамаша нығметтеріңізді осы дүниеде тауысып бітірдіңіз, ләззатын таттыңыз”⁵⁹, – дейді. Мен Аллаһтың берген нығметтерін бұл дүниеде тауысқым келмейді.

Сирия, Мысыр, Ирак, Армения, Әзірбайжан, Парсы шығанағы, Қорасан секілді елдерді қол астына қаратқан күндердің өзінде де, хазірет Омар (р.а.) дүниенің өткінші қызықтарына көз салмады, рақатқа бөленіп құс жастыққа бас қойып мамық төсекте жатпады. Байлық пен дүниеге құныкпай, қара басының қамын күйттемей, халықтың игілігін ойлап, өзінің қажеттілігінен олардікін жоғары қойған еді.

Омар (р.а.) – тақуалығы және құлшылығымен де шыңның ұшар басындағы біртуар тұлға. Болмысынан ашуға тез Омар қасында біреу Құран оқыса, ашуы тез тарқайтын. Хазірет Пайғамбарымыздың: “Ақыретте жауапқа тартылмастан бұрын, өздеріңізді бұл дүниеде жауапқа тартыңыздар” деген өсиетін үнемі жадында ұстап, құдайдың құтты күні жастыққа бас қоярда: “Ей, Омар, бүгін Аллаһ үшін не істедің?” деп сұрайтын.

Жауапкершілігі мол, әділ халифа өлімді әрдайым еске салып тұруы үшін өзіне бір қызметші тағайындайды. Алайда самайына ақ түскенін көргенде “енді қажет бола қоймассың” деп оны қызметінен босатқан еді.

Ғаламның рақым нұры Мұхаммед Мұстафаның (с.а.с.) қарапайым, жұпыны өмірі оны пәруана күйге түсіретін.

⁵⁹ Ахкаф, 20.

Бір күні Омар Фаруқ (р.а.) Пайғамбарымыздың үйіне барады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қамыстан жасалған шидің үстінде жатыр екен. Шидің үстіне еш нәрсе төселмепті. Бас жағында құрма жапырақтарынан жасалып, терімен қапталған бір жастық, аяғының астында иленген кішкене тері ғана бар еді. Мүбәрак денесіне түскен қатты шидің іздерін көрген Омардың (р.а.) көздеріне еріксіз жас келді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) одан:

– Ей, Омар, неге жылайсың? – деді. Ол:

– О, Аллаһтың елшісі! Иран мен Византия императорларының сән-салтанатты бай өмірлері есіме түсті. Сен Аллаһтың елшісі болғаныңа қарамастан, осындай жұпыны тірлік кешесің. Соған толқимын, дегенде, Пайғамбарымыз:

– Бұл дүние – олардікі, арғы дүние – біздікі болғанын қаламаймысың? – деп Омарды жұбатады⁶⁰. Міне, Аллаһ расулының (с.а.с.) өмір мектебін көрген Омар (р.а.) да ғұмырының соңына дейін дүниенің өткінші нығметтеріне бас имеді.

Қараңғылық дәуірінде хазірет Омардың (р.а.) көзінің жасаурағанын ешкім көрмеген. Алайда мұсылман болғаннан кейін жүрегі жұмсақ, сезімтал және қос жанары боталап тұратын адамға айналды.

Адам рухының азығы, діннің түп тірегі болып табылатын намаз – хазірет Омар (р.а.) үшін Аллаһпен байланыстыратын берік көпір. Түн жарымына дейін намаз оқып, жан-тәнімен дұға ететін ол отбасындағыларды да түнгі намазға **“отбасыңа намаз оқуды бұйыр, өзің де сабырлылықпен намаз оқуыңды жалғастыр. Сенен ырзық сұрамаймыз, (керісінше) Біз сені**

⁶⁰ М.Шакир, 189-190.

ырзықтандырамыз. Жақсы нәтиже тақуалық арқылы келеді⁶¹”, – деген аятты оқып оятатын.

Рухани әлемнің қайталанбас тұлғасы Омар Фаруктың жамағатпен намаз оқып тұрғанда жылаған даусы соңғы қатардағыларға дейін естілетін. Көбінесе солығын баса алмай аяттарды соңына дейін оқуға дәрмені қалмайтын. Тіпті кейде оқыған Құран аяттарының мәніне терең бойлаған сәтте талықсып құлап түсетін.

Ол намазға тұрған кезінде бұл дүниемен байланысын толық үзіп, өзін ұмытып кететін. Тіпті Әбу Лүлү деген кісі оны намаз оқып тұрған кезінде келіп пышақтағанда, өзінің айтуынша “үшінші рет пышақ ұрғанға дейін оны ит екен” деп ойлап қалған. Бұл – оның намазға қаншалықты мән бергендігінің белгісі. Пышақталғаннан кейін есінен танып жатқан хазірет Омардың есін жинату үшін қандай шара қолданса да болмапты. Сонда оны жақсы танитындар “оның есін намаз ғана жиғыза алады” деп, жанындағылар: “о, мұсылмандардың әміршісі, намаздың уақыты кірді” дегенде, халифа Омар (р.а.) “Намаз оқымағанның Исламнан нәсібі жоқ” деп өз-өзіне келген екен⁶².

Хазірет Омар (р.а.) пышақталғаннан кейін үш күн өмір сүрді. Өзіне қастандық жасаған адамды іздеп табуды бұйырды. Өзін пышақтаған адам қой терісін жамылған жалған мұсылман, түбі ирандық, Куфа әкімі Муғира ибн Шәғбаның қызметшісі екені анықталды. Мұны естіген Омар (р.а.):

– Аллаһқа шүкір. Ақыретте Аллаһтың құзырында маңдайы сәждеге тиген біреумен есептеспеймін, – деп

⁶¹ Taha, 132.

⁶² Табақат, 3:350; Қандыхләуи, 4:1439.

мұсылманның қолынан қаза таппағандығына қуанды. Оның қорыққаны – басшылық еткен кезде абайсызда халқына әділетсіз бір үкім беріп, сол үшін құрбан кеттім бе деген ойы еді. Сондықтан да Абдуллаһ ибн Аббасты жанына шақырып:

– Мен жайлы халқымның пікірінің қандай екенін біліп келуіңді сұраймын, – деді.

Абдуллаһ халықтың арасында болып қайтқан соң:

– О, мүминдердің әміршісі! Мұсылмандардан қай топқа кездесем, сен үшін ет жақынынан айрылғандай көз жасын төккенін көрдім, – деп көңіліндегі күдікті кетірген еді.

Өмірінің соңғы деміне дейін күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылып, тыным көрмей халқының жағдайын ойлаған әділ басшы араларынан үзіліп кетіп бара жатқанда елі қалайша жыламасын. Бұған қарамастан ол: “...халқымның қамын ойлап өзімді қатты шаршаттым. Үй ішіме қарай алмадым. Сонда да марапатталу былай тұрсын, егер жазаға тартылудан ақыретте құтылар болсам соған да разымын”, – деген⁶³.

Хазірет Омар (р.а.) қайтыс болар кезде халифа тағайындап кеткен жоқ. Бұл жауапты істі ол Пайғамбарымыздың Жәннатпен сүйіншіленген сахабалары Әли ибн Әбу Талиб, Осман ибн Аффан, Абдуррахман ибн Ауф, Сағд ибн Әбу Уаққас, Зүбәйр ибн Әууам және Талһа ибн Ұбайдұлһақа (р.а.) жүктеп, үш күннің ішінде араларынан біреуді халифа етіп тағайындауларын тапсырды.

Ажал жастығына бас қояр алдында Омар Фарук (р.а.) ұлы Абдуллаһты қасына шақырып алып, қарыздарын төлеуді өсиет еткеннен кейін мүминдердің

⁶³ Қандыхләуи, 2:699; М. Шакир, 271.

анасы Айша анамызға өзінің Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Әбу Бәкірдің (р.а.) жанына жерленуі үшін рұқсат сұрауға жіберерде:

– Мүминдердің анасына барып, Омар сәлем айтып жатыр де. Бірақ, мені мүминдердің әміршісі деп айтпа. Мен бұдан бұлай мүминдердің әміршісі емеспін. Оған: “Хаттабұлы Омар достарының қасына жерлену үшін рұқсат сұрайды де”, – деп тапсырады.

Абдуллаһ әкесінің бұл сәлемін жеткізген кезде, Айша (р.а.) анамыз есіл ер Омар (р.а.) үшін көз жасын төгуде еді. Сәлем бергеннен кейін әкесінің өтінішін жеткізгенде, Айша анамыз:

– Негізінде бұл жерді мен өзім үшін сақтаған едім. Бірақ өзімнен гөрі Омардың (р.а.) қалауын артық көрем, – дейді⁶⁴.

Осылайша бүкіл ғұмырын халқының игілігіне арнаған халифа өзінің ең жақсы көрген және соларға ұқсауға тырысып баққан екі жан досының жанына жерленді.

Хазірет Омар бірнеше рет үйленіп, балалы-шағалы болған. Балаларының төртеуі танымал. Олар: Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жұбайы, мүминдердің анасы – хазірет Хафса (р.а.), кемеңгер әрі хадис ғалымы – Абдуллаһ ибн Омар, қаһармандығымен Ислам жолында қызмет еткен Ұбайдұллаһ, парасатымен және тақуалығымен мәшһүр – Асым.

Әбу Бәкірден (р.а.) кейін халифа болып сайланған Омар Фаруқ мұсылмандарды он жыл басқарды. Оның кезінде Ислам мемлекетінің жер өлшемі 2251030 шаршы шақырымға жетті. Ислам мемлекетінің осылайша кеңеюіне жалпы сол кездегі мұсылмандардың дінді жаюдағы шын ықылас- құл-

⁶⁴ М.Шакир, 268-269; А.Куружан, 152-153.

шыныстары, шейіт болу, Аллаһтың разылығына бөлену құштарлықтары себеп болған еді. Хазірет Омардың (р.а.) халифа ретінде ел басқару саясатында үлкен рөл атқарғандығы ақиқат. Ел басқару ісінде ол мынандай жаңалықтар енгізді:

1. Мемлекетті басқару үшін ақылдастар алқасын құрды. Бұған ел ішіндегі абыройлы кісілерді шақырған. Хазірет Осман, Әли, Абдуррахман ибн Ауф, Муаз ибн Жәбәл, Зәйд ибн Сәбит, Ұбай ибн Қағб (р.а.) сияқты атақты сахабалар осы кеңестің тұрақты мүшелері еді.

2. Мемлекетті әкімшіліктерге бөлді.

3. Мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлер үшін жаңа жобалар жасады. Қызметкерлердің жалақысын өсірді. Әкімдерге халыққа ұнамайтын әрекеттерге бармаулары жайлы ант қабылдатты. Қызметкерлерден қызметке алынған кездерінен бастап дүние-мүліктері жайлы мәлімет алынып, сол жылдардың ішінде мал-мүлкі тез арада көбейетін болса, жауапқа тартылатындықтарын, әкімдердің жыл сайын қажылыққа келген кездерінде халықпен кездесулерін, егер бір қызметкердің үстінен арыз жазылса, істің анық-қанығына көз жеткізу үшін үш адамнан тұратын комиссия құрылып тексеру жүргізілетінін мәлімдеді.

1. Экономика саласындағы жаңалықтары: соғысып алынған жерлерді мемлекеттікі деп жариялап, оны жергілікті халықтың қолына беріп салықты азайтты. Бұл адамдардың салықты төлеуін арттырып, басқа жерлердің де алынуын тездетті.

2. Әділет жүйесін орнатуы;

3. Исламдық жазалау құқығын ретке келтірді. Алғашқы түрмелерді құрды;

4. Тұрақты және тәртіпті әскер құру ісін қолға алуы;

5. Мұсылман емес шет елдіктердің мұсылман мемлекеті аймағында сауда жасауларына рұқсат берді;

6. Ешкімі жоқ және қартайған қараусыз яһудилер мен христиандарға айлық тағайындады;

7. Жыл санауына хижраны негіз етіп алып, мұсылманша жыл санауды бастатты⁶⁵.

Мемлекеттің басты қызметінің бірі – білімді жаю екенін жақсы білген Омар алынған жерлерде мектептер ашып, сол жерлерге Құран және Ислам дінінің негізгі заңдылықтары мен өмір салтын үйрету үшін мұғалімдер жіберді. Қызметін мінсіз атқаруы үшін мұғалімдерге жоғарғы мөлшерде жалақы тағайындады⁶⁶.

Әрине, хазірет Омардың (р.а.) енгізген жаңалықтары мұнымен ғана шектеліп қалмаған. Ол басқару ісін жақсы меңгерген, парасатты, көреген көшбасшы еді. Жетекшінің бойынан табылатын бүкіл қасиеттерге ие болатын. Соншалықты кең аймаққа ие болған мемлекетті басқарып тұрғанына қарамастан, өте қарапайым ғұмыр кешті. Мұншама байлық пен билік оны масайратпады. Туған-туысының қамын емес, халқының қажеттілігін қамтамасыз етуге малын да, жанын да аямады.

* * *

⁶⁵ Сахабилер ансиклопедиси, 1:66; А. Куружан, 127-141.

⁶⁶ А. Нәдуи, Буюк Ислам тарихи асру саадат Пейгамберимиз ве асхабы, А. Генжели, Истанбул, 1985, 1:317.

3. Осман Зун-нурәйн

*Әркімнің Жәннатта бір досы бар. Менің
Жәннаттағы досым – Осман”.*

(Хадис)

Осман ибн Аффан (р.а.) хижреттен 47 жыл бұрын Таифте дүниеге келді. Ол Пайғамбарымыздан (с.а.с.) алты жас кіші.

Әкесі Аффан саудамен айналысатын бай кісі болатын. Ол сауда мақсатымен Сирияға жасаған сапарының бірінде қайтыс болды. Әкесінен Османға (р.а.) мирас ретінде көп байлық қалды. Осман да саудамен айналысты. Ол көп табыс табатын және қолындағы мүмкіндіктерді пайдаланып, халқына үнемі жақсылық жасайтын. Сондықтан халық Османды жақсы көріп сыйлайтын. Оның жәһилия дәуіріндегі өмірі жайлы жеткен мәліметтер осы ғана.

Оның жәһилия кезіндегі өмірі де басқа сахабалардікіндей еді. Сахабалардың мұсылман болғанға дейінгі өмірлері жайлы мәліметтер толық болмағанмен мұсылмандықты қабылдағаннан кейінгі үлгі-өнегеге толы өмірлері жайлы мәліметтер сақталып, заманымызға дейін келіп жетті. Оларды өмірге қайта тудырған Ислам еді. Міне, осының нәтижесінде сахабалардың жарқын өмірлері тарихта алтын әріптермен нақышталды.

Пайғамбарымыздың Жәннатпен сүйіншіленген үшінші халифасы – Осман (р.а.) әдептілік пен ар-ұяттың жарқын үлгісін паш етті. Оның табиғаты өте жұмсақ, көркем мінезді еді

Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) мұсылман болғаннан кейін Хақ діні Исламды өзінің жақын достарына уағыздай бастады. Солардың бірі – осы Осман. Әбу Бәкір оған Ислам жайлы айтқанда, зейін қойып тыңдап, айтқандарына қызығушылық көрсетті. Содан кейін екеуі бірге Расулаллаһқа (с.а.с.) барды.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Османға:

– Аллаһтың рақымдылығы болған Жәннатқа ұмтыл. Мен саған және бүкіл адамдарды тура жолға бастаушы ретінде жіберілдім. Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ, – деп Құран оқыды.

Хазірет Османның жан дүниесін илахи сөздердің сырлы тартымдылығы баурап алды. Бірден жүрегін де, тілін де кәлимаға келтіріп, мұсылман болды. Бұл сезімді кейін ол былайша жеткізген еді:

– Расулаллаһтың аузынан естіген алғашқы сөздер соншалықты әсерлі еді, кәлима шаһадат аузымнан еріксіз төгіле берді...

Ол 34 жасында мұсылман болды. Жас, ықпалды саудагер болатын. Өзінің бойына жарасымды салмақты мінезі бар Османның мұсылман болғанын естіген немере ағасы Хакам ибн Әбул – Ас ашудан жынданып кете жаздады. Оны бір діңгекке байлап: “Бұл дінді тастап, аталарыңның дініне қайта оралмайынша саған нәр татырмаймын”, – деді. Осман “Аллаһқа ант етемін, бұл діннен бет бұрып аталарымның дініне қайтпаймын” деп ажалдан да қаймықпайтынын айтты. Бұған көздері жеткен туыстары ара түсіп, оны құтқарып қалды⁶⁷.

Ислам келмей тұрып Әбу Ләхәбтің ұлы Ұтба Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қызы Рұқияға үйленген еді.

⁶⁷ Табақат, 3:5; Халәби, Инсануль ‘уюн ас-сиратул-халабия, Бейрут, 1980, 1:446.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жаңа бір дінді уағыздағанын естігеннен кейін Ұтба Пайғамбарымызға (с.а.с.): “сенің қызыңды да, уағыздаған дініңді де қаламаймын”, – деп хазірет Рұқиямен ажырасып кетті. Осман (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.а.с.) Рұқияны өзіне некелеп қосуын өтініп, оған үйленеді.

Мүшріктердің көрсеткен қорлықтары мен зұлымдықтарынан құтылу үшін Эфиопияға hijрет еткен алғашқы 15 кісілік топтың ішінде хазірет Осман мен жұбайы Рұқия да бар еді. Аллаһ елшісі Османның бәрінен бұрын жолға шыққанын естігенде:

– Олардың достары – Аллаһ. Осман – Лұттан (а.с.) кейін отбасымен hijрет еткен алғашқы адам, – деді⁶⁸.

Осман (р.а.) өте нәзіктігімен қатар мінезі де тым жұмсақ еді. Меккеде мүшріктердің көрсеткен қиындықтары оның нәзік табиғатына ауыр тигендіктен әрі Эфиопияға hijрет еткендерге мұсылмандардың ішінде оларға ең жақсы қамқоршы бола алатын Осман екенін білген Аллаһ расулы оны сол жаққа жіберді.

Эфиопияда белгілі бір уақыт қалғаннан соң, “Меккелік мүшріктер мұсылман болыпты” деп жайылған жаңсақ хабарды естіген Осман (р.а.) Меккеге қайта оралды. Бұл хабардың негізсіз екендігіне көзі жеткен ол қайтадан Мәдинаға hijрет етті.

Оның ең негізгі ерекшелігі – биязылығы мен ұяңдығы. Айша (р.а.) анамыз риуаят еткен бір хадисінде былай дейді:

“Бір күні Расулаллаһ үстіне жамылғысын жамылып демалып жатқан кезде Әбу Бәкір келіп, үйге кіруге рұқсат сұрады. Расулаллаһ өзінің күйін өзгертпестен оған кіруге рұқсат берді. Ол сұрайтын нәрселерін сұрап

⁶⁸ Инсануль ‘уюн, 1:446.

болғаннан кейін шығып кетті. Содан кейін Омар келді, Пайғамбарымыз және жағдайын еш өзгертпестен, оған рұқсат берді. Содан кейін Осман келіп рұқсат сұрағанда, Пайғамбарымыз тұрып, үсті-басын түзетті. Мұны байқаған Айша анамыз:

– Уа, Аллаһтың елшісі! Әбу Бәкір мен Омар келген кезде көп қозғалмадыңыз, Осман келгенде неге әбігерлендіңіз? – дегенде, Ардақты елші (с.а.с.):

– Өйткені Осман – өте ұялшақ. Періштелердің ұялып, қысылған адамынан мен қалайша қысылмайын?” – деген⁶⁹.

Әбу Муса әл-Әшари былай дейді:

“Расулаллаһпен бірге бір үйге келгенде Ол (с.а.с.) маған:

– Есіктің аузында тұр және рұқсатсыз ешкімді үйге кіргізбе, – деді. Біраздан соң Әбу Бәкір келді.

– Ей, Аллаһ елшісі, Әбу Бәкір келіп тұр, – дедім.

– Үйге кіргіз және Жәннатпен сүйіншіле, – деді.

Одан кейін Омар келді. Оған да солай деуімді бұйырды. Одан кейін Осман келді. Оған былай де:

– Оны ішке кіргіз, басына келетін қиындықтарға байланысты оны да Жәннатпен сүйіншіле, – деп Османның Зун-нурәйннің Жәннатпен сүйіншіленгендерден екенін, әрі келешекте оның басына үлкен қиыншылықтардың келетінін алдын ала айтып кетті”⁷⁰.

Хазірет Осман (р.а.) жұбайы Рұқияның науқас-
*тануына байланысты Бәдір соғысына қатыса алмады. Пайғамбарымыздан (с.а.с.) соғысқа қатыспауға рұқсат алғанына қарамастан, Бәдірдегі шайқасқа қатыса алмаудың қайғысы жанын жегідей жегенді. Рұқия

⁶⁹ Муслим, Фадаилу-с- сахаба: 26-27.

⁷⁰ Тирмизи, Манакыб: 19.

(р.а.) науқасынан айыға алмай қайтыс болды. Бәдірде мұсылмандардың жеңіске жетуі Османның қайғысын қуанышпен алмастырды.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Бәдірден оралған соң Османға (р.а.):

– Сен Бәдірге қатыспасаң да бір шейіттің сауабын алдың, – деп тағы бір сүйінші хабар жеткізді.

Содан кейін Пайғамбарымыз (с.а.с.) екінші қызы-Үммүгүлсүмді Османмен некелестіреді. Осыдан кейін хазірет Османға “зун-нурайн” (қос нұрдың иесі) деген есім берілді.

Үммүгүлсім (р.а.) дүние салғаннан кейін де Пайғамбарымыз (с.а.с.) “Қырық қызым болса, оларды түгел Османға күйеуге берер едім” деп күйеу баласын жұбатқан еді⁷¹.

Хижраның төртінші жылында болған «Затур-Рика» соғысында Пайғамбарымыз (с.а.с.) Османды Мәдинада өзінің орнына уәкіл етіп қалдырады. Бұдан кейінгі соғыстардың бәріне қатысқан хазірет Османды «Хұдайбия» келісімі кезінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) құрайыштарға Елші етіп жіберді. Хазірет Осман Меккеге келіп, ниетінің тек қана Умра қажылығын жасау екендігін айтып түсіндірсе де, мүшріктер оған қасарысып былай деді:

– Сені жіберген адамға барып айт. Ол ешқашан Меккеге кіріп, Қағбаны тауап ете алмайды. Алайда сен өзің тауап еткің келсе, біз қарсы емеспіз, – деді. Осман оларға былай деп жауап қайтарды:

Расулаллаһ тауап етпейінше, мен де Қағбаны тауап етпеймін.

⁷¹ Усдул-ғаба, 3:378.

Құрайыштар бұл сөзді естіп ашуланып, оны бір шама уақыт қамауда ұстайды.

Осман Зун-нурәйннің қамауға алынғандығы туралы хабар мұсылмандарға “шәйіт болды” деп жаңсақ жетті. Бұл мұсылмандардың ашу-ызасын тудырды. Иләһи уахи Пайғамбарымызға (с.а.с.) серт беруді әмір етті. Бүкіл мұсылмандар Расулаллаһқа бағынып, Аллаһ пен Расулының жолында қасық қандары қалғанша шайқасуға серт берді. Расулаллаһ бір қолымен өзі үшін, екінші қолымен Осман үшін серт қабылдады. Бұл серт Ислам тарихында “Ридуан серті” деп аталынды.

Мұны естіген мүшріктер қорқып, хазірет Османды босатып жібереді. Біраз уақыттан соң Османның аман-есен оралуы мұсылмандарды зор қуанышқа бөледі. Оған “Қағбаны тауап еткен шығарсың, сірә” дегенде, Осман оларға:

– Аллаһқа ант етемін. Егер Расулаллаһ Хұдайбияда болып, мен Меккеде бір жыл қалсам да, ол Қағбаны тауап етпейінше, Қағбаны жалғыз өзім тауап етпес едім, – деп жауап берді⁷².

Осман (р.а.) кейінгі соғыстардың бәріне Хайбар, Меккенің алынуы және Хауазин ұрысына бастан-аяқ қатысты. Хунәйн соғысында кеудсін тосып, Пайғамбарымызды (с.а.с.) дұшпаннан қызғыштай қорғаштағандардың арасында Осман да бар еді.

Тәбук соғысы – Ислам тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Хазірет Осман осы соғысқа жәрдем ретінде Сирияға жіберу үшін дайындаған үш жүз түйені жүгімен қоса берді, әрі мың динар ақша және елу ат бағыштаған еді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оның бұл жомарттығына байланысты, “бұдан кейін істейтін

⁷² Сира, 3:330 .

қателері Османға зиян келтірмейді” деп сүйіншілеген болатын⁷³.

Жомарт сахаба Осман байлығының шүкірін өтеу үшін мұқтаж адамдарға үнемі сый тарататын. Мәдинадағы аштық кезінде Осман (р.а.) Сириядан жүз түйенің жүгіндей мөлшерде астық алып келеді. Бұл бидайды сатып алу үшін сахабалар оның қасына жүгірісіп келеді. Бірақ Осман Зуннурәйн оларға: “сіздерден жақсы, сізден мол ақы беретін алушым бар”, – деді. Сағы сынып, ұнжырғасы түскен сахабалар бұны Әбу Бәкірге жеткізіп, Османның бұл әрекетіне реніштерін білдірді. Әбу Бәкір (р.а.) хазірет Османды бәрінен жақсы танығандықтан, оларға:

– Ол Расулаллаһтың күйеу баласы болу арқылы құрметке ие болды. Жәннатта да – пайғамбарымыздың жолдасы. Сіздер оны қате түсінген боларсыздар. Жүріңіздер, бірге барып жағдайдың анық-қанығын өзінен сұрайық, – деді.

Халифа Әбу Бәкір хазірет Османға барып:

– Ей, Осман, сахабалар сенің сөздеріңе ренжіпті. Олардың меселін неге қайтардың? – дегенде, Осман (р.а.):

– Ей, Расулаллаһтың халифасы! Олардан жақсы алушым бірге жеті жүз береді. Мен де бидайды бірге жеті жүз берушіге саттым, – деді.

Осман Зуннурәйн бұл сөздерімен керуендегі мал-мүлкін Аллаһ жолында садақа қылып бергендігін айтқан еді. Аз уақыттан соң жүз түйеге артылған астықты Мәдинадағы пақыр сахабаларға тегін таратып жіберді. Хазірет Әбу Бәкір бұған қатты қуанып, Османның маңдайынан сүйді.

⁷³ Тирмизи, Манақыб:19; Хаяту-с-сахаба, 2:97.

Бірде хазірет Осман әлемдерге рақым етіп жіберілген Ардақты елшінің (с.а.с.) үйінде қоректенетін азықтың қалмағанын естіп, сол арада бір семіз қой, біраз ұн және май алып, Айша (р.а.) анамыздың үйіне алып барады. Ол:

– Ей, мүминдердің анасы! Расулаллаһ мұны басқа әйелдеріне де тегіс бөліп беретініне еш күмәнім жоқ. Бірақ, мұны жасамасын. Өйткені мен оларға да тура осындай мөлшерде азық жіберемін, – деді.

Аллаһ расулы (с.а.с.) хазірет Османның мәрттігін естіген кезде:

– Ей, Раббым! Османның өткен және келешектегі, жария және құпия күнәларын кешіре гөр! – деп дұға етті.

Хазірет Әли Фатима анамызға үйленер кезінде той шығындарын өтеу үшін қалқанын базарға сатуға алып шығады. Базарда Османға кездесіп, үйленетінін айтып, сүйінші сұрады. Той шығындарын көтеру үшін қалқанын сататынын айтады. Осман (р.а.) 480 дирхам төлеп, қалқанды сатып алды. Содан кейін Әлиге бұрылып:

– Ей, Әли! Аллаһ жолында қызмет етуің үшін бұл қалқанды саған тойыңа тарту етемін. Бұл қалқан сен сияқты Ислам қаһарманына ғана лайық, – деді.

Атап өткендей, хазірет Османның ең үлкен ерекшелігі – жомарттығы. Ол мал-мүлкін Аллаһ жолында жұмсаудан еш тартынбайтын. Бірде мұсылмандар ауыз су таппай қиналды. Рума құдығынан басқа ішер су таба алмады. Бұл құдық бір яһудидікі болатын. Суды мұсылмандарға өте қымбат бағамен сататын. Бұл жағдай Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанына қатты батты. Сахабалармен бірге отырған бір сәтте, Рума

құдығын кім сатып алса, Жәннатта да оның осыған ұқсас құдығы болатынын Пайғамбарымыз (с.а.с.) айтты. Мұны естіген Осман бірден, сол яһудиді тауып алып, құдықты сатып алғысы келетінін айтады. Яһуди құдықты толық сатуға көнбей, өте қымбат бағаға оның жартысын ғана сатты. Осман қуаныштан төбесі көкке жетіп, Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп, құдықтың жартысын сатып алып мұсылмандарға бағыштағандығын айтты. Аллаһ расулы (с.а.с.) Османның бұл әрекетін мақтап, оған ыстық ілтипат білдірді. Хазірет Осман ақыры бұл құдықтың қалған жартысын сатып алып, садақа етті⁷⁴.

Ол істеген жақсылықтарын еш міндетсінбей, менменсінбей ынта-шынтасымен жасайтын еді. Хал-ахуалы нашар кісілердің бірі Осман Зуннурәйнге келіп:

– Бүкіл жақсылықты мал-мүлкі бар сіздер жасайсыздар. Садақа бересіздер, құлдарға еркіндік алып бересіздер, қажылыққа барасыздар және көп бағыш жасайсыздар, – деді.

– Сіздер мұны қызғанасыздар, солай ма?

– Иә, – деген жауапты естігенде, Осман былай деді:

– Аллаһқа ант етейін, ешбір байлығы болмай еңбек ету арқылы табыс тауып, садақа жасаған адамның бір дирхамы, бай болып садақа жасаған адамның он мың дирхамынан артық. Өйткені бай көп малының бір бөлігін ғана береді⁷⁵.

Жүрген ортасына жылылық пен мейірім ұялатқан Осман Зуннурәйн мәрт көңілді, жібектей есіліп тұратын

⁷⁴ Тирмизи, Манақыб:19.

⁷⁵ А. Куружан, 171-172.

биязы болуымен қатар тақуалығымен де ерекшеленді. Ол халифа болып тұрған кезінде Ислам мемлекетінің ұлғайып, халықтың әл-ауқатының көтеріліп тұрған шағының өзінде бұл қасиеттерінен еш танған емес.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.): “Әркімнің Жәннатта бір досы бар. Менің Жәннаттағы досым – Осман”, – деп хадисінде атап кеткен үшінші халифа сахабалардың арасында да үлкен құрметке ие болатын. Мемлекеттің күшті, бай болғанына қарамастан, ол кей кездері мешітте ұйықтайтын. Денесіне тас іздері түсетін. Бұған куә болған адамдар оның қарапайымдылығына таңғалып, “міне, нағыз мүминдердің әмірі” дейтін. Күндіз ораза ұстап, түндерін де Аллаһқа құлшылық етумен өткізетін. Түнде Құран оқудан айырықша ләззат алатын.

Оның өмірінен қазіргі адамдар үшін қоғамдағы теңдік пен әділдік мәселесінде үлгі боларлық мына оқиғаны да айта кетейік: Бір күні хазірет Осман өзінің қызметшісін қасына шақырып алып, “бір кездері мен сенің құлағыңнан тартқан едім. Кел, менен сол ақыңды ал” деп, құлға қоярда-қоймай құлағынан ұстатып, “қатты тарт, балам. Қысас⁷⁶ – бұл дүниеде. Ақыретте қысас жоқ”, – дейді.

Әбу Бәкір Сыддық халифа болып тұрған кезінде Османның (р.а.) кеңесіне жиі құлақ асатын. Әбу Бәкір өлім төсегінде жатып, өзінен кейінгі халифаның қасиеттерін баяндаған кезінде Осман (р.а.) бұларды жазып отырды. Халифа Әбу Бәкір өзінің атағысы келген адамының атын айта алмай бір мезет талып қалды. Осман (р.а.) оны қайтыс болған екен деп, хазірет Омардың атын жазып жібереді.

⁷⁶ Қысас – қылмыс істеген адамның тура сондай жазамен жазаландырылуы.

Біраздан кейін Әбу Бәкір есін жиып, кімнің атын жазғанын сұрады. Осман:

– Сені жан тәслім етті деп ойлап қалдым. Алауыздықтың тууынан қорыққандықтан Омар ибн Хаттабтың атын жаздым, ей, мүминдердің әміршісі! – деді.

Әбу Бәкір (р.а.) оның бұл сезімталдығына қатты қуанып, разылығын білдіріп:

– Исламға және мұсылмандарға жасаған бұл игілігіңе Аллаһ ақыретте көп жақсылық берсін. Егер өзіңнің атыңды жазсаң да, қателеспеген болар едің, – деді⁷⁷.

Хазірет Осман Омардың (р.а.) халифалығы заманында да оған шамасының жеткенінше қол ұшын берді. Омар Фаруқ мәңгілікке көз жұмар алдында тағайындап кеткен мына кісілерден: Абдуррахман ибн Ауф, Сағд ибн Әбу Уәққас, Талха, Зүбәйр, Осман және Әлилерден құралған шура мәжілісі (кеңесшілер мәжілісі) қос нұрдың иесі Османды халифа етіп шешті.

Ол халифалыққа былай тағайындалды: Омарды (р.а.) жерлеп біткеннен кейін жоғарыда аталған шура мүшелері екі күн бойы кеңесіп, бұл орынға кімді тағайындау керектігіне шешім бере алмады. Үшінші күні Абдуррахман ибн Ауф алты үміткердің үшеуінің үміткерлігін алуын, қалған үшеуінің біреуін таңдау туралы ұсынысын айтты. Осы ұсыныс бойынша Зүбәйр ибн Әууам Әлиді, Сағд ибн Әбу Уәққас Абдуррахман ибн Ауфты, Талха ибн Ұбайдұллах Османды ұсынды. Абдуррахман ибн Ауф өзінің үміткер болмайтынын айтты. Ендігі шешім Әли мен Осман арасында қалды.

⁷⁷ Хаяту-с-сахаба, 2:14.

Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) олардың екеуімен де әңгімелесті. Осы уақыт ішінде көшедегі адамдардың, үйде отырған әйелдердің және балалардың да көзқарастарымен санасты. Көпшілік хазірет Осман-ды қалады. Абдуррахман ибн Ауф халықты мешітке жинап, халифалыққа Осман Зун-нурәйнды лайық деп тапқанын айтып, оған ант берді. Османға (р.а.) ант бергендердің екіншісі хазірет Әли болды. Содан кейін қалған мұсылмандар мұны құптап серт берді. Осылайша Осман ибн Аффан 644-жылы халифа болып тағайындалды.

Осман ибн Аффан халифалық құрған алты жылда Исламның байрағы биікте желбіреді. Бұл кезеңде Африканың маңызды бір бөлігі және Кипр алынды. Испанияға алғашқы жорықтар басталды. Сонымен бірге хазірет Омардың өлімін пайдаланып бас көтерген Армения халқы да бағындырылып, Табаристан қолға өтті. Бұл жылдың ең маңызды оқиғасының бірі – Ислам әскерлерінің Византия әскерлерімен Ақтеңізде бетпе-бет келіп, оны талқандауы болды. Бұл жеңіс мұсылмандардың Ақтеңізде еркін қозғалуларына мүмкіндік берді. Мұсылмандар Малта мен Крит аралдарына шықты. Бұл кезде мұсылман топтарының бір бөлігі Анадолы жағалауына шықса, бір тобы Станбулдың қорғанына дейін жетті. Мұсылмандар Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүйіншісіне лайық болуға тырысып бақты. Өйткені, Пайғамбарымыз Константинопольдің (Станбул) міндетті түрде алынатынын айтып хабар берген еді.

Осман Зуннурәйннің тарихи қызметінің ең негізгісі әрі маңыздысы – Құранның нұсқаларын көбейттіруі. Ол кезде Армения мен Азербайжанның

алынуына қатысқан сахабалардың арасында Құранды оқу мәселесінде кейбір айырмашылықтар пайда болды. Өйткені Құранның оқылуын Ирак әскеріндегілер Ибн Мәсғұттан, Сириялық әскерлер Үбәй ибн Қағбтан үйренген болатын. Бұл айырмашылықтардан туатын қауіпті көрген Хұзафатуль – Йемени хазірет Османға келіп, бұл үмбеттің арасында яһудилер мен христиандардың кітаптарына байланысты бастарында болған жағдай, яғни, келіспеушіліктің мұсылмандар арасында да пайда болуының алдын алып, ол қатерден сақтау керектігін айтты.

Бұл ұсыныстан кейін хазірет Осман сахабалардың арасындағы беделді тұлғалардан құралған ақылдастар кеңесін құрды. Бұл топ халифа Әбу Бәкірдің кезінде жиналып, Омар Фаруқтың қызы хазірет Хафсада болған Құранды негізге ала отырып жеті нұсқа жасатып, мұсылмандардың көп шоғырланған Куфа, Басра, Сирия, Мекке, Йемен және Бахрейн сияқты жерлерге жіберді. Мәдинада қалдырылған нұсқаны “имам нұсқасы” деп атады.

Үшінші халифа басшылығының он жылы теңіздегі және құрлықтағы жеңістерге толы өтті. Мұсылман мемлекетінің аумағы кеңейді. Халифа Османның кезінде мемлекет қаржысы молайып, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Материалдық жағынан салыстырғанда, хазірет Османның дәуірі алдыңғы халифалардан жоғары саналады.

Алайда Зуннурәйн Османның халифалығының соңғы жылдарында бүлікшілік пен тәртіпсіздік кең етек алып кетті. Осман ибн Аффан мен Әлидің халифалықтары тұсында шыққан бұл жайсыз

оқиғалардың себептері төңірегінде Ислам ғалымдары бірауыздан мына жағда-яттарды атап көрсетеді:

1. Ғаламның рақым нұрын (с.а.с.) көру бақытына ие болған сахабалардың азаюы; тірі қалған сахабалардың қартайып, өз-өздерімен болғандығы; Басқаруға толық лайықты кісілердің қатарының сиреуі де бұған негіз болды.

2. Жәһилия заманында бір ру мен тайпаға тән болудың мақтаныш сезімдері, Ислам құндылықтарын ұстанған әділ басшыларға бағынуы арқылы ұлы сезімдерге ауысқан еді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салғаннан кейінгі жеңістер, құрайыштық жастардың басымы көпшілігінің лауазымды орындарға келуі, олардың сол тайпаға тән болғандығының басқалардан жоғары болу сезімдерін қайта оятып, бұл мұсылмандар арасында жайсыз жағдай туғызды.

3. Ислам мемлекеті шекарасының кеңейіп, әр түрлі ұлт, дін, әдет және мәдениет өкілі болған халықтардың мұсылман болуы немесе мұсылмандардың қол астына кірулері, кейбір ұлттардың, әсіресе, Ирандықтардың ұлттық мақтаныш сезімдері біраз тегеурінге ұшырағандықтан, Исламның бір ортадан басқарылуына қарсы кедергілердің пайда болуына жол ашты.

4. Осман ибн Аффанның жұмсақтығы, адамдарды жазалаудың орнына кешірімді болуы да өз салқынын тигізбей қоймады.

5. Осман (р.а.) мұсылман болмай тұрып та жомарт әрі туыстарына жанашыр жан еді. Мұсылман болғаннан кейін оның бойындағы бұл сезімдер кемеліне келе толықсып, өз туыстарына деген жанашырлығы арта түсті. Оның оларға өз мүлкінен берген нәрселері бүлікшілер тарапынан мемлекет қазынасынан беріліп

жатқандай көрсетіліп, түсінбестіктен ел ішінде бүліктің өршуіне себеп болды.

6. Әбу Бәкір Сыддық пен Омар Фаруктың кезіндегі басшылар парасатты болғандықтан, ел іші алауыздықтан алыс болатын. Осман Зуннурәйн болса, елді басқарудың қиындығына байланысты, өзіне сенімді адамдарды ғана лауазымды орындарға таңдаған еді. Ол бұлай жасау арқылы орталықтың беделін күшейтуді ойлады. Әрине, оның қойған адамдары да басшылыққа лайық болатын. Бірақ, бұл жағдай қарсыластарының “билікке өз туыстарын тартып жатыр” дейтін жалаға толы жел сөзді қоздатуына қолайлылық тудырды.

7. Жеңіс даңқының арқасында араб қоғамының басқа ұлт және халықтармен қарым-қатынасы жаңа деңгейге көтерілді. Мұсылман арабтардың басқа ұлт өкілдеріне үйленулері, жаңа мұсылман болған немесе әлі христиан немесе яһуди отбасында дүниеге келген балалардың діни тәрбиесінің әлсіз болуы да, бүлікшіліктің шығуына қолайлы жағдай жасады⁷⁸.

Бұған яһуди текті Абдуллаһ ибн Сәбәнің де іс-әрекеттері қосылғанда сөне қоюы қиын бүлік өрті айналаны қаулады.

Хижраның отыз бесінші жылы Куфа, Басра, Мысыр сияқты аймақтардан келген бүлікшілер хазірет Османның үйін қоршауға алады. Әли және де басқа да белгілі сахабалар қоршауды бұза алмайды.

Бүлік ұлғайып, оны тоқтату өте қиынға соқты. Хазірет Әли екі ұлы – Хасан мен Хусейнді халифаны қорғау үшін күзетші қылып қалдырды. Абдуллаһ ибн Омар және басқа да сахабалар халифаны қорғаумен болды. Бұл кезде бүлікшілердің аптыққан демін баса-

⁷⁸ А. Нәдуи, 1:336-337.

тын жасақ бар болатын. Абдуллаһ ибн Зубәйр, Зәйд ибн Сәбит, Әбу Һурәйра және басқа да сахабалар Аллаһтың дініне көмектесуге дайын екендіктерін, халифа рұқсат берсе, бүлікшілерге қарсы соғысатындарын айтады. Бірақ, жұмсақтық, әдептілік пен ұялшақтықтың ізгі үлгісі Осман мұсылмандардан қан төгілуін қаламады. Ол бұл өтініштерін қабылдамай:

– Мен ешқашан мұсылман қанын ағызушы халифа ретінде еске алынуды қаламаймын. Бір адамның болса да қанының ағуынан Аллаһқа сиынамын. Бірақ мен олардың да, оларды маған қарсы айдап салушылардың да істерінің нәтижесін Аллаһқа аманаттаймын, – деп, өзіне өлім төніп тұрса да жұмсақтығынан таймады⁷⁹.

Әдептілік, ар-ұят және жақсылықтың үлгісі, үшінші халифа шейіт болмастан бір күн бұрын түсінде Пайғамбарымызды (с.а.с.), Әбу Бәкір мен Омарды көрді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған, “Біз ораза ұстадық, сені де ауыз ашарға күтеміз”, – деді. Оянғаннан кейін Осман (р.а.) сол түні ораза ұстауға ниет етті. Қуанышы қойнына сыймады. Өйткені, Аллаһқа және Расулына қауышудың мезгілі жеткен еді. Күн жұма. Құран оқи бастады. Бүлікшілердің бірнешеуі тап осы сәтте ішке кіріп, хазірет Османды шейіт қылды. Османның қаны оқып отырған Құранға тамды. Осылайша Пайғамбарымыздың (с.а.с.) келешекке байланысты айтқан бір мұғжизасының құпиясы ашылды. Өйткені Аллаһ елшісі (с.а.с.) Османның (р.а.) нақақ қаны төгіліп жазықсыз өлтірілетіндігін күні бұрын айтқан еді.

* * *

⁷⁹ Тирмизи, Манақыб:19; Муслим, Фадаилу-с-сахаба:28.

4. Әли әл-Муртада

*“Ертең байрақты Аллаһ және Расулы жақсы көрген,
ол да Аллаһ пен елшісін жақсы көретін араларыңдағы
біреуге беремін. Аллаһ оның көмегімен жеңіске
жеткізеді”.*

(Хадис)

Негізгі аты – Әли ибн Әбу Тәліп ибн Әбдүл-Мүттәліп ибн Хишам ибн Әбди Манап ибн Құсайи ибн Киләб ибн Мүррә ибн Кағб Лүей әл-Құрайыши әл-Хашими. Ол – хижрадан жиырма жыл бұрын дүниеге келген, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ағасы Әбу Тәліптің шаңырағындағы кенже ұл. Хазірет Әли төрт ұл мен тоғыз қыздың әкесі. Бұлардың арасындағы Пайғамбарымыздың “олар менің дүниеде иіскеп сүйген екі райханым” деген ұлдары Хасан мен Хүсейн, қыздары Зейнеп пен Үммүгүлсім Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қызы Фатима анамыздың құрсағынан шыққан. Фатима анамыздың көзі тірісінде ол екінші рет үйленбеген.

Мүминдердің әміршісі, Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі, *Пайғамбарымыздың (с.а.с.) күйеу баласы, Аллаһтың арыстаны, ғылым қаласының қақпасы* ретінде танылған төртінші халифаның ғұмыры дастанға толы. Оның шыншылдығы, батырлығы, Расулаллаһқа (с.а.с.) жақындығы, тақуалығы мен парасаттылығы кейінгі ұрпаққа өнеге. Бойындағы өшпес иманы мен мұқалмас жігері жағынан да сахабалардың арасында орны ерекше. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ғұмыр кешкен уақытындағы маңызды соғыстарға қатысып, сайыпқыран батырлықтың үлгісін көрсетті.

Пайғамбарымызды жанындай жақсы көрді. Аллах елшісі (с.а.с.) дүние салғаннан кейін де хазірет Әли бүкіл ғұмырын Исламды жаю және сақтау жолында жұмсап, кейінгі ұрпаққа қызыға қарап, тамсана тыңдар тарих қалдырды.

“Аллаһтың арыстаны” Әли (р.а.) көп балалы отбасында дүниеге көзін ашты. Әкесі Әбу Тәліптің олардың барлығын бірдей асырап-сақтауға жағдайы келмегендіктен, ол Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бақытқа толы, нұрлы отбасында өсті.

Адамзаттың ардақтысы (с.а.с.) жанындай жақсы көрген көкесі Әбу Тәліпке көмектесу үшін басқа ағайын бауырларымен кеңесті. Олар тілектерін көкесіне білдіріп, балаларының кейбіреулерін өздерінің қарауына беруді ұсынды. Әбу Тәліп:

– Балаларымның арасынан қалағандарыңды алыңдар, бірақ Ақилді өзіме қалдырыңдар, – деп, олардың тілектерін қабыл етті.

Әлиге (р.а.) тағдыр тамаша сыйын тарту етіп, оны Пайғамбарымыз (с.а.с.) өз қарауына алды. Ол кезде Әлидің әлі бес жасар бала кезі. Бұл – баланың нағыз тәрбиеленуге ыңғайлы, қалай бағыт берсең солай жүріп, жақсылыққа, ізгілікке тән нәрселерді бойына суды құмдай сіңіретін таза шағы. Тап осындай кезеңде Пайғамбардың нұрлы шаңырағында тәрбиеленуі оны қараңғылық дәуірінің жаман індеттерін бойына жұқтырудан аман алып қалды. Мағынасыз пұттарға табынбай, өмірін тура жолдан жаңылыспай өткізуге себепкер болды. Бұл ол үшін көктен тілегені жерден табылған үлкен бақыт еді.

Тарихшылардың берген мәліметтеріне қарағанда, баһадүр Әли тоғыз немесе он жасында мұсылман

болған. Исламды қабылдауы төмендегі оқиғаға байланысты: Бір күні Әли Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Хадиша анамыздың (р.а.) намаз оқығандарын көріп, таңырқай қарап, “бұл не өзі?” деп сұрайды. Ардақты елші (с.а.с.): “Бұл – Аллаһтың пайғамбарлар арқылы жіберген діні. Сені еш ортағы жоқ бір Аллаһқа иман келтіруге, Лат пен Ұзза пұттарына бас имеуге шақырамын”, – деп, оны Исламды қабылдауға үндеді.

– Бұл жайлы мен әлі ешнәрсе естіген емеспін, мұны жақсы білмеймін. Әкеммен ақылдаспай тұрып ешнәрсе дей алмаймын, – деп, Әли ойлануға мұрсат сұрайды. Алайда Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол кезде дінді ашық түрде жариялауды бастамағандықтан, мұны басқалардың естігенін қаламай:

– Ей, Әли, мұсылман болмасаң да мұны жасырын ұста. Ешкімге айтпа, – дейді.

Түні бойы кірпік айқастырмай шыққан оның жүрегі Исламға жылынып, ертесі күні таң атысымен Пайғамбарымызға (с.а.с.) барып:

– Кеше мені нені қабылдауға шақырған едіңіз? – дейді Әли толқып...

Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– Аллаһтан басқа тәңірдің жоқ екендігіне, құлшылыққа Аллаһтың ғана лайық екендігіне куәлік ет. Лат пен Ұзза пұттарынан бас тарт. Аллаһқа ешқандай серік қоспа! – дейді⁸⁰. Сол сәттен бастап Әли (р.а.) Исламды қабылдады. Ол Хадиша анамыздан кейін Исламды алғаш қабылдаған адам бақытын иеленді. Ес біліп етек жапқалы Пайғамбарымыздың тәрбиесінде өскен Әлидің (р.а.) пәк көкірегі өзге түгіл өзіне пайдасы жоқ пұттарға табынудан аман қалды.

⁸⁰ Кандыхләуй, 1, 66 .

Бала кезінен мұсылмандықты қабылдаған жау жүрек Әли өмірінің соңына дейін Ислам жолында табандылық пен шынайылық, Аллаһқа деген иманының беріктігі мен Расулаллаһқа деген сүйіспеншілігінің асқан үлгісін көрсетті.

Бұған көптеген оқиғаны айтуға болады. Алайда оқиғаның маңыздылығына байланысты оның hijрет етуін баяндай кетейік. Ол Пайғамбарымыз (с.а.с.) hijрет еткен түні, Аллаһ елшісін өлтіруге бел буған тас жүрек мүшріктерді жаңылту үшін басына төніп тұрған қатерге қарамастан, Расулаллаһтың төсегіне жатудан қаймықпады. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хазірет Әлиді қалдыру себебі, Меккедегі кейбір адамдардың аманаттарын қайтарып беру болатын. Бұл – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қаншалықты сенімді әрі пайғамбарлық ісінде қаншалықты шынайы болғандығының айғағы. Жаулары өзін өлтірудің қамын жасап шарқ ұрса да, ол өміріне төнген қатерге қарамастан аманатты иелеріне беруді ойлайды.

Хазірет Әли hijрет еткен кезінде 23 жаста болатын. Бұл адамның келешек өміріне жоспарлар құрып, өз ғұмырының қызықты әрі мағыналы өтуі үшін қадам жасайтын бұла шағы. Өмірдің осындай тәтті кезінде мұндай қатерлі іске бел буу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Арыстан жүрек Әли мұны үлкен қуанышпен қабылдап, Аллаһ расулы үшін жанын беруге әрдайым дайын екенін көрсетті.

Ол үш күн бойы Меккеде қалып, аманат иелеріне аманаттарын таратып бергеннен кейін ғана анасы Фатима, Аллаһ расулының кенже қызы, көзінің нұры – Фатима және бірнеше кісімен бірге Мәдинаға қарай бет алды. Күндіз жасырынып, түнде жол жүріп Мәдинаға

таяу маңдағы Құбаға жетті. Сол жерде Аллаһ расулымен қауышты. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әлиді қасына шақыртты. Ұзақ жол жүруден аяғы қажалып, жара болды. Аяғындағы жаралары еркін жүруіне мүмкіндік бермегендіктен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзі Әлидің қасына келді. Аяғындағы асқынған жараларды көргенде, мейірімділік Пайғамбары көз жасына ие бола алмады. Шипалы түкірігін оның жарасына жағып, дұға етті. Әлидің аяғындағы ауыр жаралар бірден пышақ кесті жазылып шыға келді.

Хазірет Әлидің аты аталғанда ең алдымен көз алдымызға оның алып тұлғасы, ержүрек жауынгерлік сипаты келеді. Тәбук шайқасынан басқа Ислам үшін жасалған бүкіл шайқастарда ол аңызға айналарлық ерлік танытты. Тәбук соғысына Аллаһ елшісінің арнайы бұйрығы бойынша қатыспады.

Әли тәрізді қас батырға Ислам жолында жасалған соғысқа қатыспау өте ауыр тиді. Іші қазандай қайнап, намыс тұла бойын өртеп:

– Ей, Аллаһтың Елшісі, мені бала-шаға мен қатын-қалаштың арасында қалдырып кетесіз бе? – деп сезімін ақтарған Әлиге Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– Харунның Мұсаға өкілдік еткеніндей, сен де маған өкілдік еткің келмей ме? Өкінішке орай, менен кейін пайғамбар келмейді, – дегеннен кейін ғана көңілі сабасына түсіп, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) орнына өкіл болып, Мәдинада қалуға көнді⁸¹.

Ислам тарихы тұрғысынан ең алғашқы және аса маңызды шайқас – Бәдір шайқасы. Бұл шайқаста мұсылмандар сан жағынан аз әрі соғыс тәжірибесі тұрғысынан да мүшріктерден әлсіз еді. Мұны

⁸¹ Муслим, Фадаилу-с- сахаба:31.

мүшріктер жақсы білгендіктен, мүмкіндікті уыстан шығармай осы шайқаста мұсылмандарды бесікте тұншықтыру үшін жандарын салды. Бірақ, Аллаһтың күдіретімен иман толы жүректер мүшріктердің мысын басты. Бұл шайқаста әлемдерге рақым етіп жіберілген Пайғамбарымыз (с.а.с.) Аллаһтан ат төбеліндей ғана Ислам жамағатын жер бетінен жоймауды, жеңіліске ұшыраса, Аллаһтың есімін әлемге жар салар ешкімнің қалмасын айтып тілек тіледі. Аллаһ оның тілегін қабыл етіп, бұл аз ғана жамағатты аман алып қалды.

Ерте уақыттарда әскерлер шайқасқа кіріспестен бұрын екі жақтың қас батырларының жекпе-жекке шығу салты кең тараған. Осы салт бойынша, мүшріктер араларынан Ұтба, Шәйбә және Ұтбаның ұлы Уәлид тәрізді жауынгерлерін ортаға шығарды. Бұларға қарсы шықпақшы болған ансардан үш кісіге олар: “біз Мәдинаның малшыларымен шайқаспаймыз, бізге өзімізге лайық адам шығарындар”, – деп тәкаппарланды. Осыған орай Пайғамбарымыз (с.а.с.) Аллаһтың арыстаны Хамза, хазірет Ұбайда және баһадүр Әлидің шығуын бұйырды. Жаужүрек Әли қарсысына шыққан азулы дұшпан Уәлидті эп-сәтте сілейтіп, хазірет Хамзаға көмектесті. Арыстандай айбарлы Хамза мен Ұбайда жарақаттанып қалса да, қарсыластарын жер жастандырады. Бұл жекпе-жек мұсылмандардың көңілдерін көтеріп, оларды жеңіске жетеледі.

Кезектегі Ұхұт шайқасында арыстан жүрек Әлидің көрсеткен ерлігі Бәдірдегі ұрыста көрсеткен ерлігінен бір мысқал да кем емес. Бұл шайқаста мүшріктер әлемдерге рақым етіп жіберілген Сүйікті елшіні (с.а.с.) өлтіріп, Ислам дінін жою үшін бар күшін салды. Әрине, жүрегі иманға толы, шейіттікті көксеген Әли, Хамза

(р.а.) шейіт болған бұл шайқаста, Пайғамбарымыздан (с.а.с.) екі елі айрылмай оны өз денесімен қорғады. Бұл шайқас жайлы хазірет Әли былай дейді:

“Соғыстың барынша қызған шағында бір сәт Аллаһ расулын көзден жырақ етіп алдым. Өлгендердің арасынан іздедім, ол жерден таппадым. Сол сәтте өз-өзіме, “Ант етейін, Аллаһ расулы шайқастан қашпайды. Оны өлілердің арасынан да таппадым. Сірә, істеген істеріміз үшін Аллаһ наразы болып, оны өзінің жанына алды. Бұдан кейін мен үшін шайқасудан басқа абзалы жоқ” дедім. Сосын дұшпанға қарсы ұмтылдым. Олар өздеріне қарсы келе жатқанымды көріп, абдырап аралары ашыла бастаған кезде, Аллаһ расулының олардың араларында қалып кеткендігін көрдім”⁸².

Хайбар шайқасында да Әли батырлығымен көзге түсті. Хайбар – Мәдинадан қуғындалған яһудилердің стратегиялық маңызы бар мекені. Яһудилер сол жерде бірігіп, мұсылмандарға қарсы күш жинауға тырысты. Бұған жол бермеу үшін Аллаһ расулы (с.а.с.) оларға қарсы қол жинап, Хайбарды қоршауға алады. Хайбар алынбай қоршау ұзаққа созылғанда Аллаһ расулы:

– Ертең туды Аллаһ пен Оның Расулы жақсы көрген, ол да Аллаһ пен елшісін жақсы көретін араларындағы біреуге беремін. Аллаһ соның көмегімен жеңіске жеткізеді, – деді.

Бұл сөз сахабаның арасында үлкен толқу тудырды. Бұл ардақты адамның кім болатындығын көбісі білуге құштар болып, түні бойы көз ілмеді. Әрине, Аллаһ расулының (с.а.с.) сүйіншілеген бұл адамның орнында болу әркімнің арман-тілегі ғой. Олар үшін Аллаһ пен Расулы разышылығына ие болу бүкіл салтанат-

⁸² А. Куружан, 236.

ты аяқтарының астына жайып салғаннан да қымбат болатын. Таңның атысын бәрі шыдамсыздана күтті. Көптен күткен сәт те келіп жетті. Аллаһ расулы туды алып келуді әмір етті. Ту әкелінген кезде ол Әлидің қайда екенін сұрады. Сахабалар оның көзінің ауырып жатқандығынан хабар берді. Пайғамбарымыз Әлидің келуін әмір етті. Пайғамбарлар мырзасы (с.а.с.) Әлидің көздерін сипап дұға еткенде, Аллаһ шипа беріп, көздері дерттен айықты. Аллаһ елшісі оған туды табыстап:

– Аллаһ саған жеңіс нәсіп еткенге дейін тоқтамай ұрыс сал, – деді⁸³.

Бас айналдырар бақытқа ие болған Әли Пайғамбары-мыздың (с.а.с.) ақ туын Хайбар қорғанына апарып тікті. Осы сәтте яһудилердің батыры Мәхраб әскерлерімен сыртқа шығып, мұсылмандарды жекпе-жекке шақырды. Бұған қарсы хазірет Әли шығып, оның басын кеудесінен қалпақтай ұшырды. Мұны көріп қуанған Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– Қуаныңдар! Хайбардың алынуы жеңілдеді, – деді.

Әскерлер қорғанға қарай лап қойды. Қалқанын қолынан түсіріп алған Әли қорғанның темір есіктерінің бірін жұлып алып, оны қалқан етті. Қақтығыс біткен соң Әли есікті жерге тастады. Бірақ бұл есікті сегіз адам жабылып көтере алмады⁸⁴.

Жалаңтөс батыр Әлидің көрсеткен ерен ерліктері мен бірнеше күнге созылған қоршаудың нәтижесінде Хайбар алынды.

Ислам тарихындағы аса маңызды шайқастардың бірі – Хэндак шайқасы. Өйткені құрайыштар бұл

⁸³ Муслим, Фадаилу-с- сахаба:33-34.

⁸⁴ Табақат, 2:110-112; Инсануль 'уйюн, 2: 737.

шайқастан кейін өрескел зұлымдыққа толы шабуылдарын тоқтатуға мәжбүр болды. Мәдинадан шығып Мекке мүшріктеріне қосылған яһудилердің де арандатуымен тұтанған бұл шайқаста мүшріктер үлкен қол жинап, мұсылмандарды жер бетінен жоюды мақсат тұтты. Салман Фарисидің ұсынысы бойынша мұсылмандар қаланы қоршай ор қазып, өздерінен үш есе көп мүшріктерге қарсы шайқасты. Бұл шайқаста да жаужүрек Әли үлкен ерлік көрсетті. Ол мүшріктердің сапындағы арабтардың арасында “мың адамға татиды” деп танылған Амр ибн Әбдууыдпен жекпе-жекке шықты. Исламның азулы дұшпаны Әбдууыд орды қарғып өтіп:

– Маған қарсы кім шығады? Сендердің сенімдерің бойынша шейіт болғанның баратын жәннаты қайда? Неге менің қарсыма біреуді шығармайсыңдар? – деп мысқылдап, менменсіп айқайлап, атын ойнақтатты. Бұған қарсы Әли шыдамай:

– Мен шығайын, ей, Аллаһтың елшісі, – дегенде Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– Оның Амр екенін білмейсің бе? – деді. Хазірет Әли Аллаһқа және өзіне деген шексіз сеніммен:

– Амр болса, болсын, – деп оған қарсы шығып, өзіне қатты сенген өркөкірек мүшріктің жанын жәһаннамға жіберді.

Сонымен қатар Ардақты елші (с.а.с.) Әлиге Зүлфиқар қылышын сыйлады. Әли өмірінің соңына дейін осы қылышты жанынан бір елі тастамады⁸⁵.

Қорыта айтқанда, Аллаһ расулы оған разы еді. Науқастанған кезінде оған сүйеніп мешітке барды, қайтыс болған кезінде де жерлеу істерінің бәрімен тікелей Әли (р.а.) айналысты.

⁸⁵ А. Куружан, 234-236.

Аллаһ расулы (с.а.с.) бақиға аттанғаннан кейін мұсылмандар хазірет Әбу Бәкірді халифа етіп сайлағанда, оған алғаш қол беріп, серт еткендердің бірі – Әли болатын. Бірақ бұл кезде әкесінің қайтыс болғанына қатты қайғырған, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанындай жақсы көрген қызы хазірет Фатиманың науқастануына байланысты Әли сыртқа көп шыға алмады. Қия баса алмайтыны соншалықты, тек қана жамағатпен намаз оқуға мешітке келіп, намаздан кейін бірден жан жарының қамын жасау үшін үйіне кететін. Бұл жағдай Фатима анамыз қайтыс болғанға дейін алты ай жалғасты. Осындай жағдайда жүрсе де, хазірет Әбу Бәкір кей кездері оны қасына шақырып алып, кейбір мәселелердің шешімінде онымен кеңесіп тұрды. Ол ұдайы Әбу Бәкірге қолдау көрсететін. Әсіресе, діннен қайтадан бас тартқан мүртедтердің, зекет бергісі келмегендердің және Мәдинаға шабуыл жасағандардың шығарған бүліктері кезінде үнемі Әбу Бәкірді қолдап, қасынан табылды. Қайтыс болар алдында Әбу Бәкір Сыддық та оған разы еді.

Әбу Бәкір Сыддық орнына Омарды (р.а.) халифа етіп тастағысы келген кезде, “Омардан басқасын қаламаймыз!” деп, алғаш қолдаған Әли болатын. Ол әділет үлгісі Омарға да үнемі қолдау көрсетіп жанынан табылатын. Оның қадысы (билік айтушы, төреші) болып тағайындалды. Хазірет Омар болса оны “Хасанның әкесі арамызда ең жақсы үкім беруші” деп, оның байсалдылығы мен парасаттылығын жоғары бағалайтын. Омардың басты кеңесшісі болды. Омар Мәдинадан басқа жаққа барарда үнемі Әлиді уәкіл етіп, орнына қалдырып кететін. Хазірет Әли қызы Үммүгүлсімді Омар Фарукқа үйлендіру арқылы оны-

мен жақын туыс болды. Әділ халифа Омар жараланып, қайтыс болмастан бұрын орнына халифа етіп тағайындауды ұсынған алты кісінің бірі Әли болатын. Тура шешім қабылдаудағы ұстамдылығы, Аллаһтың үкімдерін орындауда ешкімнің сөзіне, өсектеріне еш құлақ аспауы тұрғысынан ол хазірет Омарға қатты ұқсайтын.

Осман Зун-нурәйн халифа болып тағайындалғанда, оған бірден қол беріп мойынсұнды. Осман да үнемі онымен кеңесетін. Хазірет Османның үйін бүлікшілер қоршауға алған кезде өзінің ұлдарын халифаның күзетіне қойып, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жанын салды⁸⁶.

Хайдар Әли (р.а.) батырлығымен қоса ықыластылығымен де ерекшеленетін. Не істесе де Аллаһтың разылығы үшін істейтін. Пендешілік араласқан істен бірден бас тартатын. Ол таңдай қақтыратындай өте тақуа адам болатын. Тақуалыққа байланысты ол, “Тақуаға өте абай болыңдар және оны амалдарыңыздың қабыл етілуі үшін дәнекер етіндер. Тақуамен жасалған ешбір амал аз болып есептелмейді. Қабыл болған амалдың аздығы бола ма?” дейтін⁸⁷.

Күндердің бір күнінде оның ұлдары Хасан мен Хұсейн науқастанып қалады. Хазірет Әли мен Фатима анамыз ұлдары аурудан айығып кетсе, Аллаһ разылығы үшін үш күн ораза ұстайтындықтарына сөз береді. Аллаһ тағала шипа беріп денсаулықтары түзелген соң олар уәделерін орындау үшін ауыз бекітеді. Күн көкжиекке батып, ауыз ашар уақыт та болады. Бірақ ауыз ашарға аз ғана нанын есік аузына келген жетімге жегізеді. Өздері

⁸⁶ М. Шакир, 353-354.

⁸⁷ Сахабилер ансиклопедиси, т.1, 81-82.

сумен ауыз ашады. Екінші және үшінші күндері де дәл осы жағдай қайталанады, екінші күні бір пақыр, келесі күні бір тұтқын үйлеріне келеді. Жейтін азықтарын соларға садақа етеді. Үш күн бойы нәр татпаған олар нәрестелерін алып, Пайғамбарымызға (с.а.с.) барды. Түрлерінің бозарып, бойларында дәрмендерінің қалмағанын көрген Пайғамбарымыз не болғанын сұрады. Олар бастарынан өткенді баяндап болғаннан кейін істің мән-жайына қаныққан Пайғамбарымызға Жәбрейіл келіп, “Инсан” сүресіндегі 5-10 аяттарын уахи етеді:

“...Ол Аллаһтың құлдары нәзірлерін орындап, апаты көкжиекті тегіс қаптайтын қиямет күнінен қорқады. Тамақты жаны қалап тұрса да, міскінге, жетімге және тұтқынға жегізеді. Олар: “шын мәнінде біз сендерді Аллаһтың разылығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден бір төлем де алғыс та тілемейміз. Расында біз ұнжырғасы түсіп, томсыраяр күні Раббымыздан қорқамыз”.

Пайғамбарымыз бұл уахиді оларға жеткізген кезде, үш күн бойы тартқан аштықтың тауқыметін сол сәтте-ақ ұмытып кетті⁸⁸.

Хазірет Әли сахабалардың арасындағы аса білімділерінің бірі еді. Жастайынан Исламды қабылдап, алғаш мұсылман болған адамның бірі ретінде Пайғамбарымыздың ұдайы қасында жүруі Исламның кәусар бұлағынан қана сусындауына мүмкіндік жасады. Пайғамбарымыз оның ілімінің жоғарылығын: “Мен – ілімнің қаласымын, Әли – оның қақпасы. Ілім үйренгісі келгендер сол есіктен енсін” – деп білдірді⁸⁹.

⁸⁸ Усдул-ғаба, 5:530-533.

⁸⁹ Тирмизи, Манакиб :20.

Әли (р.а.) уахиді хатқа түсіруші әрі жатқа білушілерден болатын. Аллаһ расулы дүние салған соң алты ай ішінде оның Құранды түсу кезегіне қарай жинастырғандығы білім адамдарына мәлім. Ол – Құран ілімдерін жақсы меңгергендердің бірі. Бұл жайлы оның өзі былай дейді:

– Менен сұраңыздар. Уаллаһи менен сұраған сұрақтарыңыздың бәріне жауап беремін. Менен Аллаһтың кітабы жайында сұраңыздар. Уаллаһи, оның күндіз бе, түнде ме, тауда ма, қырда ма, түскенін мен білмейтін ешбір аят жоқ⁹⁰.

Сонымен қатар оның Құран аяттарына жасаған жорамалдары, риуаят еткен хадистері мен хадистерді түсіндірулері, бұларды қорытып шығарған үкімдері, тәпсир, хадис және фикһ кітаптарында кездеседі. Әбу Бәкір (р.а.), Омар (р.а.) және басқа да көптеген сахабалардың хазірет Әлидің іліміне берген әділ бағалары жеткілікті. Мұнан басқа бізге дейін келіп жеткен Әлидің өз аузынан шыққандығына күмән тудырмайтын ақиқаттардың терең мәнділігі мен ғибраттығы осыған бұлтартпас дәлел бола алады. Бұған бірнеше мысал келтірейік:

“Мына бес нәрсені естен шығармаңдар. Бұларға қол жеткізу үшін түйеге мініп жолға шықсаңыз, оған қол жеткізе алмастан түйеңіз болдырар еді: Құл Раббысынан өзге ешкімнен бір нәрсе дәметпесін, тек күнәларынан қорықсын. Білімсіз адам білмеген мәселелерін сұрауға ыңғайсызданбасын. Өзінен білмеген бір мәселе сұралған кезде ғалым да: “Ең дұрысын Аллаһ біледі” деуден тартынбасын. Иман сақтаудағы

⁹⁰ Табақат, 2:338.

сабырдың орны – бастың денедегі орны сияқты. Сабыры болмағанның иманы да жоқ”.

“Қорқыныштың да қорқыныштысы бар. Оның ең қорқыныштысы – нәпсінің жетегінде кету және еш өлмейтіндей қайырсыз құмартуға беріле салу. Нәпсінің жетегінде кету адамды ақиқаттан адастырып, құмартушылыққа бой алдыру ақыретті ұмыттырады. Абай болыңыздар! Дүние бетін бұрып әрі кетуде, ақырет болса жақындап келеді. Бұлардың әрбірін қалаушылардан болыңдар, бүгін тіршілік ету уақыты (бұл дүниеде) есеп жоқ, ертең болса есеп күні (ақыретте) тіршілік-күйбең жоқ”.

“Шынайы фақиһ (фиқһ ілімінің маманы, дін ғалымы) – Аллаһтың мейірімінен үміт үздірмеген және жұртты Оның азабынан сақтандырған, Аллаһқа қарсы келерлік мәселелерде адамдардың азғынды ойларына ауыздық болған және Құраннан басқа нәрседен медет күтпеген адам. Ілімсіз зибадатта, түсінбей оқыған ілімде және ойланып, мән бермей оқуда еш жақсылық пен берекет жоқ”.

“Адамдар мына үш топтан тұрады: Біріншісі – Раббани ғалымдар, екіншісі – құтқарылу жолына түскен ілім іздеуші, үшіншісі – әр кімге құлақ түріп, жел қалай тұрса солай кетіп, ілім нұрымен өзін нұрландыра алмаған және таяныш-тіректен жұрдай тобыр. Ілім дүние-мүліктен қымбат. Ілім сені қорғайды, малдың қорғаушысы сенсің. Онымен амал еткеніңде ілім арта түседі, ал дүние-мүлік жұмсаған сайын азаяды”.

“Ғалымды жақсы көру діннен. Ілім ғалымға тірі кезінде тағат берсе, өлгеннен кейін жақсылықпен еске алғызады. Дүние жинаған адам дүниесімен бірге жоқ болып, аты да заты да қалмайды. Дүние жи-

наушылар тірі кезінің өзінде өлік сияқты. Ғалымның тіршілік тоқтап қалса да, аты мен хаты қалады. Ілім оған ие болғандардың толығымен жоқ болуынан кейін жоғалады. Ей, Аллаһым! Жер бетінде сенің разылығың үшін және Сенің айқын дәлелдеріңнің өшіп кетпеуі үшін ақиқаттың жаршылары әрқашан да бар болады. Олардың саны аз, алайда Аллаһтың алдында олар қадірлі. Аллаһ өзінің нышандары мен дәлелдерін солар арқылы қорғайды. Олар да бұл міндетті өзінен кейін келгендерге аманаттап олардың көкірек көзіне сүйіспеншіліктің дәнін егеді. Олар да ілім арқылы ақиқатты табады... Олар Аллаһтың өкілдері мен діннің шақырушылары. Оларды көруге ынтық бол...⁹¹”

Оның айналасындағы адамдарға берген кеңестері де өте мәнді әрі ақыл нұрына толы. Осындай өсиеттердің бірі баласы хазірет Хасанға айтқан мына сөздері:

“Ей, балам! Ең үлкен байлық – ақыл. Ең үлкен кедейлік – ақымақтық. Ең үлкен жалғыздық – тәкаппарлық. Ең ізгі қасиет – жақсы мінез”.

Әли әл-Муртада – бойына жақсылық атаулыны жия білген Ислам тарихындағы айтулы тұлғалардың бірі. Қайсарлық, батырлық, ілімді және жомарттығымен бірге өте кішіпейіл еді. Базардан сатып алған заттарды айналасындағылардың өтінішіне қарамастан, өзі көтеріп, адасқандарға жол сілтеп, әлсіз, дәрменсіз жандардың жоғын жоқтап, қиналғанда қастарынан табылатын. *“Үш нәрсе кішіпейілділіктің негізін құрайды: кездескен кезде бірінші болып сәлем беру, үлкен жиналыстарда төрде шоқиып отырмау, рияшылдық пен жасандылықты жаны сүймеу”* деген нақылдар Әлидің (р.а.) сөздері.

⁹¹ А. Куружан, 246-247.

Ол өте шыншыл, адал, көз алдап, көңіл арбаған дүниеге, керегінен артыққа қызықпайтын асыл тұлға еді. Бір күні қарны шұркырап ашқан ол, құдықтан тартқан бір қауға судың ақысына бір құрма алуға әлдебір яхудимен келісті. Құрмаға қарнын тойдырып алған соң салып-ұрып Аллаһ расулының мешітіне барады.

Оның қолының ашықтығын жақсы білетіндер олжа бөліскенде, “бұл олжада хазірет Әли мен балашағасының да ақылары бар. Оның өзіне берер болсақ, үлесін қолына тие сала басқаларға таратып жібереді. Ол үшін біз сақтап қояйық”, – деп Әлиге тиесілі олжаны өзіне бермей сақтап қояды. Бірнеше күн өткеннен кейін бұл жағдайды оған айтып жеткізген кезде, ол ашуланып Қанбарға: “Менің үйімді үлкен өртке салғың келді ме? Бұл мұсылмандардың олжасы. Кімде-кім оны керекті жерге жұмсамаса, өкінішке ұшырайды” – деп ескерткен.

Әли (р.а.) ақыл-ойы және парасатымен ерекшеленді. Кеңес жиналыстарының белді мүшелерінен еді. Омар ибн Хаттаб пен Осман ибн Аффанның халифалықтары кезеңінде оның кеңестері мен тигізген пайдалары орасан зор. Міне, сондықтан да хазірет Омар “Әли болмағанда Омар құрдымға кетер еді” деген.

Әлидің тәуекелшілігі де ерекше. Халифалығы тұсында шыққан бүлік кезеңінде оған қастандық жасалынуы мүмкін деп қорғауға келген адамдарға: “Сендер мені жердегілерден қорғағыларың келе ме, әлде көктегіден бе?”, – деп сауал тастайды. Олар “жердегілерден”, – деп жауап қатқанда, “Көктен қарар шықпайынша, жер бетінде еш нәрсе болмайды. Жазмыш орындалғанға дейін әркімді екі періште қорғайды.

Жазмыш орындалар сәтте оны тағдырымен жеке қалдырады. Әли де Аллаһ тарапынан мықты қалқанмен қорғалуда. Ажал келгенде қалқан алынады. Жазмышына разы болмаған адам иманның дәмін тата алмайды” деп, Аллаһқа және жазмышқа деген иман беріктігінің сырын айтады.

Хайдар-у Кәррәр Әли Ислам үмбетінің бірлігіне аса мән беретін. Бір күні сүннет, бидғат, бірлік, бөлінушілік жайлы сұраған Ибн Кәууәға: “Сүннет – Мұхаммедтің (с.а.с.) жолы. Бидғат – ол сүннеттен айырушы нәрселер. Жамағат – аз болса да, дұрыс адамдардың бірігуі, бөлінушілік – көп те болса, дұрыс болмаған адамдардың бірігуі”, – деп жауап береді.

Ол қара қылды қақ жарар әділеттілігімен де тарихта терең із қалдырды. Бірде хазірет Әлиге Исфаханнан олжа келді. Бұл олжаны ол жетіге бөліп, үйінде қалған бір таба нанды да сол айырылған сыбағалардың үстіне теңдей етіп қойып, қолбасшыларына таратып берді⁹².

Хазірет Әлиге бірі – араб, екіншісі – күң, екі әйел келіп қажеттіліктерін айтады. Ол екеуіне бірдей азынаулақ азық пен қырық дирхамнан ақша беруді әмір етеді. Бірінші кезекте күң тиесілі сыбағасын алып кетті. Араб әйел хазірет Әлиге:

– Ей, мұсылмандардың әміршісі! Мен – арабпын, ол болса күң. Неге маған тура соған бергендей мөлшерде ғана бердің? – деді. Әли:

– Мен Ұлы Жаратушының кітабында хазірет Ысмайылдың ұрпақтарының Ысқақтың ұрпақтарынан жоғары дегенін кездестірмедім, – деді⁹³.

⁹² Байхаки, 6/348; Канзу-ль уммаль, 3/166-дан Қандыхләуи, 2:695.

⁹³ Қандыхләуи, 2:696.

Әділдіктің салтанат құруына айрықша мән берген Әли заң алдында мансабы мен лауазымына қарамастан, адамдардың тең болатындығын өз өмірінде көрсетіп кеткен еді. Өзі халифа болып тұрған шағында әлдебір яһудимен екеуінің арасында болған уақиғаға байланысты әділ қазыға барудан тартынбады. Оқиғаның желісі былай болды:

Әли (р.а.) Сыффин соғысына аттанып бара жатқан кезінде қалқанын жоғалтып алады. Ұрыстан қайтып бара жатып әлдебір яһудидің ұстап жүргенін көріп, оған:

– Бұл – менің қалқаным. Мен оны ешкімге бергенім де, сатқаным да жоқ, – деді. Яһуди:

– Бұл – менің қолымда, яғни менікі, – деді.

Әли қаласа, өктемдік жасап, күшпен-ақ тартып алуына болар еді. Өзінікі қаншалықты дұрыс болса да, мәселенің әділ шешілуі үшін төрешіге жүгінуді ұсынды. Екеуі төрешіге барды.

Ол кездегі төреші әділдігімен танылған Шүрәйх еді. Хазірет Әлиге ұлы Хасан мен құлы Қанбар куәлік етті. Шүрәйх Әлиге:

– Хасанның орнына басқа куә тап, – деді. Әли оған:

– Хасанның куәлігін қабыл етпеймісің?

Құлдың куәлігін қабылдаймыз, бірақ өз балаңның куәлігін қабылдай алмаймыз, – деді Шүрәйх.

– Расулаллаһтың “Хасан мен Хүсейін Жәннат жастарының мырзасы” дегенін естімеп пе ең? – деп бұған қатты күйінген хазірет Әли қалқанын яһудиге беруге мәжбүр болады. Кенет яһуди:

– Мүминдердің әміршісі мені төрешіге әкелді, өзінің тағайындаған төрешісі өзіне қайшы үкім берсе

де, ол оған разы болды. Мен бұл діннің хақ екендігіне куәлік етемін. Аллаһтан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед – Оның елшісі. Бұл қалқан сенікі, түйеңнен түсіп қалғанда алған едім, – деп иман еткендердің мына қылығына айран-асыр қалып мұсылман болған еді. Оның мұсылман болғанына қуанған әділ Әли қалқанын яһудиге тарту етті⁹⁴.

Жақсылыққа жаны құмар Хайдар Әли басқаларға қол ұшын беріп, олардың қажеттілігін қамтамасыз етуден ләззат алып, әр ісін қабақ шытпай аса сүйіспеншілікпен атқаратын еді. “Менің көмегіммен қажеттілігінің өтелетіндігіне сеніп маған келген адамдарға көмектесуден асқан нығмет жоқ. Бір мұсылманның қажетін өтеу – мен үшін жер бетінің бар қазынасынан қымбат” деген де хазірет Әли болатын.

Әрине, оны ең жақсы танығандар – өз замандастары. Сондықтан да солардың хазірет Әли жайлы айтқан жылы лебіздеріне құлақ түрейік. Діни білімі мол сахабалардың арасында беделді ғалым сахаба Ибн Аббас былай дейді:

“Әлиге Аллаһ мейірімін жаудырсын! Аллаһқа ант етейін! Ол тура жолдың желбіреген туы, тақуалықтың ұшы-қиырына көз жетпейтін теңізі, ақылдың бұлағы, ел-жұрттың бағына маңдайы жарқырап туған хас тұлғасы еді. Қараңғылықтың қырық қатпарына сәулесін түсірген нұрлы жан еді. Жұлдыздан да биік мақсаттарды нұсқап, көне тарихты жеткізіп, айтқаны айнымай келетін жорамал жасап, жақсы насихат беретін. Исламның адамға тура жол нұсқайтын қағидаларын қатаң ұстанатын. Зұлымдық атаулыдан, шүбәлі жолдан алыс жүретін. Иман мен тақуа иелерінің ең қайырлысы еді.

⁹⁴ Қандыхләуй, 1:232-233.

Пайғамбарымыздың көйлегі мен шапанын кигендердің ең мырзасы еді. Қажылық және са'й жасаушылардың ең мәртебелісі, әділет пен теңдікті орнатуда өте сезімтал еді. Пайғамбарлар мен хазірет Мұхаммедтен кейінгі асыл сөздің зергері еді.

Әйелдердің ең қайырлысының жұбайы, Пайғамбардың екі немересінің әкесі еді. Менің көздерім дәл сондай өзге ешкімді көрмеді, қияметке дейін де көре алмас. Аллаһ пен құлдарының лағынеті – Әлиге лағынет етушілерге болсын⁹⁵.

Дирар ибн Дәмрә болса:

– Әли асқар таудай асқақ мақсатты көздейтін және көздегенін құралайды көзге атқандай құр жібермейтін өте қабілетті еді. Кесіп айтып, әділ үкім беретін. Бойы ілімге қаныққан, сөздері даналықтың қойнауынан сүзілгендей хикметке толы еді. Дүние мен оның арзан мақтанышынан алшақ еді. Түн мен қараңғылықты өзіне дос тұтатын. Көз жасын көп төгіп, өте терең ойлайтын. Ең алдымен өз нәпсісіне насихат ететін. Ішіп-жеуі мен киім-кешегі тым жұпыны еді.

Қатардағы жай кісідей өте қарапайым еді. Сұраған сұрақтарымызды жауапсыз қалдырмайтын елгезек те қагілез болатын. Өзін жақын тұтатынымызға қарамастан, мысы басып, біз онымен сөйлесуге тартынатынбыз. Жымиған кезде маржандай тістері байқалатын. Діндарларға құрмет көрсетіп, кедей-кепшіктерді жақсы көретін. Ешбір күш оны ақиқаттан ажырата алмайтынын білетін. Әлсіздер оның әділдігінен үміт үзбейтін. Аллаһ куәм болсын, оны кей кездері михрабта сәждеге жығылғанын, жаны қиналған адамдай бұратылғанын,

⁹⁵ Куружан, 255.

мұңайып жылағанын көретінмін. Ол бейне бір былай деп тұрғандай:

“Ей, Жаратушы Иеміз! – деп Жаратушысына жалбарынып, алдамшы дүние туралы былай дейді: “Мені алдап күрмеуіне түсірмекпісің? Көзіңді маған тіктің бе? Бәрі бекершілік. Мен сені әлдеқашан үш талақпен талақ еткем. Сенің өмірің қысқа, қатерің де үрейсіз. Өттең-ай, әттең! Азық аз, сапарымыз тым ұзақ, жол болса қараң”.

Мұғауия көз жасына ие бола алмай, ыстық жас сакалын жуды. Қолымен жасын сұртті. Айналада жиналған дүйім жұрт та көз жасына көміліп қалған еді. Дирар сөздерін жалғастырып:

– Міне, Әли осындай асыл ер еді. Аллаһ оған мейірімін жаудырсын! – деді.

Мұғауия:

– Оны қаншалықты жақсы көресің? – дегенде, Дирар:

– Құшағындағы жалғыз құлыншағы бауыздалғанда көз жасы тыйылмаған, қайғысы бітпеген бір анадай, – деп жауап берді⁹⁶.

Жүрегі иман нұрымен нұрланған, алып тұлға Әлидің (р.а.) халифа болып тағайындалуы Ислам тарихының ең күрмеуі көп күрделі кезеңіне сәйкес келді. Хазірет Осман шейіт етілгеннен кейін Ислам үмбеті басшысыз қалып қойды. Жан-жақтан анталаған бүлікшілер өздерінің ыңғайына бағындырып, ыркына көндіріп өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін тез арада халифаның тағайындалуын талап етті. Халифалықты мойнына алуға ешкім тәуекел жасай алмады.

⁹⁶ Хиля: 1/184; А. Куружан, 253-256.

Осы кезде Мәдина халқы бүліктің ұлғайып кетпеуі, мұсылмандардың арасындағы бірліктің сақталып қалуы үшін халифалыққа ең лайық деп хазірет Әлиді таңдады. Өйткені, ол әрі шура мәжілісінің мүшесі, әрі Пайғамбарымыздың немере інісі, Исламды алғаш қабылдаған және Ислам дінінің жайылуына теңдессіз үлес қосқан, ұрыстарда шыбын жанын аямай шайқасқандардың бірі болатын. Бұған қоса оның дари-ядай терең білімі, ақылы мен кең парасаты, өте құнды фикһ білімін меңгеруі бұл орынға оны ең лайық деп табуға негіз болды. Мәдина халқы жиналып оған халифа болуды ұсынған кезде, ол:

“Сендерді басқаруға құмартып тұрғаным жоқ. Мен үшін басшылықтан кеңесші болған артық. Мен үнемі өздеріңмен біргемін, кімді тағайындасандар да мен соған разымын”, – деп өзінің ойын білдірді.

Бұл кезде бүлікшілер тез арада халифаның сайлануын, егер сайланбаса Әли және Зүбәйр іспетті сахабаларды өлтіретіндіктерін айтып қысым жасады. Сахабаларға қоса бүкіл халық жиналып, хазірет Әлиге жағдайдың қиындай түскенін алға тартып, оны халифа етіп тағайындайтындықтарын айтты. Әли:

“Менен аулақ, басқа біреуді тандаңдар. Неге десендер, сондай қорқынышты, сондай дүлейлі бір жағдайдамыз. Мұның қилы жақтары мен түрлі астары бар. Бұған ешбір жүрек шыдай алмайды, ешбір ақыл-ой да тосқауыл бола алмайды”, – деп, Ислам үмбетінің басына келетін қатерді алдын ала сезіп жаны құлазыды. Оны тоқтатудың өте қиынға соғатындығын баса айтқанды⁹⁷.

⁹⁷ М. Шакир, 358-360.

Ақыр соңында, Ислам үмбетінің бірлігі үшін бұл қиын міндетті нар Әли өз мойнына алады. Бар ерік-жігерін бүлікті тұншықтырып, бірлікті тірілтуге жанын салып, ақылы мен батырлығын және тәжірибесін қолданып бақты. Оның халифалығы кезінде Ислам тарихында кейінгі ұрпақтың әрқашанда қайғымен еске алатын ішкі (Жәмәл, Сыффин) шайқастарын бастан өткізді. Әрине, бұл шайқаста екі жақтың да өздерінің дұрыс деп тапқан ұстанымы бар еді. Ол екі қарсы топтың да мақсаты – Ислам бірлігін сақтап қалу. Сондықтан да бұл иджтиһадтарына (үкім) байланысты оларды еш кінәләуға біздің құқымыз жоқ.

Халифа Әлиге қарсы шайқасқандардың мақсаттары: Осман Зун-нурәйнді шейіт еткен бүлікшілерді тез арада тауып жазаламайынша, оған бағынбайтындықтарын білдіруі болды. Хазірет Әли мұны істеудің мүмкін еместігін, орталық Ислам билігінің әлі де әлсіз, керісінше, бүлікшілердің ықпалының күшті болып тұрғандығын айтып, бұл істі уақыт оздырып қана шешуге болатынын көлденең тартып, оларды бағынуға шақырған еді. Бұл арада шым-шытырыққа толы оқиғалардың баяндалуын тарихи кітаптардың еншісіне қалдырып, егжей-тегжейіне тоқталып жатпай-ақ, сахабалардың Исламды өмірлеріне жол бастаушы етіп алып, ғұмырларын сол үшін жұмсап жазған дастандарын оқуға тырысқанды жөн көрдік.

Оның басқарудағы тәсілі, халық пен басшы арасындағы байланыс, бұларды жүзеге асырудағы негізгі ұстанымдар мен әділдік туралы түсінігі осы күнгі адамдар үшін маңызын жоймаған хазірет Әлидің Мысырға тағайындаған әкімі Мәлікке айтқан өсиеттерінен қысқаша үзінді бере кетейік:

“Ей, Мәлік! Сені өзіңнен бұрын әділдіктің де, зұлымдықтың да өктемдік құрған жеріне жібердім, сен өзіңнен бұрынғы басшылардың істерін қалай қадағалаған болсаң, халық та сенің жағдайыңды солай қадағалайды. Олар жайлы сен не десең, халық та сен жайлы соны айтады. Кімнің жақсы әрі әділ екендігін Аллаһ құлдарының сөздері арқылы білдіреді. Сондықтан да ең жақсы жан азығың – дұрыс және әділ істерің болсын...”

Жүрегінде халыққа деген мейірім отын жақ, сүйіспеншілік пен жақсылықты өзіңе нышан ет. Оларға қатыгез болма. Өйткені олар мына екі топтан тұрады: бірі – діндес бауырың, екіншісі – жаратылыс тұрғысынан сенімен теңдес...

Тура биде туған жоқтығын әсте ұмытпа! Бұлай етпесең, зұлымдық жасаған боласың. Аллаһтың нығметтерін жоқ етіп, азабының келуіне себеп болғанның арасында зұлымдықтан асқан нәрсе жоқ. Еш шүбәсіз, Аллаһ – зұлымдыққа ұшыратылғандардың жанайқайын естуші әрі залымдарды да қадағалап тұрушы...

Кенесшілеріңнің арасында жақын тұтарың, ащы шындықты бүкпесіз айтатындар болсын. Шыншыл әрі Аллаһтан қорқатын адамдар сырласың болсын. Саған қол соғып қолпаштап, жасамаған нәрселеріңді жасады деп мақтап, көңіліңді масайратуына жол берме. Өйткені, мақтаудың көбі адамды өркөкіректікке жетелейді. Абайла, адамдардың жаманы мен жақсысын тең ұстама. Өйткені, мұндай теңдік жақсыларды ізгіліктен суытып, жамандардың да жаман пиғылдарға құмарлығын арттырады.

Мемлекет қызметкерлерін таңдаған кезде тек қана түрлеріне қарап, олар жайлы жақсы деп ойлау жеткілікті емес. Өйткені, адамдар жасандылықпен көзге жақсы көріну үшін қызмет етіп, басшылардың сеніміне кіріп алуға тырысады. Алайда онда шынайы ниет жоқ. Сондықтан да сенен бұрын халықтың арасында жақсы деп танылғандарды таңда.

Әр түрлі жағдайға душар болған шарасыздардан, кедей-кепшік пен шама-шарқы қалмаған адамдарға келгенде Аллаһтан қорық! Олардың арасында жағдайын айтушылар да, айтпаушылар да болады. Бұлардың бәрінің құқығын қорғау – міндетің. Лауазымының жоғары болуы олардың саған мұқтаждықтарын білдіруге кедергі болуынан абай бол! Ұлы Жаратушының құзырына шығарылғанда “шамамның жеткенінше жасадым” дерліктей қызмет ет.

Мен Аллаһ расулының: “Әлсіздің ақысын күштіден оңай алып бере алмаған кез келген халық ешқашан да күшті бола алмайды” дегенін бірнеше жерде естідім.

Бүгінгі істі ертеңге қалдырма! Өйткені, әр күннің өзіне тән ісі бар.

Басшының арнайы жақын адамдары болады. Бұлардың істерінде зұлымдық пен ынсапсыздық кездесуі мүмкін. Сен олардың зияндығын бұған жол ашатын себептерінің тамырына балта шабу арқылы жой. Айналаңдағыларға, жақындарың мен туыстарыңа арнайы ілтипат жасаушы болма. Олардың ешқайсысы сені пайдаланып айналасындағыларды қиын жағдайға қалдырарлықтай дәрежеде байлық жинауға әуестенбесін. Мұның саған ешбір пайдасы жоқ, әрі оның бұл дүниедегі де, о дүниедегі де обалы – сенің мойныңда.

Бір іске уақытынан бұрын кіріспе, уақыты келгенде жалқауланба. Ақиқатына көзің жетпеген істерде табан тіреп қасарыспа, айқындалғанда салғырттық танытпа. Әр істі орнымен жаса...

Бойыңды ашу-ыза кернегенде қолың мен аузыңа ие бол. Бұлардың залалынан қорғану үшін еркінді жеңгенге дейін ашудың кернеуін теже⁹⁸.

Оның халифалығы төрт жыл тоғыз айға созылды. Хижра жыл санағының қырқыншы жылы, Рамазан айының он жетісінде, жұманың таңында, таң намазын оқуға шыққан хазірет Әлиді харижит Абдуррахман ибн Мүлжәм улы қылышымен басынан жарақаттады. Соның салдарынан, алпыс үш жасында Әли де өтті дүниеден. Ислам үмбеті арыстан жүректі, даналық дариясы Әлисіз қалды...



⁹⁸ Қандыхләуй, 2:712-713; Сахабилер ансиклопедиси, 1:84-86.

Сағд ибн Әбу Уаққас

“Міне, менің нағашы ағам – Сағд, осындай нағашыға ие кім бар екен”.

(Хадис)

Жәннатпен сүйіншіленген сахабалардың біреуі – Әбу Бәкір Сыддықтың себепкерлігімен мұсылман болған Сағд ибн Әбу Уаққас. Анасы жағынан Пайғамбарымызбен (с.а.с.) туыстығы бар. Пайғамбарымыздың (с.а.с.): “Міне менің нағашы ағам – Сағд, осындай нағашысы болған кім бар екен” деген ілтипатына ие болған ол өмірінің соңына дейін қилы-қилы қиындықтарда Аллаһ расулының жанынан табылды.

Хазірет Сағд Ислам ақиқаттарына жан-тәнімен сеніп, кез келген әмірлерін екі етпейтін, имандылықтың асыл үлгісі, қаһарман ер еді. Оның мұсылман болуы, намаз оқуы, Аллаһ расулын жанынан да жақсы көруі анасының қарсылығын тудырды. Анасы ұлын бұл райынан қайтаруға бар күшін салды. Анасы ұлын алған бетінен қайтару үшін айлалы бір тәсілге көшіп:

– Аллаһтың жақындар мен туыстарға қарасуды, әке-шешеге мейірімді болуды бұйыратынын айтқан сен емес пе едің? – деді.

Иә, Аллаһ тағала бізге осыны әмір етеді, – деді Сағд.

Бұл жауапты естіген анасы кәдімгідей емексіп қалды. Үйдің бір бұрышында қасқайып тұрған пұттың қасына барып, оны айналып-толғанып сүйе бастады. Сол жансыз, мешеу пұттардың атымен ант етіп, ұлына:

– Сағд, сен Мұхаммедтің алып келген бұл дінінен бас тартпайынша, мен нәр татпаймын. Сонан соң сен өз анасын өлтіруге себепкер болған залым атанасың, – деп пұттың арқа жағына шығып, түйіле тұнжырап отырып алды. Айтқан сөзінде тұрып, бірнеше күн нәр татпады.

Сағд ибн Әбу Уаққас (р.а.) анасын қатты құрметтеп сыйлайтын. Оның осал жағынан ұстап, буынсыз жерге пышақ ұрған анасы ұлын осылайша Исламнан бас тартқызармын деп үміттенді. Алайда анасының бұл үміті ақталмады. Бірнеше күн өткеннен кейін ұлынан мынандай кесімді жауап алды:

– Уаллаһи, анашым, егер жүз жаның болып, оларды жеке-жеке тәсілім етсең де, мен дінімнен бас тартпаймын. Қаласаң да, қаламасаң да осы.

Сағдтың райынан қайтпасына көзі жеткен мүшрік әйел аштық жариялауын тоқтатты⁹⁹.

Бұл оқиғадан соң туған анаң болса да, жұмыр басты пендеге бағынып, Аллаһқа қарсы келмеуге байланысты “Әнкәбут” сүресінің 8-ші аяты түсті:

Біз адам баласына әке-шешесіне жақсылық қылуды нұсқадық. Егер олар саған білмеген нәрселерді айтып, Маған серік қосуға тырысса, оларға (әке-шешеңе) бағынба. Түбінде маған ораласыңдар. Сол кезде сіздерге не істегендеріңізді түсіндіремін.

Сағдтың мұсылман болуын қаламаған анасы ғана емес еді. Сол тұста Мекке мүшріктері ат төбеліндей ғана мұсылмандарға зәбір көрсетіп, әр түрлі қиындықтарға душар ететін. Тіпті еркін намаз оқуларына да рұқсат етпейтін. Сондықтан да хазірет Сағд, Саид ибн Зәйд, Хаббаб ибн Әрәт және Аммар ибн Ясир төртеуі

⁹⁹ Муслим, Фадаилус-сахаба:43.

құлшылықтарын орындау үшін Әбу Лүб сайына барды. Дәреттерін алып, намаз оқи бастаған сәттерінде бір топ мүшрік оларды көріп қап, жандарына жетіп келеді. Мүшріктер оларды мазақ қылып, құлшылықтарының мағынасыз екенін айтып, шамдарына тие бастайды. Бұған төзе алмаған Сағд ибн Әбу Уаққас (р.а.) қолына түскен бір түйенің сүйегімен жасқап, оларды қууға әрекет жасайды. Түйенің қолақпандай сүйегі бір мүшріктің басына қата тимей, бата тиіп, жазатайым шекесі жарылады. Басқа сахабалар да қарап қалмай мүшріктерге қарсы ұмтылады, олар жан сауғалап қашады. Осылайша Сағд ибн Әбу Уаққас Аллаһ жолында қан төккен алғашқы сахаба болды¹⁰⁰.

Хазірет Сағд Аллаһ жолында алғаш оқ атушы болумен қатар, жаужүрек батыр да. Аллаһ жолында күресуге мейлінше ынталы болды. Ислам рухын асқақтатып, туын желбіретуге үлкен үлес қосты. Бәдір шайқасында мүшріктермен болған кескілескен ұрыста табандылық танытты. Әсіресе, Ұхұт шайқасында оның жауға кезеп атқан әр оғының зая кетпегенін байқаған Аллаһ расулы Сағд ибн Әбу Уаққасқа қолындағы жебелерді беріп:

– Әке-шешем саған құрбан болсын! Мыналарды да ат. Аллаһ сенен разы болсын, – деп дұға етті. Аллаһтың елшісі мұндай сөздерді бұрын-соңды ешкімге айтпаған еді¹⁰¹.

Сол күні сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған:

– Аллаһым, оның әр атқанын дөп тигіз. Дұғаларын да қабыл ет, – деп дұға еткен¹⁰².

¹⁰⁰ әл-Исаба, 2:290.

¹⁰¹ Муслим, Фадаилус-сахаба:41.

¹⁰² Мустәдрәк, 3:500.

Пайғамбарымыздың қасында болып бүкіл шайқастарға бастан-аяқ қатысқан Сағд ибн Әбу Уакқас қоштасу қажылығы¹⁰³ үшін Меккеге барды. Ол жерде науқастанып, төсек тартып жатып қалады. Расулаллах оның халін сұрауға барғанда, ауыр хал үстінде жатқан Сағд (р.а.) :

– Расулаллах! Көріп тұрғаныңыздай денсаулығым нашарлап барады. Менің көп байлығым бар. Бірақ қызымнан басқа мұрагерім жоқ. Байлығымның бәрін садақа қылып бағыштасам бола ма? – деп рұқсат сұрайды.

Ардақты елші (с.а.с.) бұған рұқсат етпеді. Оның тек үштен бір бөлігін ғана бағыштауын құптап:

– Үштен бірі де болады. Ол да аз емес. Аллаһ жолында берген нәрсенің бәрінің сауабын аласың. Бала-шағаңа бергенің де – садақа. Әйеліңнің сенің дүние-мүлкіңнен олжа көргені де – садақа. Отбасыңның бүтіндігі мен жағдайын жақсы қылып артта қалдырғаның – оларды басқаларға мұқтаж, тіленші етіп қалдырғаннан әлдеқайда оңды, – деді Мейірім Пайғамбары.

Бұл әңгімеден кейін хазірет Сағд:

– Расулаллах! Сіздер Мәдинаға оралсаңыздар мен бұл жерде қалай қаламын? – деді Пайғамбарымыздан (с.а.с.) жырақ қалғысы келмей. Одан жырақ қалу – дүниенің қараңғылыққа көмілуімен бірдей еді. Пайғамбарымыз оның бұл сөзіне қатты толқыды. Оған еш уайымдамауды, келешекте оның себепкерлігімен көптеген қауымдардың Исламды қабылдайтындығын айтып сүйіншіледі және былай деп дұға жасады:

¹⁰³ Хазірет Пайғамбарымыздың алғашқы және соңғы қажылығы еді. Сондықтан оған арабша – ал-хаджуль-уәдә, қоштасу қажылығы делінген.

– Ей, Раббым! Сағдқа шипа бер. Ей, Раббым! Сағдқа шипа бер. Ей, Раббым! Сахабаларымның Меккеден Мәдинаға оралуын тәмамда¹⁰⁴.

Шынында да хазірет Сағд мүшкіл науқасынан құлан-таза айығып кетті. Омар ибн Хаттабтың халифалығы кезінде қолбасшы етіп тағайындалды. Көптеген жеңістерге қол жеткізді. Бірқатар адамдардың мұсылмандықты қабылдауына мұрындық болды.

Сағд ибн Әбу Уаққастың аты аталғанда бүкіл хадис кітаптарында кездесетін мына оқиға ойға оралады.

Хазірет Сағд Аллаһ расулын жанынан да жақсы көріп, оған кішкентай да зиян келуін қаламайтын. Хижреттің алғашқы күндерінің бірінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) өміріне қаскүнем біреулердің қастандық жасауы бек мүмкін екенін ойлап көз іле алмады. “Қазір сахабаларымның ішінен ізгілерінің бірі келіп, бұл түні мені қорғап тұрса” деп Аллаһ елшісі (с.а.с.) ойлап үлгіргенше, бес қаруын асынып, мұздай құрсаған хазірет Сағдты көрді. Ол:

– Бұл жерге неге келдің? – дегенде, Сағд:

– Өз-өзімнен біртүрлі үрейленіп, сізге бір зиян келе ме деп уайымдадым. Сол себепті сізді қорғауға келдім, – деді. Бұған қуанған Пайғамбарымыз (с.а.с.) хазірет Сағдқа дұға етіп, сол түні қаперсіз көз шырымын алды¹⁰⁵.

Пайғамбарымыз дүние салғанша Сағд ибн Әбу Уаққас оның жанынан еш қалмай, адал қызмет етті. Ол Аллаһ расулының дүниеден өткеніне қатты қайғырғандардың бірі болды. Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін халифа болып сайланатын адамдардың

¹⁰⁴ Табақат, 3:144; Муслим, Уасая:8.

¹⁰⁵ Муслим, Фадаилус-сахаба:39.

арасында аты аталғанмен, әдептен озбай халифалықтан бас тартты. Бұл жүгі атан жығатын жауапты орынға Әбу Бәкір Сыддықты лайық көріп, оған алғаш серт бергендердің қатарына қосылды.

Әділеттің ізгі үлгісі Омар Фарук заманында ғұмырының ең белсенді кезеңін басынан кешірді. Сағд (р.а.) халифа Омардың (р.а.) әмірімен Иранға аттандырылатын әскерге қолбасшылыққа тағайындалды. Мықты қолбасшы Сағд ибн Әбу Уаққас Қадисия соғысында бірнеше айдың ішінде бүкіл Иран жерін бағындырды. Сол кездегі Иран астанасы Мәдәин қаласын алды. Иран шахының бай қазыналарын мұсылман мемлекетінің қазынасына қосты.

Хазірет Омар мұсылмандардың бұл жеңісіне қатты қуанды. Сағд ибн Әбу Уаққастың Иран шахының бүкіл байлықтарын кідіртпестен бірден Мәдинаға жөнелткеніне тіптен сүйсінді. Алайда Мәдәин қаласының табиғаты сахабаларға жайлы келмеді. Көптеген сахабалар науқасқа шалдықты. Сағд бұл жағдайды халифаға тез арада жеткізді. Халифа жайлы бір жер қарастырып, сол жерде қала салуын әмір етті. Хазірет Сағд әмірді алар-алмастан дереу жер қарастырып, қазіргі Куфа қаласының орнын ыңғайлы деп тапты. Халифадан оң жауап алған соң, Сағд Куфа қаласын тұрғызды. Оның бұл жетістіктерін жоғары бағалаған халифа Омар хазірет Сағдты Куфаға әкімдікке тағайындайды. Ол бұл міндетті үш жарым жыл бойы досын сүйіндіріп, қасын күйіндіріп үлкен абыроймен атқарды. Тәжірибелі қолбасшы Сағд ибн Әбу Уаққас аз уақыттың ішінде Куфа халқына өзін сыйлата білді.

Сағд (р.а.) негізінен Ұхұт шайқасында Пайғамбарымыздың ақ батасын алғандықтан, дұғалары қабыл

етілген дуалы ауыз сахаба еді. Сондықтан да ел оның қарғысынан қорқатын. Сөйтсе де кейбір әлін білмейтін әлекшіл адамдар оның үстінен халифаға арызданды. “Намаз оқуды жөнді білмейді, әскерлерді бастап соғысқа шықпайды, мүлік таратқанда тең бөліп бермейді және үкім кескенде әділдікті ұстанбайды” т.б. жаптым жала, жақтым күйемен пәк жанды қаралап бақты. Хазірет Омар Сағдтың ақ-адал екенін айтқызбай-ақ білгенімен, жалақорлардың өрекіпген көңілдерін басу үшін оларға көз қылып тексеру жүргізді. Нәтижеде оның жала екендігі анықталды. Алайда бұл оқиға Жәннатпен сүйіншіленген саңлақ сахабаға өте ауыр тиді. Ақырғы деміне дейін адалдық пен туралықтан айнымаған сахабаның жанына айықпас жара салды. Ол қолдарын көкке жайып Аллаһқа былай деп дұға етті:

– Ей, Аллаһым! Егер маған жала жапқан құлың жалған айтқан болса, оның өмірін ұзарт, бірақ тақыр қыл және басқа да қиыншылықтарға ұшыратқайсың.

Көп уақыт өтпей қарғысқа ұшыраған адам аянышты халге түсті. Екі көзі көрсоқыр болып, басына күн туды. Халық Сағд ибн Әбу Уаққастың кінәсіз екеніне көз жеткізді.

Бұл оқиғадан кейін Мәдинаға оралған Сағд (р.а.) мәселе айқындалған соң Куфаға қайтадан жіберілу жайлы ұсынысқа, “намазыма арызданғандардың басшылығын қабыл етпеймін” деп жауап беріп, бұл міндеттен бас тартты¹⁰⁶.

Болған жайтқа қапаланғандардың бірі халифа Омар болды. Ол қайтыс болмастан бұрын халифалыққа тағайындалатындардың ішіне хазірет Сағдты да қосып, айналасындағыларға:

¹⁰⁶ Бухари, Азан,95.

– Сағд халифа болып шешілер болса, әрине, бұл міндетке ол лайық. Мен оны Куфа әкімдігінен оның әлсіздігінен немесе опасыздығынан алып тастаған жоқпын¹⁰⁷, – деп хазірет Сағдтың кінәсіз екенін білдіріп қана қоймай, халифа болуға да лайық екенін айтып кеткен.

Хазірет Сағд Аллаһтың тағдырына кіршіксіз сеніп, мойынсұнған, тағдырдың бүкіл жазғанына разышылық көрсететін тақуа да тәуекелшіл еді. Аллаһтың бұйрығы сырт көзге жаман болып көрінгенімен, оның нәтижесі қайырлы болатындығын да жақсы білетін. Өмірінің соңында оның екі көзі көрсоқыр болып қалды. Оның жағдайын сұрап келгендердің бірі:

– Сен дұғасы қабыл етілетін адамсың. Өзің үшін дұға етіп көздерің ашылса болмай ма? – дегеніне:

– Дұға етсем қабыл боларын мен де білемін. Алайда, Аллаһ тағаланың маған жазғаны, көздерімнің көруінен де жақсы. Мейлі көздерім ашылса да, Аллаһ расулы болмағаннан соң кімді көрейін. Оны көрмеген соң көздерімнің көргенін не қылайын, – деп жауап берген¹⁰⁸.

Сағд ибн Әбу Уаққас бойына жақсы қасиеттерді ұясына бал тасыған арадай жинай білген сахабалардың бірі еді. Шағым айтып шағыстырушылар мен шақпа тілділерді суканы сүймейтін. Адамдардың ондай пендешілігін сол сәтте тыятын. Бір кездері жеңілмес қолбасшы Халид пен екеуінің арасында бір келіспеушілік туған болатын. Оның жағдайын сұрап келген адамның бірі даңқты Халидті жамандай бастағанда мазасы қашқан Сағд (р.а.) :

¹⁰⁷ А.Куружан, 317-318.

¹⁰⁸ Сахабилер ансиклопедиси, 1:130-131

– Ол жайлы шектен шықпа. Ол екеуіміздегі келіспеушілік арамызды ажыратпайды және сенің айтқандарыңды да құптамаймын¹⁰⁹, – деп әрі мұсылмандар, әрі басқа да адамдар үшін үлгі боларлық өнеге жасады. Елді бір-біріне қарсы айдап салудың қоғамдық өмірде олардың ара-қатынасын нашарлатып, бүлік пен бөлінушілік туғызатын әрекет екендігін көрсетті.

Аллаһ расулының көзі тірісінде Жәннатпен сүйіншіленген сахабалардың бірі болған Сағд (р.а.) хижраның елу бесінші жылында ақиқат дүниеге аттанды. Өзінің өсиеті бойынша, Бәдір шайқасында киген көйлегімен жерленді. Ол дүние салғанда күллі мұсылман қауымы қара жамылып қайғырды.

Сағд ибн Әбу Уакқас хадистердің бізге дейін келіп жетуінде үлкен үлес қосып, 270 хадис риуаят етті.



¹⁰⁹ Хаятүс-сахаба, 1:131.

Абдуррахман ибн Ауф

“Уайымдама, періштелер оған көмектесуде”.

(Хадис)

Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның біреуі – Абдуррахман ибн Ауф. Пайғамбарымызға алғаш иман еткен кісілердің сегізіншісі болған ол хазірет Әбу Бәкірдің себепкерлігімен Исламды қабылдаған. Піл жылында дүниеге келген Абдуррахман ибн Ауф Пайғамбарымызбен түйдей құрдас еді.

Мұсылман болғанға дейінгі Абдулқағба есімін Аллаһ елшісі Абдуррахман деп өзгертті. Ол әрі Эфиопия, әрі Мәдинаға hijрет ету арқылы екі бірдей даңққа ие болған сахабалардың бірі.

Меккеден Мәдинаға hijрет жасаған кезде Аллаһ елшісі мәдиналық ансар мен меккелік мұһажирлерді бауырластырды. Ансарлар меккелік бауырлары үшін өз бауырларына да көрсетпеген жақсылықтарын үйіп-төгіп, оларды үйіне, дүние-мүліктеріне ортақтастырды.

Абдуррахман ибн Ауфқа Сағд ибн Рәби бауыр деп танылды. Оның жасаған ұсынысы мәрттіктің теңдессіз үлгісі болды. Ол Абдуррахман бауырына:

– Бауырым, мен Мәдинаның ең ауқаттысымын. Мал-мүлкімнің жартысы сенікі болсын. Екі әйелім бар. Қайсысын ұнатсаң, дереу ажырасайын. Сен соған үйлен, – деді. Абдуррахман ибн Ауф та Меккенің саудамен айналысатын бай адамдарының бірі болатын. Әр адамның өзіне ғана шақ келетін шағын болмысы болмақ. Өмірдегі өз орнын аңдаған адам ғана иманын берік ұстай алады. Өйткені ол өз шамасын білгендіктен

тәубәшіл, тәуекелшіл келеді. Абдуррахман ибн Ауф та сондай адамдардың бірі. Ол өз бойына құйып қойғандай жарасатын мына жауапты жұптады:

– Бауырым, Сағд! Аллаһ сенің мал-мүлкіңе де, отбасыңа да берекет берсін. Сен маған базардың жолын көрсетсең болды¹¹⁰, – деп арқасына арқанын іліп, біреуге ауыртпашылық түсірмей, өз күнін өзі көру үшін саудаға кірісіп кетті.

Саудаға бейімі бар Абдуррахман ибн Ауф Пайғамбарымыздың оған тілеген дұғасымен аз уақыттың ішінде дәулеті шалқыған ең бай мұсылмандардың санатына қосылды. Байығаны соншалықты, жеті жүз түйені жүгімен қоса Аллаһ жолында бағыштайтын дәрежеге жетті. Өзін де таң-тамаша қалдырған ісінің берекеттігін:

– Қолыма тас алсам, оның алтын мен күміске айналғанын көрдім, – деп білдірген еді¹¹¹.

Бәдір шайқасына қатысқан Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) үлкен қаһармандық көрсетті. Пайғамбарымыз шайқастың жан беріп, жан алысқан шағында одан көз жазып қап, айналасындағылардан сұрағанда, сахабалардың бірі:

– Расулаллаһ! Оны таудың етегінде көрдім. Бір топ мүшрік оны қоршап алған екен. Оған көмектескім келді, бірақ сізге жәрдем етуге асықтым, – деген. Ардақты елші:

– Уайымдама, періштелер оған көмектесуде, – деді.

¹¹⁰ Бухари, Никах, 7.

¹¹¹ Мүснәд, 1:91 .

Пайғамбарымызбен қысқа сөйлескен әлгі сахаба Абдуррахман ибн Ауфты іздейді. Оның жеті адамды өлтіргенін көріп:

– Бұлардың бәрін сен өлтірдің бе? – деп таңырқай сұрады. Хазірет Абдуррахман:

– Мына екеуін өзім өлтірдім. Бірақ қалғандарын бейтаныс біреу жер жастандырды, – деп Бәдірдегі ұрысқа періштелердің де қатысқандығын растаған еді. Мұны естіген сахаба:

– Аллаһ пен елшісінің айтқаны рас екен – деп, Расулаллаһтың (с.а.с.) ақиқатты айтқанына куәлік етті.

Бәдір шайқасынан бастап Тәбукке дейінгі бүкіл шайқастарға жанын салып қатысқан Абдуррахман ибн Ауф Ұхұтта дұшпанға кеудесін тосып хазірет Пайғамбарымызды қорғаған адамдардың бірі еді. Жиырма бір жерінен жарақат алса да, қасық қаны қалғанша шайқасуға бекініп, Аллаһ расулын қорғауға бүкіл жанын салды. Осы ұрыста аяғынан жараланып, ақсақ болып қалады.

Сахабалардың бәрі адамзаттың Ардақтысын (с.а.с.) өз жандарынан да артық жақсы көретін. Мұны оларға үйреткен де Аллаһ расулының өзі болатын. Абдуррахман Пайғамбардан (с.а.с.) көз жазбайтын. Бір күні Пайғамбарымыздың оқшауланып жалғыз шыққанын байқап, басына қатер төнсе, қасынан табылайын деген сақтықпен, соңынан жүріп отырады. Кенет Аллаһ расулы сәждеге жығылды. Сәждесі ұзақ болғаны соншалықты, хазірет Абдуррахман жан тәсілім етпеді ме екен деп қорқып қасына жақындады. Сол сәтте Аллаһ елшісі сәждеден басын көтеріп:

Не боп қалды? – деді. Хазірет Абдуррахман:

Расулаллаһ! Сәжденіздің ұзақ болғандығы соншалық, мүбәрак рухыңызды тәслім еттіңіз бе? – деп қорықтым, – дегенде Расулаллаһ:

– Маған Жебрейіл келді. “Кім де кім саған салауат айтып сәлем жолдаса, Аллаһ тағаланың кешірімі мен есендігіне ие болады”, – деді. Мен де сондықтан шүкір сәждесін жасадым, – деді¹¹².

Хазірет Абдуррахман күндерінің көбісін ораза ұстап өткізіп, әр жылы қажылыққа баратын. Пайғамбарымыздың дұғасының берекетінің нәтижесінде ие болған ен байлығын Аллаһ жолына бағыштаған кезде қабақ шытпайтын. Бір ретінде қырық мың динар, бес жүз ат және бес жүз жүк түйесін Аллаһ жолына берді. Өзі жұпыны тұрмыс кешіп, үйінде кем-кетік пақырлар үшін үнемі дастарқан жайылатын¹¹³.

Жомарттық дегенде аты еске түсетін сахабалардың ішінде осы Абдуррахман ибн Ауф та бар. Бұл қасиетін өле-өлгенше ұстанып өтті. Осы айқын қасиеті үшін де Пайғамбарымыздың сүйіспеншілігіне бөленді.

Әнәстің (р.а.) риуаяты бойынша, бір күні Мәдинаның көшелерінде ел көшкендей дауыстар естілді. Мүминдердің анасы Айша (р.а.): “Бұл не?”, – деп сұрайды. “Абдуррахман ибн Ауфтың керуені ғой”, – деп жауап береді айналасындағылар.

Айша анамыз сол кезде: “Аллаһ елшісінің: Абдуррахман ибн Ауфты Жәннатқа еңбектеп кіріп бара жатқанын көрдім” дегенін құлағым шалып қалды”, – дейді.

Бұл сөздер Абдуррахман ибн Ауфтың құлағына жеткен кезде: “Егер Жәннатқа түрегеп кіруге шамам

¹¹² Усдул-ғаба, 2:416.

¹¹³ Усдул-ғаба, 3:314.

жетер болса, бұл керуенді жүктерімен қоса Аллаһ жолына атадым”, – деген¹¹⁴. Өмірінің соңына дейін отыз мың құлды азат етіп, Бәдір шайқасына қатысқандарға төрт мың динар беруді өсиет етіп кеткен.

Осы жомарттығын да місе тұтпай бір күні ол мүминдердің анасы Умму Сәламаға (р.а.) келіп:

– Дүниемнің көптігі мені құрдымға жетелей ме деп қорқамын, – дегенде, Умму Сәлама анамыздан:

– Алайда Аллаһ жолына жұмсалған дүние ондай емес, – деген жауабын естіп барып көңілі орнына түскендей болады.

Барын да, жоғын да Аллаһ жолында жұмсаудағы таңғаларлық жомарттығына, құлшылықта Құрани тереңдігіне, тақуалықта аса ұстамдылығына қарамастан, өзінен де жанкешті сахабаларды еске алып, “ақыретке аттануға әзірлігімді жасай алмадым” деп уайымдап жылайды екен. Күндердің бір күнінде дастарқан басында отырып:

– Менен де қайырлы Мусғаб ибн Умәйр шейіт болғанда бір шапанмен кебінделді. Басын жапқанда аяғы, аяғын жапқанда басы ашылып қалды. Менен қайырлы Хамза да шейіт болғанда осылай болды. Одан кейін байлығымыз көбейді. Жақсылықтарымыздың жемістерін бұл дүниеде тауысып, ақыретке еш нәрсе қалмай ма деп қорқамын, – деп егіліпті¹¹⁵.

Хижраның алтыншы жылында Аллаһ расулы (с.а.с.) Тәбук қаласының маңындағы стратегиялық маңызы бар Думатул-жәндәл деген жерді алу үшін жасақталған әскердің басына Абдуррахман ибн Ауфты тағайындап,

¹¹⁴ Табақат, 3:93.

¹¹⁵ Табақат, 1:403.

аттандырар кезінде Пайғамбарымыз өз қолымен басына сәлдесін орап, туды табыс еткеннен кейін:

– Алла Тағаланың атымен Аллаһ жолына аттан. Аллаһтың әмірінен аспа. Зұлымдық етпе. Балаларды өлтірме. Кәлб тайпасын Исламға шақыр. Қабыл етсе, басшыларының қызына үйлен, – деген болатын.

Абдуррахман ибн Ауфтың жүріс-тұрысымен ақ Исламдық құндылықтардың қасиетін өз ойымен бойынан көрсетуі арқасында, христиандардың көбісі Исламды қабылдап, қабылдамағандар да жизия¹¹⁶ салығын төлеуге көнді. Абдуррахман ибн Ауф Пайғамбарымыздың айтуымен Исламды қабылдаған Кәлб руының басшысы Исбағ ибн Амрдің қызына үйленді.

Аллаһ елшісінің көзі тірісінде пәтуа берген сахабалардың санатында болған хазірет Абдуррахман Тәбук соғысында Пайғамбарымыз да арасында болған жамағатқа намаз оқытты. Пайғамбарымыз бір мезет жамағаттан айырылды. Таң намазының шығатын уақыты да таяп қалған соң, сахабалар Абдуррахман ибн Ауфты имамдыққа өткізіп, намазға тұрды. Пайғамбарымыз осы намазға қосылып, Абдуррахманның артында намаз оқыды. Намазды бітірген соң Пайғамбарымыз (с.а.с.): “жақсы оқыттың, дұрыс істедің” деп ілтисіпатын білдірді¹¹⁷. Осылайша ол хазірет Әбу Бәкір (р.а.) сияқты Пайғамбарымызға намаз оқытқан сахабалардың бірі болу құрметіне ие болды.

Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) Пайғамбарымыздың мәңгілікке сапарынан кейінгі тарихи оқиғалардың бел

¹¹⁶ Мұсылман мемлекетінде өмір сүретін мұсылман емес халықтардан оларды қорғау үшін алынатын салым.

¹¹⁷ Муснәд, 4:247.

ортасында жүрді. Әбу Бәкір Сыддықтың халифалығы тұсында кеңес мүшесі болған ол халифа Омардың дәуірінде де бұл міндетін жалғастырды. Әбу Бәкір мен Омардың (р.а.) ең жақын көмекшісі әрі кеңесшісі еді.

Хазірет Омар қайтыс болар кезінде өзінен кейін халифалық лауазымға лайық деп тапқан адамдардың бірі осы Абдуррахман ибн Ауф еді. Халифаның тағайындалуында жетекші рөл алды. Ол үш күн қатарынан әрі халықтың, әрі сахабалардың көзқарастарын танып білгеннен кейін хазірет Османды халифа етіп тағайындау керектігін айтып, халифаға алғаш ант берді. Барлығы оның пікірін құптап, Осман (р.а.) халифа болып тағайындалды.

Өмірі дастанға толы Абдуррахман ибн Ауф хижраның жиырма бірінші жылында қайтыс болды. Оның жаназа намазын халифа Осман оқыған. Жаназасын алып бара жатқанда Сағд ибн Әбу Уакқас: “Ей, таудай алып!” деп, хазірет Абдуррахманның (р.а.) дәрежесінің биіктігіне сүйсінеді.



Әбу Үбәйда ибн Жәррах

“Әр үмбеттің бір сенімдісі бар. Ислам үмбетінің сенімдісі – Әбу Үбәйда ибн Жәррах”.

(Хадис)

Исламмен алғаш табысып, Жәннатпен сүйіншіленген бақытты кісілердің бірі – осы Әбу Үбәйда. Азан шақырып қойған аты – Амир, лақап есімі – атасының атына байланысты Әбу Үбәйда ибн Жәррах деген атпен танымал болды. Шежіресі жетінші атада хазірет Пайғамбарымызбен (с.а.с.) туыстығы бар.

Ардақты елші (с.а.с.) “Әр үмбеттің бір сенімдісі бар. Ислам үмбетінің сенімдісі – Әбу Үбәйда ибн Жәррах”¹¹⁸ деп оны мақтаған. Әлбетте, Пайғамбарымыздың сахабаларының бәрі сенімді әрі әділетті. Алайда кейбір дара қасиеттер сахабалардың дәрежесін айқындауда үлкен рөл ойнайды. Сондықтан да Пайғамбарымыз сенімділік сипатының Әбу Үбәйда да көбірек көрініс тапқандығын атап көрсеткен. Ибн Хиббан Әнәс ибн Маликтен риуаят еткен бір хадисте хазірет Пайғамбар (с.а.с.): “Үмбетімнің ең мейірімдісі – Әбу Бәкір, ең каталы – Омар, ең ұялшағы – Осман, халал мен харамды ең жақсы білгені – Муаз ибн Жәбәл, мирас ілімін ең жақсы меңгергені – Зәйд ибн Сәбит, Құранды ең дұрыс оқитыны – Үбәй ибн Қағб, ең сенімдісі – Әбу Үбәйда” деп нақтылаған.

Исламды қабылдағаны үшін – жас болғанына қарамастан – мүшрік әкесі Әбу Үбәйданы үйінен қуды. Ең қиын шарттар мен шақтарда дініне опасыздық

¹¹⁸ Муслим VII, 6 127; Ибн Маже, I, 136.

жасап орта жолда тастап кетпеуге бар күшін салды. Эфиопияға hijрет етуге жол ашылған кезде мүшріктердің зәбірліктері мен зұлымдықтарынан құтылу үшін hijрет етті. Кейін Мәдинаға hijрет етіп, Расулаллаһтың (с.а.с.) қасына барды. Пайғамбарымыз мұһажирлер мен ансарларды бауырластырған кезде оның бауыры Сағд ибн Муаз болды.

Қаһарман сахаба, ержүрек жауынгер хазірет Әбу Үбәйда бүкіл шайқастарда Пайғамбарымызбен бірге болды. Ислам тарихындағы ең маңызды Бәдір шайқасында жеңіске жету жолында бар күш-жігерін салды. Бұл шайқаста мұсылмандарға қарсы шептегі мүшріктердің арасындағы әкесі Абдуллаһпен бетпепет келеді. Әкесі ұлы қайда барса, сонда барып, артынан қалмай, өз баласын өлтіруге жанын салды. Әбу Үбәйда болса, мүшрік әкесін өлтіріп алмау үшін одан алапестен безгендей қашты. Алайда әкесінен қашып құтыла алмады. Хазірет Әбу Үбәйда дін мен әкесінің біреуін таңдауына тура келді. Ол дінін таңдап, өзін өлтірмекші болған әкесін өлтіруге мәжбүр болды. Бұл оқиғаға байланысты: *“Аллаһқа, ақырет күніне иман келтірген бір елдің аталары, не балалары, яки туыстары немесе ағайындары болса да Аллаһқа, Оның Елшісіне қарсы келгендерді сүйгенін көрмейсің. Міне, Аллаһ солардың жүректеріне иман жазған, әрі өз жағынан бір нұрмен қолдаған. Және оларды астынан өзендер ағатын, әрі онда мәңгі қалатын пейіштерге кіргізеді...”*¹¹⁹ деген аят түскен.

Ұхұт шайқасында Пайғамбарымызға шабуыл жасаған мүшріктер Аллаһ елшісінің бетін жарақаттап, тістерін сындырды. Пайғамбарымыздың дулығасынан

¹¹⁹ Мүжәдәлә, 22

үзілген екі темір бетіне қадалды. Әбу Үбәйда Пайғамбарымыздың (с.а.с.) халіне төзе алмады. Пайғамбарымыздың бетіне қадалған темірлерді тісімен суырған кезде, оның екі тісі сынды¹²⁰.

Йемендіктер Пайғамбарымыздан Исламды және сүннетті үйрететін мұғалім сұрағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға осы Әбу Үбәйданы (р.а.) жіберген.

Әбу Үбәйда саф жүректі, Аллаһ елшісінен алған кез келген бұйрықты екі етпейтін жан еді. Сәләсил оқиғасында Амр ибн Ас Әбу Үбәйда мен оның қасындағыларға өз қол астына кірулері жайлы ұсынысына қарсы шықпады. Амр ибн Асқа Пайғамбарымыздың “Амр ибн Аспен таласқа кірме” деген сөзін еске салып “сен мені тыңдамасаң да, мен сені тыңдаймын”¹²¹ деп оның әміріне мойынсұнды.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Хабат шайқасында Әбу Үбәйданы үш жүз кісілік жасаққа қолбасшы етіп жіберді. Жолда тамақтары таусылғанда бірнеше күн екі жүз құрмамен, ағаш жапырақтарын сулап жеп күнелтті. Арабтар бұл жапырақтарды «хабат» деп атайтындықтан, тарихта Хабат шайқасы деген атпен қалды. Талғажау етер қорек болса да жоқ. Қаптың түбі тесілген. Олар жағалауға таяғанда үлкен бір балықтың судың жиегінде жатқанын көреді. “Өлмегенге өлі балық кезігеді” демекші, ол балықты бірнеше күн азық етеді. Мүшріктердің керуендерін бақылау үшін жіберілген жасақ міндеттерін атқарып аман-сау қайтып келді¹²².

¹²⁰ Усдул-ғаба, 3:85.

¹²¹ Муснәд, 1: 196.

¹²² Бухари, бабу ғазуати сейфиль бахр, тәжридис-сарих, ауд., X, 364-367.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салғанда мүминдер хазірет Әбу Бәкір, Омар және Әбу Үбәйданы халифалыққа лайық деп тапқан еді. Хазірет Пайғамбар бір хадисінде хазірет Әбу Бәкір және Омардан кейін Әбу Үбәйданы “қандай жақсы адам”¹²³ деп оның мақтауға лайық, қадірлі тұлға екенін айтып кеткен.

Хазірет Әбу Бәкір халифа сайлар кезде Омар Фарук пен Әбу Үбәйданың қолдарынан ұстап, мүминдердің осы екеуінің бірін халифа етіп тағайындауларын ұсынды. Ол екеуі болса Әбу Бәкірді (р.а.) лайық көріп, соған серт берді.

Хазірет Әбу Үбәйданың басшылық қабілетін, парасаттылығын жоғары бағалаған халифа Омар оны өзінен кейін халифа болып сайлануға ең лайық адам деп тапқан еді. Омар ибн Хаттаб “Егер Әбу Үбәйда тірі болғанда, соны сайлар едім. Өйткені, Аллаһ оны неге таңдағанымды сұрар болса, Аллаһ расулы ол жайлы “үмбеттің сенімдісі” дегенін естігенімді айтар едім...” деген болатын¹²⁴.

Әбу Бәкір Сыддықтың халифалығы кезінде ол Сирияны алу үшін жасақталған әскерге қолбасшы болып тағайындалды. Хумус, Сирия және Антакияға дейінгі жерлер Әбу Үбәйда бастаған Ислам әскерлерімен алынды. Одан кейін Иерусалимді қоршауға алған Әбу Үбәйда ибн Жәррах иерусалимдіктерді бейбіт бітімге көндірді. Бірақ иерусалимдіктер бейбітшілік келісімін тек Омар Фарукпен жасайтындықтарын айтты. Әбу Үбәйданы Мәдинаға жіберді. Хазірет Омар Әлиді (р.а.) орнына қалдырып, ұзақ жолаушылықтан кейін Иерусалимге аман-есен жетіп, ол жердің кілтін қолына алды.

¹²³ Тирмизи, Манақыб:33.

¹²⁴ А.Куружан, 150-151.

Омардың халифалығы тұсында мұсылмандардың арасында аштық белең алды. Хазірет Омар әкімдерден жәрдем сұрады. Оған алғаш жәрдем еткен де Әбу Үбәйда болды. Сирияның әкімі болған ол төрт мың жүк артқан керуенді Мәдинаға өзі бастап барып, халыққа бөліп берді.

Қанағатпен-ақ қарын тойғызып, жұпыны тірлік кешті. Хазірет Омар оған үйіне шақыруын өтінген. Ондағы ойы – өзінің тағайындаған әкімінің тұрмысын өз көзімен көру еді. Олар әдейілеп Әбу Үбәйданың үйіне барады. Табалдырықтан аттағанда мүминдердің әміршісі қылыш, қалқан және бірнеше үй жарағынан басқа мүлік көре алмады. Хазірет Омар:

– Бұдан басқа еш нәрсең жоқ па? – дейді.

– Бұлар менің қажетіме жетеді. – Оның бұл жүдеу тұрмысына толқыған халифа Омар:

– Ей, Әбу Үбәйда! Дүние бәрін өзгертті, бірақ сені өзгерте алмапты-ау¹²⁵, – деді.

Хазірет Әбу Үбәйда қолына түскенін мұқтаж кісілерге таратып беретін аса жомарт жан еді. Бірде хазірет Омар оған шапқыншысы арқылы төрт жүз дирхам беріп жібереді. Ол шапқыншысына “ақшаны не істейді екен, байқап көрші” деп тапсырады. Әбу Үбәйда қолына ақша тиер-тиместен соңғы тиынына дейін мұқтаждарға таратып берді.

Өз міндетіне адал, Аллаһ елшісіне сүйіспеншілігі шексіз Әбу Үбәйда (р.а.) қол астындағыларды өз балаларындай көріп, қанаттыға қақтырмайтын, тұмсықтыға шоқытпайтын. Оның мейрімділігін тек мұсылмандар ғана емес, христиандар да көрді. Сондықтан да христиандар оған адал қызмет етті.

¹²⁵ Исәбә, 2:254; Усдул-ғаба, 3:85.

Сол кездегі жалпы мұсылман қоғамының өзге дінді ұстанған басқа да халықтар қалай қабылдағанын баяндау үшін тарихта болған мына оқиғаны айта кеткеніміз жөн.

Халифа Омардың тұсында Әбу Үбәйда Сирияның әкімі болып тұрды. Рим императоры Геракл Сирияны өзіне қаратып алуға тырысты. Бұл кезде Әбу Үбәйданың айналасына аз ғана әскер топтасқандықтан, қаланы жаудан қорғау мүмкін емес-ті. Дереву Сирия тұрғындарын жинап алып “сіздерден жизия салығын алдық. Сол себепті сіздерді жаудан қорғауымыз керек болатын. Алайда дәл қазір бізде жауға төтеп беретін күш жоқ. Сіздерді қорғай алмайтындықтан жизия салығын қайтарып беруді жөн көрдік. Өйткені, бұл жағдайда оның бізде болуы дұрыс емес”, – деді.

Жиналған салық иелеріне қайтарылды. Бұл оқиғаға куә болған христиан дін адамдары шіркеулерді лықа толтырып, мұсылмандардың жанын аман алып қалуын Жаратқан Иеден жалбарына сұрады. Христиан діндарлары күллі шіркеуді күңіrentіп былай дұға оқыды: Мұсылмандармен бірге бізді қанқұйлы Гераклдың жауыздығынан құтқара гөр»¹²⁶ деп мұсылмандар үшін көз жастарын көлдетті.

Ислам үмбетінің шынайы иманға ие болып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әкелген діні бойынша жүрген кездегі тарихта алған орны мен қалыптастырған көзқарасы осындай болатын.

Үмбеттің сенімдісі Әбу Үбәйда Сирияға билік құрған тұста тарихта “әмуэс обасы” деген атпен белгілі болған оба індеті қамысқа тиген өрттей лап ете қалды. Ол өңірде обаның шыққанын естіген хазірет Омар оған

¹²⁶ Әбу Дауд, Әдәб, 164; Муснәд, 1/404.

Мәдинаға қайтуын өтініп хат жолдайды. Әбу Үбәйда “бауырларымнан айырыла алмаймын” деп сол жерде қалып қояды. Ақырында обаға шалдығып, шейіт болады. Бұл обадан басқа да көптеген сахабалар баудай түседі. Әбу Үбайда өзінің орнына Муаз ибн Жәбәлді қойдырып, мына өсиетті айтады:

“Намаздарыңды оқып, оразаларыңды ұстап, садақаларыңды беріп, қажылықтарыңды өтендер. Бір-бірлеріңізге қамқор болып, басшыларыңызға бағынып, оларға адал қызмет етіндер. Дүние сізге опық жегізбесін. Адам мың жыл өмір сүрсе де, көретін нәтижесі мынау: Аллаһ адамдардың пешенесіне өлімді жазған, сондықтан бәрі де өледі. Адамдардың ең ақылдысы – Аллаһқа бағынып, ақырет үшін еңбек еткен адам. Бәріңізге Аллаһтың есендігі мен мейірімін, кешірімі мен берекетін тілеймін...”¹²⁷

Сирияның әкімі болып тұрған кезде сол жердің халқы түгел Әбу Үбәйданың әділ басшы екеніне бірауыздан куәлік еткен. Ол хижраның он сегізінші жылында дүниеден өтті. Оның мүбәрак сүйегі қазіргі Йорданияның Бәйсин аймағындағы өзінің атымен аталатын елді-мекенде жатыр. Аллаһ оған разы болсын!



¹²⁷ А. Рафет әл-Бәша, Сахаба хаятындан таблолар, ауд. Т. Узун, Анкара, 1991, 1:78.

Талха ибн Ұбайдұллаһ

*“Аллаһ тағалаға шүкір! Пайғамбарым аман болсын,
басқа қиындық түк те емес”.*

(Талха ибн Ұбайдұллаһ)

Екі жаһан сардары хазірет Мұхамметтің (с.а.с.) “Талха мен Зүбәйр – Жәннаттағы қоңсыларым” деп ілтипат білдірген, көзінің тірісінде мәңгілік бақытпен сүйіншіленген он сахабаның бірі – Талха ибн Ұбайдұллаһ.

Батырлығымен қоса сансыз асыл қасиеттерімен Аллаһ пен елшісінің марапатына ие болған Талха ибн Ұбайдұллаһ, әсіресе, Ұхұт ұрысындағы ерлігімен ғасырлар бойы қастерленіп еске алынды. Ақиық пайғамбардың (с.а.с.) ең жақын, хас сахабаларынан болып, бүкіл ғұмырын Ислам жолында пида еткен хазірет Талха төрт халифаның тұсындағы кеңес мәжілісінің де тұрақты әрі белді мүшелерінен еді.

Талханың (р.а.) мұсылман болуына сауда сапары себеп болды. Басрада болған кезінде бір поп:

– Іштеріңізде Меккеден келгендер бар ма? – деп сұрады. Талха ибн Ұбайдұллаһ:

– Иә, мен Меккелікпін, – деді.

– Ахмет келді ме?

– Ахмет деген кім?

– Абдуллаһ ибн Әбдулмүттәліптің ұлы. Меккеден келгендерді іздеген себебім, сол жерден шығатын Пайғамбарлардың ең ақырғысының келген-келмегенін сұрастырып білейін деп едім. Өзі сол қасиетті жерден қуғындалып, құрмасы мол, тастақты және аңқа кептірер

аптап есілген жерге көшеді, – деді поп. Бұл поп хазірет Пайғамбардың (с.а.с.) келуін өз кітаптарынан оқып біліп, оны күткен, ақиқатқа көзі ашық кісілердің бірі еді. Мәлім болғандай Пайғамбарымызға пайғамбарлықтың берілуі қарсаңында ол нұрды асыға күткендер болған еді. Өйткені, Аллаһ тағала Тәурат пен Інжілде ақыретке дейінгі аманатты жеткізуші соңғы Пайғамбардың келетіні жөнінде айтқан.

Поптың айтқандары Талханы үлкен ойға жетелеп, көңіліне қанат бітірді. Меккеге келе сала бұл хабар жайлы жөн-жосық сұрай бастады. Ол Абдуллаһтың ұлы Мұхаммед әл-Әминнің пайғамбарлығын жариялағандығын және Әбу Бәкірдің оған ергенін естіді. Алғаш иман ету бақытына ие болған Әбу Бәкір Сыддыққа барып:

– Сен Мұхаммедке ердің бе? – деп сұрағанда, хазірет Әбу Бәкір:

– Иә. Сен де оған барып, Соның айтқанына мойынсұн. Өйткені, ол ақиқат пен шындыққа шақырады, – деді. Екеуі Пайғамбарымызға бірге барады. Ардақты елшімен (с.а.с.) алғашқы кездесуінен кейін-ақ жүрегіне иман ұялап, көңілі нұрға толып, мұсылман болады¹²⁸.

Қалай мұсылмандықты қабылдайды, солай мүшріктердің табалауына түседі. Оған қысым көрсетушілердің басында өзінің мүшрік бауыры да бар. Аспан айналып жерге түскендей аптап ыстықта қаталап шөлдеген оны көшеде адақтатып азаптайды. Қорлық пен зорлықтың ешқайсысына мойымай, иманы одан сайын күшейе түсті.

Хазірет Талха Бәдір шайқасына қатыса алмады. Өйткені, Пайғамбарымыз хазірет Талха мен Саид

¹²⁸ Усдул-ғаба, 3:59 ; Табақат, 3:215.

ибн Зәйд екеуін Әбу Суфиянның басшылығындағы мүшріктердің керуені жайлы мәлімет алып келуі үшін барлауға жұмсаған еді. Олар қайтып оралғанша, Бәдір шайқасы бітіп, мұсылмандар алғашқы жеңістеріне жетіп, масайрап жатты. Өзіне жүктелген басқа тапсырмамен жүріп ұрысқа қатыса алмаса да, Пайғамбарымыз оларға ұрыста бастан-аяқ болған жауынгерлердің үлесімен бірдей олжа береді. Ардақты елші оларды соғысқа қатысқандай сауап алғандықтарын сүйіншілеп көңілдерін марқайтты¹²⁹.

Жоғарыда айтқандай Ұхұт шайқасында хазірет Талханың қаһармандығы аңызға айналды. Ақиқаттың ақ таңы атса да, оның алғашқы хабаршы сәулесінің күнін сөндіруге тырысқан мүшріктер Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіруге бар күштерін сарықты. Сүйікті елшінің амандығын көздерінің қарашығындай сақтауға ант бергендер серттерінде тұрды. Оны жаудың бұршақтай бораған оғынан қорғау үшін өз денелерін қалқан еткен қаһармандардың ішінде Талха ибн Ұбайдұллах та бар еді.

Ұхұт шайқасының жан берісіп, жан алысып жатқан шағында мерген Малик ибн Зүхейрдің Расулаллаһты көздегенін байқап, оққа қолын тосады. Аллаһ елшісіне ажал құштыра жаздаған оқ Талханың бармағын жаралайды. Осылайша Аллаһ елшісінің өмірін сақтап қалды. Пида болған бір бармақ нәтижесінде сақталып қалған Ардақты елшінің өмірі болғандықтан, Талха (р.а.) кеткен бармағын ойлап қайғырған да жоқ, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аман қалғанына қатты қуанды.

Хазірет Талха бірнеше жерінен жарақат алғанына қарамастан Аллаһ елшісін бір сәт болса да, жалғыз та-

¹²⁹ Табақат, 3:382-383.

стамады. Алайда қан көп кеткендіктен есінен танып қалады. Пайғамбарымыз оны хазірет Әбу Бәкірге тапсырды. Бетіне су бүріккен кезде есін жинаған ол, көзін ашар-ашпас:

– Расулаллаһ қалай? – деп сұрады. Басын сүйеп отырған Әбу Бәкір (р.а.) :

– Аллаһқа мың да бір шүкір. Өте жақсы. Мені саған Расулаллаһ жіберді, – дегенде, демін терең алып:

– Аллаһ тағалаға шүкір! Пайғамбарым аман болсын, басқа қиындық түк те емес, – деді. Шамалыдан кейін Пайғамбарымыз (с.а.с.) хазірет Талханың қасына келді. Қолдарын көкке жайып:

– Аллаһым, оның жанына шипа, бойына қуат бер, – деп дұға жасады. Пайғамбарымыздың дұғасынан кейін хазірет Талха түк болмағандай ширақ қимылдап, қайтадан суға сүңгігендей ұрысқа қойып кетті.

Ұхұт шайқасында Талха (р.а.) көп жерінен жарақат алады. Хазірет Талханың жанқиярлығы мен ерліктеріне сүйсінген Пайғамбарымыз оған “Талхатул-хайр” (Қайырлы Талха) деген лақап берді. Мұнымен қоса:

– Талхаға Жәннат уәжіп болды. Талха Жәннатқа кірерлік іс жасады¹³⁰, – деп оның сүйіншісін паш етті.

Хазірет Талха өзін шадыман-шаттыққа бөлеген бір оқиғаны былайша баяндаған еді:

“Сахабалардың біреуі күндердің бір күнінде Аллаһ елшісінен: *“Мүминдердің ішінде сондайлары бар... олар Аллаһқа берген сөздерінде тұрды. Олардың кейбіреулері жандарын пида етті, кейбіреулері бұл абыройды (шейіт болуды) күтуде”* деген аяттағы *“шейіт болуын күткендердің”* кімдер екенін сұрады.

¹³⁰ Табақат, 3:217-220; Мустәдрәк, 3:374.

Алайда Пайғамбарымыз жауап бермеді. Сол кезде үстіме жасылдан киім киіп мен мешітке кірдім. Расулаллах (с.а.с.) мені көріп: “Жаңағы сауал сұраған қайда?”, – деді. Сахаба: “Мұндамын, Расулаллах”, – дегенде, мені нұсқап: “Міне, мынау шейіт болуды күтушілердің бірі”, – деген еді¹³¹.

Хазірет Талха Пайғамбарымыздың дәуірінде Бәдірден өзге бүкіл шайқастарға қатысты.

Талха ибн Ұбайдұллаһ батырлығымен қоса дәулетті де болатын. Меккеде саудамен айналысқан ол, Мәдинаға көшкеннен кейін диқаншылықты кәсіп етеді. Дәулеті жеткенмен, нағыз тақуаның жұпыны тірлігін қанағат тұтты. Қылышымен қалай соғысса, мал-мүлкімен де солай шайқастарға қатысты. Тәбук соғысына дайындалған әскерді жасақтауға басқа сахабалар сияқты ол да қуана-қуана қатысты. Байлығының ауқымды үлесін жихадқа дайындалған әскерге беру үшін Пайғамбарымызға келіп:

– Бұл Талханың кішкене ғана сыйы, – деп әкелгендерін берді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оның бұл жомарттығына сүйсініп:

– Уа, Талха! Сен өте жомартсың, – деді.

Тағы бірде жиһадқа шыққан мүминдердің сусыз қалмауы үшін Зуль-Қарадә соғысында бір құдықты сатып алып, оларға сыйға береді. Хунәйн шайқасында көрсеткен ерлігі мен жомарттығына дән разы болған Аллаһ расулы оған “Талхатуль-жуд” (Жомарт Талха) деген лақап тағады.

Талха ибн Ұбайдұллаһ жетім-жесір, кедей десе ішкен асын жерге қоятын абзал жанды адам болатын. Тейімүлдарының мұқтаж адамдары тегіс оның

¹³¹ Хилятуль-әулия, 1:187.

қоластында болды. Ол жағдайы жоқтарды үйлендіріп, қарызданғандардың қарыздарын өтейтін еді. Тек жыртқыштық үстемдік ететін жырынды қоғамда дәулетті, бай адамдардың кембағалдарға қол ұшын беріп жәрдем етуі сол қоғамдағы әділетсіздік, ұрлық-қарлық пен зұлымдықтың саябыр табуына, ептеп те болса түзелуіне септігін тигізері сөзсіз. Сахабалар өмірі – жалпы адамзат үшін үлгіге толы ғұмыр.

Хазірет Талха жомарттығымен бірге келгендерді кеудесінен итермейтін, есігі ашық, дастарқаны жаюлы тұратын өте қонақжай еді. Бір күні мұсылмандықты қабылдағандарына көп бола қоймаған екі кісі үйінде қонақ болады. Олардың біреуі екіншісіне қарағанда мінәжатына мінсіз қарайтын адам еді. Бұл кісі бір уақыттан кейін шайқастардың бірінде шейіт болады. Екіншісі одан бір жыл кейін қайтыс болды. Хазірет Талха бұл екеуін Жәннатқа кіруге кезекте тұрғанын түсінде көреді. Алғашқы кезек екінші қайтыс болғанға беріліпті.

Ертеңінде таңертең Талха ибн Ұбайдұллах Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп түсін айтып берді. Пайғамбарымыздың қасында отырған сахабалар таңырқап, мұның сырын сұрады. Пайғамбарымыз олардың сұрақтарына сұрақ бере отырып, әңгіме бастады:

– Кейін қайтыс болған адам әуелгіден бір жыл ұзақ өмір сүрді, солай емес пе? – дегенде сахабалар:

– Иә, Расулаллах, – деді.

– Бұл кісі Рамазан айына үлгеріп оразасын ұстады ғой?

– Иә.

– Ол кісі бір жыл артық ғибадат жасаған жоқ па?

– Иә.

Пайғамбарымыз басқа да амалдары жайлы сұрап, сахабалардан “иә” деген жауап алғаннан кейін былай деді:

– Олай болса, екеуінің арасында жер мен көктей айырмашылық бар¹³².

Хазірет Талха жүзі жылы, түсі игі ақкөңіл жан еді. Адамдар бір нәрсе сұраса мүмкіндігінше олардың қолын бос қайтармайтын. Өзіне жасалған қандай да бір жақсылықты азсынбай, үнемі алғысын жаудыратын. Оның осындай асыл қасиеттерін білген көркем мінезді және ардақты әйелдердің бірі Үммү Әбан атты әйел басқа да сахабалардың көңіл білдіргеніне қарамастан, ол хазірет Талханы таңдайды.

Жүрегінің жұмсақтығы сондай, Пайғамбарымыз дүние салғанда кейбір сахабалар халифаның кім болатынын талқылай бастаған кезде, ол бір бұрышқа тығылып ап, көңілі алай-дүлей болып, нұрын шашқан шуақты күн сөніп, суып сала берген әлемнен өгей күй кешіп, қимастықпен Аллаһ расулын (с.а.с.) жоқтап жылау үстінде болды.

Ол хазірет Әбу Бәкірдің халифалығын қабыл етіп, оның кезеңінде ақылдастар алқасының құрамында болды. Мұсылмандар бас қатыратын мәселеде Талханың кеңестеріне құлақ түретін. Мемлекетті екі жыл басқарған Әбу Бәкір Сыддық әл үстінде жатып, өзінен кейін кімді халифа етіп тағайындау керектігі жайлы сахабалардың көзқарастарын сұрады. Талха ибн Ұбайдұллаһтан ойын сұрағанда ол, бұл орынға тағайындалуға қара-қылды қақ жарған әділ Омарды лайық көретінін айтты.

¹³² Муснәд. 1:163.

Хазірет Омардың халифалығы тұсында да үнемі ақылдастар алқасында болып, қиын мәселелердің оңтайлы шешілуіне үлесін қосты.

Қайтыс болмастан бұрын Омардың (р.а.) өзінен кейін халифа болсын деген адамдардың қатарында хазірет Талха да бар болатын. Алайда ол бұл ұсыныстан бас тартып, Осман ибн Аффанды жөн көрген. Оның халифалықтан бас тартуы бекзаттықтың ен тағылған ерен белгісіндей ғой. Өйткені, хазірет Омардың тұсында Ислам мемлекетінің көлемі мейлінше ұлғайып, беделінің де күшейіп, дәулетке кенелген шағы еді. Осындай мерейлі мемлекетті басқаруға әркімнің-ақ құштар болары сөзсіз. Алайда Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ізгі тәрбиесін көріп, қара бастан гөрі халықтың игілігін алдыңғы орынға қойған хас сахабалардың дүниеге, билікке деген ұстанымдары осындай еді. Олар Ислам мемлекетінің бүтіндігі мен беделін бірінші кезекке қойды.

Осман Зун-нурәйннің кезеңінде мұнафықтардың бүлігіне қарсы тұрып, үнемі халифаны қорғады. Алайда бүлікшілердің әрекеттеріне төтеп беру өте қиын еді. Талха ибн Ұбайдұллах та Жәмәл шайқасында мұнафықтардың қолынан қаза тауып, шейіт болды.

Хазірет Әли соғыс алаңын аралап жүріп, Пайғамбарымыздың көптеген мақтаулары мен марапаттарына ие болған асыл ер Талханы (р.а.) шейіттік шәрбаттан татқандардың арасынан көріп, өліміне қатты қайғырып, көз жасын төкті. Оның әлі суи қоймаған денесін құшағына алып тұрып:

– О, Талха, жымыңдаған жұлдызға толы бұл аспанның астында сенің топыраққа көмілуңді көру менің жаныма қатты батады. Әттең-ай, әттең, мен жиыр-

ма жыл бұрын көз жұмып, бұл күнді көрмегенімде ғой,¹³³ – деді қараңғы түнде жол сілтер жарық жұлдыздардың бірінің аспаннан ағып өткенін кеудесіне сыйдыра алмай.



¹³³ Сахабилер ансиклопедиси, 1:114.

Зүбәйр ибн Әууәм

“Әке-шешем жолыңда құрбан болсын, ей, Расулаллаһ!

*Сені өлтірілді деп естідім. Мүширіктерге сазайын
тартқызайын деп бара жатқан едім”.*

(Зүбәйр ибн Әууәм)

Пайғамбарымыздың: “Әр пайғамбардың көмекшісі бар, менің көмекшім – Зүбәйр”¹³⁴ деп мақтаған Зүбәйр ибн Әууәм – Исламға алғаш көңіл ашқан бақыттылардың бірі. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ақиқатты жаю жолындағы ең жақын жолдастарының қатарынан табылды. Пайғамбарымызбен (с.а.с.) әрі шешесі, әрі Хадиша анамыз жағынан туыстығы бар. Анасы – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) апайы (әкесінің әпкесі) Сафияя, әкесі – Әууәм болса Хадиша анамыздың бауыры.

Зүбәйр ибн Әууәм 14-15 жасында Исламды қабылдады. Ол Исламды қабылдаған кезде мұсылмандардың санаулы-ақ кезі.

Әкесінен жастай айырылған Зүбәйрді анасы өзі тәрбиелеп, өмірдің тауқыметтерінен жеңілмеу үшін оны темірдей тәртіппен ұстады. Ара-тұра, оның тұщы етіне ащы таяқ тигізіп, сазайын тартқызып сабап та алатын. Мұны көріп оған: “Байғұс баланы неге сонша қинайсың, өлтіретін болдың ғой”, – дегендерге:

“Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды. Мен баламды жек көргендігімнен ұрмаймын, оның келешекте ақылды, жаужүрек, дұшпан әскерін ойсырата жеңіп,

¹³⁴ Муслим, фадаилус-сахаба:48.

олжа әкелер қаһарман болып өсуі үшін тәрбиелеймін”¹³⁵, – дейді екен.

Шешесінің бұл тәрбиесі хазірет Зүбәйрдің келешектегі қиыншылықтарға төтеп беруде, өмір бойы ақиқатқа араша түсіп, бұл жолда ешнәрседен шімірікпеуінде үлкен көмек берді. Немере ағасы оны дінінен бас тартқызу үшін асып қойып, отқа қақтап, талай қинады. Зүбәйр ибн Әууәм “Аға, не істесең де, бұдан кейін өмір бақи күпірлікке қайта кірмеймін”, – деп қайсарлықпен табан тіреді¹³⁶.

Жүрегін кір басып, ақиқаттың шырағына көздерін бітеп алған Мекке мүшріктерінің мұсылмандарды азаптауы шегіне жеткенде, «Пайғамбарымыз (с.а.с.) өлді» деген суыт хабар құлағына келіп жетті. Жастығына қарамастан, мәселенің анық-қанығына әлі көз жеткізбестен қылышын жалаңдатып, мүшріктерге қарсы біленіп, олардың көкесін көзіне көрсетпек болып жолға шықты. Жолда оны көрген Пайғамбарымыз (с.а.с.) :

– Не боп қалды, Зүбәйр? – деп сұрады.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тірі екенін көріп, өз көзіне өзі сенбей, аң-таң болған Зүбәйр:

– Әке-шешем жолыңда құрбан болсын, ей, Расулаллаһ! Сені өлтірілді деп естідім. Мүшріктерге сазайын тартқызайын деп бара жатқан едім, – деді. Пайғамбарымыз оның бұл әрекетіне сүйсініп, көңілін орнына түсіріп, оған бата берді¹³⁷.

Осылайша күпірлікке қарсы алғаш қылышын қынынан суырған сахаба хазірет Зүбәйр болды.

¹³⁵ Табақат, 3:101.

¹³⁶ Хильятуль-әулия, 1:89.

¹³⁷ Усдул-ғаба, 2:197.

Ақиқаттың даңғыл соқпағына түскен Зүбәйр мүшріктердің талай құқайы мен қоқанын көрді. Қызық болғанда бұл қиыншылықтар оны алып түсер алмас қылыштай жаныды. Сөйтсе де мүшріктер оны қанша қинап бакса да, мұқалта да, мұқата да алмай дымы құрыды.

Аллаһ үшін ел-жұртын тастап Эфиопияға хижрет еткен алғашқы топтың ішінде хазірет Зүбәйр де бар еді. Кейінірек ол жерден Мәдинаға хижрет етті.

Мәдинада адамзаттың Ардақтысының (с.а.с.) қасына бір жетіп алғаннан кейін; қуанышты да, қайғылы да күндердің бәрінде бірге болды. Бүкіл шайқастарда жанынан табылып, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) оққағары болды. Бұл жайлы өзі былай деген:

“Аллаһ елшісімен бірге соғысқан шайқастарда жарақат алмаған жерім қалмады”. Тіпті бұл жарақаттардың ұятты жерлеріне дейін барғандығы айтылады¹³⁸.

Бәдір шайқасында дұшпандарын жандарынан түнілдіріп, қарсысына келгенін бүлдіргідей бүлдірді. Бірақ өзі де жарақаттанбай қалған жоқ. Оның баласы Үруә әкесінің денесіне терең түскен жарасы туралы “мен бала кезімде бұл жараның орнына саусақтарымды сұғып ойнайтынмын” деп айтқан¹³⁹.

Хазірет Зүбәйрдің Бәдір шайқасындағы батырлығына бас иген Пайғамбарымыз (с.а.с.) :

“Періштелердің сары сәлдемен Зүбәйрдің бейнесінде түскендерін көрдім” деп марапаттаған еді¹⁴⁰.

¹³⁸ Тирмизи, манақыб:25.

¹³⁹ Бухари, фадаилу асхабин-нәби, 13.

¹⁴⁰ Табақат, 3:103.

Ұхұт шайқасында да Пайғамбарымыздың жанында ұрыс салған, көкіректерін қалқан еткен қайсар сахабалардың бірі – Зүбәйр. Өйткені, ол Пайғамбарымыз (с.а.с.) үшін “өлімге” ант еткен еді.

Хәндәк шайқасында да мүшріктердің шабуылына тосқауыл қойып, беттерін қайтарған батыр Әлидің қасында хазірет Зүбәйр де бар еді.

Құрайза яһудилері Пайғамбарымызбен (с.а.с.) жасаған бейбітшілік келісімдерін бұзған кезде Пайғамбарымыз оларға қарсы аттанатын әскерге қолбасшы іздеді. “Кім қол бастап барады?” деп сұрағанда, тағы ортаға суырылып шыққан Зүбәйр болды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Зүбәйрдің бұл шынайы ықыласына сүйсініп: “Әке-шешем саған пида болсын, ей, Зүбәйр!”, – деп қолдаған еді.

Қаршадай бала кезінен қиындыққа көңтері Зүбәйр ибн Әууәм, соғыс алаңдарында жаужүректілігімен ерекшеленді. Хайбар соғысында яһудилердің батыры Ясирмен шайқасты. Шайқастан шаң борады. Бұл шайқаста анасы да бар еді. Балапаны үшін шырылдаған анасы Сафияя Пайғамбарымыздан (с.а.с.) :

– Ұлым шейіт болды ма, Расулаллаһ, әлде?.. – деп сұрады.

– Жоқ, иншаллаһ, балаң оны өлтіреді, – деді. Аз уақыттан соң хазірет Зүбәйр дұшпанын сұлатып салды¹⁴¹.

Алып тұлғалы батыр, жауынгер Зүбәйр Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен халифалар тұсындағы бүкіл шайқастарға қатысып, үлкен ерлік танытты. Ол – Йәрмуқ соғысында, Сирия мен Мысырдың алы-

¹⁴¹ Сира, 3:348.

нып, Ислам мемлекеті болуына да үлкен үлес қосқан сайыпқыран сахабалардың бірі.

Хазірет Зүбәйр батырлығы, қаһармандығымен қоса тақуа, мейірімді, шыншыл, адал да арлы, саф көңілді, хақ діні үшін жанын да, малын да аямайтын мәрт адам еді. Саудамен айналысып, өз қажеттілігін қамтамасыз еткен хазірет Зүбәйр бай сахабалардың бірі болды. Сонша бай, дәулетті болғанына қарамастан, жайторы мінген қойшының қоңыртөбел ғұмырын кешті. Көптеген пақыр мұсылман бауырын мұқтаждықта зарықтырмай, оларға әрдайым қол ұшын созды.

Зүбәйр ибн Әууам (р.а.) мұсылмандардың арасында да аманатқа қиянат жасамайтын сенімділігімен әйгіленген. Сахабалар ең құнды нәрселерін оған аманатқа тастайтын. Бұл сипатына байланысты Омар ибн Хаттаб оған “діннің бір тірегі” деген.

Халифа Османның дәуірінде саяси мәселелерге араласпай өздігінен күн кешкен Зүбәйр ибн Әууам Әли халифа болғаннан кейін Талха ибн Ұбайдұллаһпен бірге Әлиге (р.а.) барып, халифа Османның қанына қолын былғаған қаныпезерлерді жердің жарығына түсіп кетсе де іздеп тауып, олардың жазаға тартылуын талап етті. Жәмәл соғысында Айша анамыз жағында сап түзеді.

Соғысу ниетінде болмаған екі әскер қарсыласқан кезде бүлікшілер араға іріткі салып, еріксіз қантөгіс белең алды.

Ертеңінде Зүбәйр ойда жоқта хазірет Әлимен кездесіп қалады. Хазірет Әли одан неге қарсы шыққанын сұрап, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бір хадисін есіне түсірді:

– Бір күні Аллаһ елшісімен бірге келе жатқанымызда саған жолығып, Расулаллаһтың саған “сенікі

дұрыс болмаса да бір күні Әлимен соғысасың” дегені есінде ме? – деп жасаған ескертуінен кейін, хазірет Зүбәйр:

– Иә, есіме түсті. Бұл ертерек есіме түссе, орнымнан қозғалмас едім. Аллаһқа ант етейін, мен сенімен соғыспаймын, – деді. Содан кейін хазірет Айшаға барып, соғыстан бас тартатындығын айтып, райынан қайтты. Басқалардың “жарты жолдан тастап кетесің бе?” дегеніне қарамастан, шындық жолында шыбынды да үркітпейтін Зүбәйр (р.а.) соғыс алаңынан сытылып шықты¹⁴².

Шындыққа бас иген Зүбәйр ол жерден кері қайтқанда артына Амр ибн Жүрмүз деген қанішер түседі. Зүбәйрдің намаз оқуға тұрған кезін пайдаланып, сәждеге барған кезінде, оны шейіт қылды¹⁴³.

Қанішер хазірет Зүбәйрдің атын, қылышын және жүзігін алып Әлиге (р.а.) барып сүйінші сұрамақ болды. Зүбәйрдің (р.а.) көзіндей көрген заттарына жанары түскен хазірет Әли:

– Сафиияның ұлын өлтірген адамға тозақтық екенін ескерт, – деді.

Зүбәйр ибн Әууәм Аллаһтан қатты қорыққандықтан және Аллаһ елшісіне деген терең құрметі себепті өте аз хадис риуаят еткен. Мұның себебін сұраған ұлына:

– Балам, басқалардың көргендерін мен де көрдім. Бірақ мен Пайғамбарымыздың “кім менің атымнан бір жалған айтса, тозақтағы орнына дайын болсын» дегенін өз құлағыммен естідім. Оның айтпағанын айтты деп, байқамай жалған сөйлеп қоямын ба деп

¹⁴² Асру саадат, 1:344.

¹⁴³ Табақат, 3:112.

қорыққандықтан көп хадис риуаят ете алмадым, – деген¹⁴⁴.

Хижраның отыз алтыншы жылы шейіт болған хазірет Зүбәйр өзінің ақыреттегі орнын көзінің тірісінде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) аузынан естіп біліп кетті. Пайғамбарымыз (с.а.с.) “Талха мен Зүбәйр – Жәннатта менің көршілерім”¹⁴⁵ деген болатын.

Омар Фарук бұ дүниедегі татар дәмі таусылар шағында өзінен кейін халифа болып сайлануын қалаған адамдардың бірі Зүбәйр ибн Әууам болатын.



¹⁴⁴ Муснәд, IV; 367.

¹⁴⁵ Гирмизи, манақыб: 22.

Саид ибн Зәйд

“Ислам үшін жылаймын. Омардың шейіт болуы – Исламда ашылған бір ақау. Бұл ақау қияметке дейін жабылмайды”.

(Саид ибн Зәйд)

Хазірет Саид (р.а.) – көзінің тірісінде Жәннатпен сүйіншіленгендердің бірі. Әкесінің аты – Зәйд ибн Амр. Әкесі Аллаһтың барлығы мен бірлігіне сенген таза жүректі, ақиқатқа көзі ашық кісілердің бірі, Пайғамбарымызға (с.а.с.) пайғамбарлық берілместен бұрын да тек тәңірлік (тәухид) дінін ұстанатын. Өз дәуірінде Ханифтік атпен белгілі болған хазірет Ибраһимнің дінінде болғандығын “менің тәңірім – Ибраһимнің Аллаһы, дінім де – Ибраһимнің діні” деп білдірген¹⁴⁶.

Зәйд Мекке мүшріктерінің дінін көңіліне медет тұтпай, жансыз пұттарға табынудың ақымақтығын ерте сезініп, шынайы дінді іздеп шарқ ұрды. Сирияға дейін сапар шегіп көптеген христиан және яхуди дін ғалымдарымен кездесті. Алайда олардың берген жауаптары бойында қоз боп жанған оттың ұшқынын сөндіре алмады. Зәйдтің бойындағы бұл жалынды байқаған бір поп шірктен және әр түрлі жаңылыс сенімдерден алшақ хазірет Ибраһимнің ханиф дінін ұстануын ұсынды. Зәйд ханифтікті үйренгеннен кейін Меккеге қайта оралды.

Зәйд мүшріктердің жабайы, жат әдеттерінен бойын аулақ ұстады. Ішкілік ішпеді, қыз балалаларды тірідей

¹⁴⁶ Табақат, 3:379.

көмуге қарсы тұрды. Өз бүлдіршіндерін шімірікпестен топыраққа көмбекші болғандарды көрсе, олардың қыздарын аман алып қалып, тастандыларды өсіріп жеткізген соң, қыздарын қайтып алғылары келгендердің тілегін аяқ асты етпейтін. Зәйд “Аллаһым, саған қалай құлшылық жасалынатынын білсем, солай құлшылық етер едім” деп көп қынжылатын. Өзінің ұлы Саидтен жиі-жиі “бір Аллаһқа сенейін бе, әлде мың тәңір мен пұттарға ма?” деп сұрайтын. Міне, әкесінің осындай халі Саидтің Исламды тез қабылдауына себеп болғанды.

Мұсылман болған соң Пайғамбарымызға (с.а.с.) әкесінің басынан кешірген күйін әңгімелеп, оның жағдайының қалай болатынын сұрағанда, Аллаһ елшісі “Оны қиямет күнінде жалғыз өзін бір үмбет қылып тірілтеді”¹⁴⁷ – деп Саидті сүйіншіледі.

Саид ибн Зәйд 19-20 жасар албырт шағында мұсылман болды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) дінін уағыздай бастаған уақытта естігендерінің әкесінің ұстанымына сәйкестігіне көзі жетіп, мұсылмандықты қабылдады. Ол Расулаллаһ саусақпен санарлық сахабаларымен Әркәмнің үйінде жиналмастан бұрын – он үшінші немесе он екінші болып Исламды қабылдаған болатын¹⁴⁸.

Саид ибн Зәйд (р.а.) – Омар ибн Хаттабтың күйеу баласы. Омардан (р.а.) бұрын қарындасы мен күйеу баласы Исламды қабылдады. Хазірет Омар олардың мұсылман болғанын естіген кезде терісіне сыймай тепсініп, екеуінің сазайын тартқызамын деп салып-ұрып үйіне барады. Алайда аталарының дінін ұстанып,

¹⁴⁷ Усдуль ғаба, 2:307.

¹⁴⁸ Усдуль ғаба, 2:306-307.

шірктің күңсіген қоқысында аунаған Омар бұл үйден шыққанда мұсылман болу бақытына ие болған еді¹⁴⁹.

Ислам дінінің тағдыры қылпыған, қиып түсер қылыш жүзінде кезек аунаған сол бір қиын-қыстау кезеңде Исламды қабылдап, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанынан айырылмаған Саид имандылықтың асыл ері боп ғұмыр кешті. Ислам үшін жан аямай күресті. Мұсылман болғаннан кейін ол да басқа сахабалар сияқты мүшріктерден жәбір көрді. Меккеде көзге түсудің өзі қияметке айналғанда, Пайғамбарымыздың рұқсатымен Эфиопияға хижрет етті. Кейін Мәдинаға көшкенде Ұбай ибн Қағбпен бауырластырылды¹⁵⁰.

Саид ибн Зәйд Пайғамбарымыздың (с.а.с.) заманында Бәдір шайқасынан өзге бүкіл соғыстарға қатысты. Бәдір шайқасынан бұрын Саид және Талха ибн Ұбайдуллаһты (р.а.) Расулаллаһ (с.а.с.) Сирияға кеткен мүшріктердің керуені жайлы мәлімет жинау үшін арнайы жібереді. Олардың міндеті – қандай да бір мәліметті қолға түсірер-түсірместен ізін суытпай дереу Мәдинаға жеткізу. Бұл мақсатпен жолға шыққан екі сахаба Мәдинаға қайта оралғанда, Бәдір шайқасының жеңіспен аяқталғандығын естіді. Бұл шайқасқа қатыса алмағандары үшін қатты өкінген екі қаһарманды Аллаһ елшісі (с.а.с.) соғысқа қатысқандардың қатарында санап, екеуін де құр алақан қалдырмады¹⁵¹.

Бұл бақытты сахаба өмірін Ислам үшін арнады. Пайғамбарымызды (с.а.с.) жанына жақын тұтып, қашан да маңайынан табылатын. Саид ибн Жүбәйр бұл жайлы:

¹⁴⁹ Хазірет Омар бөліміне қараңыз.

¹⁵⁰ Усдуль ғаба, 2:387.

¹⁵¹ Табақат, 3 :382-383.

“Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли, Талха, Зүбәйр, Сағд, Абдуррахман ибн Ауф және Саид ибн Зәйд жиһад кезінде Расулаллахтың алдында шайқасып, намазда артындағы сапта тұратын”¹⁵² деп, бұл кісілердің Пайғамбарымызға (с.а.с.) жақындықтары мен олардың дәрежелерін көрсеткен еді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін Саид ибн Зәйд (р.а.) белсенді ғұмыр кешті. Халифа сайлауында да айрықша орны болды. Ислам үмбетінің арасында наразылықтар мен қайшылықтардың тумауы үшін қолдан келгенін аямады. Әділеттің бейнесі Омарды (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қасындағы мазарына өз қолымен қоярда жүзін ыстық жас жуып кетеді.

– Әбу Әуэр, неге жылайсың? – деген адамға хазірет Саид Исламның тағдыры үшін жылайтынын айтып:

– Ислам үшін жылаймын. Омардың шейіт болуы – Исламда ашылған бір ақау. Бұл ақау қияметке дейін жабылмайды¹⁵³, – деп хазірет Омардың (р.а.) Ислам тарихындағы айрықша орнын атаған.

Омар Фаруктың (р.а.) тұсындағы Йәрмук жеңісі мен Сирияның алынуында хазірет Саид (р.а.) айтарлықтай үлес қосты. Византияға қарсы болған Йәрмук соғысында Саид ибн Зәйд (р.а.) бір әскери жасақтың қолбасшысы болды. Соғыстың қызған шағында Византия әскерлері сол қанаттан соққыны күшейтті. Дұшпан жеңіске жететіндей боп көрінді. Өз шептерін тастамай қасарысып қарсы тұрған қолбасшылар мен әскердің қатарында Саид ибн Зәйдтің (р.а.) жасағы тұрды. Ол әскерлерінің алдына шығып:

¹⁵² Усдуль ғаба, 2:308.

¹⁵³ Табақат, 3:372.

– Байыптылық пен жүректілік дүниеде адамға абырой, ақыретте мейірімділік әпереді. Біз екеуін де алуға тырысайық, – деп жауынгерлерді бір серпілтіп тастады. Қолбасшылары көз алдарында арыстандай атылып, тайсалмай шайқасты. Хазірет Саид (р.а.) Византияның әскер басшысын өлтіргенде, олардың әскерлері арасында жік туды. Жеңісті қолдан әперетін бұл мұрсатты қапы жібермей хазірет Саид (р.а.) орталық қанатқа күйрете соққы беріп, жеңілейін деп тұрған әскерді жеңіске жеткізді¹⁵⁴.

Ол уақытын ғибадатпен өткізіп, дүние мен дүниелік нығметтерден гөрі ақыреттің сауабына ұмтылды. Мансапқор емес, бірақ өзіне қандай да бір қызмет жүктелсе оны адал орындайтын. Сирияны алғаннан кейін әскер басшысы Әбу Үбәйда ибн Жәррәх (р.а.) Саид ибн Зәйдке (р.а.) Сирия әкімдігін ұсынады. Бірақ, хазірет Саид соғыс майданында әскер болуды қалайды:

– Әй, Әбу Үбәйда! Мен Аллаһ жолында күрескім келеді. Әкімдікті өзің лайық деп тапқан басқа бір бауырымызға бер, – деген еді.

Хазірет Саид (р.а.) ұзақ уақыт әскер қатарында болып, Ирак пен Сирияның Ислам мемлекетінің құрамына кіруіне мол үлес қосты. Кейін ілім нұрын бұл өңірлерге алып барды. Осман Зун-нурәйн мен Әли әл-Муртада (р.а.) жайлы өсек-аяндарға тосқауыл болуға мейлінше тырысып бақты. Әсіресе, оның жүрегін хазірет Османның (р.а.) шейіт болуы қатты сыздатты. Бұған байланысты ол Куфа мешітіне жиналған жұртқа:

¹⁵⁴ Асру саадат, 4:281.

– Аллахқа ант етейін! Сендердің Османға жасаған сансыз қастандықтарың Ұхұт тауын орнынан қозғалтқаннан да ауыр, – деп наразылығын білдірді.

Ол кезде Куфаның әкімі Мұғира ибн Шубә еді. Бір күні Мұғира Куфаның ең үлкен мешітінде көпшіліктің арасында отырды. Осы кезде мешітке хазірет Саид (р.а.) кірді. Әкім құрметті сахабаны қадірлеп жанына отырғызды. Осы мезетте куфалық бір кісі кіріп, аузына келгенін айта бастады. Не болғанын түсінбей қалған Саид (р.а.) әкімнен:

– Әй, Мұғира, мына адам кімді жамандап жатыр? – деп сұрайды:

– Әлиді, – деді. Мұны естіген хазірет Саид ашуға мініп:

– Әй, Мұғира, Мұғира! Сенің көз алдында Аллах елшісінің серіктеріне тіл тигізіліп жатыр. Сен болсаң бұған көз жұма қарайсың, – деп кейі сөйлейді:

– Мен сендерге өз құлағыммен естіп, жүрегіммен ұққан мына бір хадисті айтайын. Аллах елшісі: “Әбу Бәкір – Жәннатта, Омар – Жәннатта, Осман – Жәннатта, Әли – Жәннатта, Талха – Жәннатта, Зүбәйр – Жәннатта, Сағд ибн Әбу Уаққас – Жәннатта”, – деді. Бұлардың тоғызыншысын да айту керек болса, айтар едім, – деді.

Ертесінде мешітке жиналған халық ант етіп, тоғызыншы адамның атын білгенше асықты. Хазірет Саид (р.а.) олардың өтініштерін жерге тастамай:

– Аллах атымен сөз беріп тұрғандарың үшін айтайын. Тоғызыншысы – менмін, – дейді:

Міне, Жәннатпен сүйіншіленген сахабалар жайлы айтылған хадисті риуаят еткен адамдардың бірі – осы Саид ибн Зәйд (р.а.).

Хазірет Саид (р.а.) берекелі ғұмырының соңғы жылдарын Мәдинаның А'қиқ деген жерінде өткізіп, шаруашылықпен айналысты. Күндердің бір күнінде оның меншігіндегі жері мен өзінің жері шектесіп жататын Әурә бинт Үуәйс атты бір әйел Мәдинаның әкімі Мәруан ибн Хакамға барып, хазірет Саидтің (р.а.) үстінен шағымданады. Ол Саид ибн Зәйдтің (р.а.) меншігіне қол сұққанын айтып, жерінің қайтарылуын талап етеді.

Әкім мәселені ақ-қарасын шешу үшін хазірет Саидке (р.а.) бірнеше адам жібереді. Келген топ даулы істі оған жеткізгенде, ол әділетсіздікке ұшырағанын түсініп, оларға былай деді:

– Аллаһ елшісінен естіген бір сөзді сендерге айтайын: “кім өзінікі болмаған бір жерді иемденсе, жердің жетінші қабатында болса да, ол жер қияметте оның мойнына оратылады. Кім өз мүлкін қорғау жолында өлсе, ол – шейіт”.

Бұдан кейін хазірет Саид (р.а.) өз жерінің шегінен қия баспағандығына ант етіп:

– Аллаһым, бұл әйел егер өтірік айтқан болса, ажалы келмей оның көзін соқыр қыл. Құдығын да оған мазар ет, – дейді. Жанын күйдірген жала оны қарғыс айтуға мәжбүрледі.

Аллаһ зұлымдыққа душар болған кінәсіз жанның дұғасын қабыл етті. Жала жапқан әйелдің көзі көп ұзамай көр болып, бақшасындағы құдыққа түсіп өлді¹⁵⁵. Бұл оқиғадан кейін Мәдиналықтар біреуге ашуланса, “Аллаһ сені Әурә сияқты көр қылсын” деп қарғыс жасайтын болған екен¹⁵⁶.

¹⁵⁵ Хилятуль әулия, 1:96-97.

¹⁵⁶ Усдул-ғаба, 2: 388; әл-Исәба, 2: 46.

Хазірет Саид ибн Зәйд (р.а.) жетпіс жастан асқанда хижраның 50 немесе 51 жылы қайтыс болды. Абдуллаһ Ибн Омар (р.а.) оның А'қиқтағы үйіне барып, жаназа істерімен айналысты. Сүйегі Мәдинаға жеткізілді. Мәйітті Сағд Ибн Әбу Уаққас (р.а.) жуып, жаназа намазын Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) оқыды¹⁵⁷.

* * *



¹⁵⁷ Табақат, 3:384.



III БӨЛІМ

МӘШҮР САХАБАЛАР



Хамза ибн Әбдүлмүттәліп

“Әй, Аллаһ пен елиісінің арыстаны Хамза! Ей, ізгіліктер иесі Хамза! Ей, Аллаһтың елиісін бүкіл жанымен қорғаған Хамза! Аллаһ саған мейірімін төксін! Егер сенің артыңнан аза тұту керек болса, сенің өліміңнен кейін қуануды ұмытып, әрдайым жылар едім”.

(Хадис)

Аллаһтың арыстаны, шейіттердің мырзасы Хамзаның лақабы – Ибн Яғлә немесе Әбу Әммәрә. Әбдүлмүттәліптің баласы, Пайғамбарымыздың әкесінің інісі. Пайғамбарымызға сүт ана болған Әбу Ләһәбтің күні Суәйбә одан бұрын Хамзаны да емізгендіктен, екеуі сүт (бір емшекте) бауыр.

Хазірет Хамза – орта бойлы, күшті, айбарлы, абыройлы сахаба. Өзі мерген, аңшы және құрайыштықтардың құрмет тұтар батыры. Қиындыққа душар болғандарға жанашыр, әділетсіздікке төзбейтін баһадүр. Аң аулауға шыққанды жаны сүйетін. Одан қайтарда Қағбаны тауап етуді қасиетті санап, аталарының дәстүріне құрмет көрсететін¹⁵⁸.

Хамза жас жағынан Пайғамбарымызбен (с.а.с.) шамалас, тай-құлындай тебісіп бірге өсті. Сондықтан да

¹⁵⁸ Усдул-ғаба, 2: 52.

Пайғамбарымыздың пәк балалық шағын, көп қасиетін (сенімділігін, шыншылдығын) жақыннан танитын.

Ардақты елшіге (с.а.с.) қасиетті пайғамбарлықтың жүктелгеніне бірнеше жыл өтсе де, Хамза мұсылман болмаған еді. Алайда мұсылмандардың қатары көбейген сайын мүшріктердің мазасы қаша бастады. Олар Пайғамбарымыздың киелі ісіне кедергі жасаудың китұрқы жолын қарастыруға көшкенді.

Ол кезде Аллаһ елшісіне (с.а.с.) еріп, мойынсұнғандардың тысында мұсылман болуды жаны қалаған адамдар да барды. Алайда ескіден келе жатқан ата-баба дәстүрінің ықпалы, қоғамдағы теріс күштердің қысымы бұған бөгет болды. Хазірет Хамза да солардың бірі болатын.

Аллаһ расулының ерік-жігері оны таңдандыратын. Иманы мен уағыздап жүрген жана дініне деген беріктігі мен жанқиярлығы бұрын-соңды құрайыштардың арасынан көрмеген айрықша бір лептей сезілді оған. Жастайынан жақсы көріп, жіті таныған сенімді әрі шыннайы бауырының шақыруына құлақ түріп, мойынсұнуға кідіруді жөн көрмеді.

Оның мұсылман болуының өзі жатқан бір хикая. Аллаһ тағала тура жолға саламын дегендерге әр түрлі себептер жаратады: ал бұл оқиға Хамзаны Исламды қабылдауға жетеледі.

Аң аулап Қағбаны тауап етуге әдеттенген Хамза кезекті саятшылығынан оралғанда, алдынан Абдуллаһ ибн Жуданың күңі шыға келеді. Ол Әбу Жәһилдің өз достарымен бауыры Мұхаммедке (с.а.с.) ауыр сөздер айтып қорлағанын, қол жұмсағандарын айтты, Мұхаммедтің (с.а.с.) шарасыз күйде жалғызсырап

қалғанын, көрсеткен қорлықтарының адам төзгісіз екендігін білдірді.

Туысқандық сезімі атой салған ержүрек Хамза ашуға булығып, төтелей Қағбаға тартты. Достарымен Қағбаның айналасында әңгіме-дүкен құрып отырған Әбу Жәһилдің үстінен түсіп, садағымен бір ұрып Әбу Жәһилдің басын жарады. Бет-аузын қан жуып кеткен Әбу Жәһилді жағасынан алып: “Менің бауырымды неге қорлайсыңдар. Мына мен де соның дініндемін, ал, әйтпесе. Мықты болсаң, маған қарсы шық” деп жұлқып-жұлқып алды.

Хамза күшімен қоса ақылмен іс жасауды да білетін. Үйіне оралған ол жатып ойланды. Көңілі алабұртып, дөңбекшіп көз іле алмады. Ол Исламды қалай қабыл еткен еді? Бауырына жасалған зұлымдыққа шыдамай, ашуланып, Әбу Жәһилді қан жоса қылды. Ата дәстүрлерін соншалықты қастерлеп, киелі тұтқан адамның ата салттары мен сенімдерін бірден тастауы мүмкін бе? Өзі ереже-қағидаларын мүлдем білмейтін жаңа бір дінге өтуі дұрыс па? Соларды ойлап санасы сан-саққа кеткен Хамза медет тілеп, Жаратушыға жалбарынды, жүрегіндегі шүбәні жуып-шаюын сұрады. Оның тілегі қабыл болып, жүрегіне иман нұры ұялады. Сонша құдіретпен әлемді басқарып тұрған ұлы күштің құдіретін ұғынып, иман нұрына бөленді¹⁵⁹.

Оның Исламды қабылдауы мүшріктердің жауыздықтарын толығымен тізгіндей алмаса да, мұсылмандар үшін ес болды. Хамза сынды жаужүректің мұсылман болуы мүшріктерді іштен тынатын шарасыз ашуға булықтырды.

¹⁵⁹ Р. әл-Бәша, 1: 440-442.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Хамзаның мұсылман болғанын естіп, қуанышы қойнына сыймады. Өйткені оның Исламды қабылдауы мұсылмандарға күш берді. Мәдинаға hijреттен кейін де мүшріктер қол қусырып карап қалмады. Пайғамбарымыз бен мұсылмандарды Мәдинадан қуып шығуды көздеген Абдуллаһ ибн Үбәй Хазрәж және Әус тайпасының мүшріктерімен тізе қосып одақ құрды. Мұсылмандардың қажылыққа апаратын жолдарын да жауып тастады. Мүшріктердің бетін бір қайтару үшін Сирияға апаратын сауда жолына тосқауыл ұйымдастыру керек болды. Осы мақсатпен Пайғамбарымыз Хамзаны отыз адамдық қолды бастатып Сифул-бахр деген елді-мекенге аттандырады. Діттеген тұсқа жеткенде мүшріктердің үш жүз кісілік керуені сол жерде бел суытып жатқан екен. Әбу Жәһил де араларында. Аллаһтың арыстаны Хамза дұшпандарымен шайқасқысы келіп жалын атты. Мұсылмандар да сондай пейіл танытты. Ол кезде әлі мүшріктердің қатарында жүрген Мәжди ибн Амр ибн Жухәни бұл екі топтың арасына түсіп оларды қантөгістен бас тартқызды.

Бұдан кейін жалын атқан жаужүрек Хамзаны Бәдірде көреміз. Бәдір шайқасында мүшріктер мен мұсылмандардың арасындағы жекпе-жекте хазірет Хамза, Үбәйда және Әли ат ойнақтатып шыққан еді. Хамза Шәйбамен күш сынасады. Бір екпінде-ақ Шәйбәны сұлатып салды. Бәдір шайқасында Хамзаның танытқан ерлігіне Аллаһ расулы риза болды.

Харисут-Тәмимидің айтуынша, Бәдір шайқасында Хамза ибн Әбдулмүтгәліп кеудесіне түйе құстың қауырсынын қадап алыпты. Мүшріктердің бірі:

– Кеудесіне түйеқұстың қауырсынын таққан кім?
– деп сұрады.

– Хамза ибн Әбдүлмүттәліп, – деген жауап берілді.

Мүшрік:

– Біз не көрсек, соның кесірінен көрдік¹⁶⁰, – деп Хамзаның жанкештілігіне назаланса керек.

Бәдір шайқасындағы жеңілістің ащы дәмі кеуделерін қыжылдатқан мүшріктер жаңа шайқасқа қызу дайындалды. Басқа мүшрік тайпаларынан жәрдем сұрап күшті қол жинады. Бұл шайқасқа мүшріктердің әйелдері де қатысатын болды. Олар Бәдір шайқасындағы маскара жеңілістен кейін еркектерін өш алу үшін мұсылмандарға қарсы айдап салды.

Жүбәйр ибн Мұтғидың Уахши атты Эфиопиялық басыбайлы құлы бар еді. Ол эфиопиялықтарға тән найза толғауда өте ұста болатын. Хазірет Хамза Жүбәйр ибн Мұтғидың көкесін Бәдірде өлтірген-ді. Ол көкесінің өлімін жадынан өшіре алмай, Уахшимен сөйлесіп, егер Хамзаны өлтіретін болса азат етуге уәде берді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаның ішінде қалып, қорғаныс шебін құруды ойлады. Алайда Бәдір шайқасына қатыса алмаған кейбір мұсылмандар Мәдинаның сыртына шығып, бетпе-бет ұрысатынын білдірді. Сүйікті елші (с.а.с.) сахабалардың бетін қайтармады. Хамза да қаланың сыртында шайқасуды қалағандардың ішінде. Ол Пайғамбарымызға: “Саған кітапты түсірген Аллаһқа серт беріп, ант ішейін, Мәдинаның сыртында осы қылышыммен жауымды жайратпайынша, менде тыныштық болмайды”, – деді. Ертесінде таңертең Пайғамбарымыз (с.а.с.): “Түсімде періштелердің Хамзаны шомылдырғандарын көрдім”, – деп, оның шейіт болатынын алдын ала хабар берген еді.

¹⁶⁰ Табарани, мәжмауз-зәуәид, 6/81 ден Қандыхләуи, 2: 553.

Екі жақтың әскерлері Ұхұтта бетпе-бет келді. Құрайыштардың бірінші ту ұстаушысын хазірет Әли, екіншісін хазірет Хамза өлтірді. Ту ұстаушыларының өлімі мүшріктерді бірден абдыратып-ақ тастады. Тапырақтап не істерлерін білмей қалды. Ол кезде мүшріктердің сапында болған әйгілі Халид ибн Уәлидтың соғыс тәсілі де іске жарамады. Мүшріктер жапа-тармағай жан сауғалап қаша бастады. Батыр Хамза Ұхұт күні “мен Аллаһтың арыстанымын” деп жауға қарсы айбарын шашты. Хамзаны Бәдір шайқасында көрген Сафуан “бүгінге дейін қауымдастарын өлтіруге сонша құштар болған адам көрген емеспін” деп дұшпанға қарсы шайқастағы қайсарлығына таңдай қағыпты. Хамза Ұхұт шайқасында мүшріктердің көбісін жер жастандырды.

Құрайыштар алды-артына қарамай тым-тырақай қаша бастаған кезде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) арнайы төбеге орналастырған садақшылар тобы өз орындарын тастап, “Не қарап тұрсыңдар? Аллаһ дұшпанды күйретті. Сендер де мүшріктердің қосына кіріп олжа жинаңдар”, – десті.

Садақшылардың көпшілігі басшы Абдуллаһ ибн Жүбәйрді тыңдамай, “олжадан өз үлесімізді аламыз” деп шептерін тастап кетті. Абдуллаһ ибн Жүбәйрдің айналасында аз ғана адам қалғанын байқаған Халид ибн Уәлид бұл мүмкіндікті ұтымды пайдаланып, әскерлерін жинап садақшыларға шабуыл жасады. Саны аз қалған садақшылар оқтары таусылып, шамаларының жеткенінше табан тіреуге тырысты. Алайда көзіне қан толған жау әскері басымдыққа ие болды. Олар оқшыларды адам айтқысыз жауыздықпен өлтірді. Орындарын тастап кеткен садақшылардың

қателіктерінің нәтижесінде мұсылмандар ауыр соққы алды. Сол майдан даласында көптеген хас сахаба шейіт болды.

Ұхұт шайқасында мүшріктердің алғашқы назарға алғандары – хазірет Пайғамбар мен Хамза еді.

Әбу Суфиянның әйелі Хинд әкесін, көкесін, бауыры мен баласын Бәдірде жоғалтқан болатын. Туыстарының көбісінің түбіне Хамзаның жеткенін естіп, оның басын алу үшін бүкіл мүшріктерді соғысқа айдап салды. Уахшидің міндеті – тек қана Хамзаны өлтіру екенін әбден құлағына құйды. Мойнындағы алқасы мен сәндік әшекейлерінің бәрін беремін деп, дүние десе құтырып кететін құлды құнықтыра түсті.

Уахши шайқас кезіндегі жағдайды былай әңгімелейді:

“Адамдардың арасында Әлиді іздедім. Өте сақ, айлакер, күшті әрі айналасына жіті қарайтын біреу еді. Өз-өзіме “менің іздеген адамым бұл емес” дедім. Сол кезде Хамзаны көрдім. Айналасына дес бермей, алдына келгенін жайпап салып жатты. Оңтайлы мезеттің келуін күтіп, төбешіктің артына жасырындым. Бір кезде Шибә ибн Үмму Әммар “менімен шайқасатын батыр бар ма?” деп атой салды. Хамза оған “Аллаһ пен елшісін сен бе майданға шақырып тұрған?” деп көзді ашып-жұмғанша жанын алды¹⁶¹. Селдің суына аяғы тайып жығылған кезде найзамды оған лақтырдым. Найза кеудесіне барып қадалды”.

Уахши Аллаһ арыстанының бауырын суырып алып Хиндке бір қолымен ұсынып тұрып, екінші қолын оның уәде еткен алқаларына созды. Хинд бүкіл алқаларын оның алақанына салды. Ол Хамзаның жеңіл өлгеніне

¹⁶¹ Бухари, Қандыхләуй, 2:254.

канағаттанбай құнттытып құлақтарын кесіп, өлі денесін аяусыз кескілеп, адам айтқысыз айуандық жасады. Тіпті өкпе-бауырына қол салып, айызы қанғанша әбден тістелеп шайнады.

Меккеге барғаннан соң Уахши азат етілді. Мекке алынғанға дейін де сол жерде тұрып, Мекке алынған кезде Таифке қашты.

Ислам – бүкіл адамзатқа түсірілген дін. Тәубе етіп ақиқат жолына түсушілерге есігі әрқашан да ашық. Ислам – адамдарды азапты жәһаннамға апарар жолдан құтқарып, Жәннатқа апаратын бақыт жолын көрсету үшін келген дін. Тәубә есігі ешқашан да жабылмақ емес.

Әлемдерге рақым етіп жіберілген Пайғамбарымыз (с.а.с.) ешбір жанның иманнан нәсіпсіз қалғанын қаламайтын. Меккені алғаннан кейін өзіне талай қиындық көрсеткен мүшріктерге: “Бұл күні ешкім айыпталмайды, бәрің боссындар” деп біреуіне де қол тигізіп, қатты сөз айтпады. Өйткені, ол адамзатты құтқару үшін жіберілген еді.

Ардақты елшінің (с.а.с.) мейірімділігі мұнымен де шектелген жоқ. Ол өзіне ең көп қиындық көрсетуші, зұлымдығы әкесінікінен де асып түсер Әбу Жәһилдің баласы Икриманы да мұсылман болуға шақырды. Пайғамбарымызға еріп, Икрима мұсылман болды. Исламды қабылдамай тұрғанда мұсылмандарға кедергі жасауға қандай күш жұмсаса, мұсылман болғаннан кейін Ислам үшін екі есе қайрат көрсетіп, Аллах жолында шейіт болды¹⁶².

¹⁶² *М.Фатхуллаһ, ан-Нурул Халид Мухаммад мафхаратул-инсанияти, Бейрут, 1999, 1:199-201.*

Жанындай жақсы көрген ағасы Аллаһтың арыстаны, шейіттердің мырзасы Хамзаны шейіт еткен Уахшидің де мұсылман болуын қалап, оған бірнеше рет хат жазды. Ең соңында мына аятты: **“Айт: ”Әй, өз нәпсілеріне зұлымдық жасаған құлдарым! Аллаһтың мейірімінен үміт үзбеңдер. Өйткені, Аллаһ – бүкіл күнәларды кешіруші. Шүбәсіз, ол тым кешірімді әрі өте мейірімді”**¹⁶³ жазғаннан кейін Уахши тәубаға келіп, мұсылмандықты қабылдады.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хазірет Хамзаға деген сүйіспеншілігі ерекше еді. Оның өлімі жүрегіне терең жара салған оқиғалардың бірі болды. Сондықтан да ол Уахши мұсылман болғаннан кейін оған: “Мүмкін болса менің көзіме түспеуге тырышы. Өйтпесе, сені көрген сайын Хамза есіме түсіп, жүрек-бауырым езіліп кетеді. Бойымды сезім билеп, өз міндетімді толық орындай алмай қалудан қорқамын”, – деп өтініш жасады. Мұсылман болып, иман шәрбаты тату бақытына ие болған Уахшиге бұл ауыр тисе де, Пайғамбарымыз дүние салғанша көзіне түспеуге тырысты. Алайда үнемі Расулаллаһты (с.а.с.) аңдумен болды. “Енді көзіме көріне аласың” деп айтып қала ма деген үміті үзілмеді. Алайда сарғая күткен үміті орындалмады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол сөзді айтпастан бұ дүниемен қош айтысты. Бұл суық хабар Уахшидің жүрегіне инедей қадалды¹⁶⁴.

Баһадүр Хамзаны (р.а.) өлтіріп, ауыр күнәға батқан Уахши тәубаға келсе де, бәрібір жаны жай таппай, ішкені ірің, жегені желім болады. “Қайтсем, бұл күнәмді жуып-шайамын” деумен жүргенде мұсылмандар жалған пайғамбар Мусәйламатул-кәззәбтың көзін жою үшін

¹⁶³ Зумәр 53.

¹⁶⁴ ан-Нурул Халид, 1:196-199.

Ямамаға шайқасқа аттанады. Аллаһтың алдында өзін ақтап алудың мүмкіндігі де туды, ол – Исламның ең мықты дұшпанын өлтіру. Көктен іздеген мүмкіндікті жерден тауып берген Аллаһқа мың да бір рақметін жаудырған күйі хазірет Хамзаны шейіт қылған найзасын алып, Уахши Ислам әскерімен бірге аттанды. Уахши майдан даласында қапысын тауып Мүсәйламаны найзасымен жаншып өлтірді¹⁶⁵. Артынша сәждеге жығылып:

“Мұсылман болмай тұрып мұсылмандардың ең қайырлысын шейіт қылдым. Мұсылман болғаннан кейін кәпірлердің ең азулысын өлтірдім. Енді сенің көзіңе көріне алам ба?”¹⁶⁶ – дейді Пайғамбарға қарата тарам-тарам жас жуған бетін сүртуге шамасы келмей.

Қаншама хас сахабаның өмірін қиған Ұхұт шайқасы осылай аяқталды. Дұшпанның қатары сетінеп, біртіндеп шегіне бастады. Пайғамбарымыз Хамзаның (р.а.) өлтірілгенін естіп, сүйегін соғыс болған алаңнан іздеп таппады. Шайқас аяқталғаннан кейін мәйіттің жан түршіктіретін халін көргенде, таңғала жағаларын ұстасты. Еріндері дірілдеп, көкірегін кек керней былай деді:

“Әй, Аллаһ пен елшісінің арыстаны Хамза! Ей, ізгілік иесі Хамза! Ей, Аллаһтың елшісін бүкіл жанымен қорғаған Хамза! Аллаһ саған мейірімін төксін! Егер сенің артыңнан аза тұту керек болса, сенің өліміңнен кейін қуануды ұмытып, әрдайым жылар едім”¹⁶⁷.

Бұған дейін Аллаһ елшісінің мұншама мұнайғанын ешкім көрмеген. Шейіттердің мырзасы Хамзаның (р.а.)

¹⁶⁵ Бухари, 5, 36-37.

¹⁶⁶ Ибн Исхак, әл-бидая, 4/18.

¹⁶⁷ Табақат, 3, 13-14.

жаназасын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі шығарды. Ол Хамза қайтыс болғанда елу төрт жаста еді. Пайғамбарымыз өлтірілген әрбір шейітті Хамзаның қасына жатқызып, жаназасын бірге шығарды. Осылайша сол күні хазірет Хамзаның жаназасын жетпіс рет шығарды. Хамза Ұхұтта жерленді¹⁶⁸. Арыстан жүрек Хамзаның (р.а.) өлімі Пайғамбарымыздың жүрегіне сына қағып, сызат түсіріп кетті.



¹⁶⁸ Усдул-Ғаба, 2, 51-55.

Мусғаб ибн Ұмәйр

“Анашым, мен Мұхаммедтің дінін ұстанамын. Ол –Аллаһ тағаланың жіберген хақ діні. Менің өздеріңізге деген сүйіспеншілігімді жақсы білесіз. Мен сенген Аллаһқа және елиісіне сіз де сеніңіз. Мұны шын жүректен қалаймын, анашым”.

(Мусғаб ибн Ұмәйр)

Сахабалардың әрбіреуі алқаракөк аспандағы жұлдыз шоғырындай болып көзге түсетін еді. Шаңытқан құс жолы олардың арпалысқа толы ғұмырындай елестейді. Әрқайсысының бойында бізге өнеге боларлық тұнып тұрған қасиеттер бар. Біреуі – әділдігімен, біреуі – сенімділігімен, енді біреуі – шынайылығымен, және біреуі –батырлығымен, тағы сол сияқты адам баласының ең құнды қасиеттеріне ие болған сахабаларды танып-білу – Ислам құндылықтарын терең танып-білумен бірдей. Сол жарық жұлдыздардың бірі – Мусғаб ибн Ұмәйр.

Ол мұсылман болып тұрып Меккенің ең шырайлы, жас та сыйлы тұлғаларының бірі еді. Отбасындағы бір дегені екі етпей орындалатын, ең сүйікті еркесі болатын. Анасы оны шыттай киіндіріп, үстіне жұпар аңқыған хош иісті әтір бүркетін. Меккеліктер де көктен түскендей көркем жігітке таң-тамаша болып қарасатын. Бірде Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол жайлы:

“Меккеде Мусғаб ибн Ұмәйрден әдемі киінетін, сымбатты әрі байлыққа кенелген жасөспірімді көрген емеспін” деген болатын¹⁶⁹.

¹⁶⁹ Табақат, 3:116.

Осындай қызығарлық өмір ішінде балқып-шалқып жүрген кезінде, бір күні Пайғамбарымыздың уағыздаған діні жайлы хабарлар құлағына жетті. Қызығушылықпен Пайғамбарымызға барды. Нұр Пайғамбардың (с.а.с.) аузынан шыққан тамаша лебіздер әне-міне дегенше жүрегін баурап, иман нұры кеудесіне сәуле болып құйылды. Ол осылай мұсылман болды. Қараңғылықтың бұғауынан сырылып иман кәусарының шырын дәмін алған ол, айналасындағылардан тартынғандықтан мұсылмандығын жария етпеді. Намаздарын да жасырын оқып жүрді.

Алайда жасырынып намаз оқуы ұзаққа созылмады. Күндердің күнінде мүшріктердің біреуі оның намаз оқығанын байқап қойып, әке-шешесіне жеткізеді. Осы кезден бастап Мусғабтың өміріне түпкілікті өзгеріс енді. Оны жақсы көріп құрмет тұтатын мүшріктер, тек Исламды қабылдағаны үшін оған әр түрлі қысым мен қиындықтар көрсете бастады. Абақтыға да қамады. Содан кейін ол бір топ мұсылманмен бірге Эфиопияға һижрет етті. Ол жақта біраз уақыт болып, туған жеріне қайта оралды. Алайда ештеңе өзгермей таз қалпында қалыпты. Жанұясы мен жақындары оған бұрынғыша дұшпан күйінде қала берді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір күні сахабаларымен әңгімелесіп отырған кезде Мусғаб ибн Ұмәйр қастарына келіп сәлем береді. Сахабалар оған көмектесе алмағандықтары үшін оның алдында қысылған күй кешті. Сүйікті елші (с.а.с.) Мусғабтың сәлемін алғаннан соң:

“Жер жүзінің бүкіл адамдарын өзгерте алатын Аллаһқа мадақ! Мына жас адамды көріп тұрсыңдар ма? Бұрын әке-шешесінің ең сүйіктісі еді. Аллаһқа және

Елшісіне деген сүйіспеншілігі әке-шешесінен басым түсті. Ол Аллаһ пен Расулын таңдады”, – деді¹⁷⁰.

Тағы бір реті келгенде оның сүйек кеміріп отырғанын көрген Пайғамбарымыз (с.а.с.) жанындағы сахабаларға қарап:

“Мына адамды көріп тұрсыздар ғой. Әке-шешесі оған ең дәмді тағамдарды бергеннің өзінде оларды тастап, бізбен бірге аштыққа көнді” – деп, оның жанкештілігін атап айтқан еді.

Пайғамбарлар падишасының (с.а.с.) бұл марапаттауына ие болған Мусғаб ибн Ұмәйр шынында да Аллаһ пен Расулы үшін бар құнды нәрсесін: үй-жай, ішіп-жем, көз тартар салтанатты өмірін және әке-шешесін паида етті. Мұның бәрі ерекше ерік-жігерді талап ететін үлкен іс. Мусғаб бұлардың бәріне көзді тарс жұмып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) рухани атмосферасына кірді.

Дүниедегі құнды нәрселерін иманға айырбастамаған жанқияр сахаба Мусғабты Аллаһ елшісі (с.а.с.) мәдиналықтарға Исламды оқытып үйрету үшін мұғалім етіп тағайындады.

Бірінші Ақаба сертінен¹⁷¹ кейін Мәдинада Ислам тез қанат жайып тарала бастаған кезде, жаңадан

¹⁷⁰ *Табақат, 3:116.*

¹⁷¹ 620 жылы Мекке маңындағы Ақаба төбешігінде Пайғамбарымызбен кездесіп, мұсылман болған алты кісі, келер жылы дәл осы күні, сол жерде бас қосамыз деп Аллаһ Расулымен сөз байласады. Бір жылдан соң алғашқы алты адам қастарына алты адам ертіп, бас-аяғы он екі кісілік топ Меккеге келеді. Келісілген жерде Пайғамбарымызбен кездесіп, Аллаһқа серік ортақ қоспау, ұрлық жасамау, зинақорлық жасамау, балаларын өлтірмеу, ешкімге жала жаппау, қайырылы істерге қарсылық білдірмеу жөнінде серт береді. Қандай қиыншылық болса да, Пайғамбарымызға бағынып, мойынсұнатындықтарын айтады. Осы сертке – тарихта «бірінші ақаба серті» делінеді.

мұсылман болғандар өздеріне Құран тағылымдарын үйрететін ұстаз сұрады. Пайғамбарымыз олардың бұл өтінішін қабыл алды. Пайғамбарымыздың бір ерекшелігі – адамды дұрыс таңдауда қабілеті зор басшы болатын. Ол ақылына көркі сай, жұмсақ тілді, байыпты да биязы Мұсағабты бұл іске лайық көреді. Хазірет Әбу Бәкір, Омар, Әли сынды сахабалардың болғанына қарамастан, Аллаһ елшісінің Мұсағабты таңдауы – оның зор қабілеттілігінің белгісі. Осылайша Мұсағаб Мәдинадағы алғашқы Исламды уағыздаушы болды.

Меккеден келген қадірлі қонақты Мәдинада Әсәд ибн Зурәрә өз үйіне түсіреді. Ел-жұртын тастап келген Мұсағаб ибн Үмәйр Мәдиналықтарға Ислам негіздерін бар ықыласын салып үйретеді. “Мәдениеттілерге ақиқатты қабылдату күшпен емес, санасын оятып, көздерін жеткізу арқылы ғана мүмкін” дейтін қағиданы берік ұстанды. Тек күштінің ғана дәурені жүріп тұрған кезеңінде уағыздау ісін өз деңгейінде алып жүре алған ер еді. Алдына келгендерді майда тілімен, көркем мінезімен Исламды уағыздап, иман келтіруге себепкер болатын. Қылышын білеп, қаһарын төгіп келгендердің жүрегі иман нұрына шомылып қайтатын. Қабағынан қар жауып келгендердің онымен сұхбаттасқан соң мұз болып қатқан көңілдері елжіреп шыға келетін.

Сағд ибн Муаз Мұсағаб ибн Үмәйрдің Исламды уағыздап жүргенін естіп “Мәдинада ешкімнің бүлік шығаруына мүмкіндік бермеймін” деп Әсәд ибн Зурәрәнің үйіне салып-ұрып жетіп барды. Бұл кезде Мұсағаб айналасындағыларға әдеттегідей жұмсақ тілімен ақиқатты уағыздап жатады. Сағд оған дөңайбаттанып, дөрекілік көрсетеді. Хазірет Мұсағаб: “Бауырым, алдымен менің не дейтінімді тыңда. Егер ұнаса, қабыл

етерсің, ұнамаса, міне – мойным, шабам десең өзің біл. Мен ешқандай қарсылық көрсетпеймін”, – деді. Сағд ашуын ақылға жеңдіріп, оның айтқандарына құлақ түреді. Мұсғаб ибн Үмәйрдің жымыған күлкісі, жұмсақ сөзі мен дәлелдерінің ақылға қонымдылығы шемен болып қатқан жүрегін жібітеді. Сөйтіп Сағд ибн Муаз иман еткендердің қатарына қосылды.

Мәдинадағы танымал адамдардың көпшілігі Мусғаб ибн Үмәйрдің уағыздауымен Исламды қабылдады. Олардың арасында Үсәйд ибн Хүдәйр, Сағд ибн Убәдә, Сағд ибн Муаз сияқты атақты сахабалар бар еді.

Әсәд ибн Зурәрәнің үйі Құран нәріне қанып, Ислам ақиқаттарының кең жайылуына себепкер болған орталыққа айналды.

Сандары күн санап өскен мұсылмандар Мәдинада жұма намазын оқығысы келетінін Пайғамбарымызға (с.а.с.) айтып, рұқсат алды. Ансарлардан Сағд ибн Хайсәмәнің үйінде жиналып жамағат ретінде Мусғаб ибн Үмәйрдің имамдығымен алғашқы жұма намаздарын оқиды.

Кейінірек хазірет Мусғаб Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп, Мәдинадағы болып жатқан қуанышты хабарларды жеткізді. Баласының Меккеге келгенін естіп қойған анасы бұлқан-талқан ашуланып: “Меккеге келген екенсің, алдымен маған сәлем бермей басқа біреуге баруға қалайша дәтің барды” деп хабар салады. Мусғаб ибн Үмәйр болса анасына:

“Мен Расулаллаһтан бұрын ешкімге бара алмаймын”, – деп жауап береді.

Бірақ Пайғамбарымыздан рұқсат сұрап, анасының қасына барды. Анасы:

– Әлі жалған-жаңсақ сенімді ұстанып жүрмісің? – деп жақтырмай қарсы алады. Мусғаб ибн Ұмәйр:

– Анашым, мен Мұхаммедтің дінін ұстанамын. Ол – Аллах тағаланың хақ діні. Менің өздеріңізге деген сүйіспеншілігімді жақсы білесіз. Мен сенген Аллахқа және елшісіне сіздің де сенуіңізді қалар едім, – деді анасына жаны ашып.

Анасы: “Мұсылман болғанымды ел білсе, мазак етеді”, – деп ұлының ұсынысын қабылдамай тастайды. Оның ұсынысын қабылдасам да, баласының наным-сеніміне араласпайтын болып келіседі.

Өнегелі ғұмыр кешкен хазірет Мусғабтың ақыретке көшуі де сондай көркем болды. Ұхұт шайқасында Пайғамбарымыз Ислам туын Мусғабқа ұстатады. Ұрыстың шешуші сәтінде, мұсылмандардың шегінгендерін көріп мына аятты оқиды:

“Мұхаммед – ол пайғамбар. Одан бұрын да пайғамбарлар келген еді. Енді ол өлсе немесе өлтірілсе, сендер соғысты тастап қашасыздар ма?”
(“Али Имран”, 144).

Ұрыста тұрыс жоқ. Мусғабқа қырғидай төнген Ибн Қәймә деген мүшрік оның ту ұстаған қолын шауып түсіреді. Туды екінші қолына ауыстырып үлгірген Мусғаб ол қолын да сақтап қала алмады. Екі қолы да қырқылып түскен Мусғаб туды аузымен қағып алып, кеудесінде ұстап тұруға тырысты. Басқа бір сахаба жетіп келіп туды алады. Бұл – періште еді. Мусғабтың бейнесіне кіріп шайқасты жалғастырды. Оны көрген Пайғамбарымыз “Мусғаб!” деп дауыстағанда ол “Мен Мусғаб емеспін, ей, Расулаллах!”¹⁷² деп жауап берді. Мусғаб ибн Ұмәйрдің шейіт болғанын сол кезде

¹⁷² Табақат, 3:121.

аңғарған Аллаһ расулы (с.а.с.) көз жасын тыя алмай, мына аятты оқыды:

“Мүминдердің арасында (Расулаллаһпен бірге болатындықтарына) Аллаһқа берген сөздерінде шынайы болған қаншамасы бар. Олардың кейбіреулері берген уәделерінде толық тұрып шейіт болды. Кейбіреулері де осындай жақсылықты күтуде. Олар уәделерінен таймады” (“Ахзаб”, 23).

Даңқты сахаба Мусғаб қырық жасында шейіт болды. Бір кездері үлде мен бұлдеге оранып дәулетті ғұмыр кешкен сахаба Мусғабқа ақыретке көшкен кезде үстіне жабатын кішкене бір құрым матадан басқа кебін табылмайды... Басына тартса, аяғына жетпей, аяғына тартса, басына жетпей кебіндеуге келмеген-ді¹⁷³. Аллаһ үшін бүкіл асылын пида еткен Мусғаб табысуға ерекше ынтық Жаратушысына осылайша қанат қақты.

* * *



¹⁷³ Бухари, жанаиз, 27.

Муаз ибн Жәбәл

“Ғалымдар қияметте бір жерге жиналған кезде, Муаз олардан бір оқ атым ілгері тұрады”.

(Хадис)

Азан шақырып қойған аты – Муаз ибн Жәбәл ибн Амр ибн Әус. Лақабы – Әбу Әбдуррахман. Ансардың алдыңғы қатарлы сахабаларының бірі.

Әлемдердің Сұлтаны (с.а.с.) оны жанындай жақын тұтып жақсы көретін. “Әй, Муаз, сені жақсы көремін” деп бұл сүйіспеншілігін жария етіп айта-тын. Сахабалардың арасында сымбаттылығымен қоса сыры терең, жұмсақ мінезді, биязы болатын. Және жомарттығымен де аты шыққан еді. Оны хазірет Омар да аса жақсы көретін. Ол жайлы Омар:

“Ана атаулы бұдан кейін дәл Муаздай адамды дүниеге әкеле алмайды. Егер Муаз болмаса, Омар құрдымға кетер еді. Муаз менің халифалығым кезінде тірі болғанда, оны өзімнен кейін халифа етіп тағайындар едім. Раббым менен оны не үшін халифа еткенімді сұрар болса: “О, Раббым! өз елшінің “Ғалымдар қияметте бір жерге жиналған кезде, Муаз олардан бір оқ атым ілгері тұрады” дегенін естідім” деп жауап берер едім”, – деді¹⁷⁴.

Хазірет Муаз Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүннетін берік ұстанатын. Бір күні Пайғамбарымыз мешіттің құбыла жақ дуалынан бір түкірік көріп:

“Әрбіреуіңіз намазға тұрған кезде шүбәсіз Раббыларыңызбен жүздесесіздер. Раббымыз – құбыла

¹⁷⁴ Табақат, 3: 583-590.

мен сендердің араларыңнан дұғаларды қабыл етуші. Олай болса ешкім құбыласына қарап түкірмесін. Егер түкіруі қажет болса, не сол жағына немесе сол аяғының астына түкірсін” дегенді. Муаз бұдан кейін “Исламды қабылдағаннан бері оң жағыма түкірген емеспін” деп, Аллах елшісінің (с.а.с.) бүкіл іс-әрекеттерін үнемі қайталап, өнеге алғандығын көрсетіп кеткенді¹⁷⁵.

Муаз ибн Жәбәлдің басты ерекшеліктерінің бірі – Құранды жатқа біліп, тамаша әуезбен оқуында еді. Сондықтан да Пайғамбарымыз (с.а.с.):

“Құранды мына төртеуінен: Абдуллаһ ибн Мәсғұт, Үбәй ибн Кәғб, Муаз ибн Жәбәл және Әбу Һузәйфадан үйреніндер” деп бұл ерекшелігін атап кеткен. Ол Пайғамбарымыздың дәуірінде Құран кәрімнің жинастырылуына көп еңбек сіңірді¹⁷⁶.

Муаз ибн Жәбәл тақуалыққа ерекше мән беретін. Түннің бір уағында үнемі тәһәжжуд намазына тұратын. Ол мінәжәттан соң:

“Аллаһым! Дәл қазір көз біткен ұйқыға шомған, көкте жұлдыздар жылтырайды. Сен болсаң әрқашан ояу, жаратқандарыңды тегіс қадағалап тұрасың... Раббым, маған дүние мен ақыретте тура жол нәсіп ет! Шүбәсіз, Сен берген уәдеңнен таймайсың” деп дұға ететін¹⁷⁷.

Ибн Мәсғұт Муаз жайлы:

“Еш шүбәсіз Аллахқа бет бұрған мойынсұнуы терең жан еді, Аллахқа серік қосушылардан болмады” деген. Оған: “Бұл сіздің айтқандарыңыз Құран кәрімде Ибраһим пайғамбар жайында айтылған” де-

¹⁷⁵ Бухари, тәжриди сарих тержумеси, 2, 353-354.

¹⁷⁶ Муснад, 2, 190; Тәжрид тержумеси, 9,401; 10,22.

¹⁷⁷ Усдул-ғаба, 7, 194-197.

ген кезде (“Нәхл”, 120) “Муаз да сондай еді. Қайырды біліп, сол жақсы жолды ұстанатын. Аллаһ пен елшісіне бағынатын” деп оны Ибраһимге (а.с.) ұқсатқанды¹⁷⁸.

Муаз ибн Жәбәл Ардақты елшінің хадистерінің бізге дейін келіп жетуіне зор үлес қосты. Ол Абдуллаһ ибн Аббас, Абдуллаһ ибн Омар тәрізді т.б. сахабалардан хадис риуаят еткен. Ал, одан Әнәс ибн Мәлік, Мәсруқ, Әбу Туфәйл, Әсуәд ибн Һиләл, Әбу Мүслим әл-Хәуләни, Абдуллаһ ибн Қайс және Абдуллаһ ибн Ғәнам сияқты кісілер хадис риуаят еткен. Ол риуаят еткен хадистердің саны – жүз елу жеті ғана¹⁷⁹.

Муаз ибн Жәбәл (р.а.) – фақиһ¹⁸⁰ сахабалардың бірі. Пайғамбарымыздың көзінің тірісінде Үбәй ибн Қәғб және Зәйд ибн Сәбит сынды сахабалар сияқты пәтуа бере бастаған. Хазірет Муаз білімге көп мән беретін. Пайғамбарымыз ол жайлы:

“Үмбетімнің арасында харам мен халалды ең жақсы білетін – Муаз”, – деген¹⁸¹.

Қараңғылық пен жарықтың ара жігін айыра білетін Муаз ибн Жәбәл шынайы білім жайлы былай дейді: “Білім игеріңіздер. Өйткені, ол Аллаһтан қорқуды күшейтеді. Ғылым іздеу – ғибадат. Ғылыми мәселелерді талқылау – Аллаһты ұлықтау деген сөз. Ғылымды паш ету – жиһад. Білмегендердің көзін ашу – садақа. Білімді лайық адамдарға үйрету – құлды Аллаһқа жақындатады. Өйткені, ілім арам мен адалды, ақ пен қараны ажыратып береді.

¹⁷⁸ Усдул-ғаба, 7, 197.

¹⁷⁹ әз-Зәһәби, Тәзкірәтуль-хуффаз, 1, 19-22.

¹⁸⁰ Фақиһ – Ислам хұқығының маманы, үкім шығарушы дін ғалымы.

¹⁸¹ Тирмизи, манақыб: 33; Тәжрид тержумеси, 1, 84.

Ғылым – амалдардың имамы. Амал – ғылымға бағынышты. Ғылым – Жәннатқа бастар шамшырақ, жалғыздықта дос, алыста жансерік, қайғы мен қуанышта жол сілтеуші, дұшпанға қарсы қару және достардың арасында абырой”¹⁸².

Оның білімдарлығын, ықыласын жақсы білгендіктен Адамзаттың ардақтысы Мұхаммед (с.а.с.) Исламды адамдарға түсіндіріп, Құранды үйретуі үшін оны Йеменге жібереді. Жолға аттанар алдында Пайғамбарымызбен арасында болған әңгімені хазірет Муаз былайша баяндайды:

Аллаһ расулы мені Йеменге жіберер кезде: “Сенен бір мәселе жайлы сұралғанда неге сүйеніп үкім жасайсың?”, – деп сұрады. Мен: “Аллаһтың кітабына сүйеніп, үкім кесемін”, – деп жауап бердім. “Іздеген жауабыңды Аллаһтың кітабынан таба алмасаң, неге сүйеніп үкім жасайсың?”, – деді. “Аллаһ расулының үкімі бойынша”, – дедім. “Одан да таба алмасаң ше?”, – дегенде, “Өз ақылыммен ойланып шешемін”, – деп жауап бердім. Бұл жауапты естіген Пайғамбарымыз: “Разы болған мәселесінде Нәбиін табысқа жеткізген Аллаһқа мадақ!”, – деп, йемендіктерге: “Сіздерге сахабаларымның ішіндегі ілімді, дінді ең жақсы білетін қайырлы адамды жібердім”, – деп үшбу хат жазып жіберді¹⁸³.

Муаз ибн Жәбәлге мына өсиетті айтты:

“Әй, Муаз! Әһли китап (Кітап иелері: яһудилер мен христиандар) қоғамына бара жатырсың. «Жәннаттың кілті не?» – деп сұраса, “Лә иләһә илләллаһ” – де. Ей, Муаз, үнемі кішіпейіл бол. Жұмсақ, ақылға қонымды

¹⁸² Табақат, 2:347.

¹⁸³ Табақат, 3, 583-590.

үкім бер. Аллаһ тағала сенің бойыңнан шынайылық көрсө, саған жәрдем беріп, жетістікке жеткізеді. Егер бір мәселенің шешіміне ақылың жетпесе, ол мәселенің анық-қанығына жеткенге дейін күте біл немесе маған хабар жібер. Нәпсіңнің азғыруына ерме. Нәпсіңнің азғыруы сені жәһаннамға бастайды. Халыққа қайырымды әрі мейірімді бол. Әй, Муаз оларды Аллаһтан басқа тәңірдің жоқ екендігіне және менің Аллаһ елшісі екеніме куәлік етуге шақыр. Егер мұны қабыл етсе, Аллаһтың бір күнде бес уақыт намазды парыз еткенін айт. Мұны да қабылдаса, байлардан алынып, кедей-кепшікке берілетін зекеттің оларға да парыз етілгенін айт¹⁸⁴”.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Муаз ибн Жәбәлге айтқан мына қағидаларын ақиқаттың жаршылары мұсылмандардың ұстанатын өмірлік ұстанымына айналдыру керек. Пайғамбарымыз:

– Халықты Исламға үндегенде оны қиындатпай, жеңілдетіндер. Үрейлендіріп үркітпей, сүйіншілендер. Бас-басыңа би болмай, бірігіңдер. Маған ең жақын болғандар – толығымен мойынсұнғандар мен (қайда жүрсе де) Аллаһқа құлшылық етуін үзбейтін тақуа иелері, – деген.

Өсиетін айтып болған соң қиын да жауапты іске лайық деп тапқан жақсы көретін сахабасымен бақұлдасады:

“Әй, Муаз! Бәлкім, бұл біздің соңғы кездесуіміз шығар. Аллаһ сені дінде жетістікке жеткізіп тура жол нәсіп етсін. Алдыңнан, артыңнан, оңыңнан, солыңнан, төбеңнен және астыңнан келуі бек мүмкін барлық пәле мен қатерден сақтасын. Адамдар мен

¹⁸⁴ Бухари, зекет, 1.

жындардың жамандықтарын сенен алыстатсын. Сенің себепкерлігіңмен Аллаһтың бір адамды тура жолға салуы сен үшін бүкіл дүниеден артық нәсіп. Ей, Муаз, қайтып оралғаныңда, бәлкім, менің қабірім мен мешітімді ғана зиярат етерсің, – деп, Өзінің Ұлы Досына (Аллаһқа) аттанарлық күнінің жақындағанын сездірген еді. Бұл сөздерді естіген Муаз төбесінен жай түскендей сенделіп, тамағына өксік тығылып, буын-буыны босап, қолдары қалтырап көзі мөлтілдеп жасқа толды. Сол сәтте оның Йеменге кетпек тұрмақ, орнынан тұруға да дәрмені қалмаған еді¹⁸⁵. Сахабалар үшін Аллаһ елшісінен (с.а.с.) жырақ қалу қияметтің қиынындай ауыр соғатын. Оның нұр шашып шапағатқа бөлеген рухани кеңістігінен жырақ қалу өмір шамшырақтарының маздап барып сөнүіндей үрейлі еді.

Аллаһ расулының (с.а.с.) айтқаны тура келді. Пайғамбарымыз дүние салғанша Йеменде Ислам жолында қызмет етті. Ол жерде мұсылмандардың саны күннен-күнге көбейіп жатты. Бір ретінде Нәһә тайпасынан жүз адам бірден оның себепкерлігімен Исламды қабылдады¹⁸⁶. Муаз ибн Жәбәл Пайғамбарымыз қайтыс болып, Әбу Бәкірдің халифалығы тұсында Йеменнен оралды. Қалған өмірін Сирияда өткізіп Йорданияда оба індетіне шалдығып, небәрі отыз сегіз жасында дүниеден озды¹⁸⁷.

¹⁸⁵ Муснад, 5:235.

¹⁸⁶ Табақат, 3:584.

¹⁸⁷ *М, Әсәд, Ислам тарихы, ауд. А.Л.Казанжы-О.Казанжы, Истанбул, 1983, 833.*

Халид ибн Уәлид

“Халид сияқты адам Исламнан қалайша нәсіпсіз қалады? Бойындағы күш-жігерін мұсылмандардың игілігіне жұмсаса, өзіне де абзал болар еді”.

(Хадис)

Жеңілуді білмейтін қолбасшы Халид ибн Уәлидтің (р.а.) өмірі мүлдем қызық. Исламды қабылдағанға дейін мұсылмандарға қарсы шайқасып, үлкен зиянға ұшыратса, жүрегі иман нұрымен шайылғаннан кейінгі бүкіл ғұмыры Аллаһтың дұшпандарына қарсы қылыш сермеумен өтті. Өзінің өмір тарихын Аллаһ елшісінің қолын қысып, кәлима айтқан күннен ғана басталғанын қалайтын. Қолынан келсе, қараңғылықта өткізген күндерін жадынан із қалдырмай өшіріп тастар еді.

Халид ибн Уәлид мүшріктердің мұсылмандарға қарсы ұрыстарының бәрінде де алдыңғы шепте жүрді. Алайда әр шайқастан кейін өзімен өзі соғысқандай күй кешіп, ағат басқандай жан сарайы жадауланып алай-дүлей болатын.

Хұдайбия келісімі Халид ибн Уәлидтің мұсылман болуына жол ашты. Табиғаты арпалысты сүйетін жауынгер рухты Халид үшін бұл бейбіт келісім мұрсат мерзімі десе де болады. Өйткені, жеке қалған түндерінде шұғыласы шартарапқа кең жайылып, күннен күнге туы жоғарыда желбіреген жаңа дін жайлы бір сәт болса да дұшпандық ниетінен арыла отырып, шынайы пейілмен ойлана бастады. Аллаһтан тура жолға түсіруді тіледі. Көкірегіндегі дұшпандығы мен жаман пейілінен арылып, бар пейілімен ой тұңғиығына терең бойлаған

сайын Халид Мұхаммедтің (с.а.с.) нағыз пайғамбар екендігіне көзі жете бастады. Ол мұсылман болудың оңтайлы кезеңін асыға күтті.

Хұдайбия келісімі бойынша мұсылмандар орындай алмаған Умра сапарларының қазасын өтеуге Меккеге келген-ді. Халид Аллаһ елшісінің көзіне көрінуге ыңғайсызданып, жасырынып жүреді. Меккеге келген мұсылмандардың арасында інісі Уәлид ибн Уәлид те бар еді. Ол Халидті қанша іздестірсе де таба алмады. Ағасына төмендегі хатты жазып тастап кетті:

“Бисмиллаһи-р-Рахмани-р-Рахим!

Осыншама ақылды бола тұра Исламды қабылдаудан қашқаның ақылға қонымсыз. Ислам тәрізді ақиқат дінінен кім алшақ тұра алады? Расулаллаһ менен “Халид қайда?”, – деп сұрады. Мен: ”Аллаһ оны алып келеді”, – дедім. “Халид сияқты адам Исламнан қалайша нәсіпсіз қалады? Бойындағы күш-жігерін мұсылмандардың игілігіне жұмсаса, өзіне де абзал болар еді”, – деді. Бауырым, есіңді жи. Тезірек жет. Мүмкіндікті уыстан шығарып алма”.

Бұл хат Халидтың Исламға құлшынысын арттыра түсті. Әсіресе, Пайғамбарымыздың арнайы сұрап іздегенін естіген кезде, төбесі көкке жеткендей қуанды. Түсінде өте тар және құрғақ жерден кең әрі жап-жасыл бір алаңқайға шыққанын көріп, кейін ол түсін Исламды қабылдауға жорыған еді.

Халид Аллаһ елшісінің (с.а.с.) құзырына баруға белін бекем буды. Алайда жалғыз баруға ыңғайсызданып серік іздеді... Жолда Осман ибн Талхаға кездесті. Оған ниетін айтып, екеуі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бірге баруға келісті. Хиддә деген жерге барған кезде Эфиопиядан оралған Амр ибн Асқа жолықты. Амр да оларға

қосылды¹⁸⁸. Амр ибн Ас Мекке мүшріктерінің ең айлалы, көзіқарақты саясаткері болатын. Мүшріктердің қатарында жүрген кезде Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қатерлі қастандық жоспарын құрушы азулы дұшпандарының бірі болатын.

Нұрлы Мәдинаға үшеуі бірге жетті. Оларды Халидтің бауыры Уәлид күтіп алып:

“Тезірек жүріңіздер. Расулаллаһ сіздердің келе жатқандарыңызды есітіп, қатты қуанды. Ол сіздерді тосып отыр”, – деп сүйінші хабар жеткізді.

Ислам бақытына бөленуге бет алған бұл үш баһадүр жайлы Аллаһ елшісі:

“Мекке өз сүйіктілерін құшағымызға табыс етті”, – деді. Шынында да, бұл үшеуі мұсылмандарға қарсы шайқасқан мүшріктердің ең жаужүрек ерлерінен еді. Әрине, мұндай күштердің мұсылмандарға келіп қосылуы Исламның бұғанасын қатырып, буынын бекіте түспек. Тағдыр тамаша сыйын тарту етті.

Аллаһ расулы (с.а.с.) өзіне топтанып келгендерді ғана емес, жеке келген адамдарға да айрықша мән беретін. Амр ибн Ас және Халид сияқты құрайыштың асыл ұлдары, дара тұлғалардың алдынан шығу үшін өзінің сахабаларын жіберіп үлкен ілтипат көрсетті. Халид сияқты Меккенің белді кісісіне жылы шырай мен ыстық ықыласын білдіргенде, Халид ибн Уәлид бақыттан басы айналады. Пайғамбарымыз (с.а.с.): “Мен Халид осыншама ақылды бола тұра қалайша күпірлік ішінде жүр деп таң қалып, сенің бір күні келіп Исламды қабылдайтыныңа нық сенімді едім”, – деді.

Халид ибн Уәлид ескі күнәларын еске алып, іштей қынжылды. Пайғамбарымыздан күнәларының

¹⁸⁸ *Муснәд; 4:158.*

кешірілуі үшін дұға етуін қатты өтінді. Әлемдерге рақым етіп жіберілген Пайғамбарымыз: “Ислам бұрынғы күнеларды санамайды, толығымен өшіреді”, – десе де, қанағаттанбай дұға етуін сұрайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қолын көкке көтеріп: “Аллаһым, ел-жұртты сенің жолыңнан алыстату үшін жасағандарын кешіре гөр!” – деді.

Пайғамбарымыздың жылы шырайынан тебіреніп, бұдан кейінгі саналы ғұмырын, бойындағы бүкіл қуатын Ислам байрағын байтақ әлемге желбірету жолында жұмсады.

Бұл үш батырды қылыштың күшімен, мұсылман ету мүмкін емес еді. Олар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шынайылығы мен табандылығына, аз уақыттың ішінде өзінің айналасына бірөңкей асылзада адал серіктер жинап, олардың ең сүйіктісіне айналғанына таңғалып, Исламға ықыластылық танытты. Ислам – зорлықпен қабылданатын дін емес, адамдарды бақытқа жеткізер ақиқат жолы. Ары таза, зер салып ойланған адам даңқты сахабалар сияқты бұған анық көз жеткізе алады.

Халид ибн Уәлидтің алғаш қатысқан шайқасы – Мута ұрысы. Бұл шайқас Пайғамбарымыздың грек патшасына жолдаған Харис ибн Үмәйдің Шам әкімі тарапынан өлтірілуінен туды. Бұл оқиға Аллаһ елшісіне ауыр тиді, өйткені, ол кезге дейін Елші өлтірілмейтін. Харис ибн Үмәйр Пайғамбарымыздың елшілерінен – ең алғашқы әрі соңғы шейіт. Расулаллаһ шұғыл түрде үш мың кісіден тұратын әскер жасақтады. Әскер басы болып Зәйд ибн Хариса тағайындалды.

Халид ибн Уәлид Мутә соғысына қатысқан кезде екі ай бұрын ғана мұсылман болған еді. Мутә шайқасына аттанар кезде қолбасшылардың арасында

оның аты да аталмаған. Ол шайқасқа қарапайым әскер ретінде қатысты. Пайғамбарымыз (с.а.с.) хазірет Зәйд, Жағфар, Абдуллаһ ибн Рәуэхалардың аттарын атап: “Егер бұларәлдеқандай жағдайға тап болса, Аллаһ қылыштарының біреуі істі мойнына алсын” деген. Бұл жерде есім айтылмаса да, тарих Аллаһ қылышының Халид екендігін көрсетті...

Шайқас алты күнге созылды. Алтыншы күні тағдырдың жазуы болып, Аллаһ елшісінің айтқанындай үш қолбасшы да майдан даласында бірінен кейін бірі шейіт болды. Ислам әскері қолбасшысыз қалды. Византиялықтар мұсылмандарды тегіс қырып жіберудің аз-ақ алдында тұрды. Көптеген сахаба шейіт болды.

Соғыстың жан берісіп, жан алысқан шағында байрақты Сәбит ибн Әкрәм қолына алды. Сәбит артындағы Халидты көре сала туды соған ұсынды. Енді ғана мұсылман болған Халид алдында өзінен бұрын мұсылман болған мұһажирлер мен ансарлар бар кезде оларға қолбасшы болуға лайық емеспін деп кішіпейілдік танытты. Туды алғысы келмей тартыншақтады. Сәбит ибн Әркәм: “Туды сен қолыңа ал. Өйткені, соғыс тәсілін сен менен әлдеқайда жақсы білесің. Мен туды саған беру үшін алдым”, – деп бастырмалады. Сахабалардың қолқалауымен Халид байрақты қолына алды. Сол түн Халидтың түні болды. Әртүрлі стратегия жасап, дұшпанның есін шығарды. Сол қанаттағыларды – оңға, оңдағыларды – солға, арттағыларды – алға шығарып, бейне бір жаңа күш келіп қосылғандай көрсетуге тырысты. Көзі таныс үйреншікті адамдарын көре алмаған византия әскерлері шынымен де жаңа қуат келді екен деп сасқалақтап қалады. Халид (р.а.) шабуылды үсті-үстіне үдетіп, бастырмалатып, жеңіліп бара жатқан

Ислам сайыпқырандарын жеңіске бастады. Қалған мұсылман әскерлерін Мәдинаға шашау шығармай аман алып қайтты. Осы шайқаста Екі Жаһан Сардары (с.а.с.) қаһарман Халидке “Сәйфуллаһ” – Аллаһ қылышы деген ат таңды¹⁸⁹. Тарихшылардың айтуынша, мұсылмандардың саны – үш мың, византиялықтардың әскер саны – жүз мың болыпты.

Сахабаларды теңдессіз етіп тәрбиелеуде алдына жан салмаған Аллаһ елшісі әркімнің қабілет-қарымына қарай қызмет артқандықтан ол міндетін толық атқарған. Сәйфуллаһ атанған Халид барлық жерде Аллаһтың алып түсер алмас қылышы болып, ешқашан жеңілуді білмеді. Аллаһ елшісі уаһиге сүйенген парасаты арқылы мемлекеттің негізін ұстап тұратын тетіктерді орнымен қолдана білді. Ол қасиетті мектебінде Халид сияқты талай әскери тарландарды, әлемге әйгілі соғыс қолбасшыларын тәрбиеледі. Яғни, олардың қабілеттерін шыңдады. Хазірет Халид сол мектепте тәлім алып, бойындағы қабілеттерін кемелдендірген ұлы қолбасшы дәрежесіне жетті.

Мутә ұрысы – Исламның атақ-даңқы жер жаруына септігін тигізген шайқас. Бұл шайқас – қолбасшы Халидтің „Аллаһ қылышы” деген атқа лайық екенін көрсеткен шайқас. Үшбу шайқаста Аллаһ елшісінің ең жақсы көрген сахабаларының үшеуі шейіт болған еді. Жеңіске жеткізген Мутә шайқасынан кейін күллі шартарапқа Исламның саяси ықпалы мықтап мойындалды. Бұдан кейін Бәну Асфарда Исламның атағы жайылып, Аллаһ елшісінің аты ол жаққа да жетті.

Иә, саңлақ сахабалары да адамзатқа сый ретінде жіберілген Нәбиге (с.а.с.) жасалған бір тарту бола-

¹⁸⁹ Табақат, 2:128-130; әл-исәбә, 1:413.

тын. Ислам шапағаты демесек, аз уақытта, болмашы күш, соғыс тәжірибесі жағынан да басқа мемлекеттерден әлдеқайда тәжірибесіз, бір-бірімен үнемі қырқысып өткен “жалаң аяқ” арабтардың (бұл сөз оларды кемсіту мақсатында емес, қайта оларға тәнті болғандықтан қолданылды) мұншама жетістікке жетуін қалай түсіндіруге болады? Олар бұл іске шын жүректерімен кірісіп, шынайылықпен ауыр міндетті мойындарына алу арқылы Аллаһ расулының (с.а.с.) терең сүйіспеншілігіне ие болған. Егер біздің ұрпақ та солар сияқты “ақиқат жолы осы” деп одан тайынбаса, сахабалар сияқты олар да Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүйіспеншілігіне бөленбек.

Ардақты елші (с.а.с.) Халидты өз үйіне қоңсы қондырып, атты әскерге қолбасшы етіп тағайындады. Бұл Ардақты елшінің «Аллаһ қылышына» деген көрсеткен құрметі еді. Ол Таиф қоршауында, Меккенің алынуында, Хунәйн соғысында және де басқа да ірілі-ұсақты ұрыстарға қатысып, Ислам майдангері бола білді. Хунәйн соғысында жараланды. Аллаһ елшісінің берекетті дұғасының арқасында жарақаттары жазылды¹⁹⁰.

Сүйікті елші Мекке алынғаннан кейін Ұзза пұтын талқандау үшін Халидті жіберді. Халид мелшиген меңіреу кара пұтқа қарап:

“– Ей, Узза! Мен саған сенбеймін. Сені құрметтемеймін де. Өйткені, Аллаһ тағаланың саған еш құрмет етпейтінін түсіндім”, – деп пұтты құл-талқан қылды. Өйткені, Ұлы құдірет Аллаһтың қасында дәрменсіз кара тақтайдан жасалған пұттың еш құны жоқ. Халид кара пұтты талқандау үшін құлшына кірісті.

¹⁹⁰ Усдул-ғаба, 2:103.

Пұттың бейнесіндегі бүкіл шіркке қарсы күрескендей жігер көрсетті. Бұл маңызды істі бітіргеннен кейін Аллаһ елшісіне барып міндетін атқарғанын айтты. Аллаһ елшісі:

“Уззаның абыройы айрандай етілді. Бұдан былай арабтар үшін Узза жоқ. Оған енді ешкім табынбайды”, – деді.

Халид де Аллаһқа мадақ айтып:

“– Уа, Аллаһтың елшісі! Бізге Исламдай ақиқат дінін сыйлап, құрдымға кетуден сақтап қалған Аллаһқа мадақ! Мен әкемнің жүз түйесі мен қойының ішінен ең жақсысын таңдап, Узза үшін сойғанын, оның қасында үш күн қалып үйге қуанышы қойнына сыймай келгенін көрдім. Әкемнің бүкіл ғұмырын пайда еткен сеніміне, естімейтін, көрмейтін, зияны да, пайдасы да жоқ қу тақтайдан жасалған пұтқа құрбандық шалып, соншалықты алданғанына қайран қаламын”, – деді¹⁹¹.

Басқа да сахабалар сияқты хазірет Халидтің де Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігі шексіз еді.

Халид Ұхұтта мұсылмандарды үлкен зиянға ұшыратса да Аллаһ расулына (с.а.с.) келіп мойынсұнып, серттесіп қол қысқаннан кейін, өзін Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бір бөлшегі сияқты сезінді. Тіпті алғаш шайқасқа оны алып шықпау Халидке ауыр тиіп, таң ағарып атқанша боздап жылаған еді.

Йәрмук шайқасынан көтерілген шаңнан күн тұтылғандай. Қан судай ақты. Ажал қылыштары сермеліп, зыңылдай ұшқан жебе, зулаған оқтардан көз тұнады. Осындай сәтте даңқты қолбасшы Халид ба- сынан түсіп қалған сәлдесін іздеп алас ұрды да қалды. Ажал қатері қаперіне де кірмейді. Әскерлеріне сәлдесін

¹⁹¹ *Табақат, 1:339; Сира, 4:239.*

қайткен күнде де табуға бұйрық берді. Сарбаздар әмірді екі етпей жыртылып-жыртылып қалған сәлдесін тауып береді. Түте-түтесі шыққан сәлдесін “сонша іздетудің құпиясы не” деп таңданған әскерлеріне қарап:

– Расулаллаһ (с.а.с.) Умра жасар кезде шашын алғызды. Сахабалардың бәрі оның шаштарын жерге түсірместен қағып алып жатты. Мен де бәрінен шапшаң қимылдап, мүбәрак шаштан алып осы сәлденің ішіне сақтадым. Содан бері қандай шайқасқа кірісsem де жеңіске жеттім”¹⁹² деп Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігін көрсеткен еді.

Халид ибн Уәлидтің батырлығы мен жаужүректігін Пайғамбарымыз (с.а.с.) әлденеше рет мақтан еткен. Мекке алынып мұсылмандар жан-жақтан жиналған кезде Халидті (р.а.) байқап қалған Пайғамбарымыз Әбу Һурәйраға қарап:

– Мына келе жатқан кім? – деп сұрады. Әбу Һурәйра:

– Халид ибн Уәлид, – дегенде:

– Бұл – Аллаһтың ең жақсы құлы, – деді¹⁹³.

Тағы бір ретінде Пайғамбарымыз хазірет Халид жайлы:

“Ол бәрін сендер үшін берді. Барын да, жоғын да шайқастарда Аллаһ жолында сарп етті”, – дегенді¹⁹⁴.

Халидтің (р.а.) дүниедегі татқан ләззаты – дін жолындағы жиһады. Жиһадты “ең жақсы көріп үйленген әйеліммен өткізген түннен немесе ұлды болып сүйіншіленген күннен де тәтті” дейтін. Ол сондай күндерінің бірін былайша баяндаған екен:

¹⁹² *Хаятұс-сахаба*, 3:506.

¹⁹³ *Муснәд*, 2:1360.

¹⁹⁴ *Сунән*, 1:163.

“Расулаллаһтың әскерлерінің сапында едім. Түн тастай қараңғы. Дұшпанмен бетпе-бет келу үшін таң ағаруын сабырсыздана күттім. Мен үшін әлемде сол түннен асқан ләззатты түн жоқтай көрінді. Жетістікке жеткілерің келсе, жиһадтан тайынбаңдар”¹⁹⁵.

Хазірет Халид тек соғыс алаңында күреспен ғана шектелмей өзіне жүктелген Исламды үгіттеу ісін де өз дәрежесінде орындады. Мысалы, Нәжранға Харис ұлдарына Исламды уағыздауға жіберілді. Оларға Исламды түсіне аларлықтай дәрежеде айтып жеткізді. Харис ұлдары Халидтің уағыздауының нәтижесінде Исламды қабылдады.

Халид ибн Уәлид қатысқан шайқастарында Аллаһтың разылығын алуды көздейтін. Ярмук соғысында гректердің қолбасшысына Исламды уағыздады. Екі жақтың әскерлері бел суытып жатқан мезгілдің бірінде Халид ибн Уәлидтің әскери тәжірибесіне таңғалып онымен сөйлескісі келді. Византиялық қолбасшы Георгий Халидтен:

– Уа, Халид, шындықты айт. Азат адам жалған сөйлемейді...

Сермегенінді қақырата қаусататындай сендегі қылышты Аллаһ пайғамбарға көктен түсіргені ме? Халид:

– Жоқ.

– Олай болса, неге “Аллаһтың қылышы” деп аталдың?

– Аллаһ бізге пайғамбар жіберді. Кейбіреу оны мойындаса, кейбіреу оның айтқандарына сенбейді. Мен де сол сенбегендердің қатарында болатынмын.

¹⁹⁵ *Хаятус-сахаба, 1:333.*

Соңында Аллаһ жүректерімізді Исламға бұрып, бізді тура жолға түсірді.

Пайғамбарымыз маған дұға етіп: “Сен – Аллаһтың қылыштарынан бір қылышсың”, – деді. Осыдан кейін мен “Аллаһ қылышы” деп атандым.

Византиялық қолбасшы:

– Сендер халықты неге үндейсіңдер? – деді. Халид:

– Бір Аллаһқа және Исламға.

– Бүгін Исламды қабылдаған адамға сіздерге берілгендей сауап пен сый беріле ме? – деп сұрады.

Хазірет Халид бүкіл жан дүниесімен:

– Иә. Бәлкім, ол бізден де жоғары болуы мүмкін.

Сендер бұл дінге бұрын кірсеңдер, бұл қалай болады?– деді таңырқай.

– Біз Расулаллаһпен бірге өмір сүрдік. Оның мұғжизаларына куә болдық. Біздің көргенімізді көріп, естігенімізді естігендердің мұсылман болмауы ақылға қонымсыз.

Сендер болса оны көрген жоксындар. Сол себепті сендер ғайыпқа (көзге көрінбеген нәрселер) сенген боласындар. Егер шын ниет әрі ықыласпен Исламды қабылдасандар, сауаптарың мол болады.

Византиялық қолбасшы атымен Халидтің қасына тақап келіп:

– Уа, Халид, маған Исламды үйрет, – деді. Ол Халид арқылы жүрегі алып-ұшып, Исламды қабылдады. Екі бас намаз оқығаннан кейін өзінің бұрынғы жақтастарына қарсы соғысып шейіт болған еді¹⁹⁶.

Жеңілмес қолбасшы хазірет Әбу Бәкір мен Омардың халифалығы кезінде де қолбасшылық қызметін атқарды.

¹⁹⁶ *Р. әл-Баши, 1: 502-503.*

Ислам дұшпандарының жүрегіне үрей салды. Өйткені, қол бастаған бүкіл шайқастарында жеңістен жеңіске жетіп отырды.

Дос та, дұшпан да оның қылышы көктен түскендей көретін. Әскерлері оны адам кейпінде түсірілген періштедей қабылдады. Жеңістер үсті-үстіне үдеп, аты аңызға айнала бастады. Тіпті кейбіреу: “Егер Халид басқарса шығамыз, болмаса жоқ” дейтіндей дәрежеге жеткен. Бұл Омарды (р.а.) мазалай бастады. Өйткені, халық Аллаһтың құдіреті мен жәрдемін ұмытып, барлық жетістікке Халидтің арқасында жетіп жатырмыз деп сене бастады. Сондықтан да хазірет Омар: “Халық жеңістерді сенің жеке басыңнан көруде” – деп, оны қолбасшылықтан алып тастады. Марапат естудің орнына міндеттен босатылғанын естіген кезде, бұл әмірге үн-түнсіз басын иеді. Менменсініп, көкірек қақпады. Халифаның айтқандарын құп алды. Белді, даңқты қолбасшы бола тұра, кезінде өзінің қол астында болған қатардағы бір жауынгердің басқаруында шайқас жолын жалғастырды¹⁹⁷.

Ұлы мақсатқа жету жолында Халид үшін қарапайым әскер болу немесе қалың қол басқару арасында еш айырмашылық жоқ еді. Ол жай әскер болса да, қолбасшы болса да, бойындағы бүкіл қуатын өзі сенген Аллаһқа, серт берген Елшісіне (с.а.с.) және дін туының желбіреуі үшін жұмсайтын¹⁹⁸.

Аллаһтың қолдауымен екі бірдей императорлықты жермен-жексен еткен Халид дүние салғанда, артында іліп алар дүние-мүлік қалмаған еді. Бұл – дүние жинамау керек деген сөз емес, көңілін өткінші дүниеге бай-

¹⁹⁷ *Асру-саадат*, 2:291.

¹⁹⁸ Р. әл-Бәша, 1, 504.

ламай, бұл дүниенің негізгі иесіне бағыштау деген сөз. Ол өлген кезде, артында тек жаугершілікте мінген аты мен қылышын қалдырды.

Хазірет Халид ибн Уәлид қайтыс болар кезде: “Атымды, қылышымды әкеліңдерші, оларды соңғы рет бір көрейін”, – деп өмірін сұрапыл шайқастарда өткізгендігін еске ала көкірегі қарс айрылды. Бүкіл ғұмырын сұрапыл шайқас үстінде шейіт болуды армандап өткізген нар тұлғалы, алып батыр Халидке төсек тартып жатып өлу ауыр тиді. Бұл сезімін:

“Қаншама шайқасқа қатыстым. Денемде қылыш сілтеніп, найза қадалмаған, оқ тимеген сау тамтық жер жоқ. Алайда төсегімде жан тәсілім етіп барам. Қорқақтар дүниеде масайрамасын”, – деп кетті өлерінде.

Аллаһтың қылышы дүниеден озған кезде халифа Омар: “Халид сияқты ерлерді ендігәрі ешбір ана дүниеге әкеле алмас”, – деп егіле жылады. Алайда ол тек Халидты жоғалтқаны үшін емес, өлімнің Омардың қолындағы мүмкіндіктен қаққаны үшін жылады. Өйткені, Халид өлмегенде халықтың жаңылыс сезімі басылған соң оны қайтадан қолбасшы етіп тағайындағысы келген еді¹⁹⁹.

¹⁹⁹ Р. әл-Бәша, 1, 507.

Біләл Хабаши

*“Ей, Аллаһ елиісінің халифасы! Мен
Пайғамбарымыздың: “мүминнің ең қайырлы ісі – Аллаһ
жолындағы жиһады” – дегенін естіген едім. Мен де өле-
өлгенше Аллаһ жолында жанымды пайда еткім келеді”.*
(Біләл Хабаши)

Пайғамбарымызға алғаш иман еткен бақыттылардың бірі. Исламның алғашқы азаншысы. Ислам тарихында оның өшпес орны бар.

Түп тегі Эфиопиялық Біләл Ислам шуағы шартарапқа нұрын шаша бастаған шақта Үмәйя ибн Хәләфтің басыбайлы құлы еді. Дінге шақыру жасырын жүріп жатқан кезде Исламды қабылдап, әр түрлі азапқа душар болған алғашқы сахабалардың бірі. Исламның алғаш пайда болған кезеңінде өздерінің тектілігі мен мүшрік қоғамындағы беделіне марқайып, Исламнан бас тартқандар қараңғылықта қалса, Біләл Хабаши аталып кеткен Біләл ибн Рәуәх дәрменсіздігіне қарамастан, Исламды қабылдап шірктен құтылды.

Үмәйя ибн Хәләф құлының Исламды қабылдағанын естігенде, төбесіне мұздай су құйылғандай болды. Ол кезде қожайынының рұқсатынсыз құлдың басқа сенімді қабылдауы кешірілмес күнә еді. Үмәйя Біләлді алған бетінен қайтару үшін көрсетпегенді көрсетті. Күннің тас төбеге жетіп, арабстан шөлінің ми қайнатар аптап ыстығында Біләлді қарып түсер құмның үстіне жатқызып, кеудесіне зіл батпан тас қойып:

“Мұхаммедке тіл тигіз. Лат пен Уззаға иман келтір. Оларды мойындағанға дейін осы азапты тартқаның тартқан”, – деді ашуға булыққан қожайыны.

Біләлдің ыстық құмда арқасы оттай жанып, кеудесі аптапқа шыжғырылып, демі тарылса да, “Аллаһу ахад! Аллаһу Ахад!” (Аллаһ бір) деумен болды.

Мүшріктер неше күн бойы сол жазаны қолданды. Күндіз шақырайған күнге қақтаса, кешқұрым мойнына жіп байлап, бала-шағаға итше жетектетіп, Меккенің көше-көше, төбе-төбесін аралатқызатын. Азаптың қыл арқанын Біләлдің қылбырауына салған сайын, оның иманы да арта түсті. Қаншама қорқытып, жекіріп, ұрып-соққандарына қарамастан, бәрібір “Ахад! Ахад!” деумен болды. Азаптың ауырлығына жүректері шыдамаған мүшріктер тәңірлерін бір ауыз сөзбен-ақ мақтап берсе, оны азат етуге көнді. Олар үшін бір сөздің өзі тәңірлерінің ұлықтығын қорғауға жетерлік еді. Құрайыштар құлдарының табан тіреп қасарысуын тоқтата алмай масқара болғандарын мойындағылары келмеді. Алайда Біләл шын жүректі бір жүрек деп білгендіктен, әрі иманын, әрі жанын сақтап қалу үшін бұл бір ауыз сөзді айта салуына болар еді, бірақ оның өзін айтпай иманын бүтін қорғап, сақтап қалды²⁰⁰. “Ахадты” айтудан бас тартпады.

Түн қараңғылығын жамылып келген мүшріктер:

“Ертең тәңірлеріміз жайлы жақсы сөздер айт. Раббым Лат пен Узза десең сені босатамыз. Сені қинаудан шаршадық. Біз сені емес, сен бізді зәрезап қылдың”, – деп көндіргісі келді. Біләл айтқанынан қайтпады.

Қанша қыстаса да Біләлдің көнетін түрі жоқ. Қожайыны Үмәйя да күнделікті азаптауын тоқтатпады.

²⁰⁰ Р. әл-Баша, 1, 507.

Осындай күндердің бірінде сол маңнан өтіп бара жатқан хазірет Әбу Бәкір Үмәйяға:

“Раббым – Аллах” дегеніне бола байғұсты өлтіресіңдер ме? – деді. Содан соң Әбу Бәкір:

– Құнынан да артық ақша төлейін, оны босат, – деді.

Бұл ұсынысты естіген Үмәйя қуанып кетті. Өйткені, оның райынан қайтпасына әбден көзі жетіп шаршағанды. Ақша дегенде құлқыны тоймас саудагер оны өлтіріп құтылғаннан, тірідей құтылудың пайдалы екенін түсінді. Осылайша иман жолында үлкен табандылық көрсеткен Біләл еркіндікке қауышып, шынайы Жартушысына құлшылық етуге асықты.

Азат етілген діндес бауырын Әбу Бәкір Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанына ертіп апарды. Оның мұсылмандар қатарына қосылуы үлкен қуаныш болды²⁰¹.

Біләл Хабаши кейін басқа да сахабалар сияқты Мәдинаға hijрет етті. Сағд ибн Хәйсәманың үйінде қонақ болды. Мұһажирлер мен ансарлар арасында бауырластық жасалған кезде, Біләл Хабаши Абдуллаһ ибн Абдуррахманмен төс қағысады. Бұл бауырластық өмір бойы жалғасты. Хазірет Омардың тұсында Сирияда болған кезінде өзіне тағайындалған айлықтың жартысын бауырына жіберіп отырды²⁰².

Пайғамбарымыз сахабаларымен мұсылмандарды намазға қалай шақырсақ екен деп көп кеңесті. Соңында бірнеше сахабаның көрген түсінен кейін қазіргі айтылып жүрген азан бірауыздан қабылданды. Бұл қасиетті міндет ең алғаш хазірет Біләлға табысталды. Осыдан

²⁰¹ Табақат, 3:234.

²⁰² Р. әл-Бәша, 1, 507.

кейін Біләл тамаша жуан қоңыр даусымен күніне бес рет мұсылмандарды намазға шақыратын болды. Аллаһ елшісінің көзі тірісінде азанды алғашқы күннен бастап соңғы күнге дейін тек қана Біләл оқыды.

Біләлдің дүниеде ең жақсы көргені Аллаһ елшісінің (с.а.с.): “Уа, Біләл! Азан шақырып бір сейілтші”²⁰³ – деуі болатын. Ардақты елші (с.а.с.) Біләл Хабашиді жақсы көргендіктен: “Азаншылардың мырзасы Біләл қандай бақытты” оған қоса “саййдуль-муәззинин” (азаншылардың мырзасы) – дейтін.

Пайғамбарымыздың оған азан шақыру міндетін жүктеуі Ислам дұшпандарының зығырданын қайнатып, жынына тиді. Өйткені әуел баста құлдары болған қайдағы біреудің енді келіп құлақ түбінен Аллаһтың атын жар салғанын қабылдай алмады. Мекке алынғаннан кейін Біләлдің Қағбада азан шақырғанын көре алмаған азулы дұшпандар: “Мұхаммед азан шақыру үшін мына қара қарғадан басқа жөні түзу адам таппады ма?” – деп келемеждеумен болды. Әлсіз, дәрменсіз басыбайлылардың Исламның арқасында мұншама өсіп, айналасындағыларға сыйлы болуын көре алмады. Тіпті Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп: “Мына Біләл сияқты ешкімі жоқ пақырларды қасыңнан қусаң ғана саған иман келтіреміз. Бұлармен біз бірдей бола алмаймыз”, – деп тәкаппарланды.

Ислам дұшпандары Біләлді сирағынан асып, үйітіп жейтіндей жек көрсе де, ол олардың бұл пасық қылықтарын шыбын шаққан құрлы көрмеді. Өйткені, ол Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жылы лебізі мен сүйіспеншілігіне, жоғары марапаттарына ие болған еді. Оның бүкіл арман-тілегі де осы. Иман нұры бой-

²⁰³ Табақат, 3:234.

ына қуат, Пайғамбарымыздың сүйіспеншілігі бақыт қайнары болды. Ғаламның Рақым Нұрымен (с.а.с.) бірге бүкіл қиындықтарды бөлісуге шын ықыласымен көнді. Материалдық жағынан мәз емес еді. Нешеме күн Аллаһ елшісімен бірге ас-сусыз қалды. Алайда рухы тоқ, көңілі шат-шадыман. Шақырған әр азаны рухына ләззат құйып, жүрегіне қуаныш сыйлады.

Хазірет Біләл Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мақтауы мен марапатына қаншама рет ие болса да марқайып кетпейтін. Үнемі кішіпейілдігін сақтады. Ол: “Мен бар болғаны жай бір Хабашимін (эфиопиялық). Кеше ғана құл едім”, – дейтін. Хазірет Омар: “Мырзамызды Әбу Бәкір мырза азат етті” деп хазірет Біләлді – “мырзамыз” дейтін.

Мұсылман қауымның алғашқы азаншысы Біләлдің пайғамбарлар сәруары Мұхаммедке (с.а.с.) деген сүйіспеншілігін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Исламды қабылдағаннан кейін бір сәтке де қасынан ажырамайтын.

Екі дүниенің сұлтаны Мұхаммед (с.а.с.) ақыретке аттанғанда, көптеген сахабалар сияқты қайғырып Мәдинада қала алмады. Аллаһ елшісінің кетуі жүрегіне жарқырап шуағын төгіп, өмірдің қайнары күннің сөнуінен де ауыр тиді. Өйткені, Мәдинаның әр тасы мен топырағы оның есіне Аллаһ елшісін түсіретін. Сол тұстағы халифа хазірет Әбу Бәкірден Біләл басқа жаққа кетуге рұқсат сұрады. Әбу Бәкірге барып:

– Ей, Аллаһ елшісінің халифасы! Мен Пайғамбарымыздың: “мүминнің ең қайырлы ісі – Аллаһ жолындағы жиһады” – дегенін естіген едім. Мен де өле-өлгенше Аллаһ жолында жанымды пида еткім келеді, – деді. Әбу Бәкір:

– О, Біләл! Бізге кім азан шақырады? – дегенде Біләл (р.а.) көз жасына ерік беріп:

– Мен Аллаһ елшісінен кейін ешкімге азан шақыра алмаймын, – деді.

Біләлдің алысқа кеткенін қаламай, қанша жібермеуге тырысса да хазірет Біләл:

– Уа, Әбу Бәкір, рас, сен мені құлдықтан құтқардың. Егер мені өзің үшін азат еткен болсаң, онда алып қал. Ал, егер Аллаһтың разылығын көздеп сатып алған болсаң, еркіме жібер, – деді.

Әбу Бәкір (р.а.) рұқсат берген соң Біләл Хабаши Шамға барып, Ислам туын көкке көтеріп, бірнеше соғысқа қатысты.

Шамда жүрген кезінде бір түс көріп, Мәдинаға келді. Пайғамбарымыздың қабірінің қасында хазірет Хасан мен Хүсейнді кездестіріп, Аллаһтың сүйікті елшісімен (с.а.с.) бірге өткізген тәтті күндерді еске алды. Әлемдердің Падишасы (с.а.с.) дүниеден озғаннан соң, Мәдинада азан шақырмаған еді. Ғаламның рақым нұрынан (с.а.с.) кейін азан шақыруға тағаты да жетпеді. Өйткені, азандағы “әшһәду әннә Мухаммадан Расулуллаһ” (Мұхаммедтің Аллаһ елшісі екендігіне куәлік етемін) деген сөйлемді айта алмай іркіліп қалатын. Даусы шықпай көз жасына булығып, аяқтарының буыны босап кете баратын.

Пайғамбарымыздың “менің дүниеде иіскеген екі райханым” деген немерелері Хасан мен Хүсәйіннің өтінішінен кейін, соңғы рет Мәдинада азан шақыруға бел буды. Көзін көкке қадап тұрып, бүкіл жан дүниесімен тебіренге азан шақырды. Бүкіл Мәдинада Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген сағынышты жаңғыртты. Ел түгел көшеге шықты. Аллаһ расулының нұрлы өмірін көз ал-

дарына елестетіп, бәрінің ет жүрегі елжіреп егіле жылады. Пайғамбарымыз қайта тіріліп келіп, Біләлге азан шақыртқандай болды. Сол күні көзіне жас алып иығы селкілдемеген тірі жан қалмады²⁰⁴.

Қандай иман! Таңғаларлық сүйіспеншілік! Адамзат тарихында мұншама сүйіспеншілікке хазірет Мұхаммедтей (с.а.с.) ешкім бөленбеген.



²⁰⁴ *Р. әл-Башиа, 1:414-416.*

Саид ибн Әмир

“Жәннаттың мәңгілік нығметтерін өткініші дүниеде түгескім келмейді”.

(Саид ибн Әмир)

Ардақты елшінің (с.а.с.) тәрбие мектебінен өткен саңлақ сахабалар жүрген жерлерінде ел-жұрттың бақыты үшін күш жұмсады. Екі дүниеде бақытқа жетудің жолын іздеді. Аллаһтың разылығын алу халықтың ризалығынан өтетінін жақсы білген сахабалар өз бақыты үшін емес, өзгенің бақыты жолында өмір сүрді. Мұны олар адамзаттың Ардақтысынан үйренді. Өйткені, ол :

“Әрбірің малшыдай жауапкерсіңдер. Баршаң да қарамағыңа жауаптысыңдар. Ел басшысы – қарамағына жауапты. Ер адам – отбасының басшысы. Ол отбасына жауапты. Әйел – ерінің меншігіне жауапты. Қызметші – мырзасының мал-мүлкінің басшысы, иелігіне жауапты. Әрқайсың жауапкер, әрбірің қарамағыңа жауаптысыңдар”²⁰⁵, – деп, әрбір адамның өзіне берілген міндетін адал орындағанда ғана қоғамның салауатты ғұмыр кешетінін айтқан еді. Жанқияр сахабалар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өмірлік дәстүрге айналдыруға тырысып бақты.

Осындай жарық жұлдыздардың бірі – Саид ибн Әмир әл-Жумахи. Ол Хайбардың алынуына дейін Исламды қабылдап, Аллаһ елшісінің нұрлы дәріс алқасына қосылды. Иман шәрбатына бас қойған Саид Меккедегі

²⁰⁵ Бухари, Жума, 11.

мүшріктердің азабына одан әрі шыдай алмай, Мәдинаға қоныс аударды. Барын жолына жұмсаған ол бүкіл шайқастарда үлкен ерлік көрсетті.

Хазірет Саид мықты қолбасшы болатын. Йәрмуқ соғысында Әбу Ұбайда ибн Жаррах (р.а.) халифа Омардан (р.а.) көмек сұрады. Халифа мың адамға татырлық төрт адамды жіберді. Бұлардың арасында Саид ибн Әмир де бар еді. Византиялықтарға қарсы болған сұрапыл Йәрмуқ шайқасында хазірет Саид үлкен қаһармандық пен жанқиярлық танытты.

Саид ибн Әмир – көзі қарақты, парасатты басшы, әділетті саясаткер әрі майталман дипломат. Пайғамбарымыздың суффада тәрбиелеген сахабаларының бірі Саидты бойындағы тамаша қасиеттеріне орай халифа Омар Хумусқа әкім етіп тағайындады. Бастапқыда Саид бұған қарсылық білдірсе де, хазірет Омар бой бермеді. Қысқа уақыттың ішінде ол халыққа өзін сүйдіре білді. Басшылық міндетін абыроймен атқарды. Халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, әлсіздерге қамқорлық көрсетті. Тіпті мұсылман болмағандардың өзі оның басшылығына дән разы болды.

Омар Фаруқ бірде Сирияға соқты. Қаланың солтүстігіндегі Хумустан өзі тағайындаған сенімді әкімді көргісі келді. Мақсаты: әкімінің жағдайын әрі халықтың ол жайлы ойын білу еді. Халифаның қалаға келгенін естіген халық түгел жиналды. Халифа олардан: “Уа, Хумус халқы! Әкімдеріңіз қалай? Көңілдеріңіз тола ма? Ол жайлы айтар қандай шағымдарыңыз бар?”, – деп сұрады.

Халық жалпы разы екендігін, бірақ түсінбеген кейбір жағдайларға байланысты шағымдары барын

білдірді. Хазірет Омар шағымдарын айтуын талап етті. Олар:

– Таңертең міндетіне ерте келмейді. Тіршілік қызған кезде бірақ келеді, – деді. Халифа Омар:

– Бұдан басқа қандай үлкен кемшілігі бар? – деді.

– Кеш қарайғаннан кейін ешқайсымызды қабылдамайды. Әр айда бір күн тәулігінде біз оны көре алмаймыз. Кей кездері есінен танып, құлап қалады, – деп бүкіл шағымдарын тізбектеді.

Бұқарамен жүздескеннен кейін халифа Омар Әмирді қасына шақыртып алып бұл шағымдардың себебін жеке-жеке сұрады. Әрі ішінен “Аллаһым, Саид ибн Әмир жайлы менің жақсы ойымды жалғанға шығара көрме”, – деп дұға етіп отырды.

Айтылған шағымдарды тыңдап болған соң Әмир байсалды қалпында:

– Омар, негізі бұларды айтуға зауқым жоқ. Алайда шағым болып түскендіктен мен де амалсыз айтамын. Міндетіме кешірек баруымның себебі, үйде қызметшім жоқ. Әйелім науқас, үй жұмыстарының көбін өзім істеймін. Таң атысымен ерте тұрып қамыр ашытып, нан пісіремін. Балаларымның таңғы асын ішкізіп болған соң, дәретімді алып, халықтың алдына шығамын.

Түнде ешкімді қабылдамаймын. Өйткені, күндізімді халыққа, түндерімді құдіреті шексіз Аллаһқа арнаймын.

Айда бір рет шықпауымның себебі: Қызметшім болмағандықтан киімдерімді өзім жуамын. Ауыстыратын басқа киімім жоқ. Киімдерім кепкенше, халықтың арасына шыға алмаймын.

Кей кездерде ес-түссіз талып қалуымның себебіне келсек: Меккеліктер Хүбәйбіті дарға асқан кезде, мен

сол жерде едім. Мүшріктер оны дар ағашына байлап: – Өзіңнің құтқарылып, орнына Мұхаммедтің асылғанын қалар ма едің? – деп ұсыныс жасады. Хүбәйб басына төнген қатерге қарамастан: “Аллаһтың атымен ант етейін, мен өз бала- шағамның қасында отырғаным былай тұрсын, Мұхаммедтің аяғына тікеннің қадалғанына да көнбеймін”, – дегеннен кейін, “Уа, Мұхаммед!” деген даусымен аспанды жаңғыртты. Мүшріктер оны шейіт қылды. Мен мұны көріп тұрып қол ұшын бере алмадым. Өкінішке орай, ол кезде әлі мүшріктердің қатарында едім. Аллаһ тағала осы күнәм үшін мені ешқашан да кешірім деп қатты қайғырғаным соншалық, сондай кезде ес-түсімді білмей талып қаламын, – деп шағымдардың бәріне жауап берді.

Әкім де өзі, тақуа да өзі Саидтің жауабын естіген Омар тұла бойы шымырлап:

“Аллаһым, дұрыс пейілімде мені жаңылтпадың, мың да бір шүкір”, – деді. Жиналған жұрт та Саид ибн Әмирдің жанкештілігіне таңқалып, көзіне жас алды²⁰⁶.

Дүниенің өткінші салтанатына алданбай, халықтың игілігі үшін ғұмыр кешкен сахабалардың бірі осы хазірет Саид еді. Ол әкім болып тұрған кезде халифа Омар әл-Фаруқ Хумус халқының ішіндегі кедей-кембағалдардың тізімін жасауды адамдарына тапсырды. Пақырлардың тізімі жазылған парақ хазірет Омарға әкелініп табыс етілді. Тізімнің ең басында Саид ибн Әмир есімін көрген Омар аң-таң болды. Бәлкім, аттас шығар деген оймен:

– Бұл қай Саид ибн Әмир? – деп сұрады.

– Уа, мүминдердің әміршісі, бұл біздің әкіміміз, – деген жауапты естігенде халифа таңданып:

²⁰⁶ Хилятуль-әулия, 1:245-246.

– Сендердің әмірлерің кедей ме? – деді.

– Иә, ол кедей. Қолына не түссе бәрін кедей-кепшікке таратып бере салады, – деді адамдар.

Мұны естіген халифа көз жасына ие бола алмады. Хазірет Омар әкімінің тұрмысын түзетуді ойлап, бір елші арқылы оған мың динар жіберткізеді. Ол елшіге:

– Менен оған дұғай-дұғай сәлем айт. Бұл ақшаны мұминдердің әміршісі өз қажетіңе жұмсау үшін жіберді де, – деп тапсырды.

Елші Хумусқа барып аманатты әкімге табыс етті. Саид ибн Амир мұншама көп ақшаны көре сала шошынғандай “иннә лиллаһи уә иннә иләһи ражиун” (Шындығында біз бәріміз Аллаһқа тәнбіз және оған қайта ораламыз) деген дұғаны оқыды. Саидтың бұл халін көрген әйелі қасына келіп:

– Не боп қалды, кожайын? Халифа Омарға бір нәрсе болды ма? – деп сұрады.

– Жоқ, одан да бетер. Дүние менің басыма шүйлігуде, шаңырағыма азғырушы бүлік келді, – деп әйеліне жағдайды айтты. Ол да бұл ақшаны қалаған жеріне жұмсауға болатынын айтқаннан кейін, хазірет Саид бұл қаржыдан бір тиын қалдырмай, кедей-кепшікке садақа етіп таратып жіберді.

Ақшаларды тегіс таратып жібергеніне әйелі ренжіңкіреп:

– Кішкене болса да өзіңе қалдырып, қажетімізге жұмсасақ болмас па еді? – дегенде, хазірет Саид:

– Жәннаттың мәңгілік нығметтерін өткінші дүниеде түгескім келмейді, – деп, өзінің ақыретке деген сенімінің шынайылығын көрсеткен еді.

Хижраның қырқыншы жылында мәңгілік өмірге аттанған Саид ибн Әмир өзінің адал қызмет атқарған жері Хумуста жерленді²⁰⁷.



²⁰⁷ Усдул-ғаба, 2:311-312.

Әбу Зәһр әл – Ғифари

“Аллаһ Әбу Зәһрға мейірімін жаудырсын! Ол жалғыз жүріп, жалғыз өмір сүріп, жалғыз қайтыс болады”.

(Хадис)

Азан шақырып қойған шын аты Жүндүб ибн Жунәдә болғанмен Әбу Зәһр руының қызба әрі жаужүрек адамы еді. Қараңғылық кезеңінде керуендердің жолын торумен аты шыққан-ды. Жол тору Ғифар руының ата кәсібі еді. Әбу Зәһрдің атын естігенде ұйқыдағы адамдар шошып оянатын болған.

Әбу Зәһр күндердің бір күнінде күрт өзгеріп, жол тору кәсібін тастап, ханифтік дінін қабылдады. Ислам әлі пайда болмаған кездің өзінде Аллаһтың жолына түсті. Сонымен қатар Әбу Зәһр жәһилияның дәуірлеген кезінде де пұтқа табынуды ерсі санап, жатса-тұрса ақиқатты іздеумен болған арабтың атақты шайыры еді.

Ол кезеңде Исламның таралуы жасырын түрде жүріп жатқан. Соған қарамастан соңғы пайғамбардың аты Меккеден басқа көп жерлерге жеткен-ді. Құлағдар болғанның бірі – Ғифар руынан шыққан Әбу Зәһр.

Жаратылысынан әуесқойлығы басым Әбу Зәһр соңғы пайғамбар шығыпты дегенді естіген соң, оны көруге ынтықты. Бұл хабардың анық-қанығын білу үшін бауыры Үнәйсті Меккеге жіберіп, ол жайлы көбірек мәлімет әкелуді ұқыптап тапсырады.

Үнәйс бауырының айтуымен Меккеге барып, онда Пайғамбарымызбен кездесіп сөйлескен соң қайтып келді.

Әбу Зәрр інісінен көрген-білгендерін сұрай бастады. Сондағы Үнәйстің жауабы:

“Меккеге бардым, айтқан адамыңмен кездестім. Ол халықты тек жақсылыққа шақырып, жамандықтан аулақ болуға үндейді, адамгершілікті уағыздайды.

Халық оны “шайыр, сәуегей, сиқыршы” деп атай береді екен. Көріпкелдің талайын тыңдадық қой, оның айтқаны сәуегейлікке тіптен ұқсамайды. Шайыр дейін десем, оған да келмейді, айтқандары біз білетін өлеңнен мүлде басқа. Сиқыршы деу де тіпті қисынсыз.

Қысқасы, хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) туралығына көзім жетті. Оған пәлен-түген деп кінә таққандардың өздері өтірікші”.

Мың естігеннен бір көрген артық. Әбу Зәррді Үнәйстің айтқандары қанағаттандырмай, оны өз көзімен танып білмейінше көңілі өрекіп, ақыры әуесқойлығы жеңіп, өзі барып көруге бел байлады.

Бауыры абай болуын, өйткені, Пайғамбарымыздың әкелген жарық нұрын сөндіруге тырысқан мүшріктер мұсылмандықты қабылдағандарды азаптап, көрінген жерде соққыға жығып салатын жағымсыз әдетті қолдан асқындырып отырғанын ескертті.

Әбу Зәрр неше күн кенезесін кептірген аптапты шөлді жүріп өтіп, Меккеге жетті. Қалаға келген бетінде тікелей Қағбаға тартады. Айналасындағы адамдарға аңтарыла қарап, алақтап, ардақты Пайғамбарымызды (с.а.с.) іздеумен болды, бірақ танымығандықтан таба алмады. Жұрттан сұрауға да батылы жетпеді. Өйткені, бауыры айтқандай, Меккеде мұсылмандар

мен мүшріктер арасындағы бітіспес күрес сырттай қарағанда-ақ байқалатын.

Осылайша он бес күн өтті. Пайғамбарды кездестіре алмады. Әбу Зәррдің азығы да таусылып, тек қана зәмзәм ішіп күнелтті. Әбіржіп, титықтай бастады. Күндердің бір күнінде Қағбаның қасынан өтіп бара жатып хазірет Әли оны көзі шалып қалады:

– Мына байғұс ұзақ жолдан келген мүсәпір-ау, сірә – деп күбірледі.

Мұны естіген Әбу Зәрр басын көтеріп:

– Иә, жолаушымын, алыс жолдан келген жайым бар, – деді. Хазірет Әли:

– Онда жүр үйімізге, қонағымыз бол, – деп Әбу Зәррді үйіне ертіп апарып, күтеді. Бірақ, екеуі де бір-біріне сақтық жасап, ол түні жақ ашпады.

Таң атқан соң Әбу Зәрр хазірет Мұхаммедті (с.а.с.) іздеу үшін тағы да Қағбаға барады. Келген-кеткенге қарап, әрлі-берлі жүрумен кешті батырады. Бірақ ешбір дерек жоқ.

Салы суға кетіп отырған оның жанына тағы да хазірет Әли келеді.

– Әлі қайда кетерінді білмей отырсың ба? – деп сұрайды.

– Иә, дәл солай, – деді Әбу Зәрр.

– Онда бізге жүр, мейманымыз бол, – деп, хазірет Әли тағы да қолқа салады. Жолда келе жатып қонағынан қайдан, не мақсатпен келгенін сұрайды.

Әбу Зәрр:

– Егер ешкімге тіс жарып айтпайтындығыңа сөз берсең, айтайын, – деді.

Хазірет Әлидің уәдесін алған соң Әбу Зәрр оған сапарының мақсатын түсіндіре бастады:

– Мен Ғифар руынанмын. Осы Меккеден ақырзаманның пайғамбары шықты деп естідім. Сол адамға жолығайын деп келіп едім.

Әбу Зәррдің мақсатын ұққан жас сахаба Әли көздері күлімдеп:

– Сен тура жолды таптың, қуаныштымын. Мен қазір Расулаллаһқа бара жатырмын. Сен де ізімнен жүріп отыр. Мен кірген есіктен сен де кір. Нысаналы жерге жеткенше осылай бейтаныс кісілерше жүріп барамыз. Егер алда-жалда жолай саған зияны тиетіндей біреу кездесе қалса, еңкейіп, кебісімді түзеткен болып белгі беремін. Ал, сен маған қарайламай, тіп-тіке қасымнан өте шық, – деді.

Сөйтіп екеуі үйден шықты. Хазірет Әлидің ізімен жүріп отырып, Әбу Зәрр аман-есен Расулаллаһтың (с.а.с.) құзырынан бір-ақ шығады.

Әбу Зәрр кірген бетте:

– Ассаламу аләйкум (Аллаһтың рахметі саған жаусын), уа, Аллаһтың Расулы! – деді.

Сүйікті Пайғамбарымыз:

– Уа алайкумус-салам (Аллаһтың рахметі саған да жаусын), – деді

Ислам тарихында бұлайша сәлем берген тұңғыш адам – осы хазірет Әбу Зәрр. Содан бастап осылайша сәлем беріп, жауап алу әдетке айналды²⁰⁸.

Адамзаттың ардақтысы – Мұхаммед (с.а.с.) Аллаһтың соңғы діні, иманның шарттары жайында егжей-тегжейлі баяндап берген соң Әбу Зәрр сол жерде кәлимаға тілін келтіріп, мұсылман атанады.

²⁰⁸ Р. әл-Бәша, 1, 116.

Иман келтіріп, мұсылмандықты қабылдаған Әбу Зәрге әрдайым сақтықты ұстанатын Расулаллаһ (с.а.с.) мынадай ұсыныс айтты:

– Ей, Әбу Зәрр! Сен әзірге бұл іс туралы жан бала-сына тіс жарушы болма. Еліңе қайт, жақсылықты жария етуге асықпа. Дінімізді ашық таратуға Жаратқаннан жарлық алғанымды естіген күні келерсің.

Толқып, жүрегі қуаныштан лүпілдеген Әбу Зәрр:

– Уа, Расулаллаһ! Сені хақ пайғамбар ретінде жіберген Аллаһ Тағаланың атымен ант етемін. Мен бұл жайтты мүшріктер арасында ашық түрде жарияламай қоймаймын, – деді де үйден шығып, Қағбаға қарай бет алды. Сол жерден бүкіл мүшріктерге естірте:

– Уа, құрайыштар!

– Мен Аллаһтан басқа тәңірінің жоқ екендігіне, Мұхаммед (с.а.с.) оның елшісі екендігіне куәмін! – деп дауыстады.

Әрине, мұны естіген мүшріктер қарап қалмады. Тарпа бас салып, Әбу Зәррді қан-жоса қылып, соққыға жықты. Егер сол сәтте (әлі мұсылмандықты қабылдамаған) хазірет Аббас көріп, оның ғифар руынан екенін, ғифарлардың Шамға барар сауда жолының иесі екенін ескертпегенде, мүшріктер Әбу Зәррді өлтіруден тайынбайтын.

Алайда иманнан қуат алған хазірет Әбу Зәррді сойыл да, соққы да тоқтата алмады. Есін жия салып ертеңіне тағы да Қағбада Аллаһтың барлығы мен бірлігін, Пайғамбардың хақтығын айтып, жар салды. Мүшріктер сау-тамтығын қалдырмай дүрелесе де, ол айтқанынан қайтпады. Бұл жолы да хазірет Аббас ара-ласып:

– Неткен жауызсыңдар! Ғифар руының адамын өлтіріп, осы күндерінді өздеріңе көп көріп отырсыңдар ма? Ғифарлар сауда жолын жауып тастаса, не істейсіндер?! – дегенде мүшріктердің қолынан мерт болуы мүмкін еді²⁰⁹.

Осы оқиғадан кейін Әбу Зәрр Мәдинаға жақын орналасқан Ғифарға қайта оралды. Еліне орала салысымен хақ дінді таратуға ынта-шынтасымен кірісіп кетті. Оның себепкерлігімен анасы, бауыры және руластарының жартысы Исламды қабылдады²¹⁰.

Хижраның алтыншы жылына дейін сонда болып, Бәдір, Ухуд, Хәндек шайқастарына қатыса алмады. Одан кейін Мәдинаға қоныс аударды. Адамзаттың ардақтысы, Сүйікті елшінің (с.а.с.) қасынан бір елі ажырамады. Түннің бір уақытына дейін сырлы сұхбаттарына қатысатын. Ол Аллаһ елшісінің қасында болып, оған қызмет етуді дүниеде барлық нәрседен артық көретін. Аллаһ елшісі қайтыс боларында үнемі жанынан айрылмаған сахабалардың арасында Әбу Зәрр да бар болатын²¹¹.

Аллаһ елшісін (с.а.с.) пәруанадай сүйді. Бұл сезімін Пайғамбарымызға: “Жақсы көргеніне деген адам жүрегінің сүйіспеншілікке мұншама толы болатынына таңырқаймын. Менің жүрегім де Аллаһ пен Оның Елшісіне деген махаббатқа толы”, – деп тебірене жеткізеді. Сүйіспеншілігімен қоса Аллаһқа мойынсұнуы да шексіз еді.

²⁰⁹ Д. Өмірзаққызы, Адамзаттың асыл тәжі Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың өмірі, Мекке кезеңі, Алматы, 2003, 1.т, 157-160.

²¹⁰ *Усдул-габа*, 5:187; *Бухари, манақыб*: 82.

²¹¹ *Муснәд*, 5:16.

Бір ретінде Аллаһ елшісінен (с.а.с.) өзіне мемлекеттік қызмет беруді өтінді.

Әркімнің бойындағы қабілеттеріне шақтап іс беруде сұңғылалық танытатын Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған бұл қызметтің жүгі ауыр екендігін, атқара алмаса ақыретте есебі қатаң болатынын ескертті. Әбу Зәһр да Аллаһ елшісінің кеңесіне бас иіп, өтінішінен бас тартты.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған бірде:

“Сенің қызметің әкімдердің қызметінен кем емес. Олардың қылыш арқылы жасайтынын сен ақылыңмен атқарасың”²¹² деп, әркімнің қоғамдағы орнының әр түрлі болатынын, әрбір адамның өз қабілетіне сай іс бітіру керектігін атап кеткен еді.

Әбу Зәһр ынтыға ғашық болып, шын көңілмен қабылдаған хақ дінге құлай берілген жанкешті болатын. Оның бұл қасиетін Пайғамбарымыз да жақсы білетін.

Ми қайнатар жаз күндерінің бірі... Мұсылман әскерлері Тәбук жорығына әзірлік үстінде. Әбу Зәһр де жорықтың қамын жасады.

Түйесі кәрі болғандықтан жасақталған әскерден артта қалып қойды. Не қылса да түйесін жылдам жүргізе алмады. Ара қашықтық әудем жер ұзап кетті. Бұл тұста кейбір адамдар әртүрлі сылтаулар айтып, жорықтан қалып қойған еді.

Тәбукке жақындағанда мұсылман әскерлері бел суыту үшін бір жерге аялдайды. Қалып қойған адамдар жайлы әр түрлі әңгіме шыға бастады. Келмегендердің арасында Әбу Зәһр де бар еді. Оның келмей қалғанын Пайғамбарымызға айтқан кезде “Оны қозғамандар.

²¹² *Асрус-са‘адат, 3:194.*

Егер бір жақсылығы болса, Аллаһ бізге жеткізеді”, – деді.

Түс әлетінде ұзақты барлап тұрған қарауыл “Ана жақта жалғыз адам бізге қарай келе жатыр” деп хабарлады. Аллаһ елшісі: “Бәлкім, бұл Әбу Зәһр шығар, оның сол болуын қалаймын”, – деді. Сахабалар күш сала қарап кім екенін көруге асықты. Ақыры жалғыз-жаяу да келіп жетті. Ол Әбу Зәһр еді.

Түйесі әбден болдырып, жатып қалған соң бүкіл жүгін арқасына салып, жалғыз өзі шөл далада аш, сусыз тартып отырып, өлдім-талдым дегенде әскерлерге жеткен еді. Аллаһ елшісі оны көріп қатты қуанды:

“Аллаһ Әбу Зәһрға мейірімін жаудырсын! Ол жалғыз жүріп, жалғыз өмір сүріп, жалғыз қайтыс болады”, – деді²¹³.

Әбден шаршап-шалдыққан Әбу Зәһрға Пайғамбарымыз:

“Уа, Әбу Зәһр! Маған келіп жеткенге дейінгі басқан әр қадамың үшін Аллаһ бір күнәнді кешірсін”, – деп тілек тіледі²¹⁴.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) да оған деген құрметі ерекше болатын. Оны көргенде үнемі күлімсіреп, кездескеніне қуанышты екенін де білдіретін. Әр кездескенде Әбу Зәһрдің қолын қысып амандасатын. Бұл жайлы Әбу Зәһр:

“Расулаллаһтың менімен кездескенде қолымды қысып амандаспаған уақыты болған емес. Бір күні мені шақырып келуге біреуді жұмсады. Мен ол кезде үйде жоқ едім. Үйге келгенімде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шақырғанын естір-естімес оның қасына құстай

²¹³ Усдул-ғаба, 5:188.

²¹⁴ Сахабилер ансклопедиси, 1:399.

ұшып жеттім. Көрпешенің үстінде отырған еді. Мені құшақтады. Бұл құшақтау – мен үшін өте қымбат” – дегенді²¹⁵. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) кез келген адамның қолын қысып, кеудесіне басуы ол адам үшін зор бақыт еді!

Хақ пайғамбар дүниеден озған кезде Әбу Зәһр оның мейірім шашқан сұхбатынан жырақ қалып, көңілі астаң-кестең болды. Нұрлы қала Мәдинаның шуағы сөніп, тынысы тарылды. Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жан-тәнімен берілген Әбу Зәһр бұл қасірет қапаға төзе алмай, Сирияға көшіп кетті.

Сән-салтанатпен жан рахатына бөленіп өмір сүруден ауылы алыс Әбу Зәһр өмірінің соңына дейін қарапайым ғұмыр кешті. Өте қанағатшыл еді. Қазынадан тағайындалған айлығының өте аз мөлшерін өзі жұмсап, қалғанының бәрін кедей-кепшікке таратып беретін. Басқалары аш қалып, өзінің тоқ болғанын еш қаламайтын. Керегінен артық дүние жинауға қарсы шығатын. Өзі осылай өмір сүрген ол басқалардың да солай өмір сүруін қалайтын. Өзінің пікірлерін бәріне қабылдатуға тырысты. Әрине, бәрін тақуалыққа мәжбүрлеу мүмкін емес. Сондықтан да кейбір тұрмысы жақсы болғандар оның бұл қылығын Сирияның әкімі Муғауияға жеткізді. Халықтың арасында мазасыздық тудырмау үшін ол халифа Османмен келісімі бойынша Мәдинаның шетінде, Мекке жолында орналасқан Рәбзә ауылына қоныс аударады.

Болмысынан туралықты жақтайтын сахабалардың бірі еді. Әділетсіздікке жаны шыдамайтын. Ойының дұрыстығына көзі жетсе, қарсы алдында халифа болса да табан астында тартынбастан айтып салатын. Туралығы

²¹⁵ Әбу Даууд, Суннәт:2.

мен тым тақуалығын көпшілік түсіне бермейтін. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) айтқанындай ол жалғыз өзі осы Рәбзә ауылында дүние салды. Артында әйелі мен қызы қалды. Әбу Зәррдің ұлы өзінен бұрын қайтыс болды²¹⁶.



²¹⁶ Р. әл-Бәша, 1:118-119.

Сәлман әл-Фариси

“Жәннат мына үш кісіні аңсайды: Әли, Аммар ибн Ясир және Сәлман”.

(Хадис)

Бұл нағыз Жаратушысын іздеп, шарқ ұрған адамның қиындыққа толы тамаша хикаясы.

Парсы жерінің Исфахан аймағындағы Рамахурмуз ауылында жарық дүниеге келген Сәлманның шын аты – Мәбах²¹⁷.

Иран жерінде ол кездері отқа табыну кең тарап, Ислам шуағы әлі ол өңірге жете қоймаған еді. Жаратушыларын ұмытып қараңғылықта қалған ел Аллаһтың нұрынан емес, тілсіз оттан медет тілеп, құлшылық жасайтын.

Сәлманның әке-шешесі де сол қоғамның дәстүрі бойынша өмір сүріп, отқа табынушылардан болатын. Әкесі сол өңірдің бай диканшыларының бірі еді. Сәлман – оның дүниеде ең жақсы көретін жалғыз ұлы. Әке сүйіспеншілігі соншалықты баласын көзден еш таса етпей, сыртқа да шығармай үнемі үйінде ұстайтын. Сәлман үйлерінде жанып тұрған оттың қараушысы болатын. Көзін ашқалы отқа табынудан басқа еш нәрсені көрмеген Сәлман да қоғамының ата салтын ұстанып, үйіндегі жанып тұрған отқа көзінің қарашығындай қарайтын.

Күндердің бір күнінде әкесі тірліктеріне үлгермей жатқандықтан Сәлманды өзінің егістік жерінің біріне жіберуге мәжбүр болды. Баласына оны көзінің

²¹⁷ Табақат, 4:75, Усдул-ғаба, 2:417.

қарашығындай көретіндігін айтып, жұмысын бітіре салысымен үйге қайтуын құнттап ескертті.

Егістікке бастап апаратын жол бойында христиандардың шіркеуі бар еді. Сәлман соның жанынан өтіп бара жатып, шіркеуде құлшылықтарын өтеп жатқан христиандарды көріп, таңғалады. Бұл не нәрсе екен деп көңілі ауған Сәлман шіркеуге кіріп, қас қарайғанға дейін христиандармен сұхбаттасты. Олар діндері жайлы көп мәлімет берді. Отқа табынудан басқа құлшылықтың түрін көрмеген Сәлманның христиандықты үйренуге аңсары ауып, бұл жаңа дінді қалай үйренуге болатынын сұрағанда, олар оның тараған жері Сирия екендігін айтты. Үйіне оралған бетте Сәлман әкесіне болған жайтты баяндап, әкесінің ұстанған дінінен жақсы дін тапқанын қуана жеткізді. Әкесі оған жаңылысқанын қанша айтса да Сәлман дес бермеді. Жар дегенде жалғыз баласынан айырылып қалудан қорыққан әкесі оның аяғына шынжыр салып үйге қамап тастады. Ақиқатқа көңілі ояна бастаған Сәлман ақырында үйінен қашып шығып, Сирияға жол тартты.

Оның тұла бойында хақ дінге деген құштар сезім пайда болып, сол дінді тапсам, көрсем деп ынтығып тұрды. Сирияға барған бетте бір шіркеудің монахына қызметке тұрды. Алайда бұл монах алаяқтың нақ өзі боп шықты. Адамдарды садақа беруге үгіттеп, жиналған садақаларды өзі қымқыратын. Көп уақыт өтпей монах қайтыс болды. Оның орнына келген монах өте дұрыс, құдайға берілген кісі еді. Ол өлмей тұрып Сәлманға өзінен кейін Мусулдағы бір монахқа барып, соған қол беруін өсиеттеп кетті. Мусулға барып алдыңғы ұстазы айтып кеткен монахты тауып алды. Дініне берік жан болғанмен ол да көп ұзамай қайтыс болды.

Сәлман Мусулдан Нусайбинге, ол жерден Амурияға барады. Сол жерде шынайы дінді ұстанушылардың ең соңғыларының бірі болған қарт монах бар еді. Ақиқатты іздеуге деген шексіз махаббат жетелеген Сәлман Амуриядағы монахқа қызмет жасап, күндерін құлшылықпен өткізеді. Қарт монах көз жұмарда оған соңғы өсиетін жеткізеді:

“Балам, дәл қазір саған насихат ететін біз сияқты ешкім қалмады. Бірақ, Ибраһимнің діні бойынша жіберілетін соңғы пайғамбардың келетін заманы өте таяу. Ол – араб жерінен шығады. Сосын екі жағы тастақты құрма өскен жерге көшеді. Оның бойында пайғамбар екеніне куәлік ететін анық дәлелдер бар. Мен білетін үш айқын дәлелі мынау: Ол – садақа алмайды, бірақ сыйды қабыл етеді, екі иығының ортасында пайғамбарлығын дәлелдейтін мөрі бар. Шамаң келсе, сол жерге жет”²¹⁸. Осы тұста бұл монахтан басқа да Адамзаттың құтқарушысын ынтыға күткен адамдар бар болатын²¹⁹.

Әңгіменің жалғасын Сәлман әл-Фарисидің өз аузынан тыңдайық: “Монахтың айтқан жеріне бару үшін керуен іздедім. Ақырында сол жерге баратын керуен таптым да, олармен жол ақысын өтеуге келісіп, мені сол жерге апаруларын өтіндім. Қабыл етуін қабыл етті-ау, бірақ Уадил-Қураға келген кезде опасыздық жасап, мені құл деп бір яһудиге сатып жіберді. Барған жерімнің құрма толы бау-бақшасын көргенде, бәлкім, монахтың маған айтқаны осы жер болар деп сонда қалдым. Бір күні Бәни Қурайза яһудилерінен біреу мені сатып алып, Мәдинаға апарды. Ол жердің де құрма

²¹⁸ Ахмад ибн Ханбал, 5:442-443; Табақат, 4:77-78.

²¹⁹ Абдуллаһ ибн Сәлам тақырыбына қараңыз. б -199.

өскен керемет бау-бақшасы бар екен, мен сол жерде жұмыс істеп жүрдім. Аллаһ елшісінен ешқандай хабар ала алмадым. Бір күні ағашқа шығып құрма жинап жатқанмын. Яһуди қожайыным ағаштың көлеңкесін саялап отырған. Күтпеген жерден оның туыс ағасының яһуди баласы шыға келді. Ашулы түрде: “Құдайдың қаһарына ұшырағыр. Бүкіл халық Кубаға кетіп жатыр. Меккеден келген бір адам пайғамбарлығын жария етіпті. Олар соған сеніп жатқан көрінеді”, – деді. Сол сәтте толқып кеткенім соншалық – қол-аяғым дірілдеп қалтырай бастады. Сәл болмаса талдан төмен қарай тіке қожайынымның үстіне құлап түсе жаздадым. Тез ағаштан лып етіп түстім де, әлгі адамға: “Не дейсің? Не дедің? Бұл қандай хабар?”, – дей беріппін. Қожайыным толқығанымды көріп, алақанының теріс жағымен мені салып кеп жіберді: “Сенің не шаруаң бар? Алдындағы ісіңе қара!”, – деді. Мен болсам күмілжіп, күбірлеп: “Ешқандай. Жай әншейін білгім келіп, сұрап едім”, – дедім. Сөйттім де қайта ағашқа шықтым. Ымырт үйіріле қолымдағы барымды жинап алып, Кубаға тартып тұрдым. Аллаһ елшісі сахабаларымен бірге сұхбаттасып отыр екен. Мен оларға: “Сендер кедей жансыңдар. Мен садақа алатын жер іздеп жүр едім. Мыналарды сендер үшін әкелдім. Ал, кәне, дәмнен алыңдар”, – дедім. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жанындағыларға қарап: “Сендер жеңдер”, – деді. Өзі ауыз тимеді. Ішімнен “Монахтың айтқан бірінші белгісі” дедім. Ертеңіне тағы бардым: “Бұл садақа емес, сендерге арнаған сыйым, дәмнен алыңдар”, – дедім. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларға қарап “алыңдар”, – деді. Өзі де жеді. Ішімнен “екінші белгі де анықталды”, – дедім.

Бір күні сахабалардың біреуі қайтыс болды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) жаназаға қатысып, Бақиу'л-Ғарқадқа (Мәдина мазараты) келді. Жанына барып сәлем бердім. Сосын арқа жағына барып, пайғамбарлық мөрін көруге тырыстым. Ол ниетімді сезе қойды. Онсыз да иықтары ашық болатын. Осылайша көзге ұрып тұрған пайғамбарлық мөрін көрдім. Үшінші белгі де дәл монахтың сан жылдар бұрын айтқанындай. Өзіме-өзім ие бола алмай айрықша толқып, құшақтап, мөрдi сүйе бастадым. Аллаһ елшісі (с.а.с.): “Тоқта, тоқта!”, – деді. Мен кейін шегіндім. Содан кейін алдына отырдым да, басымнан кешкенімді түгелдей баян еттім. Ол қатты қуанды. Тіпті, бұл айтқандарымды сахабалардың да естуін қалады...”²²⁰

Мұсылман болғаннан кейін оны Пайғамбарымыз сахабаларымен бірігіп иесінен сатып алып азат етті.

Іздегеніне қолы жеткен Сәлман бүкіл ғұмырын хак дінін жаюға атады.

Оның алғаш қатысқан шайқасы – Хәндәк шайқасы. Бұл шайқас – Ұхұт шайқасынан екі жылдан кейін болған маңызды қақтығыстардың бірі.

Мүшріктер одақтастарымен бірігіп он мың әскер жинап, Мәдинаға шабуыл жасады. Пайғамбарымыз қаланың ішінде тұрып қорғаныс жасағанды мақұл көрді. Алайда қалаға кіруге бөгет боларлық қорғанның болмауы, қаланы жаудан қорғап қалуда қиындық туғызды. Пайғамбарымыз сахабаларымен кеңесті. Сәлман Фарисидің ұсынысы қабылданып, қаланың айналасына ор қазылды. Қазылған ор шайқаста жеңіске жетуге басты себеп болғандықтан, бұл шайқас Хәндәк (ор) деп аталған еді. Осылайша мұсылмандар Сәлман

²²⁰ Сира, 1228-234.

Фарисидің кеңесі мен Аллаһтың жәрдемі арқасында маңызды жеңіске жеткен-ді.

Сәлман Пайғамбарымызбен (с.а.с.) бірге бұдан кейінгі шайқастардың бәріне қатысып, Аллаһ расулының жанынан бір елі айырылмады.

Пайғамбарымызды (с.а.с.) айналшықтап, маңынан шықпайтын. Түннің бір уағына дейін сұхбаттарын тыңдайтын. Пайғамбарымызға жақын жүргендіктен, оның ілім бұлағынан қалағанынша қанып сусындаған ғалым сахабалардың бірі болды. Пайғамбарымыз Сәлман жайлы: “Шын мәнінде Сәлман ілімге қанық болды” – деген еді.

Хазірет Әли: “оған бұрынғылар мен кейінгі келгендердің ілімі берілді. Оның іліміне пара-пар келер ілім жоқ” – деген болса, Муаз ибн Жәбәл сияқты білгір сахабалардың бірі қайтыс болмай тұрып айналасындағыларға ілімді Сәлман әл-Фарисиден (р.а.) алуды айтып кеткен болатын²²¹.

Хазірет Сәлман халифа Омардың тұсында Иранның алынуында маңызды рөл ойнады. Иран алынғаннан кейін хазірет Омар оны Мәдәин қаласына әкім қылып жіберді. Ол міндетін адал орындап, халықтың құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленді.

Сәлман (р.а.) әкім болып тұрған күннің өзінде қарапайымдылығы мен кішіпейілділігінен танбады. Халифа Омар оны ерекше қадірлейтін. Ол ілімімен қоса тақуалығымен де ерекшеленді.

Исламға кіру үшін қиын да қилы оқиғаларды басынан өткеріп, ақырында Ислам нұрына шомған бұл абзал тұлға жайлы Пайғамбарымыз:

²²¹ *Табақат, 4:85.*

“Жәннат мына үш кісіні аңсайды: Әли, Аммар ибн Ясир және Сәлман”²²² деп, оның о дүниедегі дәрежесінің жоғары екенін білдірген.



²²² Тирмизи, манақыб: 34.

Абдуллаһ ибн Сәлам

“Абдуллаһ ибн Сәлам – Жәннатпен сүйіншіленген он адамның он біріншісі”.

(Хадис)

Бұл қаһарманымыздың мұсылман болуы бізге хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) көптен күтілген соңғы Пайғамбар болғандығын айқындай түседі. Сондықтан оның мұсылман болуы жайлы оқиғасына кеңірек тоқталамыз.

Әл-Хусәйн ибн Сәлам болашақ ұлы мәдениеттердің қайнаған ошағы нұрлы Мәдинаның маңында өмір сүрген Яһуди тайпаларының бірі Бәну Қайнуқада дүниеге келген. Әкесі Сәлам мен атасы Харис яхудилердің арасындағы ең білгір ғалымдарынан еді.

Әкесі Хусәйіннің ғалым болып өсуін қалап, арнайы тәлім-тәрбие беріп, көзінің қарашығындай қарады. Уақыт өте келе Хусәйн яхудилердің арасында саусақпен санарлық ғалым дәрежесіне жетті.

Ол халық арасында білгірлігі, діндарлығы мен туралығы жағынан танылды. Уақытының көбін си-нагогта уағыз жасап, ғибадат етумен және Тәуратты зерттеп үйренумен өткізетін. Тәуратты әр оқыған сайын Меккеде шығатын соңғы пайғамбардың белгілерін оқып, терең ойға шоматын. Соңғы Пайғамбардың Мәдинаға көшетінін де кітаптарынан оқып үйренген Хусәйн оның келуін асыға күтіп, Аллаһтан сол күнге жеткізуін сұрап мінәжат ететін.

Мәдинадағы яһудилер де Әлемдердің рақым нұрын (с.а.с.) екі көзі төрт болып күтуде еді. Оның келуіне аз қалғанын да сезетін.

Аллаһ тағала Хусәйннің тілегін қабыл етіп, оның соңғы Пайғамбармен кездесуін және Ислам шуағын жаю жолында қызмет етуді нәсіп етті. Пайғамбарымызбен жолығып, мұсылман болуы жайлы өзі былай дейді:

“Аллаһ елшісінің пайғамбарлығын естіген кезде қуанышым қойныма сыймады. Өйткені, алдын ала оның атын, сипаттарын және келетін уақытын кітабымыздан оқып білген едім. Сол күнді асыға күттім. Алайда оның Мәдинаға келгеніне дейін мұны ешкімге айтпауды жөн көрдім. Аллаһ елшісінің Қубаға келгені жайлы бір кісі хабар жеткізгенде мен құрма ағашының басында құрма жинап жатқан болатынмын. Нағашы әпкем Халида бинт Харисә ағаштың түбінде отырған. Аллаһ расулының (с.а.с.) келгенін естіген кезде қуанғаннан бар даусыммен “Аллаһу әкбар!” дедім. Айқайлағанымды ұнатпаған әпкем:

– Өй, құдай ұрғыр! Егер Имранұлы Мұса келсе, мұншама қуанбас едің, ә? – дегенде қуаныштан жүрегім жарыла жаздап:

– Әпкетайым-ау! Аллаһқа ант етейін! Имранұлы Мұса қандай дінді уағыздаған болса, ол да сол дінді жаю үшін жіберілген, – дедім. Аңтарылып қалған әпкем бір сәт ойланды да:

– Әлде бұл біздің қияметтен бұрын келуін сарғая күткен соңғы пайғамбар ма? – дегенде, әпкеме:

Иә, нақ өзі, – дедім.

Аллаһ елшісін көру үшін оқтай ұштым. Барғанымда есігінің алдында адамдар лық толы екен. Әрең деген-

де қасына жақындадым. Айтқан сөздерінен алғаш естігенім мынау болды:

– Ей, жарандар! Араларыңда сәлемді кең таратыңдар. Елге тамақ жегізіңдер. Түн қараңғылығында, ел шырт ұйқыда жатқанда намаз оқыңдар, туған-туыстарыңмен байланыс үзбей көңілің сұраңдар, осылайша Жәннатқа кіретіндіктеріңе сенімді болыңдар.

Бұл сөздерге қатты еліткен мен бет-әлпетіне барлай қарап: “Мынадай жүзде ешбір жалғандық жоқ”, – деп бірден иман келтірдім.

Аллаһ елшісі:

– Сенің атың кім? – деп сұрағанда:

– Хусәйн ибн Сәлам, – дедім.

– Жоқ, сенің атың – Абдуллаһ ибн Сәлам, – деді.

Осыдан кейін мен басқа есіммен шақырылуды қаламайтын болдым”.

Тегінде барлық яһуди мен христиандар Аллаһ елшісімен таныс еді. Бірақ, күншілдік пен кекшілдіктері иманға келулеріне негізгі тосқауыл болып тұрды. Апанық танып білетіндері сонша – иман келтіруге тек Аллаһ елшісіне бір сәт көз тоқтатып қараса жетіп жатыр. Олар оның барлық түр-түсін жақсы білетін. Құран-Кәрім осы ақиқат жайлы былай дейді:

“Өздеріне кітап бергендеріміз, оны өз ұлдарын танығандай таниды. (Бұған қарамастан) олардың бір тобы, біле тұра шындықты жасырады” (“Бақара”, 146).

Аятта Аллаһ елшісінің (с.а.с.) есімі аталмай, “оны” деуі мынандай мағынаны меңзейді. Кітап иелерінің (яһуди, христиан) барлығы соңғы келетін Пайғамбары сөз етіп, “ол” деген кезде бәрі Тәурат пен Інжілде есімі жазылған кісі деп білетін. Ол күдіксіз хазірет Мұхаммед

(с.а.с.) еді. Яһуди мен христиандардың Пайғамбарды өз ұлдарынан да жақсы танитынының мәні осында.

Бір күні хазірет Омар (р.а.) Абдуллаһ ибн Сәламнан:

– Аллах елшісін өз балаларың секілді танитын ба едіңдер? – деп сұрады.

Ол:

– Өз баламнан да жақсы танитын едім, – деп жауап қайырды.

Омар Фарук, екінші рет: “Қалай?” – деп сұрағанда: “Балама шек-шүбә келтіруім мүмкін. Бірақ, Аллах елшісінің ақырғы пайғамбар екендігіне ешбір күмәнім жоқ”, – деді. Бұл жауапқа Омар дән разы болып, орнынан тұрып, Абдуллаһ ибн Сәламның маңдайынан сүйді²²³.

Абдуллаһ ибн Сәлам мұсылман болғаннан кейін отбасындағыларға да Исламды уағыздады. Олардың бәрі Исламды қабылдады. Абдуллаһ ибн Сәлам оларға мұсылман болғандарын әзірге ешкімге жария етпеулерін ескертті²²⁴.

²²³ *Мухтасару тәфсири ибн кәсир* 1140; *Суюти, әд-дуруль-мәнсур, 1357 ден ан-Нурул-халид, 1:47*

²²⁴ Негізінде бұл уақиға Пайғамбарымыздың келетінін алдына ала білген адамдардың бар болғандығын қуаттайды. Өйткені араб түбегінде өмір сүрген адамдардың арасында яһуди мен христиан дінін ұстанушылар өз кітаптарынан соңғы пайғамбардың келетінін білетін. Бұған, Тәурат пен Інжілді, Эфиопия патшасы Нажашидің оқиғасын, монах Бахира мен Уарақа ибн Нәуфәлдардың оқиғаларын және сол кезде араб түбегінде ханиф дінін ұстанған адамдардың пайғамбарды күткендіктерін тарихи кітаптардан кездестіруге болады. Яһуди ғалымы Абдуллаһ ибн Сәламның мұсылман болуы, ибн Хәййабанның Исламды қабылдауы, Сәлман әл-Фарисидің иман келтіру, Әбу Бәкірдің хақ дінге кіруі сияқты көптеген оқиғаларды дәлел ретінде келтіруге болады.

Әрине, Абдуллаһ ибн Сәлам сияқты ғалымдарының басқа дінге өтуі олар үшін ауыр соққы болды. Мұсылман болмастан бұрын яһудилер оны пір тұтып, құрмет көрсетсе, Исламды қабылдағаны үшін одан тайқып шыға келді.

Абдуллаһ ибн Сәлам Пайғамбарымызбен (с.а.с.) ақылдасып яһудилерді сынамақ болды. Пайғамбарымыз яһудилерді үйіне жинап, әдейі хазірет Абдуллаһ жайлы пікірлерін сұрады. Олар Абдуллаһтың да, әкесінің де араларындағы ең абзал, ең қайырлы, ең білімді кісілер екенін айтып мақтады. Пайғамбарымыз олардан: “Егер Абдуллаһ мұсылман болса, сендер де иманға келесіңдер ме?”, – деп сұрайды. Яһудилер бұлай болуы мүмкін емес деп ойлағандықтан: “иә”, – деп жауап берген кезде, Пайғамбарымыздың үйінде жасырынып тұрған жерінен шыққан Абдуллаһ Мұхаммедтің (с.а.с.) Тәурат пен Інжілде жазылған соңғы Елші екенін қабылдағанын айтады, бірақ яһудилер табан астында тайқып шыға келді. Алдында ғана мақтан тұтып, халқының қалаулысы, елінің елеулісі екенін айтқан яһудилер оны жерден алып жерге салды. Әкесінің де, өзінің де араларындағы ең жаман адамдар екенін беттері бүлк етпей айтып шыға келді²²⁵.

Абдуллаһ ибн Сәлам өзінің қандастарына қарап:

– Әй, яһудилер! Аллаһтан қорқындар. Мұхаммедтің айтқандарын қабылдаңдар. Сендер оның Тәуратта аты мен сипаттары жазылған пайғамбар екенін де білесіңдер, – деген еді. Алайда пайғамбарлықтың өз араларынан шықпағанын көре алмаған өркөкірек яһудилер ақиқатты қабылдағысы келмеді.

²²⁵ Сира, 2:164.

Абдуллаһ ибн Сәламның дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына Құрандағы мына аят куәлік етеді:

“Көрдіңіздер ме? Егер Құран Аллаһтан түсіп, сендер оған қарсы болсаңдар, сондай-ақ, Израил ұрпақтарынан осы сияқты Құранда білдірілген ақиқаттарға куәлік етсе де, сендер тәкаппарлық жасап, менменсіп иман етпесеңдер, әрине, Аллаһ залым елді тура жолға салмайды” – де (“Ахкаф”, 10.)

Абдуллаһ ибн Сәлам сахабалардың арасында білімділігімен қатар тақуалығымен көзге түсіп “Абадилаус-саб‘а” (жеті Абдуллаһ) деген атпен танымал ғалым сахабалардың бірі еді. Ол жайлы Муаз ибн Жәбәл қайтыс болар кезде өзінен өсиет сұрағандарға:

“Ілім мен иманға іздеген адам жетеді. Ілімді мына төрт кісіден алыңдар: Әбу Дәрдә, Сәлман Фариси, Абдуллаһ ибн Мәсуд және Абдуллаһ ибн Сәлам. Өйткені Аллаһтың Елшісі “Абдуллаһ ибн Сәлам – Жәннатпен сүйіншіленген он адамның он біріншісі” деген болатын” деп өсиетін айтып кетті²²⁶.



²²⁶ Табақат, 2:353; Усдул-ғаба, 3:177; Кеңірек мәлімет үшін қараңыз: Р. Хайламаз, Диллердеки мужде, Измир, 2003, 173-191.



IV БӨЛІМ

ҒАЛЫМ САХАБАЛАР



Ғалым сахабалар

Пайғамбарымыздың тұсында өмірін Құран мен хадис үйренуге арнаған, діни мәселелерді шешуде үлкен беделге ие ерекше сахабалар болды. Олар халыққа Құран аяттарын Пайғамбарымыздан үйренгендеріндей түсіндіріп, діни үкімдер шығарып, бұқараның руханиятына ықпал етіп отырған. Пайғамбарымыз (с.а.с.) олардың көбісін халыққа Исламды үйрету үшін жан-жаққа мұғалім етіп жіберген. Бұлардың алғашқысы төрт халифа. Олардан кейінгі сахабалар өз араларындағы ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлінеді:

а.Рижалул-Қур‘ан: Бұлар – Құран кәрімді ең жақсы білген, керемет оқыған әрі жатқа білген сахабалар. Олар өмірлерінің, уақыттарының көпшілігін Құран үйретуге арнағандар. Олардың арасындағы мәшһүр сахабалар мыналар: Абдуллаһ ибн Мәс‘уд, Сәлім Мәулә Әби Хузәйфа, Үбәй ибн Кә‘б, Муаз ибн Жәбәл, Зәйд ибн Сәбит, Әбу Муса әл-Әш‘ари, Әбу Зәйд әл-Әуси, Әмир ибн Фухайра, Төрт халифа, әйелдерден хазірет Айша, Хафса және Үмму Сәлама т.б.

ә.Рижалул-хадис: Бұл топтағылар – Пайғамбарымыздан (с.а.с.) естігендерін жаттап, оның іс-әрекетін қазқалпында басқаларға жеткізуді өздерінің басты парызы деп білген сахабалар. Олар әлемдердің Ардақтысының

(с.а.с.) бірде-бір сөзінің із-түзсіз жоғалып кетпеуіне аса ұқыптылық көрсетіп, кейінгілерге жеткізу үшін барлық күштерін салған. Ең көп хадис риуаят еткен (мыннан аса) сахабаларға терминологияда „муксируун” делінеді. Олар мыналар:

Әбу Нурәйра – 5374 хадис;

Абдуллаһ ибн Омар – 2630 хадис;

Әнәс ибн Малик – 2286 хадис;

Хәзіреті Айша – 2210 хадис;

Абдуллаһ ибн Аббас – 1660 хадис;

Жабир ибн Абдуллаһ – 1540 хадис;

Әбу Саид әл-Худри – 1170 хадис риуаят еткен.

б.Ең көп пәтуа берген сахабалар: Хадис риуаят еткен сахабалармен қоса діни мәселелер бойынша пәтуалар айтқан сахабалар да көп болған. Олардың ең алғашқылары – төрт халифа. Пәтуалары Ислам тарихына байланысты шығармаларда көрсетілген сахабалардың кейбірі: Абдуллаһ ибн Мас‘уд, Муаз ибн Жәбәл, Үбәй ибн Кә‘б, Абдуллаһ ибн Омар, Абдуллаһ ибн Аббас, Зәйд ибн Сабит, хазірет Айша т.б.

Сахабалардың арасында 200-ге жуық, басқа бір риуаят бойынша 300-ге жуық Абдуллаһ есімді сахаба болған деседі. Бұлардың арасында діни мәселелер төңірегінде аттары әйгілі 4 Абдуллаһ бар. Оларға терминологияда төрт Абдуллаһ мағынасын білдіретін “абадила арба‘а” делінеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) дүниеден озған соң, көптеген мәселенің шешімі жайында Ислам ғалымдары осы төрт сахабаның көзқарастарына көбірек жүгінген. Олардың бір мәселе төңірегінде төртеуінің де бірдей келісімге келуіне “қаулул-Абадила” (төрт Абдуллаһтың келіскен пікірлері) термині қолданылады. Ол 4 сахабаның есімдері мыналар:

Абдуллаһ ибн Аббас;
Абдуллаһ ибн Омар;
Абдуллаһ ибн Зубайр;
Абдуллаһ ибн Амр ибн ‘Ас.

Пайғамбарымыздың, ілімімен сусындаған, Ислам дінінің негіздерінің сақталып бізге дейін келіп жетуі үшін еңбек сіңірген сахабалардың үлгілі өмірлері жайлы қысқаша мәлімет берейік.



Әбу Һурәйра

“Аллаһым, Әбу Һурәйра мен анасын бүкіл мұминдерге сүйікті ет!”.

(Хадис)

Бүкіл Ислам әлеміне аты әйгілі Әбу Һурәйра – Йеменнің Дәус тайпасынан шықты. Хижраның жетінші жылында Исламды қабылдап, нұрлы Мәдинаға көшкен. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанында төрт жыл тұру бақытына ие болған қадірлі сахабалардың бірі. Көптеген хадистердің кейінгі ұрпаққа келіп жетуіне сүбелі үлес қосқан. Діни үкімдердің жартысына жуығы осы асыл тұлға арқылы біздің заманымызға келіп жеткен.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қонақжайлылығы мен жомарттығының арқасында Аллаһ елшісінің мешітінде тек қана ғибадат етіп, ілім үйренген, Исламның негізгі қағидаларын сақтап қалу жолында үлкен ыждағат көрсеткен сахабалардың бірі²²⁷.

Тайпа басшысы Туфәйл ибн Амр мұсылмандықты қабылдар-қабылдас өз руластарының арасында Ислам нұрын таратуға құлшына кіріседі. Оның себепкерлігімен ұшқын шашқан иман шоғы руластарының жүрегінде жалынға айналады. Әбу Һурәйра да Туфәйл ибн ‘Амрдың себепкерлігімен Ислам шуағына шомылған. Жүрегіне иман ұялаған ол Ардақты елшіні (с.а.с.) бір көруге ынтығады.

²²⁷ *Ибн Кәсир, әл-Бидая уә-н-нихая, Бейрут, 1966, 8: 108-110.*

Әбу Һурәйра Мәдинаға табан тірегенде, Аллаһ елшісі Хайбар жорығында болатын. Расулаллаһтың нұрлы дидарын көруге асыққан ол кідірместен бірден Хайбарға тартты. Діттеген жеріне де жетіп, Аллаһтың сүйікті елшісімен (с.а.с.) жүздеседі. Пайғамбарымыз оның атын сұрағанда “Әбдушшәмс” деп жауап қатады. Аллаһ елшісі “Адам баласы айдың, күннің құлы бола алмайды: сен – Әбдуррахмансың” деп, оған Аллаһтың құлы мағынасына саятын осы атты еншілейді. Алайда ол «Әбу Һурәйра» деген атпен танымал болды. Күндердің бір күнінде Аллаһ елшісі оның мысықтарға айрықша мейірімділігін көріп, “Уа, Әбә Һирр” (мысықтың әкесі, иесі) деп оны бұдан былай осы атпен шақыратын болды. Содан кейін Әбу Һурәйра деп аталып кетті. Қарапайым да кішіпейіл ол өзі де Аллаһ расулының қойған атын өзіне лайық деп тауып, осылайша шақырылуын ұнататын. Бұл оның Аллаһтың Елшісіне деген сүйіспеншілігінің белгісі еді²²⁸.

Әбу Һурәйра ең алдымен Аллаһқа иман келтіруді өз жақынынан бастағанды жөн көреді. Ол Ислам уызының ләззатынан анасының да мақұрым қалмауын қалады. Жөргегінен әлпештеп, аялап, әкесіздікті сездірмей тәлім-тәрбие берген анасының Исламды қабылдауы үшін қолынан келгенін аямады. Алғашында анасы қас қылғанда, қасарысып бақты. Әбу Һурәйра Исламның әсемдігін айтқан сайын, ол Пайғамбарымыздың мүбәрак атына тіл тигізіп, ауыр сөздерді қарша борататын. Көп уақыт осылай өтті. Жанындай жақсы көретін анасының қараңғылықтың тар қапасында қалуы оның жүрегіне инеше шаншылып, шөңгеше қадалды. Қалай айтса да,

²²⁸ Ибн Хажәр, әл-Исәбә, 4/202 ; аз-Зәһәби, Тәзкиратуль-хуффаз; Хайдарабад, 1956, 1: 32.

анасын көндіре алмады. Амалы таусылған Әбу Һурәйра тілектері сөзсіз қабыл болатын Аллаһтың сүйіктісіне уайымын ақтарып: “Расулаллаһ, анамды қаншама рет Исламға шақырдым, иілетін түрі жоқ. Онысымен де қоймай, сіздің қасиетті атыңызға ауыр сөздер айтады. Бұдан былай шыдай алар емеспін. Анамның тура жолға түсуі үшін Аллаһқа дұға етуіңізді өтінемін”, – деді.

Адамзаттың Ардақтысы (с.а.с.) оның өтінішіне құлақ асып, дұға жасады. Оның дұғасын Аллаһ тағала аяқасты етпейтінін жақсы білген Әбу Һурәйра үйіне құстай ұшып жетіп, есікті қағады. Іштен анасының “күте тұр” деген жарқын даусын естіп, жүрегі атша туплап бөгеліп қалады. Иман келтіргеннен кейін бой дәрет алу керектігін де үйренген анасы осыларды орындап болған соң ұлына есік ашып, “Балам, мен де сенің айтқандарыңды қабылдаймын; Лә иләһә илләллаһ, Мухаммадур-Расулуллаһ” деп тілін кәлимаға келтіреді. Мұны естіген Әбу Һурәйраның төбесі көкке жетті. Бір сағат бұрын Аллаһ расулына (с.а.с.) мұңын төгіп жыласа, енді сүйінші сұрау үшін оған қарай тұра жүгірді. Пайғамбарымыздың дұғасының қабыл болғанын айтып, толқыған күйі тағы өтініш қылады:

– Уа, Расулаллаһ, бүкіл мүминдер мені және анамды жақсы көрсін деп дұға етсеңіз, – дегенде, Аллаһ елшісі алақандарын көкке жайып:

– Аллаһым, Әбу Һурәйра мен анасын бүкіл мүминдерге сүйікті ет!” – деді.

Әбу Һурәйраның айтуы бойынша, осыдан кейін оны жақсы көрмеген ешкім қалмаған еді²²⁹. Қазір де оны таныған адамның сүйері сөзсіз.

²²⁹ Муслим, Фәдәилус-сахаба, 158; Табақат, 4:328.

Ол керемет ақылды әрі алғырлығымен ерекшеленді. Хадис үйренуге деген құштарлығы шексіз еді. Бұл мәселеде оған ешкім тең келмеді. Бұл ерекшелігін Пайғамбарымыз жиі-жиі айтып отыратын. Бір ретінде Расулаллаһтан:

– Қиямет күні сіздің шапағатыңызға аса лайық болатын кім? – дегенде, Аллаһ елшісі:

– Ей, Әбу Һурәйра, сенің хадис үйренуге деген құштарлығыңның шексіз екенін білгендіктен, мұны сенен бұрын ешкімнің сұрамайтынын, шынында да, сезген едім. Қияметте шапағатыма аса лайық болатын шын жүректен “лә иләһә илләллаһ” деген адам” – деп жауап берген еді²³⁰.

Ол: “Расулаллаһтан әдемі, одан нұрлы ешкімді көрмедім. Жүзі атқан таңдай арайланып, күндей жарқырайтын”, – деп, Пайғамбарымызға (с.а.с.) деген сүйіспеншілігін осылайша білдірген еді²³¹.

Пайғамбарымызды қаншалықты жақсы көрсе, ілімге деген құштарлығы да сондайды. Оның ең асқақ арманы – ілім еді.

Түннің үштен бірінде ұйықтап, үштен бірінде құлшылық етіп, дұға оқитын. Қалған үштен бөлігін жаттаған хадистерін санасына сіңіріп, ұмытпас үшін үнемі қайталайтын. Ол үлкен ғалым, факиһ және хадис хафызы (хадистерді жатқа білуші) болды. Бір күні мешітте оның: “Аллаһым, маған еш ұмытылмайтын ілім нәсіп ет” деп дұға етіп жатқанын естіген Пайғамбарымыз зор даусымен ауаны жаңғыртып “Аллаһым, әмиин!”, – деді²³².

²³⁰ Бухари, Рикақ:51.

²³¹ Р. әл-Бәша, 1:369.

²³² *Мустәдрәк*, 3:508.

Әбу Һурәйраның көп хадис жаттауына Пайғамбарымыздың (с.а.с.) осы әмин деуінің де үлкен септігі тиді. Бір реті келгенде ол Пайғамбарымызға келіп: “Уа, Аллаһтың елшісі! Сенен естіген нәрселерімнің ешқайсысын ұмытуды қаламаймын”, – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.): “Шапаныңды шешіп, жерге төсе”, – деді. Содан кейін қолын көкке көтеріп дұға еткеннен кейін, алақанына көктен шуақ уыстап алғандай шапанының үстіне төкті. “Шапаныңды орап кеудеңе бас”, – деді Пайғамбарымыз. Әбу Һурәйра айтқанындай істеді. Осыдан кейін Аллаһ расулынан естігендерінің ешбірін де ұмытпаған екен²³³.

Оның хадисті көп риуаят еткеніне тәнті болып, “хадисті көп риуаят етесің” дегендерге, адал да пәк көңілмен “мұһажир бауырларым базарда саудамен, ансарлар бау-бақшада шаруашылықпен айналысқанда, мен қарнымның тоқтығын ғана қанағат тұтып Пайғамбарға қызмет ететінмін” деп жауап беретін еді²³⁴. Әбу Һурәйра Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көлеңкесі сияқты үнемі қасынан табылуды қалайтын. Ілім үйрену үшін неше күн аш қалып ораза ұстайтын. Тіпті үш-төрт күн қатарынан ауыз ашарға тісіне сыздық қылар нәр таппай, ертеңгі күнгі оразаға Аллаһқа көзжұмбайлықпен ниет еткен күндері де көп болды. Бұрай соққан аштықтан жатқан жерінен қарны қабысып тұра алмай қалатын, тіпті қарнына тас байлап та жүретін. Өткен-кеткенге аштығын білдіріп біреу-міреу “маған Құран оқып берер адам бар ма?” деп, осылай қолқа салып үйіне шақырар деп үміттенетін. Алайда бәрі оны жөнді түсіне бермейтін. Жафар ат-Тайяр оның бұл

²³³ Муслим, Фәдәилус-сахаба, 159; Табақат, 4-330.

²³⁴ Муслим, Фәдәилус-сахаба, 159; Табақат, 4-330.

халін жақсы білгендіктен, көбіне сол үйіне апарып тамақтандыратын. Кейде Пайғамбарымыздың өзі үйіне апарып қарнын тойғызатын²³⁵.

Ілім қазынасы Әбу Һурәйра Аллаһтың адамзатқа рақым етіп жіберген асыл тұлғасының аузынан шыққан әрбір сөзді қағып алып кейінгі ұрпақтарға аманат етуде айрықша қызмет көрсетті. Мұның себебін ол:

“Негізінен біз Кітапта ап-ашық үкімдерді әрі тура жолды адамдарға баян еткеннен кейін оны жасырғандарды Аллаһ лағынет етеді әрі барлық лағынет етушілер оған қарғыс айтады” деген Құрандағы “Бақара” сүресінің 159- аяты болмағанда, мен хадис риуаят етпес едім, – деп түсіндіретін. Пайғамбарымыздың қасында төрт жыл бойы жүрудің өзі сахабалар арасында оның қадірін арттырды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) „Ақаба” келісінде алғаш қолын қысқандардан және Оны (с.а.с.) Мәдинада сегіз ай бойы құтты қонақ еткен қадірлі сахаба Әбу Әйюб әл-Ансаридің өзі де Әбу Һурәйрадан хадис риуаят ететін. Одан: “Сен одан бұрын мұсылман болдың және сен де Аллаһ елшісінің сахабасысың”, – дегендерге: “Ол біз естімеген көптеген нәрселерді естіді”, – деп, Әбу Һурәйраның ерекшелігін атап кеткен еді²³⁶. Сонымен бірге сахабалар арасында Абдуллаһ ибн Омар, Хибрул-Умма Абдуллаһ ибн Аббас, Жабир ибн Абдуллаһ әл-Ансари, Әнәс ибн Мәлік және Уасилә ибн Әсләм сынды хадис ғылымының негізгі тіректері және Табиундардың арасында да аттары әйгілі Хасан Басри, Зәйд ибн Әсләм, т.б. белгілі хадис ғалымдарының көбі

²³⁵ Бухари, Фәдәилус-сахаба, 10.

²³⁶ Мустәдрәк, 3:512.

Әбу Һурәйрадан хадис риуаят еткен. Осы сияқты сегіз жүзге жуық белгілі кісілер одан хадис алған²³⁷.

Пайғамбарымыздың қасында төрт жыл жүріп, хазірет Әбу Һурәйра бес мыңнан аса хадис риуаят етті. Көп хадис риуаят етуінің себебі, ол бүкіл ғұмырын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жолында сарп етуінде еді. Ап-талап аш қалса да, Аллаһ расулының (с.а.с.) қасында болып, Пайғамбарымыздан Исламның жаңа үкімдерін үйреніп, жаттау оның ең қымбатты ісіне айналған.

Әбу Һурәйра (р.а.) Пайғамбарымыздың мейірімі жайлы былай дейді:

“Бір шайқаста Пайғамбарымыздан кәпірлердің тып-типыл құруы үшін дұға етуін сұрағанда, ол:

“Мен лағынет айтып, елге азап беру үшін емес, қайта жақсылық жасап, оларды бақытты ету үшін жіберілдім”, – деп “Әнбия” сүресінің **“Сені әлемдерге рақым етіп жібердік”** деген 107-аятын дәлелге келтіреді.

Жоғарыда атап өткендей, Әбу Һурәйраның есте сақтау қабілеті өте күшті болатын. Оның бұл қабілеті өз дәуірінің катал сыны мен сынағынан сүрінбей өткенді. Бірде Әбу Һурәйра Мәруанның алдында хадис риуаят етеді. Кейбіреулер оған білдірмей айтқан хадистерін жазып алады. Мәруан келесі жылы Әбу Һурәйраға жолығып, өткен жылы айтқан хадистерін қайтадан айтуын өтінді. Әбу Һурәйра “Бисмиллаһ” деп сол хадистерді айна-қатесіз, бір сөзін де өзгертпей қайталап айтып беріпті²³⁸.

Хазірет Әбу Һурәйра Муғауия ибн Әбу Суфиянның кезінде бірнеше рет Мәдинаға әкім болып тағайындалды.

²³⁷ Ибн Хажар, әл-исәбә, 4:205.

²³⁸ Мустәдрәк, 3:509-510.

Ел билеген кездің өзінде қарапайымдылығы мен кішіпейілдігін сақтап, арқанын асынып, құшақ-құшақ отын таситын.

“Әбу Хурәйра (р.а.) төсек тартып қалыпты” дегенді естігендер бұл ардақты сахабаның халін сұрауға келгенде, оның жылап жатқанын көреді. Себебін сұрағанда:

“Дүниеден өтіп бара жатқанымға жыламаймын. Сапарымның тым ұзақтығына, мұнымен қоса азығымның аздығына налимын. Бұл жолаушылықтың соңында Жәннатқа кіремін бе, Жәннанға кіремін бе, мұны да білмеймін. Соған жылаймын”, – деп жауап берген еді²³⁹.

Бүкіл хас сахабалар осындай болатын. Дәрежелері қаншалықты жоғары болса да, ақыретте есеп бере аламын ба деп соншалықты қорқатын. Олар дүниедегі дәрежелеріне марқайып асып та, тасып та кетпей, бетегеден биік, жусаннан аласа бола білді.

Ислам дінінің көптеген қағидаларының кейінгі ұрпаққа уыз да саф күйінде келіп жетуі үшін жанын салған бұл сахаба хижраның елу сегізінші жылы дүниеден озды. Осылайша көк күмбезінен маздай жанып, шырақтай жарқыраған тағы бір жұлдыз шерлене ағып, шеті мен шегі ғарыш пен кеңістіктің өзін дедек қақтырып, құлдилатып әкететін, арыстан жалды айбарлы уақыттың алдында қас қаққанша өте шықты. Оның бақытына – ол жанып үлгерді.



²³⁹ Р. әл-Баша, 1, 374.

Абдуллаһ ибн Аббас

*“Аллаһым, оған діннің рухын үйрет және тәуилді
(Құранның негізгі тура мағынасын) жетік білуін нәсіп
ет!”*

(Хадис)

Нижреттен үш жыл бұрын Пайғамбарымыздың ағасы Аббастың шаңырағында нұр жүзді бір ұл баланың кіндігі қиылды. Оның атын “Абдуллаһ” деп Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзі қойған болатын. Абдуллаһ ибн Аббас кішкентайынан Пайғамбарымыздың үйінде сол шаңырақтың бір адамындай болып өсті. Пайғамбарымыздан сабақ алып, түнде бірге ғибадат жасап, оған қызмет ететін. Ынталылығы, еңбекқорлығы, ақылдылығы мен турашылдығы үшін хазірет Пайғамбар оны бауырына тартты.

Ардақты елші (с.а.с.) Абдуллаһтың ғалым болуын қалап, оған үнемі арнайы сабақ беріп тәрбиеледі. Пайғамбарымыз дүние салған кезде әлі он төрт-он бестердегі жас өспірім еді. Аллаһ елшісінің қасында өткізген төрт-бес жылы – оның естігенін қалт еткізбей қағып алатын қабілетке ие болған кезіне сай келген. Бұл қысқа уақыттың ішінде көп хадис жаттады. Мұның себебі, оның бойындағы алғырлығы. Сонымен қатар Пайғамбарымыздың: “Аллаһым, оған діннің рухын үйрет және тәуилді (Құранның негізгі тура мағынасы) жетік білуін нәсіп ет”, – деп дұға жасауы да әсер еткен еді²⁴⁰.

²⁴⁰ Муснәд, 1:266; Бухари, уду`, 10.

Абдуллаһ ибн Аббас сахабалардың ең білімділерінен саналады. Көзі тірісінде оны *хибруль-умма* (үмбеттің дана ғалымы) және *тәржуманул-Қур`ан* (Құранды аударушы, оны бізге жеткізуші) деп ұлықтайтын²⁴¹.

Ұзын бойлы, жылы шырайлы, нұр жүзді, сөйлегенде дүйім жұртты аузына қаратар шешен де көсем Абдуллаһ ибн Аббас Хашим тайпасынан шыққан. Оның есте сақтау қабілетінің қуаттылығы соншалық – ол атақты шайыр Амр ибн Раби`аның сексен жолдан тұратын өлеңін бір оқығанда жаттап алған деседі. Тәфсир, фикһ және хадис ілімдерімен қоса әдебиет пен өлеңге, әсіресе, жәһилия кезеңінің өлеңдерін жаттап аты шыққан. Ибн Жәрир ат-Табари өзінің тәфсирінде әр аяттың түсіндірмесінде ибн Аббастың жәһилия дәуірінен жеткізген өлең жолдарын кеңінен қолданған²⁴².

Нұр пайғамбар хазірет Мұхаммед (с.а.с.) дүниеден озғаннан кейін Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) пен Омардың (р.а.) халифалықтары кезінде оларға ғылыми мәселелерде кеңес беріп тұратын. Хазірет Омар шеше алмаған күрмеуі көп күрделі мәселелерді “мұның түйінін сен ғана шеше аласың” деп Абдуллаһ ибн Аббасқа (р.а.) сілтейтін. Бірде Йеменнен келген әлдебір адам өзін мазалаған сұрақтарына қанағаттанарлық жауап ала алмай амалы құрығанда, Абдуллаһ оның сауалдарына ақылға қонымды жауаптар береді. Бұған разы болған халифа Омар: “Абдуллаһтың Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шаңырағында өскеніне куәлік етемін”, – деп, оның білімділігі мен білгірлігін атап айтқан еді.

Әбу Бәкірдің халифалығы кезінде ибн Аббас ардақталып, абыройға бөленді. Хазірет Омар оны

²⁴¹ *Усдул-ғабә*; 3:291.

²⁴² әл-Бидая, 8:114.

жасының кішілігіне қарамастан бірөңкей жасы үлкен, беделді адамдардан ғана тұратын “кеңес алқасының” құрамына кіргізген. Сөйтсе де, Абдуллаһ ибн Аббастың жастығын көлденең тартып, оны мойындағысы келмеген кейбір үлкендерге кеңес алқасының мәжілісінде “Насыр” сүресінің мағынасын түсіндіріп берулерін сұрады. Алдымен сөз алған үлкендер “Насыр” сүресін былай түсіндіреді: “Аллаһтың жәрдемі мен жеңісі келгенде адамдар Исламға топ-топ болып кіреді. Сол кезде Раббынды пәкте, мадақта, кешірім сұра” деген мағынаға келеді”. Хазірет Омарға олардың бұл жауабы түбіне тереңдемей, су бетінен қалқыған ұшқарылау пікір көрініп, ұнамайды. Мұның әзели мағынасын ибн Аббастың өзінен сұрады. Ибн Аббас: “Бұл сүре Аллаһ расулының өлімінен хабар береді. Адамдар топ-тобымен Исламға кірген кезде оларға Аллаһтың хабарларын жеткізген Пайғамбардың міндетінің аяқталғанын ишаралайды”, – деп жауап бергенде, халифа Омар: “Міне, оны осы қабілеті үшін сендердің араларыңа қостым”, – деп оның ерекшелігін атап өткен еді²⁴³.

Абдуллаһ ибн Аббастың сұхбатындағы топтың халық арасында ерекше орны бар еді. Оның жүргізген сұхбаттары берекетті әрі тартымды өтетін. Жасы да, кәрісі де оның ілім бұлағынан мейірі қанғанша сусындай алатын еді. Сұхбатының екі ерекшелігі болатын: Телегей теңіз білімділігі, тақуалығымен ерекшеленген хазірет Абдуллаһ сұхбаттарында осы екі қасиетке басты мән беретін. Бәріне ұғынықты етіп көркем түсіндірген сұхбаттарын айнала отырған адамдар зейін қойып

²⁴³ *Бухари, тәфсир, (110) 3.*

тыңдап, қақаған суықта арқаларын от табына тосқандай ыстық әсер алатын²⁴⁴.

Ибн Аббастың парасаты мен қиыннан қиыстыра білетін қисынды ойлары ыңғайлы да жөні бөлек жосындығымен тәнті ететін. Пайғамбарымызбен қандас туыс ол: “біз пайғамбардың шаңырағында өстік” деп асқақ көңілмен мақтан ететін. Бойындағы кемел қасиеттерімен сахабалардың арасында құрметке бөленді. Барған жерінде кім болса да оған орнынан тұрып, ілтипат көрсететін. Ибн Аббас елдің өзін бұлай көкке көтере әспеттеуін аса ұнатпай, олардың орындарынан тұрмауларын өтініп, үнемі кішіпейілділік танытатын.

Бірде Зәйд ибн Сәбит атқа мінер кезде ибн Аббас оның атының үзеңгісінен ұстап құрмет көрсетеді. Сонда Зәйд ибн Сәбит: “Әй, Аллаһ расулының ағасының баласы, өтінемін, бұлай жасама”, – дегенде, ол: “Ғалымдарымызға осылайша құрмет көрсету бізге әмір етілді”, – дейді. Хазірет Зәйд болса оның қолынан сүйіп: “Бізге де Аллаһ расулының туыстарына осылай ізет көрсету әмір етілді”, – деп сыйластықтың ізгі үлгісін көрсеткенді²⁴⁵.

Хибрул-умма, Тәржумануль-Куран деген сипаттарға ие болған ибн Аббас ең көп хадис риуаят еткен, білім дәрежесі жоғары, таңдаулы сахабалардың бірі болатын. Ол 1600 хадис риуаят етті. Саид ибн Жүбәйр, Мужәһид ибн Жәбр және Икримә сынды табиун имамдары: “Біз не білсек, тегіс содан үйрендік” десе, Үбәйдүллаһ ибн Абдуллаһ: “... Әбу Бәкір, Омар мен Османның берген үкімдерін одан жақсы білетін адам

²⁴⁴ әл-исәбә, 2:333.

²⁴⁵ әл-Исәбә, 2:332.

көрмедім. Көзқарасы үнемі туралықтан таймаған өзге ешкімді таныған емеспін. Тәпсир және фикһ іліміндегі білгірлігіне бәрі таңдай қағатын. Бір күні тәпсир жайлы айтса, бір күні фикһ мәселелерінен сөз қозғайтын. Бір күні өткен шайқастарды айтса, басқа бір күні араб тарихын тереңнен қозғайтын. Оның білімі түпсіз теңіздей еді. Оның білімділігіне бас имейтін ғалым жоқ еді” деп оның беделін атап өткен²⁴⁶.

Ол білімді болумен қатар мемлекеттік жоғары қызметтерді де абыроймен атқарған қабілетті сахаба. Хазірет Османның тұсында Африка жорығына Ислам әскерлерінің Елшісі ретінде қатысты. Африкадағы Византияның әкімі Георгий және оның адамдарымен ғылыми мәселелер бойынша пікір таластырады. Византиялықтар алғыр ақылына, ойы мен білімінің тереңдігіне тәнтілікпен оны “арабтардың ең данасы” деген-ді.

Халық ибн Аббастың төрелігіне жиі жүгінетін. Оның үйі, есік алды үнемі кісіден босамайтын. Шәкірті Әбу Салих:

“Ауласына кісілер мұншама көп жиналатын басқа бір адамды өмірімде көрген емеспін” деп, оның шаршы топты жарып сөйлейтін шешендігін, көпшілдігі мен көсемдігін паш етеді.

Оны “тәпсир ғылымдарының падишасы” деп те атайтын. Өзі тәпсир кітабын жазбаса да, оның өрнектеп өрбіткен тәпсирлері хадис кітаптарында жинақталған. Мұсылман ғалымдары өздерінің шығармаларын көркемдеу үшін ибн Аббастың құнды тәпсирлерін пайдаланды. Ал оның берген пәтуалары фикһ ілімінің негіздерінің бірі болып табылады.

²⁴⁶ Табақат, 2:365; Усдул-габа, 3:19.

Мекке фақиһтарының көбісі оның мектебінен қаз басып, қанат қағып шықты. Сондықтан да оған “Мекке тәпсир мектебінің негізін қалаушы” делінді. Құран ілімдерін жетік меңгерген ибн Аббастың айрықша қайрат көрсеткен қызметтерінің бірі – Құранның жинастырылуына қосқан үлесі.

Муғауия қайтыс болғаннан кейін хазірет Әли мен ұлы Хусәйннің жақтастары оны Куфаға шақырды. Ол бұл шақыруды қабыл алмады. Хусәйнге ол жаққа барма деп қанша үгітесе де, оны көндіре алмады. Осының салдарынан Куфаға кетіп бара жатқанда Пайғамбарымыздың сүйікті немересі хазірет Хусәйн Кербалада шәйіт болды. Бұл оқиғадан соң қайғыдан қан жұтқан Абдуллаһ ибн Аббас екі көзінен айырылды. Ғұмырының соңына таман екі көзі көрмей қалған ілім бұлағы Абдуллаһ жазмыштан озмыш жоқтығына налыған емес. Керісінше:

“Аллаһ жанарымнан жарықты сөндіргенмен, жүрегім мен тілім нұрсыз қалмады”, – деген екен қасқайып²⁴⁷.

Абдуллаһ ибн Аббас 687 жылы Таифте қайтыс болды. Жаназа намазын хазірет Әлидің баласы Мұхаммед әл-Һанафиия оқыды. Ол:

“Бүгін бұл үмбеттің ең білгір ғалымы қайтыс болды. Оның өлімі мұсылмандарды мұңға батырды”, – деген болатын.

²⁴⁷ Сахабилер ансиклопедиси, 1: 153. Сахабилер ансиклопедиси, 1: 153.

Абдуллаһ ибн Омар

“Адамның бойында мына қасиеттер болмайынша, ол шынайы ғалым бола алмайды: Өзінен білімі мол адамды күндемейді, өзінен төменгілерді кемсітпейді. Ілімін дүниелік пайда үшін сатпайды”.

(Абдуллаһ ибн Омар)

Әділеттің бейнесі хазірет Омардың тоғыз ұлы болды. Солардың ішінен “ибн Омар” Омардың ұлы деген атқа ие болған, ибн Омар дегенде алғаш еске түсер баласы – Абдуллаһ.

Хазірет Абдуллаһ әкесі мұсылман болған кезде бес жаста болатын. Мұсылман отбасында өскен ол пұттарға табыну тәрізді жаман ғадеттен аман қалды. Исламды түсінерлік жасқа толғанда бірден иман келтірді.

Мәдинаға хижрет жасалған кезде жасы әлі онға да толмаған еді. Бәдір шайқасы қарсаңында қайткенде де соғысқа қатысуды мақсат етті. Өзі сияқты тағы бірнеше бала өздерін үлкен етіп көрсету үшін аяқтарының ұшымен сапқа тұрып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әскер қатарына алуын қатты қалайды. Бойлары жеткенмен жастары әлі кішкентай болғандықтан оларды Аллаһ расулы әскер қатарына алмады. Ұһұт шайқасында да жастары толмағандықтан әскерге алынбады²⁴⁸. Ол достары сияқты жанары жасқа, көңілі мұңға толып үйіне қайтты. Сол түні таң атқанша көз ілмей, “Аллаһ елшісі мені дін күресу үшін сахабаларының арасына алмайтындай қандай кінәм бар еді?” деп назаланды. Тек бірекі жылдан кейін ғана жасы жеткеннен кейін Хәндәк

²⁴⁸ Бухари, мағази, б.

шайқасына қатысу мүмкіндігіне ие болып, әскерге алынып, көптен көксеген арманына жетті²⁴⁹.

Ибн Омар тақуалығы, құлшылығы, сезімталдығы мен сүннетті ұстануы жөнінен әкесі Омардан да асып түсетін.

Сахабалардың сүннетке деген сүйіспеншілігі шексіз. Сүннетке мойынсұнып, оны ұстануға келгенде Абдуллаһ ибн Омардың орны, тіптен, айрықша. Тек қана ғибадат мәселесінде емес, күнделікті тұрмыста да Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әр іс-қимылын айнытпай қайталайтын. Пайғамбарға деген сүйіспеншілігі де алабөтен. Имам Мәліктің ұстазы Нафи бірде хазірет Абдуллаһ екеуі бірге Арафаттан ылдилап келе жатқанда ибн Омар бір шұңқырға түсіп шығады. Оның бұл қылығына айран-асыр қалған Нафи: “Ей, имам, бұл шұңқырда не істедің?”, – дейді. Ибн Омар былай деп жауап қатады:

“Пайғамбарымыз Арафаттан түсіп келе жатқан кезде, мен оған еріп отырдым. Осы жерге түсіп дәрет сындырды. Менің қажеттілігім болмаса да, оның істегеніне кереғар еш нәрсе жасағым келмеді²⁵⁰”.

Оның сүннетке құлай берілгендігі соншалық, Аллаһ елшісі (с.а.с.) суды демін үш рет алып ішсе, ол да дәл солай ішетін. Басқаша ішкенін ешкім көрмегенді. Кішкентай бір қимылдың өзін Аллаһ елшісі (с.а.с.) қалай істесе, айнытпай тура солай қайталайтын. Сол кездің өзінде кейбіреулер мұны ерсі көретін.

Ибн Омардың жүрегі Пайғамбарымызға (с.а.с.) деген сүйіспеншілікке толы еді. Ол зәру істері шығып қалмаса Пайғамбарымыздың қасынан екі елі ажырамауға тыры-

²⁴⁹ Табақат, 4:143.

²⁵⁰ Муснәд, 2:131.

сатын. Пайғамбардың (с.а.с.) мүбәрак білім мектебінде білімге сусындап, уақытының көпшілігін ілім үйренуге арнады. Пайғамбарымыз қайтыс болған кезде ибн Омардың жүрегі мұңға толды. Пайғамбарымыз жайлы сөз бола қалса көзінен жас моншақтай жөнелетін. Сапарға шығарда және кері қайтқанда міндетті түрде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қабірін зиярат ететін.

Абдуллаһ ибн Омарды Пайғамбарымыз (с.а.с.) да жанындай жақсы көріп, оған ақыл кеңес, өсиеттерін жиі айтатын. Хазірет Абдуллаһ һижреттен кейін өмірін Исламды үйренуге атаған “Суффа асхабына” қосылды. Осылайша кішкене бала кезінен бастап, Пайғамбарымыздың ілім кәусарынан сусындаған бақытты сахабалар санатына кірді. Пайғамбарымыздан және оның сахабаларынан ілім үйреніп, білімін жетілдірді. Ілім мәжілістеріне қатысып, діни мәселелерді терең білетін ықпалды сахабалардың біріне айналды.

Ислам тарихында “төрт Абдуллаһ” деген атпен әйгілі сахабалардың бірі – осы ибн Омар. Ол – 2630 хадис риуаят ету арқылы Әбу Һурәйрадан кейін ең көп хадис риуаят еткен сахаба. Оның тәпсир, фикһ, әсіресе, хадис ілімінде орны ерекше.

Хазірет Абдуллаһ хадис риуаят еткен кезде өте абай болып, бұл маңызды іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Риуаят еткен хадистердің әр сөзіне, тіпті әріптеріне де мұқият болатын. Бір мағынаға келетін болса да, Пайғамбарымыздың қолданған сөздерін ғана қолданып, хадистерді қаз-қалпында жеткізуге ерекше мән беретін.

Хадистердің кейінгі ұрпаққа жетуінде Абдуллаһтың қосқан үлесі ұшан-теңіз. Бар ғұмырын хадисті жаю жолында сарп етті. Бізге келген хадистердің көпшілігі ибн

Омардың хадис алқасына сүйенеді. Мәдинада хадис үйрету тобын құрып, елге хадис үйретті. Хадис үйрету үшін бүкіл күш-жігерін жұмсады.

Хадис ғылымында Абдуллаһ ибн Омар → Нафи → Малик ибн Әнәс арқылы келген хадистер ең мықты риуаяттар болып саналады. Хадис ілімінде бұл хадис шынжырын “алтын шынжыр” дейді. Абдуллаһ ибн Омардан Абдуллаһ ибн Аббас, Жабир ибн Абдуллаһ, Саид ибн әл-Мусаииб, Саид ибн Жубәйр, Хасан Басри, Нафи’, Мужаһид, Тауус және өзінің балалары Хамза, Біләл, Абдуллаһ және Ұбайдұллаһ сынды ғалымдар хадис үйренген. Сондықтан да ол “муksiрун” (көп хадис риуаят еткен) сахабалардан болды.

Абдуллаһтың шәкірті Нафи өзінің азат еткен басыбайлысы еді. Абдуллаһ ибн Омар ғалым болумен қатар тақуа әрі жомарт, кеңпейілді, дарқан жан еді. Үйі қонақтан босамайтын. Кешкі асын жалғыз өзі ішкен кездері өте сирек. Қонақ жоқ болса, шақыртып алатын.

Құл азат етуді қайыры көп іс көретін. Имам Нафидің айтуынша, ол мың құл азат еткеннен кейін қайтыс болған және шын ықыласымен соны тілеген.

Абдуллаһ ибн Омар Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін алпыс жыл өмір сүріп, көп пәтуа берген. Алайда пәтуа берерде аяғын аңдап басатын. Аллаһтан қорыққандықтан қандай да бір үкім беруден тартына-тын²⁵¹.

Бір мәселенің анық-қанығын толық білмесе немесе оның шешіміне күмәнданса “мен бұл мәселені білмеймін” деп білмейтінін ұялмай мойындап,

²⁵¹ О. Кескиоглу, Фықыһ тарихи ве Ислам нукуку, Анкара, 1999, 72.

кішіпейілдік танытатын. Жұрттың бәрі оның бұл қасиетіне сүйсінетін.

Бірде біреу келіп, бір мәселе жайында пәтуа сұрады. Хазірет Абдуллаһ кеңесші бола алмайтынын айтты. Алайда пәтуа сұраған адам қайта-қайта келуін қоймағанда еріксіз оған “саған бола өзімді Тозаққа қия алмаймын” деп, жаңылыс-жаңсақ нәрсе айтып қоюдан барынша тартынған еді. Істеген әр ісін Аллаһтың разылығы үшін жасайтын.

Абдуллаһ ибн Омар – тек хадисші емес, сонымен қатар үлкен фақиһ. Ол өмірін Мәдинада өткізді. Мәдинаның фиқһ ғұламалары пәтуаларының көбінде оған сүйенген. Әһли сүннеттің төрт имамының бірі, имам Маликтің фиқһында хазірет Абдуллаһтың пәтуалары өте көп кездеседі. Оның пәтуалары жиналар болса, көлемді бір кітап болады. Мысырлық ғалым М. Рәууәс Кал’ажі “мәуду’ ату фиқһи Абдиллаһ ибн Омар” деген атпен бір кітап шығарған (Бейрут, 1986).

Ол өте жомарт, қияметке дейінгі Ислам үмбетінің жол сілтеуші жарық жұлдыздарының бірі болды. Мейірімді, жұмсақ мінезділігімен қоса әділетсіздікке куә болғанда жаны шыдамайтын. Ақиқатты айтудан тайсалмайтын. Мұсылмандар арасынан бұрқ ете қалған бүлікке қатыспай бейтараптылық ұстанды. Бүліктерге (фитнә) араласпады. Не хазірет Әлидің тарапына, не сириялықтардың тарапына қосылмады. Ибн Омардың (р.а.) әһли бейтке деген құрметі жоғары еді. Залым Хажжажға қарсы келуден қаймықпайтын. Бірде Хажжаж жұма хұтбасын ұзақ созып жібереді. Бұған шыдамаған Абдуллаһ “күн сені күтіп тұрмайды ғой” дейді. Ішіне кек сақтаған Хажжаж Абдуллаһтың өліміне себеп болады. Ол хижраның 78-жыл санауында

86 жасында қайтыс болды. Оның төмендегі сөздері ілім іздегендерге шын мәнінде жол көрсетеді:

“Бойында мына қасиеттер болмайынша, адам шынайы ғалым бола алмайды: Өзінен білімі жоғарыны күндемейді, өзінен төменгілерді кемсітпейді. Ілімін дүниелік пайда үшін сатпайды”²⁵².



²⁵² Сахабилер ансиклопедиси, 1: 187-188.

Абдуллаһ ибн Мәс'уд

“Кімде-кім Құранды жаңа түсіп жатқандай оқығысы келсе, оны Ибн Умми 'Абдтың қырағатымен оқысын”.

(Хадис)

Әбу Әбдуррахман Абдуллаһ ибн Мәс'уд – алғаш иман еткендердің ішінде алтыншы болып мұсылмандықты қабылдаған бақытты жандардың бірі. Бала кезінде Әбу Жәһил, Ұқба ибн Муайт сияқты азулы мүшріктердің қойларын бағатын.

Ғаламның рақым нұрымен (с.а.с.) танысқаннан кейін қасынан көлеңкесіндей екі елі ажырамай еріп жүретін еді. Суффалық сахабалардың бірі Абдуллаһтың Аллаһ елшісіне жақындығы сондай, Пайғамбарымыздың нұрлы шаңырағына қалауынша еркін кіріп-шығатын. Оны көргендер әһли бәйттен (Пайғамбарымыздың туысқаны) деп ойлайтын²⁵³. Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қызмет жасап, Одан көп нәрсе үйренді.

Адамзаттың ардақтысы (с.а.с.) оны «Ибн Умми 'Абд» дейтін. Пайғамбарымыз ол жайлы: “Кімде-кім Құранды жаңа түсіп жатқан кезіндегідей оқығысы келсе, оны Ибн Умми 'Абдтің қырағатымен оқысын”²⁵⁴ деп, Құран оқудағы қасиетін жоғары бағалайтын. Пайғамбарымыз бір күні оған:

– Маған Құран оқышы, тыңдайын, – дегенде, ибн Мәс'уд:

²⁵³ *Бухари, фадаилус-сахаба, 27; Табақат, 3:153.*

²⁵⁴ *Мустәдрәк, 2:318; әл-Исәбә, 2:369.*

Уа, Расулаллаһ! Құран саған түсті. Мен оны саған қалайша оқимын, – деп таңданысын жасыра алмайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) :

– Құранды өзгеден тыңдауды ұнатамын, – деген еді. Пайғамбарымыздың өтінішін жерге тастай алмаған ибн Мәс'уд “Ниса” сүресін оқиды. “Ниса” сүресінің: **“Әр үмбетті куәларымен (қайта тірілткенде) әкеліп, сені де солардың алдында куә ретінде тартқанда қандай күн болмақ?!”** деген қырқыншы аятына келген кезде, Пайғамбарымыздың қос жанары манаурап, жүрегі толқып:

– Жә, жетер, – деп қолын көтеріп, тоқтатқанды²⁵⁵.

Хазірет Абдуллаһ қоңыр даусымен Құранды мүшріктерге жария етуден қорықпайтын. Бар әлемге жалғыз өзі төтеп беретіндей иман күшіне ие Абдуллаһ Мекке мүшріктерінің алдына шығып дауыстап Құран оқыды. Оның бұл қылығы шымбайына батқан мүшріктер оны сол мезет соққыға жықты. Алайда олардың таяғын шыбын шаққан құрлы көрмеген ол тағы да қайталамақ болғанда, қасындағы басқа сахабалар оның етегінен басып, жеңінен тартқылап, жібермей ұстап қалды²⁵⁶.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларына Құранды төрт кісіден үйренуді ескертсе, сол төрт кісінің бірі осы – Абдуллаһ ибн Мәсуд²⁵⁷.

Мүшріктердің қорлығы мен азабына төзе алмай Эфиопияға көшкендердің арасында Абдуллаһ ибн Мәсуд та бар. Бірақ Пайғамбарымызға деген сағынышы жібермей, Меккеге қайта оралды. Ол жерден кейінірек Мәдинаға хижрет етті. Ибн Мәсуд Пайғамбарымызбен

²⁵⁵ Тирмизи, Тафсируль-Кур'ан, 5.

²⁵⁶ Усдұльғаба, 3:257.

²⁵⁷ Тирмизи, манақыб: 38.

бірге бүкіл соғыстарға қатысып, үлкен ерлік танытты. Бәдір шайқасында Аллаһтың дұшпаны Әбу Жәһилді өлтірген – осы Абдуллаһ.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Ибн Мәсудқа деген ілтисаты айрықша еді. Бірде Ол: “Менен кейін Әбу Бәкір мен Омарға бағыныңдар. Аммардың жолымен жүріп, ибн Мәсудтың айтқандарын бұлжытпай орындаңдар”, – деген еді²⁵⁸.

Абдуллаһ ибн Мәсуд Пайғамбарымыздың үйінде тәрбиеленді. Аллаһ елшісі арқылы ақиқатқа көзі ашылып, ізгі қасиеттерін бойына сіңірген еді. Хазірет Әбу Хузәйфа оның жүріс-тұрысы, өмір сүруі, жол көрсетіп, адамдарға ақиқатты үйрету тұрғысынан және мінезі жағынан Аллаһ расулына (с.а.с.) ең қатты ұқсайтын сахаба екенін айтады²⁵⁹.

Аллаһ елшісін жақыннан танып, оның ұшан-теңіз білімінен сусындап, бүкіл өмірін Құранды үйренуге арнаған суффа асхабының бақыттыларының бірі – ибн Мәсудтың білімі шалқар болатын. Әсіресе, тәпсир ілімінде оның орны бір төбе. Бұл жайлы ол өзі былай деген:

“Жалғыз тәңір Аллаһқа ант етейін! Аллаһтың Кітабында қай аяттың қай жерде, не үшін түскенін менен жақсы білетін ешкім жоқ. Егер менен жақсы меңгерген адам бар болса және оған жету мүмкін болса, міндетті түрде оған барар едім”²⁶⁰.

Хазірет Абдуллаһ – Құран ілімдері (улумуль-Қуран) мен фикһ саласының аса білімдар ғалымы. Хазірет Омар оны Куфаға мұғалім етіп жіберді. Куфалықтар одан

²⁵⁸ Тирмизи, манақыб:38.

²⁵⁹ *Сахабилер ансиклопедиси, 1, 180.*

²⁶⁰ *Муслим, фадфилус-сахаба:115.*

хадис пен фикһ саласы бойынша тәлім алды. Ол бір мәселенің шешімі бойынша нақты дәлел (Құран аяты немесе хадис) *насс* болмаған жағдайда *рәй* (ақылды қолдану арқылы дәлел келтіру) арқылы шешу жолын тандаған. Міне сондықтан куфалықтар мен басралықтар «*рәй*», «*фиқһ*» мектебінің қағидаларын ұстанды. Әбу Ханифа да осы мектепке қарайды.

Хазірет Әли Куфаға келгенде, сол жердің тұрғындары Абдуллаһты: “Ол сияқты көркем мінезді, жылы сөзді, білікті ұстаз, Аллаһтан қорқатын адам көрмедік”, – деп мақтайды. Әли олардың сөзін растап, оның бойында одан да жақсы басқа да қасиеттердің бар екенін айтқан еді. Құранды әуеніне салып, мақамдап оқитын. Харамды – харам, адалды – адал деп білетін. Фақиһ әрі үлкен хадис ғалымы болды.

Хазірет Абдуллаһ қайтыс болар кезде төсек тартып жатып қалды. Халифа Осман оның көңілін сұрап, қандай шағымының бар екенін білгісі келгенде ибн Мәсуд :

– Бір ғана шағымым бар, ол күнәларым, – дейді.
Хазірет Осман:

– Не қалайсың? – деп сұрағанда, көкейінде көптен күткен үмітін айтып:

– Аллаһтың рақымын, – деген еді. Хазірет Осман:

– Жылдар бойы алмай тартынған мемлекет тағайындаған айлығыңның берілуін әмір етейін бе? – дегенде, ибн Мәсуд:

– Бұдан кейін оның еш пайдасы бола қоймас, – дейді. Осман:

– Артындағы балаларына қалар.

– Балаларым кедей болып қалады деп қорқамысың?

Мен оларға әр түні “Уақиға” сүресін оқындар деймін.

Өйткені Аллаһ расулының: “Кімде кім әр күні жатарда “Уақиға” сүресін оқитын болса, дүниеде таршылық көрмейді” дегенін естіген едім²⁶¹, – деп жауап берген еді Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жол серігі бақытты сахаба.

Хазірет Омар мен Османның дәуірінде Куфада әкім болып, хижраның 32- жыл санауында Мәдинада қайтыс болды²⁶².



²⁶¹ Усдул-ғаба, 2:259.

²⁶² Кескиоглу, 69.

Зәйд ибн Сәбит

“Мирас ілімін ең жақсы білетін Зәйд”. (Хадис)

Құран аяттары мен сүрелері түскен кезде Аллаһ расулы (с.а.с.) оларды өзі ғана жаттап қоймай, басқаларға да жаттатқызатын. Әрі жаза білетін сахабаларына уахиді жаздыратын. Түскен уахиларды хатқа түсіретін бірнеше сахаба болатын. Солардың бірі – Зәйд ибн Сәбит. Пайғамбарымыздың маңдайалды сахабаларының бірі Зәйд ибн Сәбит ансарлардың Хазрәж тайпасының Нажжарұлдары руынан шыққан. Лақаб аты – Әбу Сайд немесе Әбу Абдурахман²⁶³.

Хижра жыл санауынан он бір жыл бұрын дүниеге келген хазірет Зәйд Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға келген кезде, әлі ойын баласы болатын. Тарихи деректер сол тұста оның он бір жаста болғандығын айтады.

Мәдинада сахабалар Бәдір соғысына дайындалып жатқан кезде, жасы әлі он үшке толмаған нұр жүзді, зерек бір бала келді. Қолында өзінің бойынан ұзын қылышы бар ол Аллаһ елшісінің қасына барып: “Уа, Расулаллаһ! Сен үшін жаным садаға. Сенімен бірге болып, сенің туыңның астында дұшпанға қарсы соғысуға рұқсат бер”, – деді. Бұл әрекетіне сүйсінген Аллаһ елшісі оған мейірім толы көздерімен қарап, арқасынан қақты. Жасы жетпегендіктен оны әскер қатарына алмады²⁶⁴.

²⁶³ Усдул-ғаба, 2:278; әл-Исәбә, 3:22.

²⁶⁴ Усдул-ғаба, 2:278.

Әскерге алынбағанына Зәйд қапаланып қайғырды. Оның мақсаты – қиын кездері Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қасынан табылып, оған жақын болу. Алайда Зәйд өзінің зеректігін басқа салада көрсетті. Ол – Құран жаттап, ілім үйрену еді.

Зәйд – өте зерек, ақылды және есте сақтау қабілеті күшті алғыр сахабалардың бірі. Он бір жасында-ақ он жеті сүрені жатқа оқи алатын. Оның бұл қасиетіне тәнті болғандар Зәйдті Аллаһ расулының (с.а.с.) қасына апарып: “Уа, Расулаллаһ! Бұл, Зәйд баламыз, он жеті сүрені жатқа біледі. Сүрелерді сізге қалай түскен болса, солайша тура оқиды. Ол өте қабілетті. Оқу-жазуды да біледі. Ол сізге жақын болуды қатты қалайды. Қаласаңыз, сынап көріңіз”, – дейді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Зәйдтің жаттаған сүрелерін тыңдады. Ол Құранды шын мәнінде керемет оқыды. Тоқтайтын жерінде тоқтап, сөздерге ерекше мән беріп мәнерлеп оқуы – оның Құранды жақсы оқуымен қоса, жақсы түсінгендігінің белгісі еді.

Зәйдтің бұл қасиетін байқаған Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған Иврит (көне еврей) мен Сурия (көне Сирия) тілін үйренуді тапсырды. Өйткені, Пайғамбарымыз әртүрлі елдерден осы тілдерде жазылған хаттар алатын. Оларды оқып, реті келгенде жауап беру қажеттігі туындайтын. Пайғамбарымыздың өзі оқу-сызуды білмегендіктен, бұларды басқа адамдарға істетуге мәжбүр болды. Бірақ бөгде біреулердің хаттардың мазмұнын білгенін де қаламайтын. Сондықтан да Зәйд ибн Сәбит іске кірісіп, аз уақытта бұл тілдерді оқып-жаза алатын дәрежеде үйреніп алды. Осыдан кейін ол Пайғамбарымызға келген хаттарды оқып беріп отырды, қажет болғанда оларға жауап та жазатын. Осылайша ол Расулаллаһтың

аудармашысы болды. Сонымен бірге ол өзінің негізгі ісін, уахи жазуды да жалғастырды²⁶⁵.

Хазірет Зәйд – Құранды жинақтауда үлкен қызмет атқарған ғалым сахабалардың бірі. Ол әрі Құранды жазып әрі жатқа білетіндіктен, хазірет Әбу Бәкір Құранды жинау алқасын Зәйд ибн Сәбитке басқартты. Кейіннен хазірет Осман кезінде Құран нұсқаларының көбейтіліп, Ислам орталықтарындағы қалаларға жіберу кезіндегі іс-шараларға жетекшілік жасады. Құранның сақталып, бізге дейін жетуінде оның қосқан үлесі өте зор.

Зәйд ибн Сәбит хазірет Әбу Бәкірдің халифалығы кезінде Құранды жинастырған болса, хазірет Омардың тұсында Құранның оқылуын үйретумен айналысты. Сонымен қатар пәтуа беру ісін де атқарды. Хазірет Омар Зәйд ибн Сәбит пен бірнеше сахабадан басқалардың пәтуа берулеріне тыйым салған²⁶⁶.

Ол Құранды жатқа білумен қатар “мирас (фараид) ілімін” жете меңгерген. Мирасқа байланысты мәселелерді сахабалар арасында одан жақсы білетін ешкім жоқ еді. Бұл жайлы Пайғамбарымыз: “Мирас ілімін (фараид) ең жақсы білетін – Зәйд”, – деген²⁶⁷.

Хазірет Омар яки Осман болсын, Мәдинада болмаған кездерінде халифалық орындарына уәкіл етіп Зәйд ибн Сәбитті қалдырып кететін. Әсіресе, хазірет Осман оны ерекше жақсы көретін. Османның халифалығы кезінде хазірет Зәйд бәйтул – малға (қаржы министрлігі деуге де болады) жауапты болып тағайындалды²⁶⁸.

²⁶⁵ Табақат, 2:358.

²⁶⁶ Табақат. 2:361.

²⁶⁷ Усдул-ғаба, 2:279; әл-Исәбә, 3:23.

²⁶⁸ Усдул-ғаба, 2:279.

Зәйд ибн Сәбит хазірет Осман, Әли мен Муғауияның халифалығының алғашқы бес жылында мүфти қызметін атқарды. Омар секілді бұл халифалар да фикһ мәселелерінде Зәйд ибн Сәбиттің кеңесіне жүгінетін. Фикһтық мәселелерде беделділігі соншалық, атақты жеті фикһ ғалымдарының бірі Сайд ибн Мусәиіб басқалардан естігендерін Зәйд ибн Сәбиттің өз аузынан естімейінше қабылдамайтын.

Бүкіл ғұмырында Исламға қызмет еткен хазірет Зәйд ибн Сәбит хижраның 45-жыл санауында бақиға аттанды. Ол көз жұмғанда күллі мұсылман әлемі қайғырып аза тұтты. Ибн Омар: “Бүгін адамдардың ең білгір ғалымы өлді”, – десе, Ибн Аббас: “Міне, ілімнің көмілуі осылай”, – деген еді²⁶⁹.



²⁶⁹ Табақат, 2:360.

Әбу Мұса әл-Әш'ари

“Раббым! Абдуллаһ ибн Қайстың қателерін кешір. Оны қиямет күні құзырыңа жақсылықпен қабыл ал!”.

(Хадис)

Йемендік Әбу Мұса әл-Әш'аридің негізгі аты – Абдуллаһ ибн Қайс. Алғаш мұсылман болып Эфиопияға көшкендердің бірі. Ол – отбасымен бірге Йеменде жүріп-ақ Пайғамбарымызды (с.а.с.) көрмей тұрып иман еткен сахаба. Аллаһ елшісімен қол алысып серт беру үшін жолға шыққан Әбу Мұса Эфиопияға жетіп, ол жерде Жағфар ибн Әбу Тәліп және басқа мұсылмандармен кездеседі. Мәдинаға жеткен кезінде Хайбар алынып қойған болатын. Пайғамбарымыз Әбу Мұсаға соғысқа қатыспаса да түскен олжадан үлес бөліп береді²⁷⁰.

Ол Меккенің алынуы және Хунәйн шайқасына қатысты. Хунәйн шайқасынан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әутас жазығына жиналған Хауазин тайпасына қарсы Әбу Әмирді жіберді. Бұл шайқаста Әбу Әмир шейіт болғаннан кейін басшылық міндеті Әбу Мұсаға берілді. Әбу Әмирдің шейіт болғаны жайлы хабар жеткенде, Пайғамбарымыз ол үшін дұға жасады. Әбу Мұса да өзі үшін дұға тілеуді өтінгенде, Аллаһ елшісі: “Раббым! Абдуллаһ ибн Қайстың қателерін кешір. Оны қиямет күні құзырыңа жақсылықпен қабыл ет!” – деп Жаратушының оған деген жәрдемін тілейді.

Тәбук шайқасында Пайғамбарымыз (с.а.с.) оны Муаз ибн Жәбәлдің қасына қосып, дінді уағыздау үшін Йеменге аттандырады. Оларға дінді үйрету жолында –

²⁷⁰ Усдул-ғаба, 2:30, 235,245.

біздер үшін де әрдайым естен шығармай ұстану қажет болған мына ұстанымдарды айтты:

“(Дінді үйреткенде) Қиындатпай, оңайлатыңдар. Сүйдіріңдер, жеккөрінішті етіп көрсетпеңдер. Мас қылатын нәрселердің бәрі – харам (арам); ішкілікке тыйым салыңдар!”²⁷¹.

Хазірет Әбу Мұса Йемендегі міндетін ойдағыдай атқарғаннан кейін қоштасу қажылығына қатысты. Артынша Мәдинаға қоныс тепті.

Әбу Мұса әл-Әш‘ари көптеген жорықтарға қатысып, қолбасшылық етті. Куфа мен Басра әкімінің міндеттерін де атқарды. Ол әкім болып тұрған кездің өзінде өте қарапайым тіршілігімен көпшіліктің жүрегін жаулады²⁷².

Оныңілімі, ойлылығы, тақуалығы мен шыншылдығы жұртқа мәлім болатын. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тұсында Зәбид пен Әдәнға әкім болып жіберілді.

Әділеттің үлгісі – Омар халифа болып тұрған кезінде оны Басраға әкім етіп тағайындады.

Халифа Османның кезінде халықтың қалауымен Куфаның әкімі болды.

Хазірет Әли мен Муғауия арасында туған қақтығысты тоқтату үшін Әлидің тарапынан төреші (орбитражный судья) болып шешілді. Алайда қанша тырысқанмен қақтығысты бөгей алмады. Сол оқиғадан кейін саясатты тастады.

Даусы өте әдемі еді. Құранды да керемет мақаммен оқитын. Ол Құран оқығанда адамдар жадыланғандай елтіп тыңдайтын²⁷³. Екі жаһан Сардары (с.а.с.) ол жай-

²⁷¹ Бухари, жиһад, 164; мағазы, 60.

²⁷² *ибн Әсур*, 111, 143.

²⁷³ *Табақат*, 7/1, 80.

лы: “Оған Дәуіттің мәзәмірінің бірі берілгендей”, – деп даусының кереметтігін мақтаған. Түнде мешітте намаз оқығанда мүминдердің аналары (Пайғамбарымыздың жұбайлары) оның Құран оқығанын ұйып тыңдайтын. Хазірет Омар оған жолыққан кезде, “Уа, Әбу Мұса! Раббымызды біздің есімізге түсір!”, – дейтін.

Әлиден (р.а.) Әбу Мұса жайлы сұрағанда, ол: “Ілім мұхитына малынып шыққан адам”, – деп, білімінің тереңдігін ұқтырған. Ол фикһ саласында пәтуа мәселесінде сенімді, беделді сахабалардың бірі еді.

Құранды жақсы білген бақыттылар қатарындағы Әбу Мұса мұсылмандардың арасында ілімнің кең тарауына ерекше мән беретін. Халықты білімге ынталандыру үшін хұтбалар оқитын. Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ең жақын жүргендердің бірі Әбу Мұса одан көп нәрсе үйреніп, басқаларға үйретті. Пәтуа беруге тікелей Пайғамбарымыздың өзі рұқсат еткен үлкен сахабалардың бірі болған²⁷⁴.

Хазірет Әбу Мұса хадисші де еді. Ол 360-қа жуық хадис риуаят еткен. Пайғамбарымыздан (с.а.с.) естіген, көрген нәрсесін түгелдей орындауға тырысатын. Тақуалыққа айрықша мән беріп, ар-ұят, тазалық мәселелеріне де баса назар аударатын. Өмірінің соңына дейін Ислам үмбетінің жамауын жамап, бірлігін қолдап еңбек етті.

* * *

²⁷⁴ Тәзкиратул-хуффаз, 1. 21.

Үбәй ибн Ка'б

“Мумин төрт сипатынан белгілі: Басына түскен қиындыққа сабыр сақтайды. Нығмет берілсе, шүкір етеді. Тура сөйлейді. Үкім кескенде қара қылды қақ жарар әділ болады”.

(Үбәй ибн Ка'б)

Үбәй ибн Ка'б – қасиетті Құран кәрімнің көркем оқылуы жолында көп қызмет атқарған әрі Пайғамбарымызға түскен уахилерді хатқа түсіріп отырған (уахи катибі) шамшырақ сахабалардың бірі. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол жайлы: “Құранды ең жақсы оқитын кісі”²⁷⁵, – деген. Сондықтан да Үбәй ибн Кә'б “Құран оқитындардың мырзасы” және “ансарлардың мырзасы” деген лақаппен де кең танылды. Хазірет Үбәй ибн Кә'б Құран кәрімді сегіз түнде хатым етіп бітіретін. Пайғамбарымыздың тұсында Құранды бастан-аяқ жатқа білген саусақпен санарлық сахабалар санатынан-ды²⁷⁶.

Екінші ақаба сертінен кейін мұсылман болып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қолын қысқан Үбәй ибн Кә'б Мәдинаға хижрет еткен кезде Жәннатпен сүйіншілінген он сахабаның бірі Саид ибн Зәйдпен бауырластырылды. Пайғамбарымыздың көзі тірісіндегі бүкіл шайқастарға қатысты.

Құранды жақсы білгендіктен Пайғамбарымыз Үбәй Кә'бты мұғалім етіп тағайындады. Пайғамбарымыздың мешітінде сахабаларға Құран үйрететін. Әбу Һурәйра

²⁷⁵ Тирмизи, манақыб: 90.

²⁷⁶ Бухари, манакибуль-ансар, 17; Тирмизи, манақыб, 33.

және Абдуллаһ ибн Аббас секілді ғалым сахабалар да одан Құран үйренушілердің арасында еді²⁷⁷.

Зекет жинау әмір етілген кезде Пайғамбарымыз (с.а.с.) Үбәй ибн Ка'бқа Бәну Хузәйм, Бәну Құдама, Бәну Саид, Бәну Узрә тайпаларынан зекет жинау ісін тапсырды. Ол өзіне жүктелген жауапты қызметті адал атқарып шықты.

Үбәй ибн Ка'б Құранды қалай терең білсе, Тәурат пен Інжілді де солай өте жақсы білетін²⁷⁸.

Сахабалардың бәрінен Аллаһ разы болған. Алайда Құрандағы кейбір аяттарда сахабалардың аты ашық аталмаса да, ол аяттар оқылғанда сахабалар оның кім жайлы айтылғанын білетін. Мысалы: “Фәтх” сүресіндегі: *“Мухаммадун Расулуллаһ уәл-ләзина ма'аһу (Мұхаммед Аллаһтың елшісі және онымен бірге болғандар)”* аяты оқылғанда, сахабалар хазірет Әбу Бәкірге қараса, *“Әшиддәу 'алаль-куффар (Кәпірлерге қарсы өте қатал)”* оқылғанда, Омарға, *“Рухама'у бәйнәһум (өз араларында тым мейірімді),”* (“Фәтх”, 29) оқылғанда Османға қарайтын. *“Минәль-муминина рижалун садақуу мә 'ахадуу (Мүминдердің арасында Аллаһқа деген уәделерін орындағандар)”* (“Ахзаб”, 23) аяты оқылғанда, сахабалар Әнәс ибн Нәдірдің шейіт болуын елестететін. Бір ретінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) Үбәй ибн Кә'бті шақырып:

– Аллаһ саған Құран оқуымды («Бәййнә» сүресін) әмір етті, – дегенде, Үбәй ибн Кә'б сенерін де, сенбесінде білмей:

– Аллаһ менің атымды атады ма? – деп таңырқай сауал тастайды.

²⁷⁷ ибн Мажә, тижарат, 8.

²⁷⁸ Сахабилер анциклопедиси, 2: 624.

– Иә, сенің атыңды толық атады, – деді Пайғамбарымыз.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аузынан кез келген адамға айтыла бермейтін қуанышты хабарды естігенде көзінен ыстық жас парлап:

– Уа, Расулаллаһ! Олай болса оқыңыз, – деді²⁷⁹.

Міне, Аллаһтың арнайы атын атаған ең бақытты жандардың бірі осы Үбәй ибн Кә‘б.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) мәңгілік әлемге көшкеннен кейін хазірет Үбәй өмірін Құран үйретуге арнайды. Ол шәкірттеріне Құранды әдемі оқуды, аяттардың мағыналарына терең бойлауды үйретті. Хазірет Әбу Бәкір, Омар және хас сахабалардың көпшілігі одан Құран үйренді. Міне Құранды үйренуге деген айрықша құштарлығынан Үбәй ибн Кә‘б Пайғамбарымыздың сүйіспеншілігі мен сахабалардың құрметіне бөленді.

Омар Фаруқтың халифалығы кезінде талай мәрте қызмет ұсынылса да, ілімді таңдады. Хазірет Омар қоймай өтініш жасағандықтан, кеңес алқасына мүше болуды қабыл етті.

Үбәй ибн Кә‘б қашанда тура сөйлейтін, мінез құлқы мен жүріс-тұрысы үлгі боларлық сахабалардың бірі еді. Бір күні хазірет Омар оның қасында бір аятты жаңылыс оқыды. Әбу Үбәйда оның қатесін бірден тауып:

– Әй, Омар! Мен бұл аятты Аллаһ елшісінен өз құлағыммен естідім. Мен оны естіп жаттаған кезде, сен Бакидегі базарда жүрген болатынсың, – дегенде Омар (р.а.):

– Өте дұрыс айттың. Сенің әрқашан тура сөйлейтіндігіңді білгендіктен әдейі осылай жасадым.

²⁷⁹ *Бухари, тафсири, 98; 1.*

Өйткені, көз алдында туралықты айтпайтын басшы – әділ басшы бола алмайды, – деді.

Үбәй ибн Ка‘б халифа Османның кезінде Құранның оқылуы мәселесінде пайда болған аздаған айырмашылықтарды түзету үшін құрылған он екі адамдық комиссиясының төрағасы болып тағайындалды. Бұл жауапты іске өзі жетекшілік етіп Құран оқыды, Зәйд ибн Сәбит одан естігендерін жазып отырды. Хазірет Үбәй ибн Ка‘б Құранның жинастырылуында теңдессіз қызмет атқарды. Сондықтан оның Ислам тарихындағы орны тіптен айрықша.

Үбәй ибн Ка‘б бос сөз сөйлемейтін. Мән-мағынасыз сұрақтарға жауап беруді жаны сүймейтін. Мәнді сұрақтар қойылса, ынта-шынтасымен жауап қайтаруға жанын салатын.

Дәрежесі қанша жоғары болса да, өмір сүруі өте қарапайым болды. Шәкірттеріне тәлім берген кезде олардан оқшау отырмайтын. Қырағат ілімі (Құранның оқылуына байланысты) бойынша білгір болумен қатар тәпсір саласына да сүбелі үлесін қосты. Ол аяттарға байланысты Пайғамбарымыздан сұралған мәселелерді, аяттардың түсу себептерін жетік білуімен ерекшеленді.

Бүкіл өмірін Құранға қызмет етуге арнаған Үбәй ибн Ка‘б Пайғамбарымыздан (с.а.с.) көптеген хадис те риуаят еткен. Сонымен бірге сөз саптаудың шебері еді. Бұған бір-екі мысал келтірейік:

“Мүмин төрт сипатынан белгілі: Басына түскен қиындыққа сабыр сақтайды. Нығмет берілсе, шүкір етеді. Тура сөйлейді. Үкім кескенде, қара қылды қажар жарар әділ болады”.

“Мүмин мына бес нұрға шомады: (Аллаһтың “нұр үстіне нұр” деуі бұған дәлел.) Оның сөзі – нұр, ілімі – нұр, кірген жері – нұр, шыққан жері – нұр және қиямет күні барар жері – нұр”²⁸⁰.

Құранға, Ислам үмбетіне қызметі сіңген, Пайғамбарымыздың айтқанындай “көктегі жұлдыз” сахабалардың бірі Үбәй ибн Ка’б (р.а.) хижраның отыз бесінші жылында жарық дүниемен бақұлдасты. Жаназасын хазірет Осман (р.а.) шығарды.



²⁸⁰ Муслим, Фадаиль:121; Усдул-ғаба, 1: 49-50; 1: 251-255.

V БӨЛІМ

САХАБА АНАЛАР



Сахаба аналар

Ислам дінінің қанат жайып, кең таралуында ер сахабалар қалай қызмет етсе, жаужүрек ұрпақ тәрбиелеп, Аллаһ пен Расулының (с.а.с.) жолында солардан қалыспай шыбын жанын пида еткен әйел сахабалар да болған. Олардың қатарында Жәннатпен сүйіншіленіп, Құранда аттары аталып, Пайғамбарымыздың ілтипатына ие болған, һижрет еткен, соғыстарға қатысып ерлік көрсеткен, Аллаһ үшін шейіт болуды аңсаған, қолынан келген жақсылықты аямай, қиындықтарға төзе білген жанқияр сахабалар да бар.

Сахаба аналардың ең әуелгілері ретінде Пайғамбарымыздың өмірін әрлеп, кейінгі ұрпаққа тамаша үлгі-өнеге көрсеткен оның пәк жұбайлары келеді. Олар – мүминдердің анасы, уахи көктен құйылып түсіп жатқанда Пайғамбарымызға серік болған, Аллаһтың әмірлерін, әсіресе, жанұяға байланысты ой-шұқырлы мәселелерін бізге жеткізген мүбәрак жандар.

Ислам діні келген кезде алғаш иман келтірген алғашқы адамның әйел екенін де ескерген жөн. Ол бақытты әйел – мүминдердің анасы Хадиша (р.а.).

Тектілік жағынан хазірет Фатимаға тең келері жоқ десек, өз дәуірінде ілімі жағынан кемел, діни қызметтері мен Пайғамбарымыздың үйреткендерін тарату жолында Айша анамыздың (р.а.) өзі бір төбелік танытады.

Хазірет Хадиша

“Аллаһ Хадишадай қайырлы жар сыйлады. Ел мені мойындамай күпірліктің күңсіген қоқсығын ақтарып жүргенде, ол иман келтірді. Жұрт түгел мені өтіріксінгенде, ол растап, қолдады. Ел менен не нәрсесін де аяп итіне жегізгенде, ол дәулетіне ортақ етті. Аллаһ тағала тек содан ғана маған перзенттер нәсіп етті” .
(Хадис)

Хазірет Хадиша – Пайғамбарлар сұлтанының (с.а.с.) пәк, ар-намысы таза, адамгершілігі мол өмірлік жан серіктерінің алғашқысы.

Арабтардағы ең беделді тайпа Құрайыш тайпасы болса, ол сол тайпаның ең текті отбасыларының бірінің перзенті болатын. Әкесінің аты – Хуәйлид, анасының аты – Фатима. Хадиша анамыздың шежіресі әке жағынан Пайғамбарымыздың бабасы Құсайға, шеше жағынан Пайғамбарымыздың аталары Луәйге келіп тірелетін²⁸¹.

Құрайыш қыздарының ішінде көргендігі, көркемдігі, ибалылығы мен дәулеті жөнінен ерекшеленетін Хадиша – жәһилия кезеңінің өзінде «тахира», яғни “пәк, арлы әйел” атағына ие болған абзал тұлға. Алғашында ол Атиқ ибн Азизге тұрмысқа шығып, одан бір қызды болды. Ол қайтыс болған соң Тәммим руынан Әбу Халамен отау құрып, одан бір ұл, бір қыз тапты. Алайда бұл күйеуі де қайтыс болып, жесір қалды. Содан кейін

²⁸¹ А. әл-Нашимии, ән-ниса’ун-Нәби, Бейрут, 1990, 11; М. Асым Көксал, Хазірет Мухаммед ве Исламиет, Истанбул, 1981, 96.

де аты мен заты дара, хаса сұлу Хадишаны талайы айттырды. Бірақ текті Хадиша теңі кездеспегендіктен, олардың ешқайсысын көңілі хош көрмеді.

Дәулетті Хадиша саудамен айналысып, жыл сайын Шамға керуен жөнелтетін. Мұхаммед Мұстафаның (с.а.с.) сенімді, тәрбиелі, ісіне адал жан екенін естіп біліп, оған Шамға баратын сауда керуенін басқаруды ұсынды. Аманатқа қиянат жасамайтын Мұхаммед – Әмин (сенімді) (с.а.с.) бұл ұсынысты қабылдап, Шамға аттанып кетті. Керуен үш ай жол жүріп, соңында Шамға табан тіреді. Меккеден әкелінген заттар сатылып, қажетті тауарлар алынды. Осылайша керуен қайтадан Меккеге аттанды. Бұл жолғы керуен бұрынғыларға карағанда екі есе көп пайда түсірген еді. Осы керуен сапарына хазірет Хадишаның қызметшісі Майсара да қатысты. Майсара жол бойы Мұхаммедтің (с.а.с.) жайдары мінезді, байсалды, шыншыл, еңбекқор әрі тындырымды жан екеніне куә болып, оралған бетте Хадиша анамызға оны аузынан суы құрып мақтап бітіре алмады. Осы әңгімеден кейін Хадишаның жүрегінің төрінен Адамзаттың ардақтысына (с.а.с.) деген сенім мен сүйіспеншілік орын алды. Көп ұзамай текті Хадиша оған тұрмысқа шығу жөніндегі ұсынысын жасады²⁸². Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) Әбу Тәліпке жағдайды баяндады. Әбу Тәліп барып, Хуэйлидқызы Хадишаға құда түсті. Екі жақ келісіп, Хадишаның үйінде той жасалды. Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) пен Хадиша анамыздың некесі қиылды²⁸³. Бұл кезде Пайғамбарымыз (с.а.с.) 25 жаста, Хадиша анамыз (р.а.) 40 жаста болатын.

²⁸² Ибн Исхақ, ас-Сира, 59.

²⁸³ Табақат, 8:9.

Олардың Қасым, Зейнеп, Руқия, Үммүгүлсім, Фатима және Абдуллаһ деген алты перзенті болды. Қасым мен Абдуллаһ кішкентай кезінде Меккеде қайтыс болды. Пайғамбарымыздың хазірет Фатимадан басқа перзенттерінің бәрі өзінен бұрын бақиға аттанды. Пайғамбарымыз дүние салған соң алты ай өткенде Фатима анамыз сүйікті әкесінің қасына кетті.

Бұл отбасы Меккедегі ең бақытты, ең үлгілі шаңырақ еді. Хадиша анамыз жұбайын әрдайым құрметтеп, отбасының пірі санайтын. Материалдық әрі рухани жәрдемін жан жарынан еш аяған емес. Пайғамбарымыз да аяулы жарын “Хадиша Кубра”, ұлы Хадиша деп еркелететін.

Ұлы Хадиша адамзаттың мақтанышы Әлемдердің Сұлтанын (с.а.с.) пайғамбарлықтан бұрын да сыйластығы мен сүйіспеншілігімен бақытты еткенінде, пайғамбарлық кезеңі басталғанда да оны қолдап, ең алғашқы мұсылман атағына ие болды.

Хира үңгірінде алғаш уаһи келе бастаған сәтте Пайғамбарымыз қатты қорқады. Басынан өткен жағдайды баяндап, көңіліндегі қорқынышты сейілтер деген оймен өзін әрқашан қолдаған Хадиша анамызға барады. Адамзаттың асылы (с.а.с.) үйіне барар-бармас, “үстімді жабындар” деуге ғана шамасы келді. Хадиша анамыз Пайғамбарымызды жатқызып, үстін жапты.

Шамалы болса да тынығып алған Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған басынан кешкен жайтты баяндап болған соң: “Уа, Хадиша, көзіме бір сәулелер көрінеді. Қызық дауыстар естимін. Пұттарды және көріпкелдерді жаным сүймейтінін білесің. Алайда маған жындар келе ме деп қорқамын”, – дегенде, парасатты Хадиша: “Олай деме. Қорқып, үрейленерлік ештеңе

жоқ. Уайымдама, Аллаһқа ант етейін, Ол сен сияқты құлын ұятқа қалдыра қоймас. Өйткені, сен әрқашан шындықты айтасың. Аманатқа қиянат жасамайсың. Туған-туыстарыңмен сәлемің түзу, қабағың ашық. Көршілеріңе мейірімдісің. Кембағалдар мен кедейлерге қол ұшын беріп, мүсәпірлерді үйіңнің төріне шығарып, оларды құтты қонақтай күтесің. Халқың қиындыққа душар болғанда жәрдеміңді аямайсың. Уаллаһи, сені бұл үмбеттің пайғамбары болар деп үміттенемін”²⁸⁴, – деп, оны жұбатып, көңіліндегі қорқыныш сезімін басуға тырысты.

Ең жақын сырласы, көңілінің жұбанышы, жан серігін тек жұбатып қана қоймады. Жаратушыдан келген бұйрықтарды халыққа жеткізу міндетін алған Аллаһ расулына бұл қиын жолда: “Сенің пайғамбар екендігіңе сенемін”, – деп қолдау көрсетіп, ең алғаш мұсылман болу құрметіне бөленді²⁸⁵. Мұндай сын сағатта жолдасының шәк келтірместен иман етуі, ол үшін үлкен бақыт болып, жігерін жаныды.

Хазірет Хадиша Ислам шуағын жаю жолындағы Ислам тағдырының пышақ үстіндегі алғашқы жылдарында бар мүлкін Аллаһ расулының жолында жұмсаудан аянбады. Қиын-қыстау күндерде оны шын ниетімен қолдап, көңіліне медеу болған, бар байлығын Ислам жолында жұмсап, мұсылмандарға демеу берген осы асыл жар – Хадиша Кубра еді. Бар байлығын Аллаһ жолына сарп еткен мүминдердің анасы Хадиша Кубра (р. а.) қайтыс болар кезде артында тігерге тұяқ қалмады. Осындай жанкештілігі үшін де ол Аллаһтың сәлеміне, Пайғамбарымыздың мадағына ие болды. Бір күні

²⁸⁴ Муслим, иман:252.

²⁸⁵ Муслим, иман:252.

Жәбірейіл періште келіп, Пайғамбарымызға былай деді: “Аллаһ Хадишаға сәлем жолдайды. Жәннатта інжуден жасалған салтанатты сарайдың сол үшін әзірленгенін айтып, сүйіншіле. Ол жерде күйбең тіршілік жоқ, жан рахаты бар”. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Хадиша анамызға Аллаһтың сәлемін жеткізгенде, ол Аллаһтың сәлемін үлкен қуанышпен қабыл алып, өзінің де сәлемін жолдайды²⁸⁶.

Мүминдердің анасы Хадиша Кубра Пайғамбарымыз Меккеден Мәдинаға көшерден үш жыл бұрын 65 жасында дүние салды. Ол қайтыс болмастан аз ғана уақыт бұрын Пайғамбарымыздың сөзін сөйлеп, мүшріктердің азабынан қорғаштап келген ағасы Әбу Тәліп те көз жұмған еді. Екі бірдей қолдаушысынан айырылған Пайғамбарымызға бұл ауыр соққы болып тиді. Сондықтан да бұл жыл “қаралы жыл” деп аталды.

Қилы заманда өзіне әрі қолдаушы, әрі көмекші, әрі кеңесші болған алғашқы жол серігі Хадиша анамыздың орны Пайғамбарымыз үшін мүлдем бөлек. Хазірет Хадиша анамыз көз жұмса да, Пайғамбарымыздың оған деген махаббаты бір мысқал да кемімеген. Хадиша анамыздың туыстарынан қолдан келген көмегін аямайтын. Оның көрсеткен жанқиярлықтарын Әлемдердің Сұлтаны (с.а.с.) әрқашан аузынан тастамайтын. Адал жары хазірет Хадиша (р.а.) жайлы жиі айтатыны соншалықты, Айша анамыз Аллаһ расулын одан қызғанатын.

Күндердің бір күнінде Пайғамбарымыз Хадиша анамыздың жақсылықтарын тағы есіне алады. Айша анамыз шыдай алмай: “Үнемі Хадишаны айтасыз. Аллаһ тағала сізге одан да жас әрі әдемі әйелдер берді

²⁸⁶ Ибн Хишам, ас-Сира, 1:257.

емес пе?”, – дейді. Тозаңдай жақсылықты ұмытпайтын Пайғамбар (с.а.с.): “Аллаһ Хадишадай қайырлы жар сыйлады. Ел мені мойындамай күпірліктің күңсіген қоқсығын ақтарып жүргенде, ол иман келтірді. Жұрт түгел мені өтіріксінгенде, ол растап, қолдады. Халық менен не нәрсесін болса да аяп итіне жегізгенде, ол дәулетіне ортақ етті. Аллаһ тағала тек ғана содан маған перзенттер нәсіп етті”, – деді. Хадиша анамыз жайлы бұл сөздерді естіген Айша анамыз айтқанына ұялып: “Уа, Расулаллаһ! Сені пайғамбар етіп жіберген Аллаһқа ант етейін, бұдан кейін Хадиша жайлы естеліктерінді айта жүруіңді өтінемін”, – деп Пайғамбарымыздың көңілін аулаған еді²⁸⁷.

Пайғамбарымыз хадисінде: “Христиан әйелдердің ішінде ең қайырлысы – Имранның қызы Мәриям, мұсылман әйелдердің ішінде ең қайырлысы – Хуайлидтің қызы Хадиша” деп мадақтаса, басқа хадисінде: “Осы дүниеде де, ақыретте де құрметке ие болған төрт әйел бар: Имранның қызы Мәриям, перғауынның жары Әсия, Хуайлидтің қызы Хадиша, Мұхаммедтің қызы Фатима”, – деген болатын²⁸⁸.

²⁸⁷ *Муслим, фадаилус-сахаба:74; Усдул-габа, 5:438..*

²⁸⁸ Ибн Исхак, ас-Сира, 228; Хадиша анамыз жайлы кеңірек мәлімет алу үшін Д. Өмірзаққызының «Адамзаттың асыл тәжі» кітабына қараңыз.

Айша Әбу Бәкірқызы

*“Егер өз дәуірінің бүкіл ғалымдары мен
Пайғамбарымыздың басқа жұбайларының ілімдерін бір
жерге топтаса, хазірет Айшаның ілімі асып түсер еді”.*
(Имам Зухри)

Ислам тарихында Аллаһ расулының (с.а.с.) пәк, сүйікті әйелі, “мүминдердің анасы” әрі Әбу Бәкір әс-Сыддықтың қызы Айшаның маңызды орны бар.

Аса ақылды, мінез-құлқы көркем, пәктігін тақуалықпен ұштастыра білген мүминдердің анасы – Айша фикһ, хадис, Құран тәпсирі ілімдерін де жетік меңгерумен ерекшеленді.

Хазірет Айша өмірінде пұттарға табынбаған, асыл текті, Меккенің беделді, ықпалды әрі білгір адамы Әбу Бәкірдің отбасында дүниеге келді. Әкесі қараңғылық дәуірінің өзінде бір құдайға сенген (тәухид) ханиф дінін ұстанса, анасы Үмму Румман Пайғамбарымыздың хақ дініне жүрегімен сенген алғашқы мұсылмандардың бірі еді. Болмысынан ақылына көркі сай, болашақ “мүминдердің анасы” Айша осындай тәрбиелі де иманды отбасында тәрбиеленді.

Хадиша анамыз қайтыс болған “қаралы жылда” Осман ибн Мазғұнның әйелі Хәула Пайғамбарымызға келіп Айшамен некелесуін ұсынды. Пайғамбарымыз оның ұсынысын қабылдап, оны бұл істе өзіне уәкіл етіп тағайындады.

Хәула Айшаның әке-шешесіне бұл қуанышты хабарды жеткізгенде, олар қатты толқиды. Әбу Бәкірдің жан дегенде жақын досы ендігі жерде онымен туысқан

болатын болды. Ол үшін Аллаһ расулымен (с.а.с.) туысқан болу – дүниедегі таптырмас бақыт еді.

Ол кезде хазірет Айша әлі алты жасар кішкентай қыз еді. Сондықтан да үш жылдай олардың некесі қиылмай, Айша анамыз әке-шешесінің қолында болды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға ірге аударғаннан кейін ғана Айша анамызбен некесі қиылды. Ол кезде хазірет – Айша тоғыз жаста. Тарихшылар оның некелескен кезіндегі жасы жайлы әр түрлі пікірлер айтқан. Кейбіреулері сол кезде ол он бір жаста десе, кейбіреулері Айша анамыздың он алтыда болғандығын алға тартады²⁸⁹.

Осы арада мына жайтты да еске сала кеткен жөн. Ол кездері, яғни, мың төрт жүз жыл бұрын арабтардың салттары бойынша, қыз бала тоғыз немесе онға толған кезде ұзатыла беретін. Қыз он немесе он екі жаста ұзатылмаса, отырып қалған болып саналатын. Әрі ыстық жерлерде қыз балалардың ерте бойжететінін де естен шығармау керек.

Пайғамбарымыздың оның тоғызға толғанын күтіп, содан кейін ғана қасына алуы, әке-шешесінің де бұған еш қарсылық көрсетпеуі, сол кездегі үйреншікті жайт екенін көрсетеді.

Әлемдерге рақым етіп жіберілген Пайғамбарымыз жас жұбайы Айшаны (р.а.) ерекше жақсы көретін. Бір ретінде одан: “Әйелдердің ішінде ең жақсы көретінің кім?”, – деп сұрағанда, ол “Айша”, – деген болатын. “Ал ер кісілердің арасында кімді?”, – деп сұрағанда, – “Оның әкесін”, – деп айтқан болатын²⁹⁰.

²⁸⁹ Кескиоглу, Фықыһ тарихи ве Ислам һукуку, Анкара, 1999.

²⁹⁰ Муслим, фадаилус-сахаба, 8; ибн Мажа, Муқаддима, 101.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған сүйіспеншілігін “Хумәйра” деп лақап ат қойып білдірген. Аллаһ елшісі (с.а.с.) хазірет Айша туралы: “Дініңіздің жартысын осы Хумәйрадан үйреніңіздер” деген²⁹¹.

Мүминдердің анасы Айша (р.а.) Мәдина кезеңінде болған шайқастарға қатысып, Пайғамбарымыздың басқа жұбайлары сияқты ол да жарақаттанғандардың жарасын таңып, азық-су тасумен болды. Пайғамбарымыз қайда жүрсе де қасынан қалмады. Ұхұт шайқасында қолына қару алып, жауға қылыш сермеп, ұрыс салмақшы болғанда, Расулаллаһ (с.а.с.) оған рұқсат бермей қояды.

Айша анамыз Пайғамбарымыздың жүрегіндегі басқа әйелдерінен өзінің артықшылығын:

“Расулаллаһтың жұбайларының арасында менен басқа оған қыздай тұрмысқа шыққан ешкім жоқ”;

“Расулаллаһтың әйелдерінің ішінде тек менің қасымда уаһи келді”;

“Менен басқа ешқайсысының әкесі мен шешесі екеуі бірдей нижрет еткен емес”;

“Аллаһ тағала менің пәк екенімді айтып, Құранда аят түсірді”;

“Аллаһ расулы жан тәсілім етерде, оның мүбәрак басы менің кеудемде сүйеулі еді”;

“Ол менің бөлмемде қайтыс болып, сол жерде жерленді”, - деу арқылы білдіріп, Аллаһқа шүкір ететін²⁹².

Пайғамбарымыз өте мейірімді, жанашыр, кішіпейіл болатын. Айша анамыздың айтқанындай, үй тірліктерінде жұбайларына көмектесетін, тіпті

²⁹¹ ан-Нурул-халид, 2:409.

²⁹² Табақат, 8:64.

киімдерін де өзі жамайтын²⁹³. Әлдебір әйел Айша анамыздан Пайғамбарымыздың үйде болған кездегі жағдайы жайлы сұрағанда: “Ол да сендердің күйеулерің сияқты кісі еді, бірақ адамдардың ішіндегі ең жұмсағы әрі мейірімдісі, маңайындағыларға үнемі күлімсіреп қарайтын”, – деген еді²⁹⁴.

Айша анамыз құлшылық пен тақуалыққа айрықша мән беретін. Күндерінің көбісін ораза ұстап өткізетін. Аз нәрсеге қанағат ететін. Қолындағы барын кедей-кепшікке таратып беретін. Тіпті өз үйін сатып мұқтаж адамдарға садақа еткен дейді.

Хазірет Айша жетім балаларды алып, тәрбиелеп өсіріп, ер жеткенде ұлын ұяға, қызын қияға қондыруды өзіне парыз деп санайтын²⁹⁵.

Мүминдердің анасы Айша (р.а.) Аллаһ расулымен (с.а.с.) бірге түнгі тәһәжжуд намаздарын үзбей оқитын. Пайғамбарымыз дүние салғаннан кейін де бұл ғибадатын жалғастырды.

Айша анамыз дін жолында барлық ауыртпалықтарды көтеруге өз еркімен көніп, бұл өткінші дүниенің бақытынан гөрі бакилық өмірдің бақытын артық санады. Аллаһ расулының көрген қиындықтарын бөлісуге шын пейілімен разы болды. Өмірдің ләззаттарынан қағылдым-ау деп қабақ шытқан емес. Өйткені мүминдердің басқа да аналары сияқты хазірет Айшаға Аллаһ расулымен бірге болудан асқан бақыт жоқ еді.

Пайғамбарымыз бақиға аттанғаннан кейін Айша анамызды барша мұсылман қауымы төбелеріне көтере құрметтеп, білмегендерін одан келіп сұрайтын. Оның

²⁹³ Гирмизи, шамаиль, 57.

²⁹⁴ Табақат, 1:36.

²⁹⁵ Шаннауй, 66.

үйі еркек-әйел, жас-кәрінің ілім үйренетін қасиетті орда-сына айналды. Қызының бойындағы бұл ақылдылығын мақтан еткен әкесі Әбу Бәкір хал үстінде жатқан кезде, “О, қызым! Артымды қалдырып бара жатқан ең сүйкімді байлығымсың. Сені жоғалтып алудан асқан қасірет бар ма екен?!” – деп елжіреген көрінеді²⁹⁶.

Әбу Бәкір Сыддық Айшаны (р.а.) өзі тәрбиелеп, өсірді. Жастайынан оқу-жазуды үйренді. Айша өте зерек, әрі білімге деген қабілеті елден ерек, естігенін бірден қағып алып, оңайлықпен ұмытпайтын.

Сүйікті елші Мұхаммедпен (с.а.с.) тоғыз жыл бірге отасқан Айша анамыздың отау құрып, көңіл қосуының ең басты хикметі: Исламды терең үйреніп, кейінгілерге жеткізуінде жатыр. Діни үкімдердің көпшілігін, әсіресе, кез келген адамның біле бермейтін, отбасына қатысты мәселелерді ең жақсы білген де Айша анамыз еді. Жас болуы әрі алғырлығы аз уақыттың ішінде Пайғамбарымыздан талай нәрсе үйренуіне оған көп көмектесті.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін талас тудырған кейбір даулы мәселелерде сахабалар Хазірет Айшаның төрелігіне жүгінетін. Хадис, фикһ және діни мәселелерде мұсылмандардың қойған сұрақтарына дәлелді дұрыс жауап беруімен ерекшеленді.

Ғалым сахабалардың бірі Әбу Мұса әл-Әш’ари оның хадис іліміндегі дәрежесі жайлы: “Біз, пайғамбардың сахабалары бір хадистің сырын ұға алмағанда хазірет Айшадан сұрайтынбыз. Хазірет Айшаның міндетті

²⁹⁶ Табақат, 1:195.

түрде ол хадис жайлы мәліметі бар болатын”, – деп атап көрсеткен²⁹⁷.

Айша анамыз 2210 хадис риуаят ету арқылы ең көп хадис риуаят еткен сахабалардың арасынан ойып тұрып орын алды. Үлкен, білгір сахабалардың өзі Пайғамбарымыздың жеке басына қатысты мәліметтерді одан сұрап, үйренетін. Сахабалармен діни мәселелерде пікір таластырып, келтірген айқын дәлелдерімен оларға өзінің пікірін мойындата білетін²⁹⁸.

Имам Зухри ол жайлы: “Егер өз дәуірінің бүкіл ғалымдары мен Пайғамбарымыздың басқа жұбайларының ілімдерін бір жерге топтаса, бәрінен хазірет Айшаның ілімі асып түсер еді”, – деп ілімінің дәрежесін көрсеткен-ді.

Білгір де дана хазірет Айша хадис және фикһ саласында көптеген шәкірт тәрбиелеп шығарды. Оның ілімінен нәр алып аттары мәшһүр болған Айша бинт Талха, Әмрә ибн Абдуррахман және Хафса бинт Сирия сияқты әйелдер бар.

Хазірет Айшадан табиун ғалымдарының Саид ибн Мусәииб, Әлқәма ибн Қайс және Мәсрук ибн әл-Әждә сияқты хадис алыптары хадис риуаят еткен. Сахих хадис кітаптарында хазірет Айшаның берген пәтуалары өте көп кездеседі. Бұл Айша анамыздың Ислам тарихындағы айрықша тұлға бола білгендігін көрсетеді.

²⁹⁷ Тирмизи, манақыб, 3877.

²⁹⁸ Хазірет Айшаның бұл қасиеттері жайлы кеңірек мәлімет алу үшін қараңыз: Б. әз-Зәркәши, әл-Ижаба ли иради ма‘стадракату ‘Айша ‘алас-сахаба, ауд. Б.Ерул, Хз. Айшенин сахабейе йөнелттиги елештирилер, Анкара, 2002.

Хадис, фиқһ ілімдерін жақсы білумен қатар өлең және әдебиет саласында да мықты майталман еді. Әрі сахабалардың арасында сөзге шешендігімен де ерекшеленді.

Пайғамбардың жұбайы болумен қатар шынайы иман келтіруімен де кейінгі мұсылман әйелдері үлгі аларлықтай мағыналы ғұмыр кешкен Айша (р.а.) халифа Муғауияның тұсында, хижраның елу сегізінші жылының Рамазан айында бақилық өмірге көшті.

Оның өлімі мұсылмандардың қабырғасын қайыстырды. Жаназасына қарақұрым халық көп жиналды. Жаназасын өзі секілді ең көп хадис риуаят еткен хазірет Әбу Һурәйра шығарып, сүйегі өз өсиеті бойынша, Бақи зиратына қойылды.



Фатима – Аллаһ расулының қызы

“Фатима – менің бір бөлішегім. Оны ренжіткен адам мені де ренжіткен болады, оны қуантқан адам мені де қуантқан саналады”.

(Хадис)

Хазірет Фатима – Пайғамбарлар мөрі, Екі Жаһан Сұлтанының (с.а.с.) сүт кенжесі. Пайғамбарымыздың пәк ұрпағын жалғастырған ең сүйікті қызы. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) басқа қыздарынан: Рұқиядан туылған Абдуллаһ кішкентай кезінде қайтыс болған. Үмгүлсүмнен ұрпақ болмаған, Зейнептен туылған Әли сәби кезінде шетінеп, оның екіншісі Умамадан бала болмаған. Аллаһ расулының (с.а.с.) үш қызы да Пайғамбарымыздың өзінен бұрын қайтыс болған.

Ол жер жаһандағы ең бақытты, Ислам дінінің дүниеге алғаш есік ашқан сәтінде Ұлы Елшіге (с.а.с.) иман еткен, өмір бойы жақсылықтарын жыр ғып өткен асыл жары Хадиша Кубрадан Пайғамбарымызға әлі пайғамбарлық міндеті берілместен аз ғана уақыт бұрын дүниеге келген²⁹⁹.

Оның ес біліп, етек жапқан кезі мүшріктердің Аллаһ елшісіне дұшпандықтарының асқынып, қысастық көрсете бастаған кезге сай келді. “Қаралы жылда” Хадиша Кубра дүние салып, Фатима ананың аялы алақанынсыз қалады. Мейірімділік пайғамбары (с.а.с.) оған әрі әке, әрі шеше бола білді.

²⁹⁹ Сира, 1:202.

Өзінің ұрпағын осы қызы жалғастыратынын сезіп білген Пайғамбарымыз оны көзінің қарашығындай көретін. Үйінен ұзап шыққан сайын жалғыз қызын мейірлене сүйетін. Сапардан оралғанда да ең алдымен осы қызының үйіне соқпай кетпейтін³⁰⁰.

Хазірет Фатима да әкесін шексіз сүйді. Әкесін мұңлы көрсе, қайғыға батып, қуанғанын көрсе, жүзіне күлкі үйіріліп шыға келетін.

Пайғамбарымыздың ағасы, қорғап-қолдаушысы Әбу Тәліп қайтыс болғаннан кейін оның бар кезінде батып жасай алмаған зұлымдықтарын мүшріктер барынша істеп бақты. Әсіресе, Аллаһтың сүйікті елшісі (с.а.с.) намазға тұрғанда ойларына келген қорлықты жасады. Маңдайын сәждеге қойған сәтте түйенің ішек-қарнын арқасына қотара салатын. Жүрген жолына тікен төсеп, тас атып, басына топырақ шашатын.

Жағдай жан төзгісіз деңгейге жеткен күндердің бірінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) үсті-басы сауыс-сауыс топырақ болып табалдырықтан аттағанда шешесінен бір айырылып, жалғыз әкесінің жүдеу көңілін екі көріп, хазірет Фатима оның мойнына асылып ботадай боздады. Көздері қанталаған мүшріктер сүйеніші болған әкесіне бір қиянат жасай ма деп қорқып, жаралы жүрегі сыздады. Әлемді қараңғылықтың тоңмойын тар қапасынан құтқаруға жіберілген Ардақты елші (с.а.с.) Аллаһқа деген шексіз сеніммен: “Қорықпа, ботақаным! Аллаһ сенің әкеңді қорғайды”, – деп көңілі жаралы қызын жұбатты³⁰¹.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Меккеден Мәдинаға көшкенде бала-шағасын уақытша тастап кетуге мәжбүр

³⁰⁰ Усдул-ғаба, 5:525.

³⁰¹ Сира, 2:58.

болған еді. Мәдинаға барып орналасқаннан кейін Меккеде қалып қойған қыздары Фатима мен Үммүгүлсүм және жұбайы Сәуда анамызды қасына алдырады. Осылайша “Фатима – менің бір бөлшегім. Оны ренжіткен адам мені де ренжіткен болады, оны қуантқан адам мені де қуантқан саналады”³⁰² деп әспеттеген сүйікті қызымен аман-есен қауышады.

Хазірет Фатиманы сахабалар да жақсы көріп, құрмет көрсететін. Әкесіне аумай тартқан оны “Үмму Әбиһа” (Әкесінің анасы) деп атайтын еді. Бұл жайлы Айша анамыз былай дейді:

“Фатима үйге кіргенде Расулаллаһ орнынан тұрып, қызының маңдайынан сүйіп өз орнына отырғызатын. Пайғамбар оның қасына барған кезде ол да орнынан тұрып, әкесін сүйіп өз орнын беретін. Жүріс-тұрысы, мінез-құлқы жағынан дәл Фатимадай Аллаһ расулынан аумайтын адам көрген емеспін³⁰³.”

Сахабалардың арасындағы хазірет Әбу Бәкір мен Омар сынды ұлы тұлғалар Пайғамбарымызбен (с.а.с.) туыстасу үшін оның сүйікті қызына құда түсті. Пайғамбарымыз оларға: “Қызым Фатима үшін Аллаһтың әмірін күтудемін”, – деп, ұсыныстарын қабыл етпеді.

Фатимада хазірет Әлидің де көңілі бар еді. Алайда Пайғамбарымыздың Әбу Бәкір мен Омар сияқты жан қиыспас достарының ұсыныстарын қабыл етпегенін біліп, Әлидің құда түсуге батылы бармады.

Сөйтсе де Әли (р.а.) тәуекелге бел байлап, көңіліндегі көрікті ойын Пайғамбарымызға (с.а.с.) жеткізбек болды. Алайда жеме-жемге келгенде

³⁰² Тирмизи, манақыб:61; Сахабилер анциклопедиси, 2: 700-701.

³⁰³ Тирмизи, манақыб: 61.

ұялғаннан тілі күрмеліп сөйлей алмай қалады. Оның сыңайын айтқызбай байқаған Пайғамбарымыз: “Сен Фатиманы қалыңдыққа сұрауға келгендейсің ғой”, – дегенде Әлидің “иә” деуге ғана шамасы келді. Пайғамбарымыз одан мәхир³⁰⁴ ретінде не бере алатынын сұрағанда, ол өзінің ештеңесі жоқ екенін айтты. Пайғамбарымыздың Әлиге берген бір сауыты бар болатын. Соны сатып, мәхирін өтеуге келісті³⁰⁵.

Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.с.) қызы Фатиманың некесін өзі қиды. Хазірет Әли мен Фатиманы екі жағына отырғызып, Ұлы Жаратушыға қол жайып:

“Аллаһым! Екеуінің некесін қасиетті ет. Олардан өрбитін ұрпақтарды да мүбәрак ет! Аллаһым, оларды шайтанның азғыруынан сақта”, – деп тілек тілеп, “Ықылас” сүресі мен “Муауиззатәйн” сүрелерін оқыды³⁰⁶.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дұғасының берекетімен бір жылдан кейін хазірет Хасан, одан кейін Хусәйн дүниеге келді. Пайғамбарымыз “Дүниеде иіскеп сүйген қос райханым” деп екі немересін екі тізесіне отырғызып ерекше еркелететін. Пайғамбарымыздың мүбәрак ұрпақтары осы екі немересінен тарады.

Бірде Пайғамбарымыз үстіндегі шапанымен хазірет Әли, Фатима, Хасан мен Хусәйннің үстін жауып тұрып: “Аллаһым, міне мыналар Әһли Бәйтім³⁰⁷ Сен оларды өзіңнің разышылығың болмаған істерден қашық

³⁰⁴ Үйленетін кезде ері тарапынан қалыңдығына міндетті түрде берілуге тиіс белгілі мөлшердегі ақша не алтын.

³⁰⁵ Табақат, 8:20.

³⁰⁶ Табақат, 8:21.

³⁰⁷ Пайғамбарымыз «Әһли бәйт» деп Хазірет Әли мен Фатимадан тараған ұрпақтарын айтқан.

ет”³⁰⁸, – деген болатын. Осы отбасынан кейін Ислам үмбеті үшін үлкен қызмет сіңірген көптеген ғалым, әулие кісілер дүниеге келді. Пайғамбарымыздың әһли бәйтке деген сүйіспеншілігі – тек өз кіндігінен тарауынан емес, олардың Ислам үмбеті үшін қызметтерінің маңыздылығынан туындағандай.

Аллаһ расулы (с.а.с.) ірге тасын өзі қалаған бұл шаңырақпен терең байланыста болды. Өз қолында өскен ақылды да парасатты Әлиді жанындай жақсы көрген Пайғамбарымыз шаңырақтың шайқалмауы үшін қолынан келгенін аямады. Бір күні хазірет Әли мен жұбайы Фатиманың (р.а.) арасында бір келіспеушілік туып қалады. Мұны ести сала Пайғамбарымыз олардың үйіне жеткенше асығады. Көзінің қарашығындай екі сүйіктісінің арасындағы келеңсіз жайтқа мұңайған Пайғамбарымыз неке қиған кездерін естеріне салып, екеуін екі жағына отырғызып татуластырды. Үйден шыққан кезде Пайғамбарымыздың шат жүзін көргендер: “Уа, Расулаллаһ! Үйге кірерде мұңды едіңіз, ал, қазір қуанып тұрсыз. Мұның себебі не екен?”, – дегенде, ол: “Өйткені, ең жақсы көретін екі адамымды татуластырдым”³⁰⁹, – деп қуанышын жарияға жар салады.

Расулаллаһтың (с.а.с.) дүниедегі ең сүйікті екі адамы Пайғамбарымыздың өзі сияқты қарапайым өмір сүрді. Аллаһ елшісі оларды солай тәрбиелеген еді. Пайғамбарымызға қатты ұқсайтын Фатима анамыз әкесі сияқты өз тірлігін өзі істейтін. Алайда шелекпен су тасып, тас диірменмен ұн тарта-тарта екі алақаны

³⁰⁸ *Тирмизи, манақыб:32.*

³⁰⁹ Табақат, 8:26.

мүйізденіп кеткен жұбайының жағдайына Әлидің қабырғасы қайысып, жаны ашитын.

Бір шайқаста мұсылмандардың қолына тұтқындар мен олжа түседі. Олар Мәдинаға жеткізілгенде Аллаһ елшісіне (с.а.с.) әркім келіп өз бұйымтайын білдірді. Хазірет Әлидің кеңесімен Фатима анамыз да әкесіне бұйымтайын айтпақ болады. Пайғамбарымызды үйінен таба алмаған хазірет Фатима оның жұбайларына келгендегі шаруасын айтып кетеді.

Өзі жоқта сүйікті қызының келіп-кеткенін, үйіне көмекші ретінде бір қызметші сұрағанын естіген Пайғамбарымыз сол сәтте хазірет Фатиманікіне тартады. Фатима анамыз төсегінде жатқан еді. Әкесін көріп, орнына тұрмақ болғанда Пайғамбарымыз оны тұрғызбай, қасына отырады. Ол әкесінің тізесінің суықтығын бүйрегімен сезді. Мейірім Пайғамбары (с.а.с.): “Қызым, Суффа сахабаларының қажеттілігін өтеместен саған еш нәрсе бере алмаймын. Бірақ, саған бұл қызметшіден де қайырлы бір нәрсе үйретейін. Ұйқыға жатар кезінде 33 рет Субханаллаһ, 33 рет Әлхәмдулиллаһ, 33 рет Аллаһу Әкбәр деп жатсаң, сенің сұраған нәрсеңнен сол артық”, – деген еді³¹⁰. Хазірет Фатимаға әкесінің разышылығынан артық еш нәрсе де қажет болмағандықтын, ол Пайғамбарымыздың айтқандарын құп алды.

Пайғамбарлар падишасы хазірет Мұхаммед (с.а.с.) бойын сырқат меңдеп жатқанда, жан дегенде жалғыз қызы Фатиманы қасына ымдап шақырып құлағына сыбырлайды. Хазірет Фатиманың басына жай түскендей есеңгіреп, өңі қашып, еңіреп жылап жіберді.

³¹⁰ Бухари, Фадаилул-асхаб, 9 ; Муслим, зикр, 80-81.

Пайғамбарымыз екінші құлағына сыбырлағанда жүзі күлімдеп сала берді.

Бұл жағдайды көріп, таңданған Айша анамыз Фатимадан мұның сырын сұрайды. Ол: “Бұл Аллаһ расулының жеке сыры” деп айтпай қояды. Пайғамбарымыз дүние салған соң Айша анамыз мұның себебін қайтара сұрағанда, “Алдымен әкем өзінің бұл дүниемен жақын арада қош айтысатынын айтты. Сол үшін жыладым. Екіншісінде арғы дүниеде отбасының арасынан өзіне бірінші болып менің қауышатынымды айтты... Қуануымның себебі сол”, – деп жауап берген еді³¹¹.

Әкесі дүние салғанда хазірет Фатима үшін өмірдің мәні қашты. Күндіз-түні көз жасын төгіп, жүрегі қан жылады. Пайғамбарымыздың жоқтығына баржоғы алты ай ғана шыдай алды. Алты айдан кейін Пайғамбарымыздың айтқаны айдай келіп, сүйікті әкесіне туыстарының арасынан ең алғаш қауышқан хазірет Фатима болды³¹².

Хазірет Фатима хижраның он бірінші жылының Рамазан айында ақтық сапарға аттанды. Жаназасын құдай қосқан қосағы хазірет Әлидің өзі шығарды.



³¹¹ Бухари, манақыб; Муслим, Фадаилус-сахаба, 98,99.

³¹² Муснәд, 1, 6.

Үмму Умара

“Аллаһым, Жаннатта бұларды маған қоңсы әрі жолдас ет!”

(Хадис)

Мәдиналық мұсылмандар Пайғамбарымызға (с.а.с.) және иман еткен басқа да мұсылмандарға құшағын айқара ашып, оларды өздерінің бауырына басқанша тағатсызданды. Ислам тарихында «екінші Ақаба серті» деп аталған келісім кезінде Мәдинадан Меккеге Аллаһ расулын өз жерлеріне шақырып, оған көмектесуге серт берген жетпіс бес кісі бар еді. Олардың арасында екі әйел болатын. Солардың бірі – Несібе деп танылған Үмму Умара.

Үмму Умара – Пайғамбарымыздың Мәдинаға мұғалім етіп жіберген парасатты сахабасы Мус’аб ибн Умәйрдің себепкерлігімен мұсылман болған, иманы берік әйел сахаба. Ол Аллаһ пен Расулының (с.а.с.) жолында шыбын жанын пида етуге әзір болатын. Қанқұйлы Ұхұт ұрысында Пайғамбарымызға берген сертінде тұрып, әйел басымен шайқасқа қатысып, теңдессіз ерлік көрсетті.

Жаужүрек Несібе бұл шайқасқа күйеуі, екі баласымен бірге қатысты. Шайқастың басында мұсылмандардың күші басым болғанмен, Аллаһ расулының әмірін ұмытып орындарын тастап кеткен оқ атқыштардың қателіктерінен мұсылмандар ауыр шығынға ұшырады. Осы тұста Аллаһ расулының (с.а.с.) маңындағы сахабалардың біразы шейіт болып, оның айналасында өте аз адамның қалғанын көрген бұл

қаһарман әйел Аллаһ елшісіне бір зиян келмесін деп, өзі қорғауға ұмтылды. Аллаһ елшісін өлтіруге жанталасқан мүшріктерден Аллаһ расулын шамасы жеткенінше қорғауға тырысты. Пайғамбарымыз “Ұхұт күнінде оңыма да, солыма да қарағанымда Үмму Уммараның өліспей-беріспей шайқасып жатқанын көрдім” деп оның ерлігін дәріптеген.

Осы шайқаста баласы жараланды. Ол баласының қолын дереу таңып, оған: “Балапаным, кәне, Аллаһ расулының (с.а.с.) алдында шайқасып, оны дұшпаннан қорға”, – деп өз баласын Аллаһ расулының (с.а.с.) жолында шайқасуға жұмсады. Несібенің өзі де бұл шайқаста қатты жарақат алған еді. Ұрыс кезінде азулы мүшрік Ибн Камия Пайғамбарымыздың жүзін жарақаттап, екі тісін сындырды. Пайғамбарымыздың қан жауып кеткен жүзін көргенде жауыз мүшріктің жанын жаһаннамға жөнелтуге асыққан Умму Умара оған қылышын сермейді. Алайда екі қабат сауыт киіп алған дұшпанына бұл шыбын шаққан құрлы да болмайды. Ибн Камия ұрыста тұрысты білмейтін Несібенің иығын семсерімен сойып түседі. Басқа сахабалар ержүрек әйелге жәрдемге үлгеріп, жанын аман алып қалады. Оның жарақат алғанын көрген Аллаһ расулы Абдуллаһқа: “Анаңның жарақатын таң”, – деді. Шыбын жанын шүберекке түйіп шайқасқан бұл отбасына “Аллаһ сендердің отбасыларыңа мейірім-шапағатын жаудырсын!” деп дұға етті.

Мұны естіген Үмму Умара шабыттана түсіп: “Уа, Расулаллаһ! Аллаһтан Жәннатта бізді өзіңмен көрші етсін деп тілек тіле”, – дейді. Бұл бақытты, жаужүрек әйелдің көңілін қалдырмай, алақанын көкке қаратып, ол : “Аллаһым, бұларды жәннатта маған қоңсы әрі

жолдас ет”, – дейді. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бұл дұғасын естіген Умму Умараның төбесі көкке жетіп: “Бұдан кейін басыма қандай қиындық келсе де көтеріп алуға мен әзірмін” – деп Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген сүйіспеншілігін жеткізді.

Осы кескілескен шайқаста қаһарман Умму Умара он үш жерінен жарақат алды. Иығынан алған жарақаты жыл бойы жанын қинап әрең жазылған еді.

Умму Умара Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тұсында Ұхұт соғысынан басқа Хайбар және Хунәйн ұрыстарына да қатысты.

Хазірет Умму Умара жаужүректігімен қатар жақсы жар, аяулы ана да еді. Ол бары мен базарын Ислам жолында жұмсап, балаларын да солай тәрбиелеп өсірді.

Оның ұлы Хабиб Аммауандан Мәдинаға қайтар жолда өзін пайғамбар деп жариялап жүрген жалғаншы Мусәйләмаға кезігеді. Мусәйлама Хабибтен: “Сен Мұхаммедтің пайғамбар екендігін растайсың ба?”, – дегенде, ол мақұлдап оң жауап қатады. Мусәйлама: “Менің де Аллаһ расулы екеніме куәлік етесің бе?”, – дегенде, Хабиб тіксініп: “Ешқашан да мұны айтпаспын”, – дейді. Өзіне жақпаған бұл жауаптан Мусәйлама оның бір қолын шауып түсіреді. Сұрағын қайталап қойғанда, қаһарман әйелдің ұлы Хабиб “жоқ” деген жауабынан тайынбайды. Мусәйлама оның екінші қолын да шауып түсірді. Қылышын төндіріп қиындық көрсетсе де, иманы берік Хабиб алаяқ Мусәйламаны мойындамады. Ашуға булыққан Мусәйлама Хабибті өлтірді.

Қайғылы хабарды естіген анасы баласының шейіт болғанын сезіп, өзін жұбату арқылы сабыр шақырды. Алайда оны күйзелтіп жанын жегідей жеген бір мәселе бар еді. Ол жалғаншы Мусәйламаның тірі жүруі бола-

тын. Жаужүрек Үмму Умара: “Егер мұсылмандар бұл залымға қарсы қол жинап аттанар болса, қылышымды асынып мен де солармен бірге шығармын”, – деп бұл тілегінің орындалуын, ұлының кегін қайтаруды сабырсыздана күтті.

Ақырында көптен күткен күн де келіп жетті. Халифа Әбу Бәкір бүлікшіл, жалғаншы Мусәйламаға қарсы әскер жасақтады. Бұл әскерге өзінің екінші ұлы Абдуллаһпен бірге Үмму Умара да қосылды.

Йәмәмада қаңқұйлы шайқас болып, Несібе ханым бұл ұрыста да үлкен ерлік көрсетіп, бірнеше жерінен жарақат алды. Ақырында мұсылмандар жеңіп, Мусәйламаның жаны жәһаннамға кетті.

Оның өлгенін естіген Үмму Умара қуаныштан сәждеге жығылып, Аллаһқа шүкіршілік етті.

Мұсылман әскері Мәдинаға жеңіспен оралғаннан кейін Әбу Бәкір қаһарман әйелдің жағдайын сұрау үшін арнайы үйіне барды. Ол халифа болып тұрған кезінде бұл даңқты әйелге әрдайым құрмет көрсетіп өтті.

Аллаһ елшісін жанынан да жақсы көріп, ол үшін шыбын жанын аямаған, Жәннатқа баратындығымен сүйіншіленген Үмму Умараның қашан және қай жерде қайтыс болғандығы жайлы нақты мәлімет жоқ³¹³.

³¹³ А. Халил Жум’а, Ниса’у мубашшарату бил-жанна, Бейрут, 1990, 1: 124; Сахабилер ансиклопедиси, т.2, 831-834.

Сафия Әбдулмутталибқызы

“...Ол мұндай азапқа Аллаһ үшін төзді. Бұдан асқан мәртебе бар ма? Біз Аллаһ жолында бұдан да ауыр азапқа разымыз...”

(Сафия)

Ислам туы биікте желбіреп, мейірім шуағы адамдардың жүректерінде орнығуы үшін барын аямаған сахабалардың арасында ерлігі ерлердікінен кем болмаған даңқты сахаба әйелдер де бар еді. Солардың бірі – есімі алтын ғасыр қаһармандарымен бірге аталған Пайғамбарымыздың (с.а.с.) апайы хазірет Сафия.

Хазірет Сафия (р.а.) жетім қалған кішкентай бауырына анасын жоқтатпауға тырысатын. Аллаһ расулын (с.а.с.) жанындай жақсы көріп, одан қолынан келген жәрдемін аямады.

Арада көп жылдар өтті. Сүйікті бауырына пайғамбарлық келген кезде еш шәк келтірместен, иман келтіріп, алғашқы мұсылмандардың алдыңғы қатарында болды. Бала кезінде Пайғамбарымызды (с.а.с.) мейірімімен шомылдырған хазірет Сафия бауыры өзінің Пайғамбарлығын жариялағаннан кейін оған қолдау көрсетіп, Исламның кең қанат жайып таралуы үшін жанын салды.

Тағдырдың қызық ісіне қараңыз, ол бауыры хазірет Мұхаммедке үлкен көмекші болса, ал, ағасы Әбу Ләһәб оған дұшпандық жасағандардың басы-қасында болды. Әбу Ләһәб Пайғамбарымызға және мұсылмандарға азап көрсетуден шексіз ләззат алатын. Бір күні Әбу Ләһәбтің Пайғамбарымызды жәбірлегенін естіп, төзімі

сарқылған ол ағасы Әбу Жәһилге барып: “Бауырыңның ұлына және ол әкелген дінге көмектеспеу саған жараспайды. Кітап иелерінің (яһуди, христиан) ғалымдары Әбдүлмүттәліптің ұрпақтарынан пайғамбардың шығатынын айтады. Сол пайғамбар – бауырымыз Мұхаммед”, – деп, оның жүгенсіздігін тежемек болды. Алайда ол кезде әйел адамның сөзі тыңдалушы ма еді. Әбу Ләһәбқа асыл сөзін қор қылғанына көзі жеткен хазірет Сафия ағасынан түңіліп қайтады.

Ағасына сөзі өтпей, шамырқанған Сафия ұлы Зүбәйрді Ислам қаһарманы етіп өсіру үшін құйтақандай кезінен темірдей тәртіпке баулып, қиындыққа төзімді етіп тәрбиеледі. Кей-кездері шықпыртып сабап та алатын. Баласына жаны ашығандардың неге мұнша қатал тәрбиелейтінін сұрағанда: “Төзімді болып өсуі үшін осылай істеймін. Өйткені, ол келешекте әскерді басқарады”, – деп жауап беретін. Ол тәрбиесінің жемісін де көрмей қалған жоқ. Ұлы Зүбәйр ердің ері болып өсіп, көзі тірісінде Жәннаттық болып сүйіншіленген он кісінің бірі, Исламның жанкешті қаһарманы болды³¹⁴.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға қоныс аударғанда ол да баласы Зүбәйр ибн Әууәммен бірге Пайғамбарымыздың (с.а.с.) артынан кетті. Осылайша Аллаһ жолында һижрет ету даңқына ие болды.

Ол Ислам тарихында “Кәпірді жер жастандырған алғашқы мұсылман” атанды. Бұған себебші Хәндәк шайқасындағы бір жағдай еді:

Пайғамбарымыз (с.а.с.) егде тартып әрі денсаулығы нашар болғандықтан, Хәндәк шайқасында балалар мен әйелдерді Хасанның қасына тастап шыққан еді.

³¹⁴ Оның өмірі жайлы толығырақ мәлімет алу үшін алдыңғы бөлімдердегі Зүбәйр ибн Әууәм тақырыбына қараңыз.

Қолына қылыш ұстай алатын барлық ерлердің майдан алаңында мұрындарына су жетпей жүргенін пайдаланып, әлдебір яһуди, қорғансыз жандарды өлтіру ниетімен әйелдер мен балалар тығылған үйге баспа-лап жақындайды. Мұны хазірет Сафияя байқап, қария Хассанға айтады. Хассанда дұшпанға қарсы тұралық қауқар жоқ еді. Хазірет Сафияя жауды жайғауды өз қолына алуына тура келді. Оның қолында ағаштан басқа қару да жоқ болатын. Яһудидің артынан жайлап барып қолындағы ағашымен басынан ұрады. Құлаған яһудиді жатқан жерінен тұрғызбай соққының астына алып, әп-сәтте жер құштырды.

Жасы алпысқа таяған қаһарман әйелдің соғыс алаңдарында көрсеткен ерліктері де айрықша. Ұхұт шайқасы кезінде хазірет Сафияя биіктеу бір төбеге шығып, соғыс алаңына көз тігеді. Мүшріктердің сүйікті бауырына қатер төндіруінен қорықты. Осы кезде мұсылмандардың жеңіліске ұшыраған хабарын естіп, бір орнында байыз таппай, қасына бірнеше әйелді ертіп майдан алаңына тартады. Алғаш кездескен жауынгерден Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жағдайын сұрайды. Пайғамбардың тірі екенін естіп қуанады, бірақ бауыры хазірет Хамзаның (р.а.) шейіт болғанын да естиді. Бауыры Хамзаның денесін көзімен көргісі келіп іздеуге кіріседі. Мұны байқаған Пайғамбарымыз (с.а.с.) Зүбәйр ибн Әууәмға: “Анаң айт, кері қайтсын. Бауырының бұл күйдегі денесін көрмесін”, – деді. Хазірет Зүбәйр анасына Пайғамбарымыздың “кері қайтсын” дегенін айтып, тоқтатқысы келді. Ал, хазірет Сафияя (р.а.) денесі не күйде болса да бауырын соңғы рет көргісі келіп: “Мен онсыз да оның тілім-тілім кескіленіп, мылжа-мылжа болғанын естіп келемін. Бауырымның

қандай халде екенін көрмей, кері қайта алмаймын. Ол мұндай азапқа Аллаһ үшін төзді. Бұдан асқан мәртебе бар ма?! Біз Аллаһ жолында бұдан да ауыр азапқа разымыз. Сабыр сақтап, шыдаймын. Сабырымның сауабын тек Аллаһтан күтемін”, – дейді. Анасынан осындай жауап естіген баласы Зүбәйр мұндай сабырлы ананың ұлы болғаны үшін Аллаһқа шүкірлік етті. Пайғамбарымызға (с.а.с.) анасының жауабын сөзбе-сөз жеткізгенде, Пайғамбарымыз: “Олай болса жібер, көрсін”, – деп рұқсатын берді.

Хазірет Сафия бауыры Хамзаның (р.а.) адам танығысыз, жантүршігерлік денесінің қасына келді. Өкпесі суырылып алынған, құлақ-мұрны кесіліп, денесі әбден мылжаланған. Сабырлы Сафия Аллаһтың тағдырына мойынсұнып былай деді, “Аллаһым, біз сенің құлдарыңбыз. Сенен келдік, саған қайта ораламыз. Бауырымның күнәлары болса, кешіре гөр!”.

Пайғамбарымыз әпкесінің сабырлығына разы болып, періштелердің Хамзаны “Аллаһтың және Расулының арыстаны” деп жазғанын хабарлайды.

Пайғамбарымызды өз баласындай жақсы көрген хазірет Сафия (р.а.) Ғаламның рақым нұры (с.а.с.) бақилық болғаннан кейін он жылдай өмір сүріп, екінші халифа Омардың тұсында қайтыс болды. Ол бақи мазарына жерленді³¹⁵.

* * *

³¹⁵ А. Шаннауи, *ниса'ус-сахаба, ауд. Т. Узун, Сахабе хаятындан таблолар, Анкара, 1991, 3:244-251; Сахабилер ансиклопедиси, 2: 792-795.*

Сүмәйра Қайсқызы

“Әке-шешем жолыңда құрбан болсын, уа, Расулаллаһ!

Сен тірі болшы, басқа қиыншылықтар түк емес”.

(Сүмәйра бинт Қайс)

Қанды Ұхұт шайқасында мұсылмандар жеңіліске ұшырады және Расулаллаһ шейіт болды деген хабарды ести сала, екі өкпесін қолына алып, соғыс алаңына барған қаһарман әйелдердің бірі – хазірет Сүмәйра.

Ұхұт шайқасына қатысып қаһармандық танытқан асыл ерлердің қатарында Сүмәйраның күйеуі, бауыры және баласы бар еді. Ұхұт шайқасында бұл үшеуі де шейіт болып, денелерінен сау-тамтық қалмайды. Соғыс алаңына келген Сүмәйраға сахабалар көңіл айтып, сабыр тіледі. Алайда ол: “Аллаһ расулы қандай күйде?”, - деп сұраумен болды. Сахабалар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тірі екенін айтса да, өз көзімен көрмейінше көңілі көншімеді. Жанындағылардан Аллаһ расулының қайда екенін сұрап алып, бөгелместен сол жаққа қарай бет алды. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тірі екендігін өз көзімен көріп қуанғаннан Сүмәйраның жанарынан жас ыршып кетеді: “Әке-шешем жолыңда құрбан болсын, уа, Расулаллаһ! Сен тірі болшы, басқа қиыншылықтар түк емес”, – деді³¹⁶.

Күйеуі мен баласы екеуінен бірдей айырылып қалу өзіне ауыр тисе де, олардың Жәннатқа баратынына сенген Сүмәйра көңіліне жұбаныш таба алды. Ал, Аллаһ расулының (с.а.с.) қазасын сахабалардың көбісі көтере

³¹⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая, 4/54; Сахабилер ансиклопедиси, 2: 796-798.

алмайтын еді. Аллаһ расулынан айырылу олар үшін Аллаһтан келген нұрдың сөнуімен бірдей қасірет еді. Сахабалар үшін Аллаһ расулының тірі болуы дүниедегі бар нәрседен қымбат, олар Аллаһ расулын өз жандарынан да артық жақсы көретін. Сахабалардың мәртебесін көтерген де осы Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген шексіз сүйіспеншілік болатын. Аллаһ расулының барлық сахабаға, барша мұсылмандарға, күллі адамзатқа жүрегінен жеке-жеке орын табылуының өзі Оның (с.а.с.) Аллаһтың Елшісі екендігіне анық дәлел. Он төрт ғасыр өтсе де арғы-бергі тарихтағы ұлы тұлғалардың арасында аты аталатын жалғыз хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) даңқы қияметке дейін сөнбейтіндігіне күллі ғалам куәлік ете алады.



Сүмәйя Хуббатқызы

*“Ясир отбасы, сабыр сақтаңдар. Аллаһ сіздерді
Жұмаққа кіргізеді”.*

(Хадис)

Сүмәйя – Аммар ибн Ясирдің анасы. Әбу Хузәйфа ибн Муғираның азат еткен күні болатын. Ясир бауырын іздеп табу үшін Йеменнен Меккеге келіп орналасқан Әбу Хузәйфаның одақтасы болатын. Әбу Хузәйфа оны күңі Сүмәйяға үйлендірді. Сүмәйя Аммарды туғаннан кейін оны қожайыны азат етті. Содан кейін олардың Абдуллаһ атты ұлдары да болды. Бұл отбасы – Исламды бар мүшесі түгел қабылдаған ең алғашқы бақытты шаңырақ.

Хазірет Сүмәйя – Исламды алғаш қабылдаған жеті кісінің бірі.

Алғашқы кездері Пайғамбарымызды ағасы Әбу Тәліп қорғаса, Әбу Бәкірді өзінің руластары Тәйімұлдары қорғады. Басқа қолдаушысы болмаған мұсылмандарды өз руының басшылары (мүшріктер) дінінен бас тартқызу үшін ұрып-соғып, ас-сусыз қалдырып неше түрлі азаптарды көрсетуге тырысты³¹⁷. Жаздың ми қайнатар ыстығында үстеріне темір сауыт кигізіп азаптайтын. Бұларды бастап мейірімнен мақұрым Әбу Жәһил жүрді. Ол мүшріктерді жаңадан мұсылман болғандарға ұрып-соқ деп айдап салып, оларды азаптаудан ләззат алатын. Беделді, даңқты адамның мұсылман болғанын естігенде “бұдан кейін сенің пікірің тыңдалып, құрмет

³¹⁷ Зәһәби, сәйру ә’ләмин-нубала’и, 1:408-409.

көрсетілмейді” деп қоқан-лоққымен үркітсе, әлдебір саудагер иман келтірсе “сенің сауданды зиянға ұшыратып, мал-мүлкіңді құртамыз” деп қорқытатын. Егер қолдаушысы жоқ әлсіз бір адам мұсылмандықты қабылдай қалса, оның басына әңгіртаяқ ойнататын.

Ясир отбасын дінінен бас тартқызу үшін мүшріктер оларға көрсетпегенді көрсетті. Алайда олар бар қиындыққа төзіп, жүрегінің төрінен нық шегедей орын алған имандарын сатып кетпеді.

Күндердің бір күнінде Ясир отбасын мүшріктердің азаптап жатқанын көрген Аллаһ расулы жаны күйзеліп, оларға: “Ясир отбасы, сабыр сақтандар. Аллаһ сіздерді жәннатқа қояды”, – деп жігер беріп, Аллаһқа дұға жасады.

Дінінен бас тартпаған Ясирді мүшріктер азаптап өлтірді. Ясир – Ислам тарихында иман жолында шейіт болған алғашқы кісі.

Хазірет Сүмәйя кәрі әрі әлсіз болғанына қарамастан мүшріктердің көрсеткен ең ауыр азаптарына төзе білді. Олар қинаған сайын жүрегіндегі иман оты қоздай түсті. Сүмәйяны қинауды Әбу Жәһил өз мойнына алады:

– Аталарыңның тәңірлерін тастап, Мұхаммедтің тәңіріне бас июге қалайша дәтің барады? – деп док көрсетті. Иманынан күш алған Сүмәйя зұлымдықтан көзі қарайған Әбу Жәһилге:

– Мені тура жолға салған Аллаһтан бас тартпаймын, – деді. Құдіреті күшті Аллаһтың бір екендігін ақылына сыйдыра алмаған азулы мүшрік:

– Олай болса маған сол тәңіріңді көрсетші, кәнеки, – деп оны мазақтайды. Қараңғылық дәуірінің ақылға сыймас әдеттері мен сенімдерінен жиіркеніп, Ислам нұрынан қуат алған Сүмәйя, мына аятты оқыды:

“Көздер Оны көре алмайды. Алайда ол барлық көздерді көреді. Ол – Латиф және Хабир” (“Әнғәм”, 103).

– Латтың атымен ант етейін. Мұхаммед сені сиқырлап тастаған, – деді Әбу Жәһил.

– Керісінше, ол мені нұрға бөледі, – деді қасқайып. Ашу-ызаға қылғынып өлердей булыққан Әбу Жәһил басқа не айтарын білмей:

– Сен салдақы Мұхаммедтің ажарына ғашық болғандықтан оған иман келтірдің, – деп сандырақтады.

Әбу Жәһилдің көр қараңғылығына, қаныпезерлігіне шыдай алмаған хазірет Сүмәйя зәредей қаймықпай, оның айыптарын бетіне басады. Күні кеше ғана өзінің басыбайлы күңі болған бұл әйелден қайсар жауап күтпеген қанішер Әбу Жәһил иманы берік Сүмәйяны найзасымен шаншып өлтіреді. Осылайша иманынан жаңылмаған Сүмәйя – Ислам үшін шейіт болған алғашқы әйел³¹⁸.

Иманның уыз нәрін татқан адамға Аллаһ жолында жанын пидә ете білуден асқан бақыт жоқ.



³¹⁸ Табақат, 3:346; Сахабе хаятындан таблолар, т.3, 372-374; ниса’у мубашшарату бил-жаннати, 1:212.

Үмму Айман

*“Расулаллаһ жылап тұрғанда, мен қалайша
жыламайын?!”*

(Үмму Айман)

Адамзаттың ардақтысы (с.а.с.) Аллаһтың хикметті жазмышы бойынша, туылмастан бұрын әкесінен айырылса, алты жасында анасынан айырылып жетім қалды. Пайғамбарымыздың анасын жоқтатпауға тырысқан бірнеше әйелдің бірі – Үмму Айман. Ол Пайғамбарымыздың анасының қызметшісі болатын. Әмина босанбастан бұрын да, кейін де оның нұр жүзді нәрестесін күтісетін.

Әмина анамыздың Пайғамбарымызбен соңғы сапарында олармен қызметші Үмму Айман да бірге болды.

Әке-шешесіз қалған Аллаһтың сүйікті елшісі (с.а.с.) Үмму Айманның қарауында өсті. Оның мейірімінен қуат алып өскен Пайғамбарымыз (с.а.с.): “Үмму Айман – анамнан кейінгі анам”, – дейтін.

Пайғамбарымыз туған анасындай Үмму Айманның жақсылықтарын бір сәт ұмытпады. Хадиша анамызбен отау құрғаннан кейін де оған үнемі қол ұшын беріп тұратын. Кейіннен Пайғамбарымыз (с.а.с.) оның бақытты шаңырақ көтеруіне себепкер болды. Екінші анасын Зәйд ибн Харисаға үйлендірді. Олар бақытты ғұмыр кешті. Алайда Хунәйн соғысында Зәйд шейіт болды. Күйеуінің шейіт болғанын естігенде Үмму Айман мүмин адамға жарасарлық сабыр көрсетті. Бетін тырнап жыламай, Аллаһтың жазмышына мойынсұнған-ды.

Үмму Айман – хазірет Мұхаммедке (с.а.с.) пайғамбарлық келген кезде алғаш оған иман келтіріп ергендердің, Аллаһ жолында қиындықтарға көнуге разы болып, басына өлім қаупі төніп тұрса да, иманынан жаңылмаған алғашқы сахабалардың бірі.

Ол Аллаһ үшін Эфиопияға, одан кейін Мәдинаға хижрет етіп, екі хижрет сауабын алды³¹⁹.

Хазірет Үмму Айман Ислам шуағы шартарапқа шұғыла шашуы жолында жанын беруге әрдайым дайын тұратын жанқияр сахабалардан. Ұхұт шайқасында мұсылман әскерлерге көмек көрсетті. Жаралылардың жарақаттарын таңып, ауыз суларын тасып беріп тұрды³²⁰.

Басқа сахабалар сияқты Үмму Айман да Аллаһ расулы (с.а.с.) үшін құрбандыққа барар сахаба еді. Ол Пайғамбарымыз қуанса қуанып, мұңайса бірге мұңаятын. Күндердің бір күнінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) сырқаттанып жылаған кішкентай баланы құшағына алып, Мейірім пайғамбары көз жасын төкті. Оның жылағанын көріп қалған Үмму Айман да қосылып жылайды. Пайғамбарымыз одан: “Аллаһтың Расулы қасында емес пе, неге жылайсың?”, – деп сұрағанда, ол: “Расулаллаһ жылап тұрғанда, мен қалайша жыламайын?!” – деп, оған деген сүйіспеншілігін көрсетті³²¹.

Ардақты елші (с.а.с.) Үмму Айманды (р.а.) жалғыз тастамады. Күндердің бір күнінде сахабаларына: “Жәннаттық әйелге үйленгісі келген адам Үмму Айманға үйленсін”, – деді. Осылайша оның жәннаттық екенінен алдын ала хабар берген еді.

³¹⁹ Усдул-ғаба, 5:408.

³²⁰ Табақат, 8:224.

³²¹ Табақат, 8:225.

Аллаһ елшісінің бұл ұсынысын Зәйд ибн Хариса құп алады. Ол тұста Зәйд қылшылдап тұрған жас жігіт еді. Өзінен жасы әлдеқайда үлкен әйелмен үйленуді Аллаһ расулын разы ету үшін қабыл етті. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) разышылығын алу дүниелік ләззаттардың бәрінен ол үшін қымбат еді. Бұл қасиетті некеден ұлы сахабалардың бірі, Ислам әскерінің қолбасшысы Усама дүниеге келді³²².

Үмму Айманды Пайғамбарымыз ерекше ыстық ықыласпен жақсы көріп, анасындай құрмет көрсетіп, әрқашан жағдайын сұрап тұратын.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін хазірет Омар Әбу Бәкір Сыддыққа: “Аллаһ расулы тірі кезінде Үмму Айманның жағдайын үнемі сұрап тұратын. Біз де оның жағдайын сұрап қайтайық”, – деп екеуі оның үйіне барады. Аллаһ расулының (с.а.с.) достарын көрген Үмму Айман еріксіз лықсып келген көз жасына ие бола алмайды. Одан: “Неге жылайсың? Расулаллаһтың Аллаһтан алатын сауабының қайырлы екенін білмеймісің?”, – деп сұрағанда, ол: “Әрине, білемін. Әлбетте, Расулаллаһ үшін Аллаһтың беретіні қайырлы. Бірақ мен уахидің тоқтағанына жылаймын”, – дейді. Бұл сөз Пайғамбарымыздың жан серіктеріне де қатты әсер етіп, олар да қосылып егіле жылады³²³.

Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін Әбу Бәкір, Омар және басқа сахабалар да ерекше құрмет көрсеткен хазірет Үмму Айман (р.а.) Осман ибн Аффанның халифалығы тұсында бақиға аттанды.

³²² *Бабанзаде А. Наим, Сахих-ы Бухари мухтасары тәжриди сарих тержумеси, Анкара, 1982, 4:381.*

³²³ Муслим, фадаилус-сахаба, 103, (2453).

Түйін

Кітапта сахабалардың Ислам тарихындағы орны мен үлгі-өнегелі ғұмырларын олардың өмір сүру ғұрыптарынан деректер келтіре отырып көрсетуге тырыстық.

Сахабалар Құранның құнды дәстүрлерін Аллаһтың Елшісі хазірет Мұхаммедтен (с.а.с.) үйреніп, жүзеге асырды. Олардың ең маңызды істерінің бірі – Құранды түскен күйінше өзгеріссіз сақтап, кейінгілерге жеткізулері. Аллаһтың құдіреті, Пайғамбарымыздың жігері және сахабалардың берілгендіктерінің арқасында Құран басқа қасиетті кітаптар сияқты өзгеріске ұшыраудан аман қалып, біздің заманымызға жетті.

Бұл құтты тұлғалар Аллаһқа толық сеніп, сенімдерін іс жүзінде көрсете алды. Олар Ұлы Жаратушы Аллаһтан басқа тәңірдің жоқ екендігіне, дүниедегі және ақыреттегі биліктің, салтанаттың тек қана Аллаһтың билігінде, Оның бар нәрсеге құдіреті жететіндігіне кіршіксіз сеніп, иман жолында еш нәрседен тайсалмады. Шынайы бақытқа жету жолының Аллаһқа иманда екендігін әлемге паш етті. Бұл жолда малын да, жанын да аямады. Олардың имандарының беріктігі жайлы Құранда: ***“Оларға адамдар: “дұшпандарыңыз сендерге қарсы қол жинады, қорқыңдар”, – дегенде, бұл сөз олардың иманын арттыра түсті де “Аллаһ бізге жетіп асады. Ол нендей жақсы көмек иесі” деді”***³²⁴, – делінген.

³²⁴ Әли Иман, 173

Сахабалар иманның негіздеріне кәміл сенді. Хазірет Әлидің “Құдіреттің күшімен ғайыптың пердесі ашылып, ақиқаттарды жалаң көзіммен көрсем де иманым артпайды. Өйткені, қалай иман ету керек болса, мен солай сендім” деген сөздері айқын дәлел.

Олардың ақыретке деген сенімдерінің мықтылығы сондай, бұл дүниенің шындығынан гөрі ақыреттің ақиқаттығын мойындап, біз бұл дүниеде өмір сүруге қалай құлшынсақ, олар бақиға аттануға құштар болды. Сахабалар бұл дүниені жүректерінде тәрк етсе де, тіршілікте тәрк етпеді. Қайта бұл дүниеге бақидағы бақытқа жетудің баспалдағы ретінде қараған. Ешқашан дүниеге құлдық ұрмады. Бақытты өткінші ләззаттардан іздемеді.

Осынау иман қаһармандары Ислам жолына шақырылған кезде, ***“Ей, Раббымыз! “Раббыларыңа иман келтіріңдер” деп шақырған шақырушыны (хазірет Мұхаммед немесе Құран) естіген кезде бірден иман еттік”***³²⁵, – деп жауап берген сахабалар Аллаһ расулын (с.а.с.) жандарынан артық жақсы көрді. Оған өмірлерінің соңына дейін мойынсұнып, қасық қаны қалғанша қорғауға сөз беріп, сөздерінде тұрды. Олар әрқашанда: “Әке-шешем, дүние-мүлкім, бала-шағам және жаным жолыңда құрбан болсын, уа, Расулаллаһ” – деп кетті. Шынайы бақытқа қол жеткізудің оңай емес екендігін білген сахабалар, кейбір қиындықтардан өту керектігін де о бастан қабылдап, бастарына түскен ауыртпалықтарға мойымай, Аллаһ расулының (с.а.с.) қасиетті дінді өрістету жолында бары мен базарын құрбан етті.

³²⁵ Әли Имран, 193.

Пайғамбарымызға деген сүйіспеншіліктерінде шек жоқ еді. Бәдір шайқасының алдында Пайғамбарымыздың сахабаларымен жасаған кеңес мәжілісінде Сағд ибн Муаздың мына сөздерінен оны айқын аңғаруға болады. Ол: “О, Аллаһ елшісі! Біз саған иман келтіріп, айтқанына сендік. Бізге жеткізгендеріңнің ақиқат екендігіне куәлік еттік. Сені тыңдап, Өзіңе бағынамыз деп ант іштік. О, Расулаллаһ, қалай қаласаң, солай жаса. Сені ақиқатпен жіберген Аллаһқа ант етейін, бізге теңізді көрсетіп оған түссең, ешқайсымыз тартынбастан тегіс сенімен бірге сүңгіміз”, – деген болатын.

Хазірет Әлиден: “Сіздер Аллаһтың Елшісін қалай жақсы көретін едіңіздер?”, – деп сұрағанда, ол: “Аллаһ расулын біз бар дүние-мүлкімізден, бала-шағамыздан, әке-шешемізден де артық жақсы көретінбіз. Оны ми далада бір жұтым суға жетуді аңсағаннан да артық аңсайтынбыз,” – дейді.

Аллаһ расулы (с.а.с.) Меккені азат етуді көздеп қалаға жақындаған тұста, ол кезде әлі мұсылман болмаған Әбу Суфиян сахабалардың Пайғамбарымызға деген құрметтері мен сүйіспеншіліктерін көріп, қасындағы хазірет Аббасқа “Әй, Фазылдың әкесі! Мен бұл күнге дейін не Кисраның сарайында, не Гректердің басшыларында сенің бауырыңның баласындағыдай салтанатты көре алмадым”, – деп таңғалады. Аббас: “Бұл – салтанат емес, пайғамбарлық. Оның мұншама жақсы көрулерінің себебі де осында. Сен де иман келтір”, – деді.

Сәлден кейін мұсылмандар жамағатпен намазға тұрды. Сахабалардың Пайғамбарымызға (с.а.с.) құрметі, мойынсұнушылығы мен сүйіспеншілігіне айран-асыр аңтарылған Әбу Суфиян шыдай алмай Аббастан: “Әй,

Аббас! Мұхаммед сахабаларына бір нәрсені бұйырса, олар әмірін екі етпей сол мезет орындай ма?”, – деп сұрағанда: “Иә, уаллаһи, егер Аллах расулы ішіп-жеуді доғаруды әмір етсе, олар мұны да орындайды”, – деген еді. Аллаһтың жол көрсетуші етіп жіберген Екі жаһан Сұлтанын (с.а.с.) сахабалар осылайша жақсы көріп, айтқандарын екі етпегендіктен де, Аллаһ оларды ұлылыққа, жетістікке жеткізді. Шын мәнінде ұлы тұлға Мұхаммед (с.а.с.) Аллаһтың қолдауымен, жүректердің сүйіктісі, ақылдардың жетекшісі, нәпсілердің тәрбиешісі және көңілдердің Сұлтаны болды.

Олар ең жоғарғы мақсатқа жету жолында жеке құлшылықтарына айрықша мән бергені сияқты, халыққа Ислам ақиқаттарын жеткізу жолындағы міндеттерін де ең жоғарғы дәрежеде орындады. Күллі адамзатқа Ислам нұры мен қуатын таныту жолында жандарын салды. Жүз мыңға жуық сахаба болған болса олардың он мыңға жуығы ғана Хижаз аймағында, қалған тоқсан пайызы Аллаһтың дінін жаю үшін барған жерлерінде қайтыс болып, сол жерлерде жерленген.

Сахабалар Пайғамбарымыздан (с.а.с.) тәлім алғаннан кейін бойларындағы асыл қабілеттерін кемелдендіріп, Ислам жолында жұмсады. Олар құлшылықта терең, бір-біріне деген бауырмашылықтың тамаша үлгісін паш етіп, өзгелерге мейірімділік көрсетіп, жанашырлық танытты. Олардың бойындағы жақсы қасиеттерді көріп, шынайылықтарына көзі жеткен басқа көптеген адамдар да иман етіп, Исламды өз еріктерімен қабылдаған еді.

Құран мен Аллаһ расулының тәрбиесінде өскен сахабалардың діни өмірлері, ойлау өрісі, тамаша мінез-құлықтары, құлдықтың сырларын бойларында

сезінулері, Аллаһты тану тұрғысынан алғанда оларға тең келетін ешбір жамағат жоқ. Олар кемел адам (инсану камил) болу жолын ашқан адамдар еді. Сенімдерінің арқасында олар ғаламат жетістіктерге жету арқылы кейінгілерге үлгі болды.

Сахабаларды Аллаһ тағаланың өзі Құранда: “шынайы мұмин”, “Аллаһтың разылығына ие болғандар”, “құлшылыққа берілгендер”, “турашыл/шынайы”, “ақыретте (азаптан) құтылғандар”, “оларға кешірім, сый және Жәннат берілетіндіктері”³²⁶ айтылған бақыттылар деп мадақтау арқылы дәрежелерінің қаншалықты жоғары екенін көрсетеді.

Міне, осылардың барлығы Құранның нұр әрі тура жолға бастаушы иләһи кітап, хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) Ұлы Жаратушының Ардақты елшісі екендігін айқын көрсетеді.

Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнып, Расулының нұрлы жолымен, жұлдыздар шоғырындай сахабалардың сара жолымен жүргенде ғана адамзат қараңғы қапастан анық құтылады. Әрі ақыретте де мәңгі бақытқа қол жеткізеді. Ислам қарлығаштары – сахабалардың нұрлы өмірлері бұған дәлел. Аллаһ бізге де сахабалар сияқты ақиқатқа жетуді жазсын! Әмин!

³²⁶ *Е. Чапан, Кур‘ан-ы Кәримде сахабе, Измир, 2002, 411-б.*

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Ажлуни Исмаил ибн Мухаммәд. *Каифул-хафа*, Бейрут, 1351.
2. Атасой И., Паксу М., *Сахабилер ансиклопедиси*, Иени Асия, Истанбул, 1993.
3. Әбу Даууд Суләйман әс-Сижистани. *әс-Сунән*, Мысыр т.ж.
4. Әсәд М. *Ислам тарихы*, ауд: А.Л.Казанжы-О.Казанжы, Истанбул, 1983.
5. Бабанзаде А. Наим, *Сахих-ы Бухари мухтасары тәжриди сарих тержумеси*, Анкара, 1982.
6. әл-Бәша Абдуррахман Рафет, *Сахаба хаятындан таблолар*, ауд. Т. Узун, Анкара, 1991.
7. Бухари Әбу Әбдиллаһ Мухаммәд ибн Исмаил. *ас-Сахих*, Бейрут т.ж.
8. Жевдет Паша А., *Қысасуль әнбия ве таварихуль-хулафа*, «Бәдир» баспасы Истанбул, 1981.
9. Жум'а А. Халил. *Ниса'у мубашиарату бил-жанна*, Бейрут, 1990.
10. Ибн Манзур, *Лисануль-араб*, Каир, т.ж.
11. Ибн Хажар әл-Әсқалани, *әл-Исәбә фи темиизис-сахаба*, Мысыр, 1928.
12. әз-Зәркәши Бәдруддин Мухаммәд ибн Абиллаһ, *әл-Ижаба ли иради ма'стадракатһу 'Айша 'алас-сахаба*, ауд. 13. Б.Ерул, *Хз. Айшенин сахабейе йөнелттиги елештирилер*, Анкара, 2002.
14. әз-Зәһәби Әбу Абдиллаһ Шәмсуддин. *Тәзкиратуль-хуффаз*; Хайдарабад, 1956.
15. әз-Зәһәби. *Сәйру ә'ләмин-нубала'и*, Бейрут, 1992.
16. Ибн Асакир *Канзуль-уммаль*,

17. Ибн Әсир Мухаммәд ибн Мухаммәд. *әл-Кәмил фит-тарих*, ауд. М. Бешир, , Истанбул, 1985.
18. Ибн Әсир. *Усдул- габа фи ма 'рифатис-сахаба*, Мысыр, 1328.
19. Ибн Кәсир Имадуддин Әбул-Фида. *әл-Бидая уән-нихая*, Бейрут, 1978.
20. Ибн Мажә Әбу Абдиллаһ Мухаммәд ибн Иазид. *әс-Сунән*, Бейрут, Ихяут-турасил араби.
21. Ибн Хишам Жамалуддин, *әс-Сиратун-нәбәуиия*, Бейрут
22. Ибн Сағд. *Табақатул-кубра*, Бейрут, 1978.
23. Иылдыз В. *Хидаиет иылдызлары*, Измир, 2002.
24. Қандыхләуи М. Юсуф. *Хаятус-сахаба*, Бейрут, 1972.
25. Қандыхләуи М., *Хадислерле хазрети пейгамбер ве асхабынын яшадыгы муслуманлык*, Истанбул, 1980.
26. Кескиоглу О. *Фықыһ тарихи ве Ислам һукуку*, Анкара, 1999.
27. әл-Һашимии А. *ән-Ниса 'ун-Нәби*, Бейрут, 1990.
28. Көксал М. Асым. *Мухуммед ве Исламиет*, Истанбул, 1981.
29. Куружан А., *Женнетле мужделенен он сахаби*, Истанбул, 2001.
30. Муслим Әбул Хасан ибн Хажжак. *ас-Сахих*, Бейрут, т.ж.
31. Нәдуи А. *Буюк Ислам тарихи асрусаадат Пейгамберимиз ве асхабы*, ауд: Генжели А., Истанбул, 1985.
32. Өмірзаққызы Д. *Адамзаттың асыл тәәжі Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың өмірі, Мекке кезеңі*, Алматы, 2003.
33. Хаким *Мағрифату улумиль-хадис*,
34. әс-Салих С., *хадис илимлери ве истилахлары*, ауд. Я. Кандемир, 322.
35. Суюти Абдуррахман Жалалуддин. *Тарихуль-хулафа*, Бейрут, 1986.

36. Фатхуллах М., *ан-Нуруль Халид Мухаммад мафхаратул-инсанияти*, Бейрут, 1999.
37. Хайламаз Р. *Диллердеки мужде*, Измир, 2003.
38. Халэби Али ибн Бурхнуддин. *Инсануль 'уюн ас-сиратуль-халабия*, Бейрут, 1980
39. Шакир М. *Дөрт халифе*, ауд. Ф.Айдын, Истанбул, 1994.
40. Шаннауи А. *Ниса'ус-сахаба*, ауд. Т. Узун, *Сахабе хаятындан таблолар*, Анкара, 1991.

Алау Әділбаев

САҢЛАҚ САХАБАЛАР

Редакторы: Алмат Жалғабаев

Корректоры: Құдайберді Сабыржанұлы

Көркемдеуші дизайнер: Бекболат Алтынбекұлы